

А.М. Панкратова



ОРБЕТ
ХАЛҚЫНЫҢ
ӘТКЕНДЕРІ
ҰЛЫ ІСТЕРІ

А.М. Паниератова



СОВЕТ
ХАЛҚЫНЫҢ
ӨТКЕНДЕГІ
ҰЛЫ ІСТЕРІ

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТ БАСПАСЫ
Алматы — 1951

Орысшадан аударған
О. К. ҚҰДЫШЕВ



І т а р а у

КИЕВ МЕМЛЕКЕТІ — ШЫҒЫС СЛАВЯНДАРДЫҢ АСА КҮШТІ ДЕРЖАВАСЫ

1. СЛАВЯНДАР — БІЗДІҢ ЕЛІМІЗДІ ЕРТЕ ЗАМАННАН МЕКЕНДЕУШІЛЕР

Орталық және Шығыс Еуропаның кең-байтақ жерін сонау ерте заманнан бері славяндар мекендеген. Славяндар қазіргі орыс, украин, белорус, поляк, словак, чех, серб, словен, хорват және болгар халықтарының ата-бабалары еді.

Эльба, Висла өзендерін және олардың салаларын мекендеген славяндарды батыс славяндары деп атайды да, оңтүстікте — Балқан түбегін мекендеген славяндарды оңтүстік славяндар деп атайды. Ерте заманнан бері біздің еліміздің жерінде тұрып келген ағайынды үш халықтың — орыстардың, украиндардың және белорустардың — ата-бабалары славяндардың шығыс тармағы болды. Шығыс славяндар Қара теңіздің ініінде, Днепр өзенінің және оның салаларының бойында, Ильмень көлінің төңірегінде және Ока, Еділ өзендерінің жоғарғы жақтарында тұрды.

I—II ғасырлардағы Рим жазушылары славяндарды венедтер деген атпен біледі. VI ғасырдағы Византия жазушылары славяндарды склавиндер және анттар деген атпен біледі. Анттар туралы мәліметтер Шығыс Еуропаның жазық даласындағы славян тайпалары туралы тұңғыш даусыз тарихи мәліметтер болып табылады. Анттар мен склавиндер славян тілінде сөйлеген. Бұлардың әдет-ғұрыптарында және мәдениетінде кейінгі замандардағы славяндармен ұқсас нәрсе көп.

Шығыс славяндар ертеден бері егін шаруашылығымен шұғылданған. Олар орманның бір участогін өртеп, жерді салмақты бұтақпен қопсытып, дән сепкен. Дала-

дарда жерді кетпенмен қазған. Егерде егіннің өнімі нашар болып бара жатса, жаңа учаскеке көшіп отырған, ал ескі егіндіктерді тастап кете берген. Өздерінің егінде-рінде славяндар тары, арпа, қарабидай, зығыр еккен.

Славяндардың шаруашылығында аңшылық, бал арасын өсіру және балық аулау кәсіптері де үлкен орын алған.

Славяндарда ру құрылысы болған. Ру бірге тұратын және бірлесіп шаруашылық жүргізетін ағайындардан құралған. Мал, жайылымы, егіндік жерлер рудың ортақ дәулеті болған. Ру мүшелерінің өмір сүруіне керекті нәрсенің бәрін бірлесіп өндіріп отырған. Жеке меншік болмаған және бола да алмаған, өйткені әрбір адам қызметкердің өзін қарттар мен балаларды асырауға әрең жететіндей ғана өнім шығарып отырған. Рудың ішінде жұрттың бәрі тең болған, байлар мен кедейлер болмаған, таптар болмаған.

Рудың бастығында ру ішіндегі ең қарт адам — старейшина тұрған, бірақ ол рудың барлық басқа мүшелерімен кеңеспейінше ешқандай ұйғарынды жасамаған.

Ата-тегінің бірлігімен өзара байланысты болған бірнеше рулар дағдыда тайпа болып бірігіп отырған. Тайпалардың басында сайланып қойылған көсемдер немесе князьдар тұрған.

Жаулардан қорғану үшін славяндар биік төбелерде немесе басқа қолайлы жерлерде бекініс жасап, айналасын топырақ дуалмен немесе ағаш дуалмен қоршаған. Осындай бекіністердің немесе ерте заманда болған қалалардың орындарын біз еліміздің көптеген аудандарында қазіргі уақытта да кездестіреміз.

Ерте заманның жазушылары славяндарды ержүрек, жауынгер және бостандық сүйгіш халық деп суреттейді.

VII ғасырдың қарсаңында славяндар, әсіресе оңтүстіктегі далалы аудандарда кетпеннен анағұрлым артық егіншілік құралдарын — соқаны, плугты және тырманы қолдана бастайды. Көлік күші ретінде олар малды пайдаланады. Славяндарда егін шаруашылығының, мал шаруашылығының, балық аулаудың, омарташылықтың (тағы бал араларынан бал өндіру) және аңшылықтың өркендеуі адамның тұтынғанынан гөрі көп өндіретін болуына жеткізді. «...Жеке адамдар мен қоғамдардың арасында өнім айырбастау мүмкіндігі, байлықты біраз адамдардың қолына жыйнау, өндіріс құрал жабдықта-

рының азшылық қолына шын жыйнақталу мүмкіндігі, көпшіліктің азшылыққа бағыну мүмкіндігі және көпшілік мүшелерін құлдарға айналдыру мүмкіндігі туды». Осының бәрі жеке меншіктің туып күшеюі үшін, қоғамның таптарға бөлінуі үшін негіз болды.

Ру жеке семьяларға бөліне бастады. Енді бұл семьялар өзара ру қатнастарымен байланысты болған жоқ, қайта жердің ортақтығымен байланысты болып, жері бір қауымға айналды. Қауымға кіретін әрбір семьяның меншікті егіндік жер участогі болды. Орман-тоғай және мал жайылымы қауымның ортақ дәулеті болды. Кейбір семьялар өздерінің меншікті шаруашылығын ойдағыдай жүргізіп, байып бастады. Ең алдымен рулардың старейшиналары және князьдер өздерінің байлығымен үздік шықты. Сәтті болған жорықтар кезінде олар әдет бойынша соғыс олжасының үлкен үлесін және тұтқындарды алып отырды, бұл тұтқындарды құл етіп, өздеріне жұмыс істеттірді. Олар үшін соғыс баюдың негізіне айналды. Олар жауынгерлердің тұрақты отрядтарын немесе жасақтар жыйнап, өз жанында ұстап отырды. Бұл отрядтармен немесе жасақтармен жорықтарға шығып, қолға түсірген олжаны бөліп алып отырды.

Князьдер мен жасақшылар жердің көлемді және шұрайлы участоктерін басып алып отырды. Олар күш жұмсап, зорлап өздерінің тайпаластарын құлдыққа салып, өздерінің пайдасына жұмыс істеттіріп отырды.

Байлығын пайдаланып және жасақтарға сүйене отырып, князьдер өздерінің өкіметін сайланып қойылатын өкіметтен мұрагерлік өкіметке айналдырды, халықты өздеріне бағындырып алып, бағынышты қалыпта ұстады. Өз тайпасындағы өкіметімен қанағаттанбай, олар өздеріне көршілес қауымдар мен тайпаларды бағындыра бастады.

IX ғасырдың қарсаңында біздің еліміздің оңтүстігінде ірі князьдік құрылып, оның орталығы Киевте болды. Бұл князьдік көп ұзамай Русь болып атала бастады. Тағы бір осындай князьдік солтүстікте, Новгородтың төңірегінде құрылды. Киев және Новгород князьдіктерімен қатар Шығыс Европаның жерінде бұлардан гөрі кіші басқа да славян князьдіктері құрыла бастады. Сөйтіп ескі ру құрылысы ыдырап, таптық қоғам мен мемлекет туа бастады.

2. КИЕВ РУСЫ

IX ғасырдың екінші жартысында шығыс славяндардың жеке князьдіктері үлкен бір мемлекет болып бірікті. Оның астанасы Рустің өте ірі қаласы — Киев болды, осының аркасында Русь деген атақ барлық шығыс славяндары үшін ортаққа айналды.

Киевтік Русь Қарпаттан Донға дейін, Балтық жағалауынан Қара теңізге дейін шығыс славян тайпаларын біріктірді. Мұның құрамына фин қолтығының жағалауында, Ладога және Онега көлдерінің маңайында, Ока мен Еділ өзендерінің аралығында тұрушы славян емес тайпалар да кірді.

Киев мемлекеті Шығыстың және Батыс Еуропаның мемлекеттерімен қызу қарым-қатнас жасап отырды. Днепрдің бойымен «варягтардан гректерге баратын», солтүстік-батыс және Шығыс Еуропаны Византиямен жалғастыратын жол өтті. Еділ өзені Орта Азия және Бергі Шығыс елдеріне баратын негізгі жол болды, бұл елдермен орыс күпецтері сауда жасады. Киевтік Русьтің өсіресе Византиямен байланысы өте тығыз болды.

Шығыс славяндар ерте заманнан бері су жолдарымен жүріп, көптеген теңіз жорықтарын жасады. Олар Оңтүстік Италияның жағалауларына, Эгей теңізіне, Византияға барып жүрді. Осындай жорықтардың бірі туралы шежіреде мынадай ыспаттама сақталған: 860 жылы орыс жауынгерлері 200 кемеге мініп Днепр өзенінің бойымен және Қара теңіз бен Византияға барып, Византияның астанасы — Константинопольді қоршап алған. Олар көп олжа түсіріп, Руське қайтып келген.

Шежіреде ұлы князь Олегтің Киевтен Византияға жасаған үлкен теңіз жорығы туралы да ескертілді (907 жылдың шамасында). Қара теңіздің жағалауын бойлай отырып, Днепрден Босфорға өтіп, Олег Константинопольді теңізден және құрғақтан қоршап алды, сөйтіп оны беруге мәжбүр етті. Гректер жеңушілерге — орыстарға үлкен салғырт төледі. Шежіренің айтуынша, Киев князі Олег жеңімпаз жаңа жорық жасаудың нәтижесінде 911 жылы тұңғыш гректермен жазбалы сауда шартын жасаған. Шарт бойынша орыстарға Қара теңізде және оның бұғаздары арқылы емін-еркін кеме жүргізу правосы, сонымен қатар Қара теңіздің бүкіл жағалауында сауда правосы берілген.

Олегтен кейін Киевте Игорь князьдік жүргізді. 944 жылы Византия мен Русьтің арасында жана договор жасалды, бұл договорда сауда жүргізу шарттары туралы ғана емес, бұл мемлекеттердің соғыс одағы туралы да пункттер болды.

Гректермен сауда жасау үшін аң терісі, балауыз, бал керек еді. Мұның бәрін Киев князьдері салғырт ретінде қоластындағы тайпалардан алып отырды. Салғырт төлегендерді қоластындағылар деп атай бастады.

Князьдердің көршілес халықтарға немесе тайпаларға жорық жасаған кезінде қолға түскен тұтқындарды құлдарға айналдырып отырды, үй шаруашылығында пайдаланды немесе Византияға сатып отырды.

Шежіренің (сол замандағы оқыйғалар туралы жылма-жыл жазылып отыратын жазба осылай аталған) айтуынша, Игорь өзінің жасақшыларымен салғырт алу үшін славян тайпасы древляндардың жеріне барған. Салғыртты жыйнап алып, ол шағын жасағымен тағы бір аралап шығуға ұйғарған. Игорьдің екінші рет салғырт алмақшы екенін естіп білген древляндар: «Қасқыр қойға шауып дәнігіп алды, егер оны өлтірмесе барлық қойды қырады» десті. Сөйтіп олар Игорьді және оның жасақшыларын өлтірді.

Игорьдің ұлы Святослав ол кезде әлі бала еді. Оның орнына мемлекетті Святославтың анасы Ольга ханым басқарып отырады. Ел аузындағы аңыз бойынша, ол ерінің өлімі үшін древляндардан мықтап кек алған.

Святославтың және оның ұлы Владимирдің тұсында Киев мемлекеті өте-мөте қуатты болды.

Святослав жауынгер, ержүрек князь болды. Өзінің жасағымен бірге ол жорықта қыйын жағдайларды басынан өткізді. Жорыққа шыққанда Святослав обоз алмады және тіпті шатыр да алмады. Ол ер-тоқымын басына жастап жерге жататын еді. Жорыққа шыққанда Святослав жауына: «Сендерге бара жатырмын» деп ескертетін еді.

Святослав халықаралық істерге белсене қатнасып отырды. Ол Еділ бойында хазарларды толық жеңіске ұшыратып, Шығыс Европада үстем болу жолындағы күресті Русьтің пайдасына аяқтады, ал бұл күрес Олегтің тұсында басталған еді. Бұдан соң Святослав Солтүстік Кавказға жорық жасап, Тамань түбегіндегі орыс жерлерін мықтап баянды етті.

Византияның императоры, Святославтың соғыс күшінің қауіптеніп және сонымен қабат оны пайдаланғысы келіп, Дунай болгарларына қарсы онымен одақ жасасты. Византия бұл соғыстан орыстар мен болгарлар бірін-бірі әлсіретеді деп есептеді, 967 жылы Святослав Дунай Болгариясын жаулап алды, бірақ оны Византияға берген жоқ, Дунай бойындағы Переясловец қаласында тұрып қалды, бұл қалаға орыс мемлекетінің астанасын көшірмекші болды.

Византия мұндай күшті және қатерлі одақтастан шошынып, Святославқа қарсы соғыс бастады. Гректерге қарсы ұрыстарда Святославтың әскерлері көп ерлік, жүректілік, табандылық көрсетті.

Святославтың Дунай бойындағы Доростол қаласын қорғауы өте-мөте қаһармандық іс болды. Гректердің қаптаған қалың әскері қалаға таяп келді. Жеңіл сауыт киініп, төменгі жағы жіңішке үлкен қалқан ұстаған Святославтың жауынгерлері жаудың шабуылын мызғымас берік қамалдай болып қарсы алды. Византияның императоры өз жауынгерлерін он екі рет шабуылға бастады, ақырында шегініп, қаланы қоршап алуға бұйырды. Доростолдың қоршауы үш айға созылды. Гректер қаланың қабырғаларына доп ататын машиналар әкеліп, қалаға от жіберіп, тас жаудырды. Святославтың күші кеми берді. Соғыс кеңесінде кейбір әскербасылары Святославқа шегінуді ұсынды, қайыққа мініп түн ішінде Дунай бойымен қашу керек деп ұсынды. Грек тарихшысының айтуына қарағанда, Святослав қашудан бастартқан. Өзінің жауынгерлеріне ол былай деген:

«Бізде Отанымызға қашып барып бассауғалау дағдысы жоқ, не жеңуші болып өмір сүру керек, не болмаса атакты батырлық істер істеп, даңқпен өлу керек».

Святославтың жауынгерлері жанаямай ұрысты, бірақ күштері тең емес еді. Киевтен қосымша әскер келмеді. Аштық басталды, сондықтан Святослав 971 жылы императормен бітім жасасуға мәжбүр болып, Болгарияны тазартуға міндеттенді.

Руське қайтып келе жатып Святослав византиялықтар айдап салған печенегтердің қолынан қаза тапты.

Святославтың ұлы Владимир Киев мемлекетін кеңейтіп, нығайта берді.

Киевтік Русьтің славяндары әуелгі әзірде мәжусилер болды. Табиғаттың барлық құбылыстарын олар әртүрлі

құдайлардың әрекеті деп түсіндірді. Олар бұл құдайлардың бейнесі—пұттарға сыйынды, және оларға құрбандық шалып отырды. Мәжусілік діні адамдардың ру-ру болып тұрған кезінде және табиғат туралы олардың білімі өте таяз кезінде пайда болған еді.

Тұрмыстың жаңа жағдайлары жаңа дінді де керек қылды. Византиямен екі арадағы тығыз байланыстар орыс князьдерінің, жасақшыларының және купецтерінің грек тұрмысымен және олардың христиан дінімен жақын танысуларына мүмкіндік берді. Өкіметті құдайдың өзі берген және халық құдайдың өзіне қандай бағынса, патшалар мен князьдерге сондай бағынуға тиіс деген христиан шіркеуінің ілімі князьдердің мүдделеріне сай келді. Мұнымен бірге, христиан шіркеулерінің әдемілігі, діни ғұрыптардың сәнділігі мен салтанаттылығы оларға ұнады.

Ол кезде Византияның ықпалымен христиан діні оңтүстік және батыс славяндардың арасында, әсіресе Болгария мен Чехияда кең тарады. Бұл дін Русьте де тарай бастады. Владимирдің әжесі Ольга ханым және князьдің өзінің көптеген жасақшылары христиандар болды.

Владимир өзінің державасын бірыңғай мемлекеттік діннің жәрдемімен нығайтпақшы болды, бұл дін христиан діні болсын деп ұйғарды. 988 жылы ол өзі шоқынып, бүкіл Русьтің халқын шоқындыруға бұйырды.

Киев мемлекетін нығайту үшін, оны Батыстың күшті христиандық мемлекеттерімен бір қатарға қою үшін христиан дінін қабылдаудың маңызы зор болды. Мұнымен бірге, христиан діні князьдік өкіметтің маңызын көтерді және Киевтік Русьтің жеке бөлімдерінің арасындағы байланысты нығайтты. Ақырында, христиан діні Русьте мәдениеттің өсуіне де себеп болды. Христиан діні қабылданғаннан кейін Русьте ағарту ісі де етек ала бастады.

Ол кезде шіркеулер мен монастырьлар сауаттылықтың бірден-бір ордалары еді деуге болады. Владимирден жүз жылдай уақыт бұрын славяндардың әліппесі жасалды. Грек тілінен ескі славян тіліне інжіл және басқа шіркеу кітаптары аударыла бастады. Ол кезде қағазға жазбайтын, жұқа теріге жазатын. Көшірушілер әріпті қаздың қапатымен немесе қамыспен жазып, бас әріптерді түрлі-түсті эшекейлермен безейтін. Бір кітап-

ты көшіру үшін ұзақ айлар бойы кейде тіпті жылдар бойы жұмыс істейтін.

Киевтік Русьте аударма кітаптармен қатар, түп нұсқасы орысша жазылған, орыстың халық тіліндегі, айқын және көркем орыс әдебиеті жарыққа шыға бастады. Орыстардың гректермен, болгарлармен және басқа халықтармен араласуы орыс тілін жаңа сөздермен бағытып отырды.

Князь Владимир қайтыс болғаннан кейін оның ұлдарының арасында Киевтің ұлы князьдік тахыты үшін өзара күрес басталды. Оның ұлдарының бірі, Данышпан аталған Ярослав Владимирович Новгородтың князі еді және ақылдылығымен, жігерлілігімен көзге түскен еді. 1019 жылы ол өзінің туысқандарын жеңіп, Киевтің ұлы князі болды.

Данышпан Ярославтың тұсында Киев мемлекеті толық гүлденіп көркейді. Киев ірі сауда орталығына айналды және батыспен шығыстың мемлекеттерімен қызу қатнас жасай бастады. Мұндай көптеген қолөнершілер, құрылысшылар, суретшілер келіп жатты, солардың еңбегімен Киевтік Русьтің мәдениеті жасалды.

Данышпан Ярослав Киевте үлкен София шіркеуін салды, бұл шіркеу өзінің зәулім үлкендігімен және көркемдігімен сол замандағыларды таң қалдырды, ол шіркеу осы күнге дейін бар. Ярослав қаланы жаңа қабырғалармен қоршады.

Монастырьлар жанында және атакты, бай жеке адамдарда үлкен кітап қоймалары жасалды. Данышпан Ярославтың өзінің тамаша кітапханасы болды.

Орыс халқы және орыс мәдениеті Балтық бойының, Еділ бойының, Кавказдың көршілес халықтары мен тайпаларына өте үлкен ықпал жасады. Киев мемлекеті бұл халықтар үшін саяси және мәдениет орталығы болды.

Данышпан Ярослав қайтыс болғаннан кейін 1054 жылы, кең байтақ Киев мемлекеті оның ұлдарының арасына бөлініп кетті, оның ұлдары неғұрлым бай князьдіктерді меңгеруге бола өзара күрес жүргізе бастады. Князьдіктер арасындағы күресті Азияның жаңа көшпенділері — половецтер пайдаланды, олар печенегтерді ығыстырып тастап оңтүстік далаларында пайда болды. Половецтер шабуыл жасап орыс жерін бүліншілікке ұшыратып отырды. Половецтерге қарсы күресте Ярославтың немерелерінің бірі — Владимир Всеволодович

үздік шықты, ол Мономах деп аталды (бұл — жекпе-жекші деген сөз).

Половецтерді жеңуінің арқасында Владимир Мономах үлкен даңққа ие болды және оның Киевті меңгеруі оңайлады. Владимир Мономах Киев мемлекетінің біртұтастығын қалпына келтіре білді. Киев мемлекеті еуропалық мемлекеттердің халықаралық қатнастарында қайтадан үлкен маңыз алды.

Владимир Мономах өте білімді адам еді. Оның «Балаларға насихат» деген саяси өсиетінің үлкен маңызы бар. Бұл өсиетінде ол мінсіз орыс князінің бейнесін суреттейді.

Ол уақытта Еуропаның мемлекеттерінде шаруашылықтың феодалдық системасы орнады. Князьдер мен әскербасылары қауымдық жерлерді басып алып отырды, шаруаларды өздеріне бекітіп отырды және оларды өздерінің меншікті жерлерінде крепостной болып жұмыс істеуге зорлады. Князьдердің өз жауынгерлеріне үлестіріп беретін жері французша феодал деп аталды, ал ол жердің иесі феодал болып аталды.

Киев мемлекетінде князьдер мен жасақшылар да көп жерлерді басып алып отырды және еркін шаруаларды, яғни смердтерді өздеріне тегін жұмыс істеуге зорлап отырды. Егерде смерд баласыз болып өлсе, оның мал-мүлкі князьдерге немесе олардың жасақшыларына көшті. Бай және атақты жер иелерін боярлар деп атайтын болды. Князьдер мен бояр — жер иелері Русьта феодалдар табы болып, еркін шаруаларды — смердтерді барған сайын құлдыққа салып отырды.

Киевтік Русьтің феодалдық шаруашылығы туралы бізге «Русская Правдадан» мәлім, бұл — заңдар жыйнағы, осы заңдар жыйнағы бойынша сот жүргізілетін. «Русская Правда» XI—XII ғасырлардағы орыс феодалдық қоғамында қалыптасқан әдет-ғұрыптар мен тәртіптер көрсетілген. «Русская Правда» бойынша, князьдің немесе боярдың жасақшасын, қызметшісін өлтіргендік үшін 80 гривна штраф, смердті өлтіргендік үшін 5 гривна штраф төленетін, сонымен, шаруаның өмірі князьдің қызметшісінің өмірінен 16 есе арзан бағаланатын.

Князьдер мен боярлардың өкіметі нығаюына шіркеу мен жоғарғы руханилер қолқабыс етіп отырды. Князьдер шіркеулер мен монастырьларға көп байлықтарын,

көп жерлерін садақаға беріп отырды. Шіркеу мен монастырь жерінде тұрған шаруалар да өздерінің дербестігінен айрылып, крепостнойға айналды.

Шаруаларды құлдыққа салу шиеленіскен күреспен жүріп отырды. XI ғасырдың аяқ шенінде, XII ғасырдың бас кезінде бүкіл орыс жерінде етек алған халықтық көтерілістер толқыны күшті болды. Бұл көтерілістер феодалдық тәртіптерге қарсы бағытталды. Шаруаларды бағынышты етіп ұстау үшін жергілікті орындарда мемлекеттік өкімет күшейтілді. Сонымен бірге, жергілікті жер иелері өсіп, байыған сайын олардың Киевтен бөлініп шығу әрекеті күшейе бастады. Киевтік Русьтың ірі қалалары жергілікті князьдіктердің орталықтарына айналды. Князьдердің әрқайсысы Киевтің ұлы князіне бағынудан құтылуға тырысты. Князьдердің арасында үздіксіз соқтығысулар мен соғыстар болып тұрды. Бұл соғыстар орыс жерін күйзеліске ұшыратып, сыртқы жаулардың шабуыл жасау мүмкіндігін оңайлатты. Ең қауіпті жау Азия далаларынан келген көшпенді — половецтер еді. Половецтер смердтерді тұтқынға алып, айдап әкетіп отырды, қалаларды бұлдіріп, селоларды өртеп кетіп отырды. «Қалалар қурап қалған; селолар қурап қалған, — деп күйінеді шежіреші. — Бұрын үйір-үйір жылқы, қалтаған қой мен сыйыр жайылған далаларды араласаң, барлық жерде бірдей түк жоқ, егіндікті шөп басып, аңдардың панасына айналған».

Князьдердің өзара соғыстарының және половецтердің шабуыл жасауының нәтижесінде туған елдің осындай күйзелгені туралы XII ғасырда жазылған поэма «Игорь полкы туралы сөздің» белгісіз авторы да айтады: «Ол кезде өзара қырғыншылық басталып, күшейіп отырды, князьдердің бүліншілігінен адам өмірі қысқарды. Ол кезде Орыс жерінде егіншіліктердің үні сирек естілді, бірақ өзара өлікті бөліскен қарға дауысы жиі естілді...» Поэманың авторы — өзінің туған елінің патриоты — орыс халқын бірігуге, сыртқы жауларға қарсы күресуге шақырады. XII ғасырда кең байтақ Киев державасы «Әркім ата мирас жерін менгерсін» деген мұрагерлік принципі бойынша Владимир Мономахтың ұлдары мен немерелерінің арасында бөліске түсті».



И т а р а у

ХІІІ — ХІV ҒАСЫРЛАРДА СЫРТҚЫ ЖАУЛАРҒА ҚАРСЫ КҮРЕС АЛЕКСАНДР НЕВСКИЙ МЕН ДИМИТРИЙ ДОНСКОЙ

І. МОНҒОЛ-ТАТАРЛАРДЫҢ РУСЬКЕ ШАБУЫЛЫ

Өзара жауласып жатқан бірнеше феодалдық князьдіктерге бөлінген киевтік Русь сыртқы жауларға қарсылығын әлсіретті. Батыстан немістер, шведтер, венгерлер шабуыл жасады. Оңтүстік-шығыстан — Қаспий бойындағы және Қара теңіз бойындағы далалардан — орыс жеріне половецтер шабуыл жасады. Олар орыс адамдарын тұтқынға алып, тұтқындарды Шығыстың құл сататын базарларына жөнелтіп отырды.

Кейде князьдердің өздері де половецтермен келісімге келіп, солармен бірлесіп өз көршілерінің жерлерін тонап отырды. Днепр бойының қалалары мен селоларында халық қалмады.

ХІІІ ғасырдың бас кезінде Руське жана үлкен қауып төнді — монғол-татарлардың шабуылы басталды. Монғол-татарлар Қытайдың солтүстік жағында, Орталық Азияның далаларында көптен бері көшіп жүрген халық еді. Өздерінің жетекшісі Шыңғыс-ханның басшылығымен монғолдар кең байтақ соғыс державасын құрды.

Монғолдар садақтан мінсіз ататын мергендер болып, жақсы атбегі болып даңқы шыққан халық еді. Олар қалың теріден жасалған дулыға, сауыт киетін еді, терімен қапталған қалқан ұстайтын еді. Қалаларды қоршап алу үшін монғолдар қаланың қабырғасын бұзатын түйгіштерді — әрлі-берлі шайқап тұратын ауыр дөңгелектерді қолданды. Қоршап алған қалаларына тасытып, жанып тұрған мұнай лақтыру үшін олар ерекше

жасалған атыс құралдарын қолданды. Шыңғыс-ханның жауынгерлері өздері жеңіп алған халықтарға аяушылық, мейрімділік дегенді білмеді. Олар өздерінің өткен жерлерін түк қалдырмай өртеп, төбе-төбе өліктерді қалдырып отырды. Монғолдар тұтқындарды құл етті. Өздерінің жауларын олар соғыс күшімен ғана емес, зұлымдықпен де жеңіп отырды.

Шыңғыс-хан орасан көп жерді басып алуды, Дүние жүзіне үстемдік етуді көкседі. Оның мөріне: «Адамзаттың әміршісінің мөрі» деген сөздер ойып жазылған еді.

Қысқа мерзімнің ішінде Шыңғыс-хан Оңтүстік Сибирьді, Солтүстік Қытайды, Орта Азияны және Закавказьені басып алды. Шыңғыс-хан армияларының бірі Кавказ тауынан асып, 1223 жылы Шығыс Европаның оңтүстігі далаларына басып кіріп, половецтерге шабуыл жасады.

Половецтердің хандары орыс князьдерінен жәрдем сұрады. «Егер біздерге жәрдемдеспесеніздер,— деді олар, — онда біздер бүгін қырыламыз, ал, сендер ертең қырыласыңдар». Кейбір орыс князьдері половецтермен бірігіп монғолдардың қарсы алдынан шықты.

Орыс князьдерінің арасында татулық жоқ еді. Осыны пайдаланып, монғолдар Азов теңізіне құятын Қалка өзенінің жағасында әуелі половецтерді, содан соң орыс отрядтарын талқандады.

Бірақ, монғолдар одан әрі барған жоқ, Азияға қайтып кетті. Монғолдардың шабуылы Орта Азия мен Закавказьенің халықтары үшін нағыз апат болды. Қалалардың көпшілігін монғолдар өртеп жіберді, жер суландыру каналдарын бүлдірді, егіндік жерлерді мал жайылымына айналдырды. Аса көп адам қырғынға ұшырады, немесе тұтқынға түсіп, құлға айналды.

Шыңғыс-хан қайтыс болғаннан кейін оның немересі Бату көп әскер жыйып, Каспий бойындағы далалар арқылы Шығыс Европаны жаулап алуға аттанды. 1237 жылдың аяқ шенінде ол Рязань князьдігінің жеріне кірді. Рязандықтар бірінші соққыны ерлікпен қарсы алды. Ел аузындағы аңыз бойынша, рязандықтар алты күн бойы «сондай қатты шайқасты — тіпті қара жердің өзі күңіренді». Бірақ, монғол-татарлардың қалың әскері тым басым еді, ал, рязандықтар ешкімнен жәрдем ала алмады. Рязандықтар «өлімнің ортақ тағдіріне ұшырап, бәрі бірге урыста қаза тапты».

Орыс халқы татарлардың шабуылына қаһармандықпен қарсыласты, бірақ, өзара қырғыншылықтан бытырап, әлсіреген князьдіктер татарлардың қаптаған қалың қолының тегеуірініне төтеп бере алмады.

Келесі, 1238 жылы татарлар Владимирді және Суздаль жерінің басқа да он төрт қаласын талқандады. Бұдан бұрынырақ татарлар Москваны алды, ол кезде Москва жұртқа мәлімдігі аз шағын ғана қала еді. Батудың солтүстікке қарай әрі барғысы, Новгород жеріне енгісі келіп еді, бірақ, Новгород жол бермейтін қалың ну орманмен және батпақ-көлдермен қоршаулы еді, сондықтан Бату Еділ бойындағы далаларға қарай бет бұрды.

Оңтүстікке қарай бара жатқан жолында татар басқыншыларына орыстың көптеген қалалары табан тіресіп қарсылық көрсетті. Ол қалалардың арасында өзінің қаһармандық қорғанысымен әсіресе Козельск қаласы ерекше көзге түсті. Жеті апта ұрысқаннан кейін Козельскіні қорғаушылардың бәрі тегіс қырылды. Тірі қалған әйелдер мен балаларды Бату өлтіруге бұйырды. Татарлар Козельскіні «ашулы қала» деп атады.

1240 жылы татарлардың қалың әскері Киевке жақындап келіп, оны қоршап алды. Бату киевтіктерге ұрыспастан берілуді ұсынды, бірақ, киевтіктер бұдан бастартты. Татарлар қамалдың қабырғасын бұзғанға дейін күндіз-түні бірдей қалаға қамал бұзатын зеңбіректерден доп атумен болды. Орыс қалаларының анасы — Киев құл-талқан болып бүлінді.

2. АЛЕКСАНДР НЕВСКИЙДІҢ ШВЕД БАСҚЫНШЫЛАРЫН ЖӘНЕ НЕМІСТІҢ «ТӨБЕТ-РЫЦАРЬЛАРЫН» ТАЛҚАНДАУЫ

Орыс жері басқыншылардың соққысының барлық салмағын көтерді, сөйтіп, Европаны татар басқыншыларынан құтқарып қалды. Басқыншыларға табан тіресіп қарсыласқан орыстарға қарсы күресте татарлардың күші сарқылды. Орыстың ұлы ақыны Пушкин былай деп жазды: «Өздерінің тылында құл етілген Русьті қалдыруға варварлардың батылы бармады, сөйтіп, олар өздерінің шығыстағы даласына қайтып кетті. Жаңа кұры-

лып келе жатқан мәдениет аман қалды...». Сол кезде Батыс Европада қауіптілігі бұдан кем соқпайтын қатал жаңа соғыс күші орыс халқына қарсы әзірленіп жатыр еді, олар — неміс рыцарьларының әскерлері еді. Рыцарь деп қарулы дворян-жер иелері аталатын еді.

Ерте зманда қазіргі Германия жерінің жартысынан көбін батыс славяндар мекендеді. Олардың қоныстары қазір Эльба деп аталатын Лаба өзенінің арғы жағына шығып жататын еді.

Батыс славяндар мәдениетті халық болды. Олардың аруда жүргізетін үлкен қалалары болды, қолөнері мен өгін шаруашылығы өркендеулі еді. Бірақ, славян тайпалары бытыранды еді, біртұтас күшті мемлекеті жоқ еді, сондықтан оларды немістің феодалдары бірте-бірте бағындырып алды.

XII ғасырдың аяқ шенінен бастап неміс феодалдары Балтық бойындағы тайпаларды: ливтерді, эстерді, латгальдіктерді, литвандарды жаулап ала бастады.

Ливтер мен эстердің неміс басқыншылығына қатты қарсыласуы немістерді арнаулы әскери-рыцарьлық ұйым құруға мәжбүр етті. 1202 жылы Қылыштылар ордені ұйымдастырылды.

Орта ғасырларда орден деп әскери-монахтық бірлестікті атайтын еді. Қылыштылар орденінің рыцарьлары крестің және қылыштың суреті салынған ақ плащ киетін еді. Бұл герман ордені, Балтық бойында бекініп алып; — шығысқа қарай — орыс жеріне қарай ілгері баса бастады.

Қылыштылардың Псков және Новгород жерлеріне басып кірмекші болып жасаған бірнеше әрекеттері бағыл тойтарысқа ұшырады. Ол былай тұрсын, орыстың князьдері рыцарьлардың жерлеріне сан рет жорықтар жасап, оларды үлкен жеңіліске ұшыратып отырды. Содан соң Қылыштылар ордені басқа бір орденмен — Тевтон орденімен бірікті, бұл орден литвандардың прусс деген тайпасының жерінде әрекет етіп еді. Осыдан кейін Қылыштылар ордені Ливон ордені болып атала бастады.

Руське қарсы күрес жорығы жарияланды. Рим папасы неміс рыцарьларына күн бұрын өзінің батасын беріп, күнәларын кешірді. Новгородқа қарсы жорық бастауды Рим папасы Швецияның басқарушысы Биргерге тап

сырды. Неміс рыцарьлары Псковқа соққы беруге тиісті болды.

Новгородтың князі Александр Новгородқа және бүкіл Руське төнген қауіпті жақсы түсінді. Қолбасшы Биргер бастаған швед әскерлері жеңілмейтін әскер атанған еді. Биргердің армиясында финдер де, норвегиялықтар да, немістің рыцарьлары да болды. Олар жақсы қаруланған еді және жеңілмейміз деген сенімге бөленген еді.

1240 жылдың жазында Биргер өзінің әскерін Нева өзенінің сағасына алып келді. Шведтың елшілері Биргердің: «Қолыңнан келсе, қарсылас. Біліп қой — мен келдім, сенің жеріңді басып аламын» деген менмендік сөздерін Александрға жеткізді.

Ертеден бері ел аузында келе жатқан аңыз бойынша, Александр мұны естіп «қатты күйінген» және новгородтықтарға: «Орыс жерін қорғайық» деп ұран тастаған.

1240 жылы 15 июль күні таңертең, Нева өзенінің жағасын әлі тұман басып тұрған кезде, Александрдың жасағы шведтер лагерінің орталығына бар пәрменмен соққы берген. Шежіренің айтуынша, шабуылды күтпеген шведтер тып-тыныш ұйықтап жатқан және «қылыштарын асынуына» шақаттары келмеген. Адам айтқысыз үлкен қырғын болған.

Талқандалған швед әскерлері «масқара болып шегініп кеткен». Шежірешінің айтуынша, атақты тұқымдардан шыққан рыцарьлардың өлігінің өзі үш кемеге тиелген. Төкаппар рыцарьлар мұндай жеңіліске әлі ешуақытта ұшырап көрмеген еді. Нева бойындағы жеңісі үшін Новгородтың князін оның замандастары Александр Невский деп атады, ал, халық Нева жеңісін өзінің өлең-жырларында және әңгімелерінде мадақтады.

Орыс жауынгерлерінің жүректі және батыр екенін, оларды ашық ұрыста жеңу қиын екенін немістің рыцарьлары жақсы білді. Олар Псковтың ақсүйектерінің арасынан бір опасыз сатқынды тауып алған, шежіренің айтуынша, ол «немістерді Псковқа бастап әкеліп», халықтан жасырын түрде жауға қаланың қақпасын ашқан.

Псковты басып алғаннан кейін немістер Новгород жеріне баса-көктеп кірді. Князь Александр Новгородта жоқ еді. Бұл қалада князьдік өкіметті нығайтуға

тырысып, ол боярлардың тарапынан қарсылыққа кездесті, сөйтіп, өзінің Переяславтағы мекеніне кетіп қалды. Новгородтықтар оның қайтып келуін немістерге ғойтарыс беруін сұрап өтіне бастады. Александр Новгородқа асығыс келіп, күш жыйнай бастады. Ол өзінің жасақшыларын бүкіл Рүсь бойына жіберді, ал, олар орыс адамдарын тұған жерді қорғауға аттанындар деп шақырды: «Еңкейген кәрі, еңбектеген жас болып бәрің жыйналындар: аты барларың атқа мініп келіңдер, аты жоқтар қайықпенен келсін» деп ұран көтерді.

Александр шабуылдың алдын алып, бірінші болып шабуыл жасауға ұйғарды. Пәрменді шабуыл жасап ол немістерді әуелі Новгород жерінен, содан соң Псковтан түріп шықты.

Новгород шептерін нығайтып, князь Александр Невский орыс әскерлерін Изборск қаласы арқылы эстердің жерін азат етуге бастады. Бұл араға немістер көптеген күш жыйнады.

Орыстың дарынды қолбасшысы өз дұшпанының әлсіз жақтары мен күшті жақтарын жақсы білді. Ол Чудскі көлінің батыс жағалауында әскерлер үшін қолайлы ұрыс позициясын тандап алды. Көлдің көктемдегі мұзы найзамен, қылышпен, айбалтамен қаруланған орыс жауынгерлерін көтергендей берік еді. Бірақ, темір сауыт құрсаңған рыцарьлардың атты әскерлерінің ұрыс кезінде мұз үстінде болуы қиынға соқты.

1242 жылдың 5 апреліне қараған түнде Александр Невский өзінің полктарын аралап шықты.

Таң атты сөйтіп, қырғын ұрыс басталды.

«Қатты қырғын болды, — деп жазады шежіреші, неміс рыцарьларына қарсы ұрыс туралы.—Орыс жауынгерлері оларды ізіне түсіп қудалап, мықтап кескіледі, олардың қашарға жері болмады...»

Орыстар немістерді жеті шақырым жер бойына қуып тастады және көптеген тұтқын алды. Немістің көп рыцарьлары мұз ойылған жерге суға батып аттарымен бірге апат болды.

Орыс жауынгерлерінің Чудскі көлінің мұзы үстіндегі жеңісі немістердің шығысқа қарай ілгері басуын тоқтатып, Шығыс Европаның халықтарын құл болудан құтқарып қалды.

Бұл оқыйғаның дүниежүзілік тарихтағы маңызын атап көрсете келіп, Маркс былай деп жазды: «1242 жы-

лы Александр Невский неміс рыцарьларына қарсы шығады, Чудскі көлінің музында оларды талқандайды, сөйтіп, арамзалар орыс шекарасынан біржолата аулақ тасталды».

Муз үстінде болған қырғын соғыс неміс феодалдарының Русь жөніндегі басқыншылық жоспарларының құл-талқанын шығарды. Александр Невскийдің басшылығымен өз тәуелсіздігі жолында ерлікпен күрескен орыс адамдары немістеніп кету немесе неміс феодалдарының қолынан қырғынға ұшырау сыяқты қорқынышты тағдырдан өздерін аман алып қалды.

Ұлы Отан соғысы кезінде тағайындалған Александр Невский ордені өздерінің қаһарман және кемеңгер бабасынан үлгі алған ержүрек совет жауынгерлеріне лайықты награда болды.

3. МОСКВА КНЯЗЬДІГІНІҢ НЫҒАЮЫ МОНҒОЛ-ТАТАРЛАРДЫҢ КУЛИКОВ ЖАЗЫҒЫНДА ТАЛҚАНДАЛУЫ

Немістердің Чудскі көлінде талқандалуы орыс халқының ұйымдасып әрекет еткен күнде күші зор екенін көрсетті. Бірақ, орыс жерінде әлі бірлік болмады, сондықтан монғолдар мұны пайдаланды. Олар Днестрден Батыс Сибирьге дейінгі кең байтақ жерлерде өздерінің мемлекетін — Алтын Орданы құрды, сөйтіп, орыс князьдіктерін оған тәуелді етті. Русьте барлық еректерге салғырт салынды. Салғырт төлеуден ешкім бұлтарып кете алмайтын болу үшін, татарлар бүкіл орыс халқының санағын жүргізді. Бүкіл Русьте татардың қанішер салғырт жыйнаушылары — басқақтар тіміскелеп ел аралап жүрді. Кімде кім салғырт төлемесе, құл етіп сатып жіберілетін болды.

Татарлар орыстың ең жақсы қолөнершілерін Алтын Ордаға алып кетті. Өздерінің соғыс отарларына олар ең мықты, күшті жас жігіттерді алып отырды.

Татарлардың ауыр езушілігі екі жүз елу жыл шамасындай уақытқа созылды. Мұны сыпаттай келіп, Маркс татарлардың езушілігі «оған құрбандық болған халықты езіп-жаншып қана қойған жоқ, халықтың шыбын жанын қорлап, нәрін сарқып отырды» деп жазды.

Монғол көшпенділерінің шабуылы және ұзақ уақытқа созылған езушілігі орыс халқына үлкен зыян келтірді. Татарлар экономикалық және мәдениет жағынан дамудың орыстардан анағұрлым төмен сатысында тұр еді. Ауыр салғырт, хан басқақтарының тонаушылығы, татар отрядтарының шапқыншылығы, — мінеки осының бәрі орыс жерін күйзелтіп елді шаруашылық жағынан жалпы құлдырауға ұшыратты. Ағарту ісі мен мәдениет мұның зардабын қатты шекті. Көптеген көркемөнер ескерткіштері және ерте заманнан бергі жазу-әдебиет шығармалары құртылды. Монғол езушілері біздің еліміздің экономикалық және мәдениет жағынан дамуын көп уақытқа кідіртті, бірақ, ол езушілік орыс халқының ұлттық сана-сезімін басып жанша алмады.

Орыс адамдары жауыз құл етушілерге көнбеді. Орыс адамдары «басурмандардың жауыздықпен зарықтыруына» қарсы сан рет көтеріліс жасады.

Салғырт жыйнаушыларды жазалаушылықтың жиілеп кеткені соншалық — татарлар салғырт жыйнауды орыс князьдеріне жүктеуге мәжбүр болды. Жыйналған салғыртты князьдер өздерінің ұлы князі арқылы Ордаға тапсырып отырды.

XIII ғасырда Киев мемлекеті ыдырап кеткеннен кейін Русьтің астаналық қаласы князь Владимир Мономах орнатқан Владимир қаласы болды. Ұлы князьдікке жарлықты (грамотаны) князьдер Алтын Орданың хандарынан алып отырды.

XIII — XIV ғасырларда Русьтің орталығында әртүрлі дербес князьдіктер (уделдар) болды, олар: Ростов, Суздаль, Тверь, Рязань, Ярославль, Кострома, Нижний Новгород князьдіктері, сонымен қатар, Новгород пен Псковқа қарасты жерлер. Удельдік князьдіктердің арасында Москва князьдігінің дәрежесі көтеріле бастады.

Шетел басқыншыларына қарсы күрестің тірегіне, орыс жерлерін біріктірушіге айналуға тиісті болған Москва қаласын 1147 жылы князь Юрий Долгорукий орнатты.

Москваның өсіп, дәрежесі артуына бірсыпыра қолайлы жағдайлар себеп болды. Біріншіден, Москва көптен бері орыс халқы мекендеген жерлердің орталығында еді. Сыртқы шабуылдардан көршілес орыс князьдіктері, сонымен қатар, орман-тоғайлар, өзендер, батпақтар тасалаған Москва мұндағы халық үшін едәуір дәрежеде

қауыпсыз болды. Екіншіден, Москва Русьті әртүрлі бағыттарда кесіп өткен сол замандағы сауда жолдарының торабында еді. Осының бәрі көптеген қоныстанушыларды Москваға тартты. Москва орыстың басқа ескі қалаларын басып озып, тез өсе бастады.

Александр Невскийдің ұлы, князь Даниил, Москваны үлесіне алып, сонда көшіп барды да, Москва князьдігінің негізін салды.

XIV ғасырдың бірінші жартысында Москва князьдері Москва князьдігінің жерін екі есе ұлғайтты. Князьдердің арасындағы күрестен және татарлардың езушілігінен шаршаған, күйзелген халықтың тілектестігін пайдаланып, Москваның князьдері Москваның төңірегіндегі жерлерді ойдағыдай біріктіріп отырды. Орыс жерлерін тұңғыш біріктірушілердің бірі Иван Калита болды (Калита — «ақша салынған қалта» деген сөз). Ол бай, айлакер және алыстан болжайтын князь еді. Ол татар ханының сенімімен пайдаланып, соның жәрдемімен өзінің бақталастарынан арыла білді.

Иван Калита орыстың митрополитін де өз жағына қаратып алды, митрополит Владимирден Москваға көшіп барды. Сол уақыттан бастап шіркеу барлық орыс жерлерін Москваның төңірегіне біріктіру жолындағы күресте Москва князьдерінің ықпалды одақтасына айналды.

Москва жерінде орнаған монастырьлер ірі шаруашылық жүргізе бастады, сөйтіп, бұл өлкелерге қоныстаушыларды тартты. Иван Калита үлкен сауда жолдарын қарақшылардан тазартып, сауда қатнастарының күшеюіне себеп болды. Иван Калита ішкі тәртіпті түзеушіге, орыс жерін татарлардың жойқын күйзелтушілігінен қорғаушыға айналды деп шежіреші мақтау мақұлдау сөзімен атап көрсетеді: «Сөйтіп, бүкіл орыс жерінде өте-мөте тыныштық орнады және татарлар оған соғыс жүргізуін қойды».

Иван Калитаның ұлдары орыс жерлерін Москва төңірегіне біріктіру жөніндегі оның саясатын жүргізумен болды. Олар бұл саясатты, дейді Маркс, «ыждағаттап, дәйекті түрде, үздіксіз және мүлтіксіз» жүргізіп отырды.

Иван Калитаның немересі — князь Димитрийдің тұсында Москва князьдігі, сөз жоқ, Русьтегі ең күшті және бірінші орындағы князьдік болып алды. Осының арқасында Димитрий монғол-татар езушілігінен азат

болу міндетін алға қоюға мүмкіндік алды. Татарларға қарсы күресуге әзірлене отырып, князь Дмитрий өз мемлекетінің астанасы Москваны нығайтып отырды. Сол замандағы басқа қамал-қалалар сыяқты, Москва ағаш шарбақпен қоршалған еді. Мұндай бекініс Кремль деп аталды. Кремльдің ағаш қабырғалары бірнеше рет өртке ұшырады және мықтап тозды. Князь Дмитрий Иванович Москваның түбінен табылған ақ тастан Кремльдің жаңа қабырғаларын салуға бұйырды. Кремльдің қабырғаларына шағын зеңбіректер орнатылды, бұл зеңбіректер — Русьтегі тұңғыш атпа қару еді.

Күшті жауға қарсы күресу үшін мемлекет ішінде жақсы қаруланған әскер күштері керек болды. **Ұлы** князьге қызмет етуге міндетті болған барлық князьдер мен боярлар «атымен, адамымен, қару жарағымен» жыйын пункттеріне келуге тиісті болды.

Москва жауынгерлерінің қаруы қылыш, жауынгерлік балта және жаудың соққысын тойтаратын дөңгелек қалқан еді. Олар садақ ататын еді. Садақтың оғының ұшы темірден жасалған болатын. Жауынгер басына темір дулыға, кеудесіне темір торлы сауыт киетін.

Орыс халқының күші артып отырған кезде, Алтын Орда кәдімгідей әлсірей бастады. Алтын Орданың ішінде өкімет үшін үздіксіз күрес жүріп жатты. Татардың әскербасыларының бірі, Мамай, Алтын Орданың бұрынғы құдіреттілігін қайта орнатуды көкөсп, Орданың князьдеріне Руське жаңа жорық жасауға әзірленіндер деп бұйырды.

1380 жылдың жазында Мамай Руське жорық жасау үшін көп әскер жыйнады. «Мұнша әскер, — дейді шежіреші, — Батудың заманынан бері болған жоқ еді». Мамай литваның князі Ягайломен соғыс одағын жасады және Москваға бірігіп жорық жасау туралы Рязанның князі Олегпен келіссөз жүргізе бастады.

Дмитрий өз дұшпандарының армиялары бірігуінің алдын алуға ұйғарды. Орыстың полктары Ока өзенінен өтіп, шапшаң маршпен жүріп Донға жетті. Мамайдың қолдары ол кезде одақтастарын күтіп Донның арғы жағында тұр еді.

Князь Дмитрий өз әскеріне былай деп сөз айтты: «Сүйікті достар, ағайындар! Мен мұнда Олег пен Ягайлоны көру үшін немесе Дон өзенін қорғау үшін келгенім жоқ, орыс жерін басқыншылықтан, күйзелістен кұт-

қаруға Русь үшін басымды құрбан етуге келдім, осыны біліп қойындар. Масқара болып өмір сүргеннен адал өлім артық. Қол жыйнап шығып, түк істемей кейін қайтатын болсақ, онда татарларға қарсы мүлдем аттанбағанның өзі артық еді. Бүгін-ақ Донның арғы жағына өтеміз де не жауды жеңіп, күллі орыс халқын апаттан аман алып қаламыз, не болмаса өз Отанымыз үшін басымызды құрбан етеміз».

1380 жылы сентябрьдің 7-нен 8-не қараған түнде Дон өзенінен өту басталды. Таң ата орыс әскерлері Непрядва өзенінің сағасына жақып жерде, Куликов жазығында сап түзеді. Таңертеңгі тұманды таса қылып орыс әскерлері қолайлы позицияларды алды. Полктардың біріне қалың орманның ішіне жасырышып резервте туруға бұйрылды.

Күн қызып, тұман тараған кезде, орыстың әскерлері биік төбелерден тез төмен түсе бастады.

Князь Димитрий жауынгерлерге былай деді: «Ағайындар, орыстың ержүрек жауынгерлері, уақыт жақындады, егесетін жерің келді». Оның нұсқаған белгісі бойынша жауынгерлер ұрысқа кірді. Кескілескен, қап төгіс ұрыс басталды. «Найзалар қамыстай сынып жатты,— дейді шежіреші.— Күннің көзін шаң басып кетті, садақтың оғы жаңбырдай жауды» ұрыс бес сағатқа созылды, бірақ, татарлар жағы да, орыстар жағы да басымдық ала алмады. Татарлар сол бүйірден запастағы ауыр атты әскерді ұрысқа енгізді.

Сол кезде, жеңіске жеттік-ау деген татарлардың тылына орыстардың резервте тұрған полкі келіп тиісті. Ойда жоқта кенеттен тиген қолдан қорыққан және қатты ұрыста шаршаған татарлар қаша жөнелді.

Биік төбеде тұрып, ұрыста ұтылғанын көрген Мамай өз әскерінің қалдығымен бірге асыға қашты.

Сентябрьдің аяқ шенінде орыстар жеңіспен Москваға қайтып келді. Князь Димитрий бұл үздік жеңісі үшін Димитрий Донской деген даңқты атақ алды.

Егер орыс халқы өз тәуелсіздігі жолындағы күреске бірауызды болып аттанса, жеңілмес әскер болып атанған татарларды талқандауға болатындығын Куликов соғысы көрсетті. Бірақ, ол уақытта Русьті біріктіру ісі аяқталмаған еді, сондықтан татарлардың езушілігі әлі жойылған жоқ еді. Куликов жеңісі татарлар ордасын мықтап әлсіретті, бірақ, біржолата жойған жоқ.

Димитрий Донской 1389 жылы қайтыс болды. Өзінің балаларына ол бейбітшілікте және достықта өмір сүріп, Орыс мемлекетін нығайтуды өсиет етіп айтып кетті.

Димитрий Донскойдың ерлік бейнесін және оның майдандағы батырлық істерін халық ұмытқан жоқ. Қарт жыршылар өздерінің өлеңдерінде князь Димитрийдің сіңірген еңбегін жыр қылды: «Туысқан, орыс ұлдары, көліңдер бас қосайық, өлең-жырды шырқайық орыс көңілін көтеріп қайғы қасіретті ұмытайық, Мамайды жеңген жеңісті өлең-жырға қосайық...».



Ш т а р а у

ОРЫСТЫҢ БІР ОРТАЛЫҚҚА БАҒЫНҒАН КӨП УЛТТЫ МЕМЛЕКЕТІНІҢ ҚҰРЫЛУЫ

1. РУСЬТИҢ ІІІ ИВАН ТҰСЫНДАҒЫ СОҒЫС ЖӘНЕ САЯСАТ ЖӨНІНДЕГІ ТАБЫСТАРЫ

XV ғасырдың аяқ шенінде, ұлы князь ІІІ Иван тұсында, орыс халқының тарихында аса үлкен оқыйға болды: біртұтас орыс мемлекеті құрылды, сонымен орыс жерлерін Москваның төңірегінде біріктіру жөнінде Иван Қалита тұсында басталған ұзақ әрекет аяқталды.

Біздің елімізде бір орталыққа бағынған мемлекет құруды тездеткен негізгі себептердің бірі — Руське тұс-тұстан шабуыл жасаған сыртқы жаулардан қорғану керектігі, орыс халқына ауыр салмақ болған монғол-татар езушілігінен азат болу керектігі болды. «... Удельдық князьдерді бағындыру, — деп жазды Энгельс, — татарлардың езушілігінен азаттық алу ісімен қоян-қолтық бірге жүріп отырды және ІІІ Иван тұсында түпкілікті баянды етілді». Бұл жағдайды Сталин жолдас та атап көрсетті. «...Түріктердің, монғолдардың, Шығыстағы басқа да халықтардың шабуылынан қорғану мүдделері, — деді ол, — шабуылдың қысымына төтеп бере алатын, бір орталыққа бағынған мемлекеттерді дереу құруды керек қылды».

ІІІ Иван князьдік еткен қарсаңда (1462 жылы) орыс жерлерінің көпшілігі Москваның ұлы князінің қол астында болды. Москваның ең күшті деген екі бақталасы ғана — Новгород пен Тверь — өздерінің дербестігін сақтау үшін әлі күресіп жатты. Өкімет басында тұрған Новгород боярлары мен ірі купецтері Польша — Литва королінен қамқорлыққа алуды, жәрдем беруді сұрады. ІІІ. Иван көп әскермен Новгородқа жақын келіп, оған өзінің әмірін айтты: «Новгородта жұртты жыйнайтын қоңырау болмайды, қала басқарушысы болмайды, мем-

лекет тізгінін біз ұстаймыз», деді. Мұның мәнісі — Новгородтың дербестігі бітті деген сөз еді. Үлкен ішкі күрестен кейін новгородтықтар «Москва князінің қресін сүйеге» ұйғарды.

Новгородтан кейін Москваға Твердь де бағынатын болды. Москваға қарсы күресінде ол Литваға сүйеніп келген еді. Сонымен, III Иван Москваның төңірегінде орыстың барлық жерін тегіс дерлік біріктіру жұмысын аяқтады. Біртұтас Орыс мемлекеті құрылды. Москва Орыс мемлекетінің астанасына айналды, ал, Москваның ұлы князі енді бүкіл орыс жерінің патшасы болды.

Сталин жолдас Москваның біртұтас Орыс мемлекетін құрудағы ролін жоғары бағалады. Москваның 800 жылдығы күні Москваға жолдаған құттықтауында ол былай деп жазды: «Москваның сіңірген еңбегі ең алдымен мынада: ол бытыранды Русьті біртұтас үкіметі бар, біртұтас басшылығы бар, біртұтас мемлекетке біріктірудің негізі болды. Егерде феодалдық бытырандылықтан және князьдердің ырың-жырыңынан құтыла білмесе дүние жүзінде бір де бір ел өз тәуелсіздігін сақтауға, шаруашылық және мәдениет жағынан мықтап өсуге үміттене алмайды. Бір орталыққа бағынатын біртұтас мемлекетке біріккен ел ғана мәдениет-шаруашылық жағынан мықтап өсу мүмкіндігіне, өзінің тәуелсіздігін орнату мүмкіндігіне үміттене алады. Москваның сіңірген тарихи еңбегі сол — ол Русьте бір орталыққа бағынған мемлекетті құрудың негізі және бастамашысы болды, болып та отыр».

Жас Орыс мемлекеті дұшпан көршілердің қоршауында болды. Ол Алтын Ордадан тәуелділіктің ауыртпалығын әлі көтеріп келе жатыр еді. Польша мен Литва, Украинаны, Белоруссияны және орыс жерлерінің бір бөлегін, соның ішінде Смоленскіні басып алды. Ливония рыцарьлары Псков пен Новгород жерлерінің есебінен күнелтуден әлі күдер үзген жоқ еді. Қысқасы, Орыс мемлекетінің тәуелсіздігі үшін, өз жерлерінің тұтастығы үшін, көршілері басып алған жерлерді қайтару үшін ұзақ және қажырлы күрес жүргізуі керек болды.

XV ғасырдың бірінші жартысында Алтын Ордадан бірнеше дербес хандықтар бөлініп шықты: біреуінің орталығы Қазан қаласында болды, екіншісінің орталығы Астраханьда, үшіншісі—Қырымда, төртіншісі—Сібірде болды.

Бұдан бұрынырақ Еділ өзенінің төменгі ағысының шығыс жағында көшіп жүрген Ноғай Ордасы дербес бөлініп шықты. Қазіргі Қазақстан жерінде Қазақ Ордасы құрылды. Сонымен, бір кезде өте күшті болған Алтын Орда тәуелсіз жеке хандықтарға бөлініп ыдырай бастады және өзінің бұрынғы күшінен айырыла бастады.

Алтын Орданың әлсірегенін көріп, Москваның князьдері Русьті татар езушілігінен құтқаруға барынша тырысты. III Иван салғырт төлеуін тоқтатып Қырым ханымен соғыс одағын жасасты. Бұдан шошынған Алтын Орданың ханы Ахмет 1480 жылы үлкен әскер жыйып, Москваға аттанды. III Иван көп санды әскер жыйнап, оған қарсы шықты. Екі әскердің екеуі де Угра өзенінің қасына келіп қарама-қарсы жағаларда лагерь тігіп орналасты.

Қатты ұрысты қабылдағысы келмей, татарлар шегініп кетті. Сол кезде Алтын Орадаға Ноғай және Сибирь татарлары шабуыл жасады. Ахмет ханды Сибирьдің ханы өлтіреді.

1480 жылы орыс халқы ауыр және қорлаушы татар езушілігін мәңгіге құлатты.

1502 жылы Алтын Орданы Қырым татарлары бір-жолата талқандады. Сонымен Маркстің айтуынша, III Иван бір татарларды екінші татарлардың жәрдемімен жоқ қылды».

Татарлардың езушілігінен құтылып, III Иван литва басып алған орыс жерлерін қайтару үшін литвамен күресе бастады. Күрестің әртүрлі әдістерін — дипломатиялық және соғыс әдістерін қолдана отырып, ол Орыс мемлекетінің құрамына Жоғарғы Ока, Чернигов — Северскі және Жоғарғы Днепр жерлерін қайтарып алды. Сөйтіп, Орыс мемлекетінің ішінде орыстың, украинның, белорустың барлық жерлерін қайта қосу жолындағы күрестің негізі салынды.

Бекіп алған Орыс мемлекеті басқа европалық мемлекеттердің арасында көрнекті орын алды. Москва мен Батыс Еуропаның арасында қызу сауда қатнастары жүргізіле бастады. 1453 жылы аса күшті түрік сұлтаны II Махмед Византия империясының астанасы Константинопольді жаулап алды. Түріктердің батыс европалық мемлекеттерге шабуыл жасауын бүкіл Еуропа қорқа күткен еді. Әртүрлі елдердің өкілдері «Московияның» түріктерге қарсы атта-

нуын көздеп, бұған келіп кетті. Рим папасы III Иван-ның Грецияның соңғы императорының жиені Софья Палеологпен некелестіруге ұсынды. Византия императорының тұқымымен жекжат болғаннан кейін III Иван атты адамның суреті салынған бұрынғы Москва гербі орнына екі басты бүркіттің суреті салынған Византия гербін алды. Бірақ, III Иван Русь үшін тыйымсыз болатын болғандықтан Түркияға қарсы соғыс жүргізуге көнбеді және Орыс мемлекетінің істеріне шетелдіктердің ешбір араласуына жол бермеді.

Бытыранды феодалдық князьдіктер біріккен кезде, бір орталыққа бағынған мемлекеттік өкіметті нығайту үшін мемлекеттік басқару орындарын қайта құру керек болды.

Бұрынғы дербес болған барлық князьдер енді өкіметі күшейген ұлы князьдің боярларына айналды. Ұлы князь бұрынғы удельдық князьдерге және жер иесі ақ сүйектердің өкілдеріне боярри деген атақ берді. Олар ұлы князьбен бірге, жоғарғы мемлекеттік орган болып табылатын Боярлар думасының құрамына кірді. Неғұрлым атақты боярлар ең жоғары қызмет орындарында болды. Атағы зорлар атағы төмендердің қол астында қызмет ете алмайтын болды. Сөйтіп, қызмет орындары тектілік дәрежесіне қарай белгіленді. Боярлар думасында, соғыс қызметінде және жай жұмыста, тіпті жыйын-тойларда барлық боярлар ата-тегінің атақтылығына қарай орын алатын болды. Мұндай тәртіп орынқұмарлық деп аталады.

Орынқұмарлық мемлекетке үлкен зыян келтірді. Қолынан іс келетін адамдардың орнына, кейде қолынан іс келмейтін атағы бар адамдар жоғары қызмет орындарында болды. Қызмет орнына бола ылғый дау-жанжалдар болып тұрды, мұның өзі, әсіресе, жорықтардың кезінде өте зиянды болды.

Жаңадан жаулап алынған облыстарға ұлы князь өзінің әкімдерін жіберіп отырды. Олар салық жыйнап, халыққа сот жүргізіп отырды. Жергілікті әкімдер жалқыны мемлекеттен емес, халықтан заттай немесе ақшалай алып отырды. Бұл — «асырау» деп аталды. III Иван «асыраудың» дәлме-дәл нормасын тағайындады, одан бұрын «асырауға» ешқандай шек қойылмаған еді.

Мемлекеттің бір орталыққа бағынуы нәтижесінде жаңа мекемелер — «приказдар» пайда болды. Бұлар

— орталық өкіметтің шаруашылықтың немесе басқарудың әртүрлі салаларын (мәселен, финанстарды, соғыс ісін, шет мемлекеттермен қарым-қатнастарды) басқаратын органдары еді.

Біртұтас мемлекеттің құрылуы бүкіл Русь үшін ортақ заңдардың болуын керек қылды. 1497 жылы III Иван «Заң кітабын» шығарды. Бұл — мемлекет ішінде басқарудың және сот жүргізудің бірыңғай тәртібін тағайындайтын заңдар жыйнағы еді. Бұл «Заң кітабы» шаруаның крепостнойлық тәуелділігін күшейте түсті. Енді шаруалар өзінің иесінен барлық жұмыстар аяқталғаннан кейін ғана кете алатын болды: Юрий күнінен (26 ноябрьден) бір апта бұрын ғана және Юрий күнінен бір апта кейін ғана кетуге рұқсат берілді. Егерде шаруа бұл уақытын өткізіп алса, ол келесі Юрий күніне дейін иесінің қарамағында қалуға міндетті болды. Кетпестен бұрын шаруа жер иесімен толық есеп айырысуға тиісті еді, бірақ мұны істеу мүмкін емес деуге болатын еді. Шаруалардың құлдыққа түсуі барған сайын күшейе берді. Шаруаларды қанаушылық та күшейді.

Орыс мемлекетінде XV ғасырдың аяғында үстем тап жер иесі — феодалдар еді. Әуелгі әзірде феодалдар табы князьдер мен боярлардан құралды, бірақ, III Иванның тұсында жер иелерінің жаңа тобы — әскер қызметіндегі дворяндар күшейе бастады.

Әскер қызметін атқаруға көптеген орта және ұсақ жер меншікшілерін тарта отырып III Иван әскер қызметін атқарғаны үшін оларға жер үлестіріп беріп отырды. Бірақ, толық меншігіне емес, «поместье» етіп берді. Поместье иесінің оны сатуға да, басқа адамға беруге де правосы болмады. Ол бұл жермен тек әскер қызметін атқарған кезде ғана пайдалана алды. Сонымен, жер иесі-вотчинашылар (боярлар) өз жерінің толық иесі болған болса, жер иесі-помещиктер (дворяндар) өздерінің помещьелерін тек пайдалана алатын еді. Помещиктер шаруалардан кіріс жыйнап отырды, өз шаруашылығында шаруалардың еңбегін пайдаланды; олар ұлы князьге қызмет етіп жүрген кезінде салық төлеуден құтқарылды. Сондықтан ұлы князьдің өкіметі нығаятын көздеген әскер қызметіндегі дворяндар III Иванның феодалдық бытырандылықтың қалдықтарына қарсы күресінде оны қолдап отырды. Ескі тәртіптерді жақтаушы реакцияшыл боярлармен салыстырғанда, әскер қызме-

тіндегі дворян-помещиктер бір орталыққа бағынған жаңа мемлекеттің неғұрлым берік тірегі болды.

Мемлекеттің астанасы — Москва — Русьтің ірі экономикалық және мәдениет орталығына айналды. III Иванның шақыруы бойынша Москваға атақты шетел архитекторлары мен суретшілері келіп, орыс мастерлерінің астананы әдемілеп салуына, әсемдеуіне көмектесті. Орыс мастерлері, шетелдіктердің «айласын» тез ұғып алып, орыстың көркем өнерін өркендетті. Орыс көркем өнерінің ұлттық сыпаты әсіресе Кремльді қайта салуда және Москваны көркейтуде өте айқын көрінді.

III Иванға дейін Москваның үйлері тегіс дерлік ағаш үйлер еді. Енді атақты архитектор Аристотель Фиоравантидің басшылығымен архитектура жағынан өте тамаша көптеген тас үйлер салынды. Фиораванти барлық жағынан бірдей білімді құрылысшы және инженер еді. Оның бақылауымен жаңа Успенскі соборының және Русьтегі тұңғыш зеңбірек-құю зауыдының құрылысы басталды. Неглинная өзенінің жағасында, қазір Пушкин көшесі өтетін жерде, көп ұзамай «Зеңбірек сарайы» жұмыс істей бастады, оның қасынан қыстақ салынып, оған заводтың ұсталары орналасты, Кузнецкий Мост деген көшенің аты солардан шықты.

Кремльдің айналасына жаңадан тас қабырғалар салынды. Бұл Кремль қабырғалары біздің заманға дейін сақталды. Москва күмбездерінің тамаша шатырлары ғана XVII ғасырларда салынған, Совет өкіметінің тұсында бұл шатырлардың басына жарқыраған рубин жұлдыздары орнатылды. Кремль құрылыстарының арасында князьдің жаңа сарайы өзінің тамаша сәнділігімен ерекше көзге түсті. Осында, күмбезді кең залда — Грановитая палатада (палатының сырты қырлы тастармен қапталған) салтанатты жағдайда шетел елшілері қабылданып отырды.

III Иванның саяси табыстарының қортындыларын шығара келіп, Маркс былай деп жазды: «III Иванның патшалық етуінің бас кезінде Литва мен татарлардың арасында қыспаққа алынған Московияның бар екенін ойлай қою екі талай болған. Европа өзінің шығыс шекараларында зор империяның кенет пайда болғанына есі кетіп таң қалды».

Орыс мемлекетін кеңейту және нығайту жолындағы бұдан арғы күресті III Иванның немересі — Иван Грозный басқарды.

2. ОРЫС МЕМЛЕКЕТІ ІV ИВАН ТҰСЫНДА

Орыс мемлекеті ауыр және қыйын жағдайларда құрылды. Монғол-татар шабуылы орыс жерін Европада екі ғасырдан астам уақыт кейінге қалдырды. Оның бер жағында онда соңғы ғасырдың ішінде үлкен және маңызды өзгерістер болды.

XV ғасырдың шенінде Америка ашылды және Европада Индияға баратын су жолы табылды. XVI ғасырдың бас кезінде Европаның кемелері Қытайға және Индия мұхыйтының аралдарына баратын болды. Африканың, Американың, Индияның, Қытайдың халықтарынан тонап алынған немесе олардан өте арзан бағамен алынған алтын, күміс, аса бағалы асыл тастар Европада ағыл-тегіл әкеліне бастады. Сауда күшейді, ол дүниежүзілік саудаға айналды. Қалалар тез өсе бастады. Өркендеп келе жатқан қолөнерімен қатар ірі кәсіпорындары — қол еңбегін мұқияттап бөлуге негізделген мануфактуралар пайда болды. Бұларда жалдамалы жұмысшылар жұмыс істеді. XVI ғасыр — Европада капитализмнің басталған кезі.

Мәдениет саласында да бүкіл дүние жүзінде осындай ірі өзгерістер болды. XV ғасырдың орта шенінде кітап басу ойлап табылды. Бұған дейін кітап қолдан жазылатын. Кітап басу ісі бүкіл дүние жүзінде мәдениетті өркендетуде үлкен роль атқарды.

Бүкіл Европада феодалдық бытырандылықтың құрып отыратын уақыты келді. Корольдік өкімет ұсақ феодалдық иеліктерді жойып отырды және тез нығая бастады. Францияда, Австрияда, Швецияда және басқа мемлекеттерде монархтардың немесе шексіз билігі бар патшалардың бір өзі басқаратын күшті өкіметі құрыла бастады. Жалғыз монархтың ешбір шек қойылмаған өкіметін абсолюттік монархия, немесе, абсолютизм деп атай бастады. Сонымен XV — XVI ғасырлар бойында Европа елдерінде бір орталыққа бағынған феодалдық монархиялар құрылды. Көптеген ұсақ феодалдық иеліктерге бөлініп бытыраған Италия мен Германияның ғана бүкіл ел үшін біртұтас корольдік өкіметтері әлі жоқ еді.

Москваның төңірегінде Орыс мемлекеті бірігіп жатқан кезде Батыс Европадағы жалпы жағдай осындай еді. Сыртқы саясаттағы үлкен табыстарына қарамастан оның халықаралық жағдайы қорқынышты және қауып-

ты қалпында қала берді. Монғол-татар өктемдігі құлатылды, бірақ ойрандалған Алтын Орданың орнында пайда болған хандықтар дүркін-дүркін шабуыл жасап, Орыс мемлекетінің шығыстағы және оңтүстіктегі шекараларына қауып туғызып отырды. Батыс шекарада жас Орыс мемлекетіне Польша — Литва мемлекеті жау болды, ол белорустар мен украиндардың мекендеген жерлерін басып алып қойды. Солтүстік-батыс шекарада Новгородты басып алудан дәмеленуін қоймаған Швеция нығайып жатты.

Балтық бойында Орыс мемлекетінің ежелгі жауы — немістің Ливониялық рыцарьлық ордені дұшпандық саясат жүргізіп отырды. Әлсіреген, орыс жерінде қайтадан соғыс шабуылын жасау мүмкіндігінен айырылған ол, Орыс мемлекетін Балтық теңізіне жолатпауға, оны Батыс Европадан оқшау қалдыруға тырысты.

Ея ішінде де Орыс мемлекеті үлкен қыйыншылықтарды басынан өткізіп жатты.

Бұрынғы уделдық князьдер енді Москва патшасының Қызметшілеріне айналды, бірақ олар өздерінің вотчиналарында өздерін бұрынғыша өкіметі толық патшалармыз деп санады: меншікті әскерлер ұстады, сыйлыққа жер беріп отырды, сот жүргізіп жаза беріп отырды. Боярлар да нақ осындай праволармен пайдаланды. Осының бәрі бір орталыққа бағынған бір тұтас Орыс мемлекетін құруға кедергі болды.

1533 жылы III Иванның баласы ұлы князь III Василий қайтыс болды. Оның кішкентай ұлы Иван тек үш жаста ғана еді. Мемлекетті Иван Васильевичтің анасы Елена Глинская басқарды, бірақ бес жылдан кейін ол кенеттен қайтыс болды. Боярлар арасында өкімет үшін қыян-кескі күрес басталды. Ер жетпеген ұлы князь күресіп жатқан бояр топтарының арасында қарсы жақтағыларға қан төгіс зорлық істеушілікті, оларды аяусыз жазалаушылықты көзімен көрді.

17 жасқа жеткен соң IV Иван салтанатты жағдайда патша атағын алды. Оның патшалық етуінің бас кезі халықтың үлкен көтерілісіне және Москвадағы өртке дәл келді. Патшаның семьясы жанып жатқан Кремльді лажсыздан тастап, Воробьев тауларына көшіп кетті. Халық Москваны өртеді деп боярларды айыптады. Ашу кернеген Москва халқы Кремль сарайларына басып кіріп, көп боярларды өлтірді. Елдің әр жерлерінде ірі боярлар мен

жергілікті әкімдердің озбырлығына қарсы халық көтерілістері болып жатты.

IV Иван мемлекетті басқаруда үлкен өзгерістер жасау керек екендігін түсіне бастады. Ол өзіне жаңа ақылгөйлерді — текті емес, бірақ, ақылды Алексей Адашевті, патша сарайындағы ықпалды священник Сильвестрді және басқаларын өзіне жақындатты. Бұл билеп-төстеуші топ «Қалаулылар радасы» яғни қалаулы адамдардың кеңесі деген атақ алды. «Қалаулылар радасы» мемлекеттік басқару, сот, финанс, армия жөнінде жүргізілетін өзгерістердің кең программасын белгіледі. Программа әскер қызметіндегі адамдардың — ұсақ дворян-помещиктердің ықпалымен жасалды.

1551 жылы патша үлкен жыйын шақырды, бұл жыйынға, руханилермен қатар «князьдер, боярлар және жауынгерлер» қатнасты.

Бұл жыйында жаңа «Заң кітабы» бекітілді, мемлекеттің жеке облыстарын басқару тәртібі тағайындалды, сонымен қатар, мемлекет және шіркеу жөніндегі басқа да өзгерістер талқыланды.

Жаңа «Заң кітабы» бойынша жергілікті әкімдер сотының праволарына едәуір шек қойылды, паракорлық үшін және теріс қарарлар шығарғандық үшін жауаптылық белгіленді, жергілікті әкімдердің әрекетіне шағым берудің тәртібі тағайындалды.

1555 жылғы жергілікті әкімшілік-асыраушылық мүлдем жойылды. Жергілікті орындарда сот және басқару ісі жергілікті халықтан сайланып қойылған адамдарға тапсырылды. Тонаушылық жөніндегі істерді жергілікті дворяндардан сайланатын старосталар жүргізді, мұндай істерге шаруалардың феодалдарға қарсы бас көтерушілігі де қосылатын болды. Салықты бөліп салу және жыйнау жұмысын, сонымен қатар, азаматтық істер жөніндегі сот жұмысын старосталар немесе «қалаулы басты адамдар» жүргізетін болды. Крепостной шаруаларды солардың өздері қол астында болатын иелері соттайтын болды.

Дәл сол жылдары әскер реформасы жүргізілді. Дворяндар орыс армиясының негізгі ұйтқысына айналды. Олардың әскер қызметін камтамасыз етуі үшін оларға «поместьеге» көптеген жер үлестіріліп берілді. Әскер қызметіне поместье иелері — дворяндар қандай негізде міндетті түрде қатынастырылатын болса, вотчиналардың иелері — князьдер және боярлар сондай міндетті түрде қат-

тынастырылатын болды. Атты әскерлермен, қатар, атпа қаруы бар жаяу әскерлер де құрыла бастады.

Атқыштар полктары құрылды. Мұнымен бірге, артиллерия күшейтілді, зеңбіректердің жаңа түрлері қолданылды. Қалаларды қоршаудың европалық техникасы (турлар, күмбездер, қалалардың іргесін үнгіп қазу, мылтық дәрісінен миналар қою) қолданыла бастады.

50-жылдардың реформаларына баға бере келіп мынаны айтуға болады: мемлекетті басқару ісін бір орталыққа бағындыруда бұл реформалар алға басқан үлкен қадам болды. Осы реформалардың нәтижесінде князьдардың балалары (удельдық князьдердің ұрпақтары) және боярлар толып жатқан праволары мен артықшылықтарынан айырылды. Екінші жағынан, бұл реформалардан дворяндар көп жақсылық көрді: олар армияның негізгі бөлігіне, патшаның тірегіне айналды, олар өз қарамағына көп жер, көп шаруа алды, өкіметтің жергілікті орындарында да, орталық аппаратында да олардың ролі артты.

Шаруалардың жағдайы мүлдем басқаша болды. Жаңа «Заң кітабы» бойынша шаруалардың бір иеден екінші иеге Юрий күні көшу правосы қалды. Бірақ, бұл көшудің шарттары сондай ауыр еді — өзіне берілген правомен іс жүзінде бірен-саран шаруа ғана пайдалана алатын еді. Шаруаларды қанаушылық, әсіресе, жеке меншік иелерінің қол астындағы шаруалар үздіксіз көбейіп отыратын помещиктердің шаруашылықтарында шаруаларды қанаушылық күшейе бастады. Патша помещиктерге патшалық шаруалар мен қара соқалы шаруаларды үлестіріп беріп отырды. Бұған дейін қара соқалы шаруалар жеке меншік иелеріне қосылмайтын және князьге «соқадан» салғырт төлеп отыратын.

Жүргізілген реформалардың әлеуметтік-саяси нәтижелері осындай. Бұл реформалардың және әсіресе, әскери реформаның, Орыс мемлекетінің қорғанымпаздығын нығайтып, қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін де маңызы зор болды.

Шығыста Алтын Орданың қалдықтары — Қазан және Астрахань хандықтары Орыс мемлекетінің осы қауіпсіздігіне қатер туғызып отырды. Олар Москва купецтерінің Еділ бойымен Каспий теңізіне түсетін және Орта Азияға баратын қолайлы жолдарын бекітіп тастап отырды, олардың Уралға баратын және аң терісіне бай сибирьге баратын жолына кедергі жасап отырды. Татар отрядтары

шекарадағы орыс жерлеріне шабуыл жасап, мындаған тұтқындарды айдап әкетіп отырды, оларды кейін күл етіп сатып отырды. Қазан және Астрахань хандықтары аса күшті түрік сұлтанының қамқорлығында еді. Мұндай қауіпті көршілерге қарсы күрес ІІІ Иванның және ІІІ Василийдің тұсында басталды, бірақ, бұл күрес ІV Иванның тұсында ғана аяқталды. 1552 жылы ол 150 мың адамнан құралған үлкен армияны Қазанға бастап алып барып, қаланы ұзақ уақытқа қоршап алды. Күндіз-түні бірдей Қазанға 150 зеңбіректен доп атылып тұрды. Содан соң патша қаланың қабырғаларын үңгіп қазып, оған мылтық дәрісі салынған бочкаларды қойып, қаланың қабырғаларын қопарып тастауға бұйырды. Бұл — соғыс ісіндегі жаңа әдіс еді.

Қазан жорығында боярин Морозов басқарған өзен флотилиясы үлкен роль атқарды. Ол әскердің бір бөлегін, артиллерияны, бөлшектеп салынған қоршау күмбездерін және урыс жабдықтарын су жолымен жеткізіп отырды. Қаланы қоршау кезінде бұл флотилия Гостиный дворды алып, Қазанға өзен жақтан кіре берісті қорғап отырды және қаланы қоршаушы әскерлеріне қосымша әскерлерді азық-түлікті жеткізіп отырды.

Қазан хандығы жаулап алынып, 1552 жылы Орыс мемлекетіне қосылды. 1556 жылы Москва әскерлерінің кемеге мініп Астраханьға жорық жасауы нәтижесінде бұл қала қарсыласпастан берілді.

Қазан және Астрахань хандықтарын қосып алу Орыс мемлекетінің шығыстағы шет аймақтарының қауіпсіздігін қамтамасыз етті. Дворяндардың енді жаңа жерлер алуына және жеткілікті дәрежеде крепостнойлар алуына мүмкіндік туды. Москваның купецтері Еділ мен Кама бойындағы қолайлы жолдарға ие болды. Олардың Орта Азия, мен, Персиямен, Индиямен сауда жүргізуіне зор мүмкіншіліктер туды. Олар Сибирьге де емін-еркін өте алатын болды.

Бұрын татарлар бағындырып алған Еділ бойының халықтары — чуваштар, марилер, удмурдтар, башқұрттар, сол сыяқты, татарлардың өздері де енді Орыс мемлекетінің қол астында болды, сөйтіп Орыс мемлекеті көп ұлтты мемлекетке айнала бастады.

ІV Иван Русьті қуатты, тәуелсіз мемлекетке айналдыруға тырысты. Мұның үшін теңізге шығатын жол керек еді. Бірақ, Россия Ақ теңіздің жағалауына ғана ие бол-

ды, ал, бұл теңіз жылдың ұзақ уақытында мұз болып қатып жататын еді.

XIII ғасырға дейін Русь емін-еркін пайдаланып келген Балтық теңізінің жағалауын Ливония орденінен қайтадан жаулап алу Орыс мемлекеті үшін өмірлік қажет нәрсе болды.

1558 жылы январьда орыс әскерлері Ливония шекарасынан өтті. Атпа қарумен қаруланған Орыс армиясы орта ғасырлық қалалар мен қамалдарды іркілмей алып отырды. Неміс рыцарьларының кұлқынқұмарлығынан, галаушылығынан зәбір көрген Ливония халқы орыс әскерлерін қолдап отырды.

1558 жылы 11 майда Иван Грозныйдың әскерлері Нарваны алды. Тез арада орыстар Нарваны Москва мемлекетінің Балтық теңізіне шығуын қамтамасыз еткен үлкен сауда портына айналдырды. Бірақ, Германияның императоры I Фердинанд Балтық теңізінде «Нарвада кеме жүруіне» және Москва мемлекетіне қару-жарақ, оқ-дәрі, соғыс жабдықтарын апаруға тыйым салу туралы указ шығарды. Москва әскерлері үшін зеңбірек тиісп Нарваға қарай келе жатқан ағылшын кемелері осы указ бойынша Штеттинде ұсталды.

IV Иван Балтық теңізінде басқа бір теңіз сауда портын иемденуге тырысты: осы мақсатты көздеп орыс армиясы жеті ай бойы Ревельді қоршады. Бірақ, бұл порттың құрғақта жақсы бекінісі бар еді де, теңіз арқылы оған азық-түлік пен соғыс жабдығы келіп тұратын еді. 1571 жылы мартта Ревельді қоршау ісін қоюға тура келді.

Орыс қаруынан шошынған неміс рыцарьлары Ливонияны Польшаның, Литваның, Швецияның және Данияның арасына бөліп, бөлшектеп сата бастады.

Енді IV Иванның бірнеше күшті батыс мемлекеттеріне қарсы соғысуына тура келді. Россиядан Еділ бойын тартып алуға тырысқан Түркия мен Қырым хандығы да Москваға қарсы шықты.

1569 жылы Речь Посполитая деген Польша-Литва мемлекетіне біріккен Литва мен Польша Орыс мемлекетіне қарсы соғысты қайта бастады. Орыс әскерлері саны көп жауларға табан тіресіп қарсыласты. Әсіресе, 1581 жылдың күзінде Псковты қорғау ісі қаһармандық қорғау болды. Псковтың түбінде Польшаның королі Стефан Баторий армиясының ең жақсы бөлімдері қырғынға ұшыра-

ды. Бірақ, IV Иванға ірі мемлекеттердің біріккен күштері қарсы тұрғандығы себепті, ол Ливониядан жаулап алған нәрсенің бәрінен бас тартуға мәжбүр болды. Орыстың қалалары Ям, Копорье, Ивангород Швецияға берілді. Осындай қалаларды бергендікке қарамастан, Россияның өзі үшін теңізге шығатын жолды жаулап алуға тырысқан бірінші әрекеті болып табылатын Ливония соғысының маңызы зор болды.

Ливония соғысының барлық барысы Иван Грозныйдың бір ғана мақсатқа — Россияның Балтық теңізіне шығуын қамтамасыз етуге талпынғанын көрсетті.

IV Иванның сыртқы саясатын сыпаттай келіп, Маркс былай деп жазды: «Ливонияға қарсы әрекеттерінде ол қажырлы болды; ол әрекеттердің саналы мақсаты — Россияның Балтық теңізіне шығуына жол беру және Европамен жол қатнастарын ашу еді».

Балтық жағалауы үшін жүргізілген соғыстардың сәтсіз болуы көбінесе боярлардың опасыздық істеуіне байланысты болды. Мемлекет басқару ісінде немесе армияда жоғары қызмет орындарында болған опасыздар топ-тобымен немесе жеке дара Литваға қашып барып, жауларға мемлекеттік және соғыс құпияларын ашып берді. Патшаның досы, Ливонияда орыс әскерлерінің командашысы болған князь Андрей Курбский де сатқын болып шықты. Ірі жер иелері—боярлар өз жерлерін салғырт салынуынан жасыру үшін, үлкен артықшылықпен пайдаланған монастырьларға өз жерлерін бөліп беріп отырды. Мұның өзі мемлекеттің соғыс күшін әлсіретті. Мұның үстіне, атақты воеводалардың қамсыздығы және өзбетімен кетушілігі патшаның ойлаған соғыс жоспарын талай рет болдырмай тастап, жеңілістерге ұшыратып отырды. Боярларға сенбей, патша тіпті өзінің астанасында да өзін қауіпсізін деп санаған жоқ. Сондықтан ол Москваның сыртына уақытша көшуге, сөйтіп, өзінің айналасын сенімді адамдармен қоршауға ұйғарды.

1564 жылы декабрьде патша өзінің семьясымен бірге кенет Москвадан көшіп кетті. Дворяндық әскерлердің күшіне сүйене отырып, IV Иван боярларға үзілді-кесілді соққы беруге ұйғарды. Патша Москвадан жақын жердегі, тас қабырғамен қоршалған күшті қамал болып табылатын Александров қыстағына орналасты.

Бұл арадан ол Москваға грамота жіберіп, бұл грамотасында мемлекет ішіндегі барлық тәртіпсіздікке бояр-

лар, жоғары дәрежелі руханилер және мекеме адамдары кінәлі деп айыптады. Грамотаға боярлардың істеген опасыздықтарының тізімі жалғанды. Посад халқына арналған екінші грамотасында патша IV Иван өзінің халыққа «ешқандай ашу-ызасы жоқ» екенін жазды.

Патшаның көшіп кетуі мемлекет ішінде «өте-мөте түсіне алмаушылық» тудырды. Күпецтер мен посад адамдары өздерінің патшаға берілгендігін және опасыз боярлардың сазайын өздері беруге әзір екендіктерін жариялады. Мекеме адамдары зәресі ұшып жан-жаққа қашып кетті. Қатты қорыққан боярлар мен руханилер сасқалақтады. Халықтың талап етуі бойынша, патшаның қайтып келуін өтіну үшін мемлекет ішіндегі адамдардан Александров қыстағына өкілдер жіберді. Патша өкілдерді маркабатпен қабыл алды, бірақ, «маған опасыздық істеген және менің тілімді алмаған опасыздарға жаза берілсін, қалғандары дарға асылып мал-мүлкі тартып алынсын, сөйтіп, маған мемлекет ішінде опричнина берілсін, өзіме сарай салынсын және барлық күнделікті керек-жарақ ерекше болсын» деп талап қойды. Патшаның барлық шарттары қабыл алынды, сөйтіп патша Москваға қайтып келді.

IV Иван барлық жерді екіге бөлді. Біреуін ол опричнина («опричь» — ерекше деген сөз) деп атады да, екінші бөлегін земщина деп атады. Земщинада басқару ісі Боярлар думасының қолында қалды, ал, опричнина патшаның жеке меңгеруінде болды. Опричнинаға бөлінген жерлерді басқару үшін «Опричнина сарайы» құрылды, оның өз мекемелері және чиновник-қатшы қызметкерлері болды. Опричнинаға мемлекеттің орталығындағы ең жақсы облыстар кірді. Опричинаның жерінен князьдер мен боярлар аласталды; олардың вотчиналары «патшаға» алынды. Боярлардың бұрынғы вотчиналары ұсақ дворяндарға бөліп берілді. Ұсақ және орта помещиктерден IV Иван бір мың адамы бар айрықша отряд құрды, отрядтың адамдары патшаға адал және қызмет етуге ант берді. Олар опричниктер болып атала бастады. Опричниктер алтынлатып, күмістетіп тіккен айрықша киім киетін болды. Ерлерінің басына олар иттің басы мен сыпырғыш тағып жүрді, бұл — патшаның жауларының басын кесеміз, орыс жерінен опасыздықты сыпырып тастаймыз дегеннің белгісі еді. Өзінің саяси дұшпандары — боярларды — IV Иван аяусыз жазалап отырды. Сондықтан ол Грозный (Қаһарлы) деген атпен тарихқа кірді.

Иван Грозный енгізген опричинаның үлкен прогрестік маңызы бар еді. Ол елді бөліп әкетіп жегідей жеген боярлар мен князь балаларының күшін әлсіретті, сөйтіп, Орыс мемлекетінің бір орталыққа бағынуына себеп болды.

Ливония соғысына үлкен шығындар жұмсалды. Ел күйзеліп, үлкен шаруашылық дағдарысқа ұшырады. Мұның өзі халық бұқарасының жағдайына қатты әсер етті. Әсіресе, мұның зардабы шаруаларға қатты батты. Барған сайын өсіп отырған салықтардың шамадан тыс ауыртпалығы шаруаларға түсті, оларды опричниктер тонап отырды. Шаруалардың боярлар мен монастырьлар қолынан дворяндар қолына көшуі барщинаның және оброктің өсуімен қосарлана жүрді. Бұрын шаруалардың салғырты «ескіше» тағайындалатын. Енді ақшалай және заттай оброкті помещиктердің өздері белгілеп бариндердің егіндігінде жұмыс істейтін күннің санын арттырып отырды. Мүмкін болған сәтте шаруалар өз помещиктерінен кетіп отырды немесе топ-тобымен оңтүстікке қарай, шығысқа қарай, Еділдің арғы жағына қашты. 1581 жылы IV Иван шаруалардың Юрий күні көшуіне уақытша, «патшаның указына дейін» тыйым салды. Шаруалардың Юрий күні көшуіне тыйым салынған жылдар «заповедь-жылдары» («заповедь» — тыйым деген сөз) болып аталды. Бұл тыйым дворян-помещиктердің мақсаты үшін салынды, өйткені, олар шаруалардың қашып кететіндігінен не болмаса басқа помещиктердің шаруаларды азғырып әкететіндігінен мемлекет қызметін атқара алмаймыз, салғырттарды ұқыптап төлей алмаймыз деп ылғый шағым етіп отырды. Дворяндардың талаптарын қабыл алып, патша IV Иван шаруалардың Юрий күні көшуіне тыйым салу туралы өзінің указымен іс жүзінде шаруаларды құл етті.

IV Иванның патшалық етуінің ақырғы жылдарында көптеген пысық адамдар әсіресе, бай купецтер, Москва мемлекетінің шегінен шығып, Уралдың арғы жағына, Сибирьдің ішіне өте бастады. Осындай байып кеткен купецтердің арасында әсіресе Строгановтар мәлім еді. Олар Урал бойында көп жерлерді басып алып, бұл арада үлкен-үлкен тұз қазандарын салды. Өздерінің мекенді жерлерін қорғау үшін Строгановтар бірнеше шағын қамалдар салды, артиллерия орнатты, көбінесе Дон казактарынан әскери адамдардың отрядтарын жалдап ала

бастады. Ол кезде казактар деп Орыс мемлекеті мен Қырым Ордасының арасындағы Дон даласын мекендеген еркін адамдарды атайтын. Россияның орталық жағында шаруаларды құл ету жөніндегі шаралар күшейген кезде, XVII ғасырдың аяқ шенінде, казактар тұратын Дон бойына қашқын шаруалар өте-мөте көп келе бастады.

Егін шаруашылығымен шұғылданбаған көптеген Дон казактары татарлар мен түріктердің жерлеріне шабуыл жасап отырды немесе әртүрлі шекара отрядтарына жалданып отырды. Осындай отрядтардың бірі, Дон казагі Ермак Тимофеевичтің басқаруымен, Кама бойында тұз промысылдары болған Строгановтарға қызметке кірді.

1581 жылы Строгановтар Ермакка қару-жарақ, кеме және ақша беріп, ол кезде Москваһын қол астына кіруден бастартқан татар ханы Кучум билеген Оралдың арғы жағына аттандырды. Атпа қарумен қаруланған казактар Сибирь хандығын оп-оңай жаулап алды. Кучум өзінің әскерлерімен кең далаға кетіп қалды. Ермак Сибирьді жаулап алғандығы туралы хабар беріп жәрдем сұрап Москваға елшілер жіберді. Бірақ, Ливония соғысымен шұғылданып жатқан IV Иван дер кезінде жәрдем жібере алмады. Бір жаңбырлы түнде, казактар өздерінің лагерінде ұйықтап жатқан кезде, Кучум оларға кенеттен шабуыл жасап, көбін қырды. Татарлардың қоршауында қалған Ермак жағадан кемеге секіремекші болғанда аяғы тайып, Ертіс өзеніне батып кетті.

IV Иван қайтыс болғаннан кейін Кучумның әскерлері біржолата талқандалды, ал Батыс Сибирьдің халықтары өздерін орыс патшасының қол астындамыз деп таныды.

3. ОРЫС МЕМЛЕКЕТІНІҢ ҚҰРЫЛУЫ ДӘУІРІНДЕГІ ОРЫС МӘДЕНИЕТІ

Орыс жерлерінің бірігуімен орыстың біртұтас ұлттық мәдениеті құрыла бастады. Оның орталығы Москва болды, оның ұйымдастырушылары — Орыстың бір орталыққа бағынған мемлекетін құру жолында күресуші алдыңғы қатарлы орыс адамдары болды.

1564 жылы тұңғыш баспа кітап жарыққа шықты. Бұл — «Апостол» деген шіркеу кітабы еді. Бұл кітап «по-

луу став» деген әдемі славяндық әріппен басылды. Ол кітап әдемі әшекейлермен және суреттермен безелген еді.

Тұңғыш орыс баспаханасын москвалық Иван Федоров пен белорус Петр Мстиславец құрды. Тұңғыш кітап басушылар өз ісінің шеберлері еді, бірақ олардың бұл жұмысты кеңінен өркендетуіне мүмкіндіктері болмады. Реакцияшыл руханилер кітап басуды «асқан дін бұзушылық» (яғни христиан дінінен безушілік) деп білді, сөйтіп, кітап басушыларды қуғындай бастады. Федоров пен Мстиславец күйініш сезімімен Москваны тастап, өз жұмысын Литваға және Батыс Украинаға көшірді. Мұнда, Вильно мен Львовта олар славян кітаптарын басу жұмысының бастаушылары болды. Бірақ Москвада олардың бастаған ісі аяқсыз қалған жоқ, жаңа мастерлер — кітап басушылар олардың ісін ілгері бастырды.

XVI ғасырда аса көрнекті орыс жазушылары шықты. Бұлардың қатарына Иван Грозный патшаның өзі қосылды. Оның Андрей Курбскиймен жазысқан хаттары өте көңіл бөлерлік нәрсе. Курбский Литваға қашып барған және өзінің опасыздығын ақтауға тырысып сол Литвадан патшаға хат жіберген. Боярлардың мүдделерін қорғай отырып, Курбский Грозныйды өзінің шексіз билігімен «орыс жерін томаға-тұйық ұстады», орыстың ең жақсы адамдарын «жауыздыққа», «тонаушылыққа» ұшыратты деп айыптады. Курбскийдің позициясы реакцияшыл еді, өйткені, ол боярлардың бұрынғы артықша жағдайын және заманы өткен феодалдық бытырандылықтың тәртіптерін қорғады. Грозный орыс жерін құтқарудың бірден-бір жолы деп самодержавиені қорғады. «Егер де патшалықты өзара ұрыс-соғыстар жегідей жеп жатса, жауларға қарсы соғысты кім жүргізеді?» — деп жазды ол Курбскийге. Грозныйдың Курбскиймен жазысқан хаттары сол замандағы Орыс мемлекетінің ролі мен міндеттеріне әртүрлі екі көзқарастың пәрменді және күшті соқтығысуы болып табылады.

Әскер қызметіндегі адам Иван Пересветовтың шығармалары өте қызықты. Бұл шығармаларында автор орыс дворяндарының талаптарын баяндап, дәлелдеді. Пересветов патшаға дворяндарды барынша қолдап, дәрежесін арттырып отыру керек екенін дәлелдеді. Патша «оларды өзіне жақын ұстауы керек және барлық істе оларға сенуі керек, олардың айтқан барлық шағым-арыздарын тындап отыруы керек, өз балаларын әкесі қандай

жақсы көрсе, оларды сондай жақсы көруі керек, оларға дегенде кеңпейіл болуы керек», — деп жазды Пересветов. Ол мемлекеттің бірігуіне және күшеюіне кедергі жасаған боярлар мен князь балаларына патша «қараһын тіксін» деп талап етті.

Иван Грозный заманындағы орыс қоғамының тұрмысы мен әдет құрпының айқын ескерткіші «Домострой» болып табылады. Мұнда әркімнің қалай тұруы керек екені жөнінде, көп ішінде өзін қалай ұстауы керек екені жөнінде балаларды қалай тәрбиелеу керек екені, әйелмен қалай тұру керек екені жөнінде толық уағыз айтылады. Бұл — XVI ғасырдың сауатты адамдарының арасында жұртқа мәлім кітап болды.

Сол кезде орыстың ұлттық көркем өнерінің тамаша ескерткіштері салынды. Орыстың архитекторлық көркем өнерінің шығармаларына «шатырлы» шіркеу деп аталатын шіркеулер жатады. Бұл стильдің үлгісі Москва түбіндегі Коломенское селосындағы Вознесение шіркеуі болып табылады (1532 жылы салынған), бұл шіркеуді француз композиторы Берлиоз «кереметтің кереметі» деп санады.

Тағы бір «шатырлы» шіркеу — Москвадағы Қызыл алаңдағы Василий Блаженныйдың соборы да сондай «кереметтің кереметі» болып табылады. Бұл соборды 1555—1560 жылдары орыстың сәулетші — мастерлері Постник, Яковлев және Барма салған. Василий Блаженныйдың үлкен шіркеуі тоғызыншы, орталық шатырдың айналасына салынған сегіз шатырдан құралады. Аумағы үлкен болғандығына қарамастан бұл шіркеу өте жеңіл және әсем салынғандық әсерін береді. Ол орыс көркем өнерінің тамаша ескерткіші болып табылады.



IV т а р а у

ОРЫС ЖӘНЕ УКРАИН ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ПОЛЯК ПАНДАРЫНА ҚАРСЫ КҮРЕСІ. УКРАИНАНЫҢ РОССИЯҒА ҚОСЫЛУЫ

1. XVII ҒАСЫРДЫҢ БАС КЕЗІНДЕ ШЕТ ЕЛ ИНТЕРВЕНЦИЯ- СЫНЫҢ ТАЛҚАНДАЛУЫ. МИНИН МЕН ПОЖАРСКИЙ

1584 жылы Иван қайтыс болды. Оның ұлы — науқас Федор Иванович патша болды. Грозныйдың кіші ұлы, жас сәби Дмитрий 1591 жылы апат болды.

Патшаның баласы Дмитрий патша Федор Иванович мемлекетті басқарудың барлық ісін сеніп тапсырған Борис Годуновтың бұйрығы бойынша өлтіріліпті деген халық арасында лақап тарады.

Федор қайтыс болғаннан кейін Москваның патшасы болып Борис Годунов сайланды.

Борис патша Русьтің ішкі және сыртқы жағдайын нығайту жөнінде Иван Грозныйдің ісін алға алып баруға тырысты. Бірақ, ол кезде Орыс мемлекеті үлкен қиыншылықтарды басынан кешіріп жатыр еді. Өздерінің жерлерін ұлғайтып алған помещиктер шаруаларды қанаушылығын күшейтті.

1597 жылы указ шығарылып, бұл указ бойынша помещиктер қашқын шаруаларды іздеп, қашып кеткеніне бес жылдан астам уақыт өтсе де оларды бұрынғы орындарына қайтара алатын болды.

1601 — 1603 жылдары егін шықпай, аштық болуына байланысты шаруалардың жағдайы бұрынғыдан да гөрі нашарлады. Адамдар иттің, мысықтың тіпті тышқанның егін жеді, ағаштың қабығымен, шөптің тамырымен көрктенді. Көптеген боярлар мен помещиктер өздерінің басыбайлы шаруаларын тамақтандырудан бас тартты, сондықтан ол шаруалар Донның бойына және Украинаға қашты, не болмаса боярларға, дворяндарға, купецтерге шабуыл жасап, ел ішінде топ-тобымен қаңғырып жүрді.

Халықтың барлық апатына Борис патша кінәлі, бірақ, жақында Руське нағыз патшаның өзі — Иван Грозныйдің ғажайып жағдайда аман қалған баласы Димитрий қайтып келеді деп боярлар лақап тарата бастады. Опасыз боярлармен келісім жасаған Польшаның, Швецияның үкіметтері, патшаның атағын өздігінен иемденген, өзін патша баласы Димитриймін деп атаған монах Григорий Отрепьевті қолдады. Біраз уақыт жалған Димитрий поляктің воеводасы Юрий Минишектің сарайында жасырынып жатты. 1604 жылы көктемде оны Польшаның каролі қабылдап, оған жәрдем көрсетуге уәде берді. Өз тарапынан жалған Димитрий корольге Смоленскі және Чернигов жерлерін беруге, ал өзінің болашақ әйелі Маринаға және оның әкесі Юрий Минишекке Новгород пен Псковты беруге уәде етті. Патша атағын иемденушіні Рим папасы да қолдады, жалған Димитрий оған Русьте католик дінін таратуға уәде берді. Сонымен, жалған Димитрий поляктардың Россияға интервенция жасауының құралына айналды.

1604 жылы күзде жалған Димитрий поляктардың отрядымен Киевтің тұсында Днепрден өтті. Ол кезде бүкіл Украинада боярлар мен помещиктердің қысымшылығына наразы болған шаруалар мен кұлдардың көтерілістері болып жатыр еді. Көтерілісшілердің көбі жалған Димитрийдің «барлық православие дініндегі христиандарды бейбітшілікте және тыныштықта, рахат тұрмыста ұстауға» уәде етуіне алданып, соған қосылды.

1605 жылы апрельде Борис Годунов кенеттен қайтыс болды. Оның жас ұлы Федор патша болып жарияланды. Бірақ, боярлар Федор Борисовичті өлтіріп, поляктардың қоятын адамын патша деп тануға ризалық білдірді. Сол жылы июньде жалған Димитрий өз әскерімен бірге Москваға кірді. Поляк пандары Орыс мемлекетінің астанасында өздерін қожайынша ұстады және әртүрлі бассыздықтар істеді. Бұған ызаланған москвалықтар 1606 жылы 17 майда поляк интервенттеріне қарсы-көтеріліс жасады. Көтеріліс жасаған халықтан қашып, жалған Димитрий терезеден секіріп түсті, бірақ, жұрт оны ұстап алып табанда өлтірді. Боярлар, халықты әртүрлі уәде берумен алдап, халық көтерілісін тоқтатуға асықты, сондықтан патша етіп атакты боярин Василий Иванович Шуйскийді жариялады. Бірақ, Шуйскийдің тұсында бә-

ярлар кашқын шаруаларды бұрынғыша іздеп тауып, оларды крепостнойларға айналдырып отырды.

1606 жылы күзде жаппай шаруалар көтерілісі басталды. Бұл көтерілісті халық көсемі Иван Болотников басқарды. Оның көтеріліске дейінгі өмірі туралы дәлмедәл мәлімет жоқ. Жас кезінде ол боярдың құлы болды, бірақ, Дон бойына казактарға қашып барды деген әңгіме бар. Содан соң оны татарлар қолға түсіріп, түріктердің тұтқындығына сатып жіберіпті-мыс. Түріктердің тұтқынынан қашып, Болотников Европа елдерінде болған Солтүстік Украинада қаланың төмен дәрежедегі халықтарының, шаруалардың, құлдардың феодалдық езушілікке қарсы көтерілісі дәл басталған кезде Болотников орыс шекарасына жеткен. Шаруалар армиясын басқарып, Болотников 1606 жылы октябрьде Москваға жақындап келіп, оны қоршап алды.

Бұл арадан Болотников шаруалар мен құлдарды боярларға, дворяндарға және купецтерге қарсы көтеріліс жасауға шақырып үндеулер таратып отырды. Көтеріліс өте-мөте кең етек алды: Терек, Астрахань, Белгород, Курск, Воронеж, елдің басқа да аудандары көтеріліс жасады. Көтеріліске мордвалар қосылды. Декабрьдің бас кезінде патшаның әскерлері Москва түбіндегі Коломенское селосының тұсында Болотниковтың лагеріне шабуыл жасады. Әуелде Болотниковке қосылған Истома Пашковтың отрядындағы әскери адамдар мен казактар ұрыстың пағыз қызу кезінде Шуйский жағына шығып кетті. Бұлардың опасыздығы патша әскерлерінің шаруалар армиясын жеңуін жеңілдетті. Болотников Калугаға қарай, содан соң Тулаға қарай шегінді. Патшаның әскерлері Туланы төрт ай бойы қоршап, ақырында алды. Болотниковты ұстап алып екі көзін ойып, содан соң суға батырды. Патша Шуйский боярлардың көтеріліс жасаған шаруаларды жеңуі құрметіне үш күн бойы қоңырау соғуға бұйырды. Шаруалардың соғысы тыянақты программасы және әрекет ету жоспары жоқ стихиялық, ұйымдаспаған қозғалыс болды, сондықтан бұл соғыс жеңіліспен аяқталды.

Уақыт жағынан алғанда Болотниковтың көтерілісі поляктардың интервенцияны қайта бастауымен дәл келді. Поляк феодалдары Димитрий тірі қалған екен, қайтадан Москваға келе жатыр екен деген лақап таратты. Жалған II Димитрий пайда болды. Оның кім екенін,

қайдан шыққанын ешкім білмеді. Польшаның королі оған ақша мен әскер берді, сөйтіп, 1608 жылдың жазында жалған ІІ Димитрий Москваға таяу келіп Тушино селосын алып, бұл арада өзінің бекіністі лагерін орнатты. Сол уақыттан бастап халық оны «Тушино патшасы» немесе «Тушино ұрысы» деп атай бастады. Мемлекеттің жағдайы тұрақсыз еді. Москва боярлары мен дворяндарының бір бөлегі Тушино лагеріне кете бастады. Кейбіреулер біресе Москва жағына, біресе Тушино жағына әрлі-берлі өтумен жүрді. Бір лагерьден екінші лагерьге әрлі-берлі өтіп жүрушілікті халық «Тушино табансыздығы» деп атады. Патша Василий Шуйский Швецияның королімен соғыс одағын жасасып, жәрдем көрсеткені үшін оған Балтық теңізінің қасындағы жерлерді ақыға төледі.

Польшаның королі шведтердің Василий Шуйскийге жәрдем беретіндігін естісімен, Россияға қарсы дереу ашық соғыс бастады. 1609 жылы күзде ІІІ Сигизмунд соғыс жарияламастан Орыс мемлекетінің шекарасынан өтіп, Смоленскіні қоршай бастады. Смоленскіні қорғаушылар қаһармандықпен күресіп, поляк басқыншыларын ұзақ уақытқа бөгеді.

Сол кезде «Тушино табансыздары» — боярлар орыс тақытына Польша королінің баласы Владиславты отырғызу туралы Польша королімен келісім жасады.

Патша Василий Шуйский поляктарға қарсы орыс-швед армиясын жіберді, бірақ соғысудан бас тартып, солтүстікке кетіп, Новгородты алған, сөйтіп, Орыс мемлекетіне қарсы интервенция жасай бастаған шведтердің опасыздығы салдарынан ол армия талқандалды. Поляктар Москваға таяу келді. Екінші жағынан Москваға Калугадан «Тушино ұрысы» таяй келіп қалды. Василий Шуйский үмітсіз халге ұшырады. Боярлар мен дворяндар оған қарсы қастандық істеп, патшалық тағынан түсірді. Өкімет басына Боярлар думасы келді.

Опасыз боярлар орыс патшасының тағына Польша королының баласы Владиславты отырғызуға ризалығын берді, сөйтіп, 1610 жылы сентябрьдің қараңғы түнінде поляк әскерлерін астыртын түрде Орыс мемлекетінің астанасына кіргізді. Поляк аттарының шүберекпен оралған тұяқтары ұйықтап жатқан Москва көшелерінің ағаш төсеніштерін дыбыссыз басып өтті. Таңертең халық өздерінің сырттан сатылғанын ашу-ызамен естіп, білді жау

туған елдің нақ жүрегінде — кәрі Кремльде тұрды. Поляк басқыншылары Москваны және басқа орыс қалалары мен селоларын тонап, ойрандай бастады.

Орыс мемлекетіне ыдырап кету, ал орыс халқына өзінің ұлттық тәуелсіздігінен айырылу қаупі туды. Мемлекет ішінде, орталық өкімет болады. Барлық жерде бірдей аштық, індетті аурулар етек алды. Қалалардың халқы кетіп, қаңырап қалды. Сауда тоқтады. Егіндік жерлерді арамшөп басты.

Бірақ, орыс халқы Польшаның короліне бағынудан бас тартты.

Туған жерді шетел басқыншыларынан азат етуге шақырған ұранға халық шын жүректен үн қосты.

Оканың Еділге құятын жеріндегі, Еділ бойының үлкен сауда қаласы — Нижний Новгород патриоттық қозғалыстың орталықтарының біріне айналды.

Адалдығы және «кеменгерлік ақылы» үшін жалпы жұрт қадірлеген Нижний Новгород купеці Кузьма Минин 1611 жылы сентябрьде туған елді жаулардан азат ету үшін халық жасағын ұйымдастыруға шақырып нижегородтықтарға үндеу таратты.

«Православие дініндегі адамдар!—деді Минин.—Москва мемлекетіне жәрдем көрсететін болайық, жанымызды аямайық, тек жанымызды ғана емес. Қора-қопсыларымызды сатайық, қатын-балаларымызды кепілдікке салайық... Мен білемін: біздің осыған аттануымыз-ақ мұң, көп қалалар бізге қосылады, сөйтіп, біз шетелдерден құтыламыз».

Сол арада-ақ қор жыйнау басталды. Жұрт аузындағы аңыз бойынша, Мининнің өзі «өзінің үй-жайын, әйелі Татьянаның алқалары мен шаш бояйтын бояуларын, тіпті қасиетті икондардың алтын, күміс жақтауларын» берген. Әйелдер мойындарынан алқасын, қолдарынан сақыйнасын, құлақтарынан сырғасын алып, отанды қорғау қорына берген.

Кузьма Минин енді «бүкіл аймақтың сайланып қойылған адамы» болып, жасақты ұйымдастыру ісін басқарды.

Жасақтың әскербасшылығына нижегородтықтар «соғыс өнерін білетін, бұл өнерге жетік және опасыздық істемеген адал адамды» — князь Димитрий Пожарскийді шақырды.

1612 жылы көктемде Минин мен Пожарский жасақты Москваны азат етуге бастады.

Ярославльде жасақ төрт айдай тұрды. Тым шыдамсыз адамдар наразылық білдіріп, жасақтың басшылары кешеуілдеді деп айыптады. Бірақ жақсы үйретілген, күшті, армиямен үзілді-кесілді күрес жүргізуге тура келетіндігін Минин мен Пожарский түсінді. Олар өз күшін жақсылап ұйымдастыруға, сөйтіп, бүкіл халықтың үздіксіз күрестен поляк армиясының шаршап-шалдығатын кезін күтуге ұйғарды. Ел ішінде партизан қозғалысы басталып, бірте-бірте күшейіп, барған сайын етек ала берді. Партизандар, немесе «шошақ төбелер» барлық жерде бірдей поляктардың жеке отрядтарына шабуыл жасап, оларды құртып отырды. Орыс шаруалары орман-тоғайлардың ішіне қашып кетті, астық пен малды жаудан жасырып тастады. Шетел басқыншылары шаруаларды жол көрсетуші етіп пайдаланғысы келген кездерінде, шаруалар жауларды ну орманның ішіне әкетіп адастырып отырды, не болмаса орыс әскерлерінің қолына түсіріп беріп отырды. Көбінесе аты-жөні белгісіз болған мұндай халық ерлерінің батырлық істері соңынан халық творчествосында және әдебиетте көрсетілді. 1613 жылы поляктарды қалың орманның ішіне апарып адастырған, сол арада поляк пандары қылышпен шауып өлтірген Қострома шаруасы Иван Сусаниннің батырлық ісі осылайша тарихқа және әдебиетке кірді.

Жауды қуып шығумен тынбай, мемлекеттік басқару ісін ұйымдастыру керек екенін Минин мен Пожарский түсінді. Ярославльде «Барлық аймақтың кеңесі» құрылды, бұған әртүрлі қалалардың воеводалары мен сайланып қойылған өкілдері кірді. Мемлекеттік басқару ісінің әртүрлі салаларын меңгеретін уақытша Приказдар құрылды.

1612 жылы июльде жасақ Ярославльден Москваға аттанды. Қоршауға алынған поляк гарнизоны Кремль ішіне бекінді. Ол азық-түлік пен қару-жаракқа мұқтаж болды. Қоршаудағыларды құтқару үшін гетман Ходкевич бастаған үлкен поляк отряды аттанды, бірақ, Пожарский оның Кремльде отырған поляктармен қосылуына жол бермеді.

Жақындап келген поляктарға қарсы жасақшылардың ұрысы 1612 жылы 22 августа басталды. Қатты ұрыс болды. Ходкевичтің әскерлері жеңіліске ұшырап, шегініп

кетті. Поляктардың барлық артиллериясы, азық-түлік пен қару-жарақ тиеген обозы жасақшылардың қолына түсті.

Бірнеше шайкастардан кейін 1612 жылы 26 октябрьде орыстың азаттық армиясы Кремльге кірді. Орыс мемлекетінің астанасы — Москва азат етілді.

Москва азат етілгеннен кейін патшаны сайлау үшін дереу халық жыйыны шақырылды. 1613 жылдың басында дворяндар ұсынған 16 жасар Михайл Романов патша болып сайланды.

1617 жылдың басында Столбовта Швециямен бітім шарты жасалды. Столбов шарты бойынша Швеция Ресейге Новгородты қайтып берді, бірақ, фин қолтығының жағалауын орыстың Ям, Копорье, Орешек деген және басқа қалаларымен өзінде ұстап қалды. Енді Россия Швецияның рұқсатынсыз Балтық теңізіне бірде-біре кеме түсіре алмайды деп Швецияның королі салтанатпен жариялады. «Орыстардан теңіз тартып алынды, — деді король, — енді құдай біледі, орыстардың бұл жылғадан аттап өтуі қыйынға соғар». Бірақ ол нашар сәуегей болып шықты. Жүз жылдай уақыттан кейін Ұлы Петрдың тұсында, Россия Балтық жағалауын қайтып алды.

Польшамен бітім жасауға реті келмеді. Поляк пандары Россияға үстемдік істеуге әлде болса тырысты. 1618 жылы Деулин деревнясында Польшамен төрт жарым жылға тек уақытша бітім жасалды. Смоленскі мен Чернигов эзірге Польшаның қолында қалып қойды.

2. УКРАИНАНЫҢ РОССИЯҒА ҚОСЫЛУЫ, БОГДАН ХМЕЛЬНИЦКИЙ

Көптеген жауларға қарсы ұзақ және қатты күресте орыс халқы өзінің тәуелсіздігін қорғап қалды. Россиядан күшпен бөлініп әкетілген Украина және белорус халықтарының тағдыры мүлдем өзгеше болды. Орыстардың, украиндардың және белорустардың ерте заманнан бері біртұтас жері, біртұтас мемлекеті, бірыңғай тілі, біртұтас мәдениеті бар еді. Бұл туысқан халықтар шетел басқыншыларына қарсы ортақ күрес жүргізу үшін сан рет бас қосып бірікті. Украин халқының қалыптасып келе жатқан Орыс мемлекетінің шекара шептеріне түрік-татарлардың жасаған шабуылдарына қарсы күресінің ма-

ңызы өте-өте зор болды. Өз тарапынан белорустар батыс шекарада поляк және неміс феодалдарының бірінші соққыларына төтеп беріп, олардың Москваға өтетін жолын бөгеді. Украина және белорус жерлері Речь Посполитая құрамына кіретін еді. Польша мен Литваның помещиктері Украинада және Белоруссияда көптеген жерлерді басып алып, украин және белорус халқын құл етті. Украиндар мен белорустар ұлттық және діни жағынан езушілік көрді. Бірақ Украина мен Белоруссияның бостандық сүйгіш халықтары бас иіп тізе бүккен жоқ.

Неғұрлым талапты, жауынгер адамдар шет аймақтарға кетіп, еркін адамдарға — казактарға айналды. Днепр бөгеттерінің арғы жағындағы аралдарда олар бекініс лагерін—Запорожская Сечь салды. Жаулардың шабуылынан қорғану үшін Днепр казактары орман ішінде ағаш кесіп алаң жасап, өз лагерьлерін кесілген ағаштармен қоршады (осыдан Сечь болып аталды). XVI ғасырдың аяқ шенінде, Польшаның королі Стефан Баторийдің тұсында, казактардың бір бөлегі ерекше тізімдерге (реестрлерге) тіркелді, және олар «реестр» казактары болып аталды. Реестрге казактардың тек ауқатты жағы ғана ілікті. Польшаның үкіметі реестр казактарын Польшаның шекарадағы жерлерін қорғау үшін пайдаланбақшы болып, оларға жалақы төлеп тұрды. Реестр казактарының басшылығына король бекітетін гетман қойылды. Реестр казактарының арасынан байлар жігі бөлініп шығып, олар ұсақ помещиктерге айнала бастады. Казактардың арасында жікке бөлінушілік болып жатты. Ал казактардың негізгі бұқарасын Польша үкіметі поляк пандарының крепостнойларына айналдырмақшы болды.

1648 жылы поляк пандарына қарсы шаруалар мен казактардың көтерілісі бұрқ ете түсті. Көп ұзамай бұл көтеріліс езушілерге қарсы жалпы халықтық соғысқа айналды.

Ең алдымен көтеріліс жалыны Днепрдің солжақ жағалауындағы Украинада тұтанды, содан соң күреске бүкіл украин халқы — шаруалар, казактар, қала халқы, руханилер аттанды. Көтеріліске украинның ұсақ жер иелері де қосылды.

Украин халқының осындай біріккен барлық күштерін жігерлі және ақылды саяси қайраткер Богдан Хмельницкий басқарды.

Ол ата-тегі жағынан ауқатты казак болған сол за-

манға қарағанда тәуір білім алды: Киев академиясында оқыды, латын, поляк және татар тілдерін білді, казактардың көптеген батыл теңіз жорықтарына қатнасты және ол жорықтардың жетекшісі болды. Ол поляк үкіметімен келіссөз жүргізу үшін бірнеше рет сайланды, сондықтан Хмельницкий казактардың мүдделерін шебер қорғап отырды.

1648 жылдың көктемінде Хмельницкий көтеріліс жасаған казактарды бастап Запорожьедең аттанысқа шықты. Бірінші рет поляк әскерлерімен Желтые Воды өзенінің қасында соқтығысты. Бұл арада поляк әскері жеңіліске ұшырады. Майдың орта шенінде Хмельницкий Корсунь түбінде поляктарға жаңадан қатты соққы берді. Казактардың бұл жеңістері бүкіл украин халқын серпілтті. Богдан Хмельницкийдің көтеріліс жасаған казактарына көп ұзамай шаруалардың үлкен отряды келіп қосылды. Бұл отрядты шаруалар қозғалысының ержүрек және көпшілік алдында беделді басшысы Максим Кривонос бастап келді. Кривоностың отрядтарымен бірге Хмельницкий 1648 жылдың сентябрінде Пиляка өзенінің бойында поляк әскерлерін мықтап жеңді. Бірнеше жеңістерден кейін, 1648 жылғы декабрьде, Богдан Хмельницкийдің әскерлері азат етілген Киевке салтанатпен келіп кірді. Хмельницкий Украинаың гетманы болды. Польша үкіметі, уақыт ұтуға тырысып, бітім туралы келіссөз жүргізу үшін Киевке елшілер жіберді. Хмельницкий әуелі Украинаы поляк әскерлерінен толық тазартуды талап етті. «Мен бүкіл украин халқын поляктардың тұтқынынан құтқарып аламын» — деді ол елшілерге.

1649 жылдың жазында Хмельницкий жаңа жорыққа аттанды. Оған үлкен әскерімен Қырым ханы қосылды. Хмельницкий поляк армиясын қоршап алып, корольдің өзінің әскерлерін жеңді. Бірақ поляктар Қырым ханын параға сатып алды. Поляктар мен Қырым татарлары бірлесіп аттана ма деп қауыптенген Богдан Хмельницкий 1649 жылы Польшамен Зборов бітімін жасауға мәжбүр болды. Бұл бітім бойынша Украинаның бір бөлегі казактардың ерекше басқармасы болып бөлініп шықты, оны сайланып қойылатын гетман басқарды. Реестр казактарының саны 40 мың адам болып белгіленді. Крепостниктік құлдықтан украин халқының реестр казактарына жазылған бөлегі ғана құтылды. Крепостной ша-

руалардың қалған бұқарасы поляк пандарының қол астына қайтуға тиісті болды, договор бойынша, поляк пандарына олардың поместьелері қайтарылып берілген еді. Зборов бітімінің шарттары украин халқын қанағаттандыра алмады. Шаруалар көтерілісі жаңадан мықтап күшейе түсті. Бірақ, аukatты казактар өсіп отырған халық қозғалысынан қорқып, ол қозғалысты қолдамады. Жоғары дәрежелі казактар қатарында болған Хмельницкийдің өзі де шаруалар көтерілісін қорқыныспен қадағалап отырды.

Украинаның ұлттық-азаттық қозғалысының күштерін Украинадағы ішкі күрес әлсіретіп отырды. 1651 жылдың көктемінде поляк пандары жаңа үлкен армиямен украин халқына қарсы шықты. Олар Зборов договоры бойынша берілген болымсыз жеңілдіктердің өзін жоймақшы болды, сөйтіп Украинада өздерінің өкіметін толық қайта орнатуға тырысты. Бірнеше соғыс сәтсіздіктерінен кейін Хмельницкий Зборов договорынан анағұрлым ауыр шартты бітім договорына көнуге тиіс болды. Жаңа бітім договор 1651 Белая Церковьте жасалып қол қойылды.

Украинаның тек өз күшімен ғана шетел езушілігінен құтыла алмайтындығын Богдан Хмельницкий жақсы білді. Сондықтан ол Украинаны Россияға қосу туралы орыс үкіметімен келіссөз жүргізе бастады.

1654 жылы январьда Москваның елшілері Переяславльге келді, мұнда украин халқы өкілдерінің радасы (кеңесі) болды. Бұл радада Богдан Хмельницкий Россияға қосылуға ұсыныс жасады «Сіздердің бәріңізге мәлім», — деді ол, — біздің жауларымыз біздің жерімізде орыстың тіпті аты аталмайтындай етіп біздерді құрқысы келеді. Сондықтан өздерің төрт патшаның біреуін қалап алыңдар. Біріншісі — түрік патшасы, ол гректерді өзіп-жаншып отыр. Екіншісі — Қырым ханы, ол біздің бауырларымыздың қанын талай рет төкті. Үшіншісі — Польша королі. Поляк пандарының көрсеткен қысымшылықтарын айтып жатудың қажеті жоқ. Төртіншісі — Ұлы Русьтің патшасы, шығыс патшасы.

Рада: «Шығыс патшасын қалаймыз (тілейміз)» деп бірауыздан қатты айқай салды.

Бүкіл халықтың мақұлдауымен рада Украинаның Россияға қосылатындығы туралы қарар қабылдады. Бұл дұрыс қарар болды. Орыс патшасының қол астына бе-

рілу Украина үшін украин халқы күйзеліске, ұлттық және діни езушілікке ұшырататын поляк пандарына немесе түрік сұлтанына бағынудан гөрі кем кесепат еді. Туысқан орыс халқы ортақ бір мемлекеттің шеңберінде украин халқының өз бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы күресінде оның сенімді жауынгер жолдасына айнала бастады.

Украин патриоты, көрнекті қолбасшы және алыстан болжайтын мемлекет қайраткері Богдан Хмельницкийдің есімі біздің Отанымыздың ерлерінің данқты есімдерінің қатарына кірді. Ұлы Отан соғысы күндерінде Богдан Хмельницкий ордені тағайындалып, бұл орденмен Отанымыздың бостандығы және тәуелсіздігі жолындағы көптеген күрескерлер наградталды.

3. XVII ҒАСЫРДЫҢ ОРТАСЫНДА ЖӘНЕ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДА КРЕПОСТНИКТІК ҚҰРЫЛЫСҚА ҚАРСЫ ХАЛЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫ. СТЕПАН РАЗИН

Польша мен Швецияның интервенциясы Орыс мемлекетінің ішкі халіне ауыр зардабын тигізді. Елдің шаруашылық тіршілігі мүлдем бұзылды. Сауда кеміді. Көптеген қалаларды интервенттер күйзелтіп кетті, қалалардың халқы азайды. Шаруалар да, әсіресе поляктар, шведтер, тушинолықтар және басқа оңай олжаға әуесгенушілер болып кеткен аудандар да, мықтап күйзелді. Көптеген селолар мен деревнялардың шаруалары жаппай қашып кетті. Егіс көлемі кеміді. Жерді өңдеу нашарлады. Қазына да сарқылды, армияны ұстайтын қаражат болмады, басқа да шығындарға төлейтін қаражат жоқ еді.

Патша үкіметі, дворяндар мен боярлардың мүдделерін қорғай отырып, шаруашылықты қалпына келтіру және қазынаның ақшасын толықтыру жөніндегі барлық ауыртпалықты шаруалар мен қала халқына артты. Қазынаны толықтыру үшін үкімет үлкен және әртүрлі салықтар енгізді. Қала халқының, немесе ол кезде аталатындай, посад адамдарының жағдайды әсіресе 1632—1634 жылдардағы орыс-поляк соғысынан кейін өте-өте нашарлап кетті. Сәтсіз соғыс қазынаны қайтадан сарықты. Салықтар шегіне жеткізіле көбейтілді. Посад халқы кедейленіп, күйзеліске ұшырады. Көптеген посад адамдары

«боярлар мен монастырьларға залогқа беріле» бастады, яғни салықтар төлеуден құтылу үшін ғана өз бастарының бостандығынан бастартып, тәуелді адамдар қатарына көше бастады. Үкімет енгізе бастаған көлденең салықтар енді бұдан әрі шыдай алмайтын халге жеткізді. 1646 жылы тұз салығы көбейтілді, сөйтіп тұздың бағасы бірден екі есе қымбаттады. Бұл салық Москвада және басқа қалаларда көтерілістің басталуына себеп болды. 1648 жылы 1 июньде, патша намаздан қайтып келе жатқанында, бір топ москвалықтар тұрмыстың ауырлығы, өкімет тарапынан қатты қысымшылықтар болып отырғаны жөнінде патшаға шағым тапсырмақшы болды. Шағымшыларды патшаға жақындатпады, ал олардың кейбіреулерін ұстап түрмеге салды. Келесі күні топ-топ москвалықтар, өздеріне қосылған атқыштармен бірге Кремльге кірді. Көтерілісшілер өте-мөте жеке көрінішті боярлар мен ірі купецтердің сарайларын талқандады. Халықтың талап етуі бойынша патша кейбір мекеме адамдарын көтерілісшілерге лажсыздан ұстап берді, ал барлық қыянаттың бас айыптысы боярин Морозовты астыртын жолмен Москвадан солтүстікке құрметтеп жер аударды.

Москвадан кейін Россияның және сибирьдің бірсыпыра басқа қалаларында да көтерілістер болды. Әсіресе 1650 жылы Новгород пен Псковта болған көтеріліс өте ірі көтеріліс болды. Псковта көтеріліс жасаған қала халқы өкіметті басып алып, бір неше ай бойы бұл өкіметті өз қолдарында ұстады. Көтеріліске шаруалар қосылды. Дворяндар өздерінің поместьелерінен кашуға мәжбүр болды. Көтерілісшілердің лагерінде жік шығып, қала халқының ауқатты бөлегі үкімет жағына шыққаннан кейін ғана үкімет Псков көтерілісін әрең басты.

1662 жылы Москвада жана көтеріліс бұрқ ете түсті. Бұл жолы көтеріліске бағасы толық емес бақыр ақшалардың шығарылуы себеп болды. Үкімет бағасы толық емес бақыр ақша шығарып Польшамен және Швециямен жүргізілген соғыстың шығындарын жаппақшы болып еді. Бақыр ақшаның бағасы тез төмендей бастады. Жалдаптық басталды. Елдің шаруашылығының берекесі кетті. Шаруашылық және финанс күйзелісінен өте-мөте қала халқы зардап шекті. Халық толқый бастады. Алаңдарда боярларды қыянат істейді деп айыптайтын және олардың сазайын беруге шақыратын үндеу хаттар пай-

да болды. Патша лажсыз Москвадан Коломенскоеға көшіп кетті.

25 июльде бірнеше мың москвалықтар Коломенскоеға патшаға бармақшы болып аттанды. Дәл сол уақытта Москвада боярлар мен бай купецтердің үйлері ойрандалып жатыр еді. Көтерілісшілердің келуі патшаға кенет уақыйға болды. Уақыт ұту үшін патша халықты үйді-үйлеріне тараңдар деп үгіттеді, халықтың жағдайын жеңілдетуге уәде берді. Москвалықтар патшаның уәдесіне сеніп, Москваға қайта жөнелді, бірақ Москвадан Коломенскоеға келе жатқан жаңа топтарды көріп, олар кейін қайтты. Соның арасынша Коломенскоеға патша шақырған сенімді әскерлер келіп жеткен еді. Москвалықтар Коломенскоеға келгенінде оларды жазалаушылық басталды. Көп адам қырғынға ұшырады, көп адам Москва өзеніне батып кетті. Үкімет көтеріліске қатнасушыларды қатты жазалады, олардың аяқ, қолдарын шауып тастады, құлақтарын, тілдерін кесіп алды. Көтерілісшілердің көбі Москвадан жер аударылды.

Бірақ, бағасы толық емес бақыр ақшадан қанша айтқанмен бастартуға тура келді.

Қалалық көтерілістер таптық қайшылықтардың шиеленіскендігін дәлелдеді, ол көтерілістер феодалдық қанаушылыққа және феодалдық езушілікке қарсы бағытталды.

XVII ғасырдың екінші жартысынан бастап ел ішінде сауда едәуір күшейді. Бұрын керекті заттың бәрін өз шаруашылығынан алып отыратын дворяндар қала қолөнершілерінің әртүрлі бұйымдарын және шетелден келген қымбат товарларды базардан сатып ала бастады.

Ол замандағы барлық феодалдық иеліктерде жер байдың жері және шаруалар жері болып бөлінді. Байдың жерін шаруалар өз құрал-саймандарымен өңдеп беретін, бірақ оның барлық өнімі помещиктің қолына тиетін. Помещиктің жерінде тұратын шаруалар байдың жерін тегін жыртып берді, астықты жыйнап, байдың қорасына тасып апарды, сонымен қатар, оның қора-жайындағы шаруашылықта помещиктің бұйырған нәрсесінің бәрін істеп беріп отырды. Бояринге немесе помещикке тегін істелген бұл жұмыс боярщина немесе барщина болып аталды.

Мұнымен қатар, шаруалар өз участогінен алынған өнімнің едәуір бөлегін помещикке беріп отыруға тиісті болды, сонымен қатар, оған сары май, сүт, жұмыртқа,

күс, қой терісін және тағы сондайларды тапсырып отырды. Бұл — оброк төлеу деп аталды. Бірақ шаруалар помещикке өз шаруашылығының өнімдерін тапсыруға тиісті болып қана қойған жоқ, мұнымен қатар олар ақшалай да оброк төлеп отырды.

Дворян-помещиктер өздеріне арналып жыртылатын жердің көлемін ұлғайтып отырды, сонымен, шаруаның тегін еңбегіне мұқтаж болып, қашқын шаруаларды іздеу және қайтару мерзімін толық жоюды талап етті. Патша Алексей Михайлович Романов помещиктердің дегенін істеді және қашқын шаруалардың қашқанына қанша уақыт өтсе де барлық қашқын шаруаларды олардың барлық семьяларымен және мал-мүлкімен бірге бұрынғы иелеріне қайтаруға бұйырды. 1649 жылы заңдардың жаңа жыйнағы — «Уложение» қабылданды. Бұл заң бойынша шаруалар помещиктің жеріне мәңгіге бекітіліп берілді, яғни оның крепостнойына айналды. Олардың өз қарабастары да помещиктің тәуелділігіне түсті. Помещик өз крепостнойларының тағдырын басқара алатын болды, олардың өз бастарының тұрмысына араласты, өзінің рұқсатынсыз үйленуге тыйым салды, титтей бағынбаушылығы үшін қатты жазалап отырды. Ал оның өзі азаптаған крепостной шаруаның тіпті өлімі үшін де ешқандай жауаптылығы болмады.

Сөйтіп Русьте крепостниктік право түпкілікті қалыпқа түсті. Құл болған шаруалар еріксіздікке көнгісі келмеді. Олар помещиктердің және патша өкіметінің озбырлығынан мемлекеттің шет аймақтарына, көбінесе крепостниктік тәртіптер әлі болмаған Дон бойына қашып кетуіне тырысты. Бірақ XVII ғасырдың орта шенінде Дон казактарының да жағдайы өзгерді. Донның казактары байларға, немесе «дәулеттілерге», және кедейлерге, немесе «жарлыларға» бөлінді. Байлар Донның төменгі ағысында үстемдік етіп отырды, олардың қолында балық аулау кәсібі, мал жайылымдары, сауда кәсіп орындары болды. Дәулеттілер казактардың өзіндік басқармасына да бұйрық жүргізіп отырды. Жарлы казактар Донның жоғарғы жағында тұрды. Олардың қатарына ылғый қашқын крепостнойлар келіп қосылып отырды.

Донның жоғарғы жағындағы шұрайлы жерлерді боярлар, патшалар туысқандары және монастырьлар басып алып отырды. Жұмысшы күшіне мұқтаж болған олар шаруаларды толық құл етуді патшадан талап етті.

Дон бойында «жарлылардың» жағдайы барған сайын нашарлай берді. XVII ғасырдың орта шенінде көбейген халыққа астық жетпейтін болды. Жарлы казактарды дәулеттілердің онсызда аяусыз қанаушылығы күшейе түсті. Аштық, Москва үкіметінің және дәулетті казактардың қысымшылығы аш казак жарлыларының үлкен қозғалысын тудырды. Бұл көтерілісті Донның казагі Степан Тимофеевич Разин бастады.

Разиннің көтерілісі, Болотниковтың көтерілісінен кейін, Россияда шаруалардың екінші соғысы болды. Болотниковтың қозғалысымен салыстырғанда Разиннің көтерілісі анағұрлым көп жерді қамтыды және өте күштілігімен үздік шықты.

1667 жылы көктемде Степан Разин казак жарлыларының отрядын жыйнап Доннан Еділ бойына келді. Еділ бойында разиндіктер патшаның кеме керуенін қолға түсірді, патшаның приказчиктерін қырды, ал ескекшілерді еркіне қоя берді. Көп олжа алып, 35 кемеге мініп разиндіктер Жайық (Орал) өзенінің бойымен жүріп отырып, бекінісі мықты Яңкі қаласын алды. Келесі жылдың мартында Степан Разин Персияға жорық жасай бастады. Персияның бай қалаларын тонап, Разиннің отряды Еділ бойына қайтып келді.

1669 жылдың қысын Разин Донның бойында өткізді. Оның крепостникті езушілікке қарсы, боярларға, дворяндарға және купецтерге қарсы күресуге шақырған үндеуін естіп шаруалар мен казактар топ-тобы мен және бір-бірлеп оның отрядына келіп жатты.

Келесі жылдың көктемінде Разин екінші рет Еділ бойына келді. Жергілікті халыққа сүйене отырып, ол оңай Царицын қаласын, одан соң Астраханьды алды. Басып алған қалалары мен селоларының бәрінде ол патшаның воеводаларын қуып шығып отырды немесе өлтіріп тастады және шаруаларды «крепость» ететін (еркінең айыратын) документтерді құртып отырды.

Астраханьда Разин Москва үкіметінің Каспий теңізіндегі және Еділ бойындағы сауда жолын қорғау үшін салдырған «Орел» деген үлкен соғыс кемесін басып алды. Бұл — 22 зеңбірекпен қаруланған үш мачталы кеме еді.

Астраханьнан Разин Еділді бойлай Саратов пен Самараны алды. Оған орыс шаруалары ғана емес, Еділ бойының орыс емес халқы да—мордвалар, чуваштар, марилер, патша үкіметінен қатты қысымшылық көрген бас-

қа да халықтар қосылып отырды. Сонымен, феодалдық қанаушылыққа және ұлттық езушілікке қарсы күресте Россия халықтарының біртұтас майданы құрылды.

Бірақ, Болотников сыяқты, Разин де күрестің мақсатын айқын түсінбеді. Ол опасыздарға — боярлар мен дворяндарға қарсы «ұлы патшаны жақтап» бара жатырмын дегенді айтты. Халық ішінде тіпті Разиннің отрядында патшаның баласы Алексей бар екен деген лақап тарады. Ал Алексей көтеріліс басталмастан бұрын қайтыс болған-ды.

Патша үкіметі Разинге қарсы өзінің таңдаулы әскер күштерін аттандырды. 1670 жылы октябрьдің бас кезінде Симбирскі тұсында патша әскерлері Разинді қатты жеңіліске ұшыратты. Оның өзі жаралы болып, Дон бойына қашты. Бірақ, бай казактар оны өкіметке ұстап берді. Степан Разинді және оның ағасы Фролды дарға асуға Москваға алып кетті. 1671 жылы июньде Разинді боршалады (әуелі екі қолы мен екі аяғын, содан соң басын шапты), өлігін итке тастады.

Степан Разиннің көтерілісі, Европадағы және Россиядағы барлық шаруа соғыстары сыяқты, құл болған шаруалардың феодалдық езушілікке қарсы күресі еді. Орыс шаруалары мен казактар, сол сыяқты, басқа да езілген ұлттар өздерінің езушілеріне — помещиктерге қарсы күресті. Бірақ олар бірікпеген еді, ұйымдаспаған еді. Помещиктерді дворяндардың патшасы басқарып отырғанын және патшаның әскері дворян-помещиктердің мүдделерін қорғайтындығын олар түсінбеді.

Солай бола тұрса да, көп жерді қамтыған, Разиннің басшылығымен болған көтерілістің еліміздегі халықтардың азаттық көтерілісінің тарихында маңызы зор болды. Мұның өзі феодалдық езушілікке қарсы XVII ғасырда болған ең күшті халықтық қозғалыс болды.

4. ОРЫСТЫҢ XVII ҒАСЫРДАҒЫ ТЕҢІЗ ЗЕРТТЕУШІЛЕРІ МЕН ЖЕР ШОЛУШЫЛАРЫ

Батыл және тапқыр орыс адамдары сонау ерте заманнан бері Батысқа, Шығысқа және Солтүстікке алыс сапарлар шегіп, жаңа жолдар ашып, жаңа жерлер тапты.

1496 жылдың өзінде-ақ хатшы Григорий Истома бас-

таған, III Иван Данияға жөнелткен елшілік төрт теңіз кемесіне мініп, Ақ теңізден Солтүстік мұхитқа шықты. Мурман жағалауын бойлап отырып, Истоманың елшілігі Норвегияның батыс жағалауына жетті, ол арадан Данияға қарай сапар шекті. Дәл сол теңіз жолымен басқа елшіліктер де Батысқа қарай кемемен жүзді. Сол Ақ теңіз арқылы Ченслер бастаған ағылшын экспедициясы Россияға келіп, Москвада IV Иванға барып, ағылшын купецтері үшін артықша жағдайлар алатын болды.

XVII ғасырдың бас кезінде Ақ теңізден Батыс және Шығыс Сибирьмен теңіз жолы арқылы сауда қатнастарын жасау үшін Мангазeya сауда порты құрылды (Обь шығанағының шығыс жағында, Тазу өзені бойында). 1600 жылы Борис Годуновтың бұйрығы бойынша солтүстік-теңіз жолымен жүзу үшін әдейілеп 15 теңіз кемесі — «морянка» жасады.

Сол XVII ғасырда орыстар Сибирьге батыл түрде өте бастады. Орыстың теңіз зерттеушілері 1610 жылы Енисей өзеніне жетіп, оның сағасына дейін төмен түсті және бұл арада бекінісі берік Енисей қамалын салды (кейінірек Енисейск қаласы болды). Көп ұзамай Лена өзені табылды, бұл өзеннің бойында Лена қамалы (кейінірек Якутск қаласы) салынды, бұл қала орыстың теңіз зерттеушілерінің Солтүстік Мұзды мұхиттың және Охотск теңізінің жағалауына өтуі үшін тірек пунктке айналды. Лена өзенінің бойымен Мұзды мұхитқа Тобол казагі Иван Ребровтың экспедициясы алғашқылардың бірі бөлып келді. 1636 жылы Енисейскіден «жолды барлау үшін» Ангара өзенінің бойымен Лена өзеніне казак атаманы Илья Перфирьевтің жаңа экспедициясы шықты. Бұл экспедиция Амур өзеніне дейін жетті. «Қазак басшысы» Василий Поярков Амур өзеніне баруға бұдан да гөрі үлкен экспедиция ұйымдастырды. Бұл экспедиция 1643 жылдың жазында Якутскіден Алданның бойымен кемемен шықты. Бұл экспедиция үлкен қыйыншылықтарға, жоқшылықтарға ұшырып, отрядының жартысынан көбінен айрылып, Амур өзенінің сағасына дейін жетті және сол арадан Охотск теңізінің бойымен жүріп отырып, жолшыбай Сахалин аралын тапты. 1646 жылдың жазында ғана Поярков біресе өзендерді бойлай отырып, бірсе құрғақ жолмен жүре отырып Якутскіге қайтып келді.

Дәл сол уақытта казак Семен Дежнев пен өнеркәсіп иесі Федот Алексеев Азияны солтүстік-шығыс жақтан айналып шығып, өздерінің тарихи жорығын жасады. 1646 жылы июньде Дежнев пен оның серіктері Колыма өзенінен Мұзды мұхитқа аттанды, бірақ олар тек екі жылдан кейін ғана мұз арқылы теңізге өтті. Жағалауды бойлап шығысқа қарай жүре отырып, Дежнев Чукотск түбегін айналып өтіп, 1648 жылы Азияны Америкадан бөлетін бұғазды тапты. Чукотск түбегінің ең қыйырдағы солтүстік-шығыс пункті кейін Дежнев мүйісі деген атақ алды. Васильев Полярковтың экспедициясы сыяқты, Семен Дежневтің экспедициясы да сан рет бүліншілікке ұшырады, теңізде дауылға душар болды, аш болды, суыққа тонды, бірақ орыстың ержүрек, жігерлі жер шолушыларына ешқандай қыйыншылық кедергі бола алмады. 1648 жылы күзде он жеті адамнан құралған отряд, соның ішінде экспедицияның ұйымдастырушысы Федот Алексеев Камчатканың шығыс жақ жағалауына түсті. Қыс қыстап, отряд келесі жылдың көктемінде қайтадан теңізге шықты. Қаһарман теңіз зерттеушілер жолшыбай Курильск аралдарын тапты.

XVII ғасырдың орта шенінде казак Ерофей Хабаров «әуестенуші адамдардан» 70 кісілік отряд құрып, кемемен Амур бойына жаңа экспедиция аттандырды. 1652 жылы Хабаровтың және оның отрядының орыстардың Амур сағасына баратын жолын бөгемекші болған үлкен қытай әскерінің шабуылын тойтаруына тура келді.

Қытай әскерлерімен кейінгі жылдарда да күрес жүргізіліп отырды. Ақырында 1689 жылы Нерчинскіде Қытаймен тұңғыш договорға қол қойылып, орыстар мен қытайлардың Қыйыр Шығыстағы жерлерінің шекаралары белгіленді.

Хабаровтың және оның орнын басқан Онуфрий Степановтың экспедициялары кезінде казактардың бір бөлегі Камчатка түбегіне жетті. 1696—1700 жылдары Владимир Атласов бір топ казакпен арнаулы жорық жасап, Тынық мұхитқа жетті. Алеутск аралдарын тапты және Курильск аралдарында болды. Орыстардың Тынық мұхитқа шығуы Қыйыр Шығыс өлкесін меңгере бастауға және XVIII ғасырда тамаша жаңалықтар ашу үшін жол салуға мүмкіндік берді.



У т а р а у

РОССИЯ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ. УЛЫ ПЕТР

1. УЛЫ ПЕТРДІҢ ПАТШАЛЫҚ ЕТУІНІҢ БАСЫ

Россияда крепостниктік езушілік күшейіп тұрған кезінде, Батыс Европа бірте-бірте жалдамалы жұмысшылардың еңбегіне көшіп жатты. XVII ғасырда көптеген европалық елдерде, әсіресе Англияда сауда мен өнеркәсіп қаулап өркендеді. Көптеген жалдамалы жұмысшылардың қол еңбегін қолданатын ірі кәсіп орындары пайда болды. Бұлар—капиталистік мануфактуралар еді («мануфактура» қолөнерші мастерскойлардан өзгеше, еңбекті едәуір дәрежеде бөлген, қол еңбегіне негізделген кәсіп орыны деген сөз). Мануфактураларда жұмыс істеген жалдамалы жұмысшылардан жаңа тап—пролетариат құрылып қалыптаса бастады. Жалдамалы еңбекті қанаған кәсіп орындардың иелері басқа тап—капиталистер табы, немесе буржуазия болып құрылды.

Буржуазия рыноктерге және қолы бос жұмысшыларға мұқтаж болды, сондықтан буржуазия өнеркәсіп үшін рыноктың күшеюіне кедергі болған крепостниктік правоны және барлық феодалдық тәртіптерді жойдыруға тырысты. Буржуазия XVI ғасырда Голландияда және XVII ғасырда Англияда жеңді.

Нидерланды және Англия революциялары бұл елдердің капиталистік даму жолына көшуін шапшаңдатты. Бірақ Россияда бұрынғыша дворян-помещиктер үстем болып, ал шаруалар крепостной болып қала берді. Рас, Россия да бір орында тұрып қалған жоқ. XVII ғасырда жергілікті орыс рыноктары жалпы рынок болып біріге бастады. Жергілікті товарлармен ғана емес, шеттен әкелінген товарлармен де сауда жасалды. Москвада уста-

лар, күймелі арба жасаушылар, тоқымашылар, дастарханшылар, нан пісірушілер және басқа қолөнершілер тұтас бір қыстақтар болып қоныстанды. Бұл ескі қолөнершілер қоныстарының іздері көптеген Москва көшелерінің атында осы уақытқа дейін сақталған, олар: Кузнецкий мост, Каретный ряд, Скатертный, Хлебный шолақ көшелері және тағы басқалары.

XVII ғасырда кенеп және парус мануфактуралары, сақар заводтары, Туланың, Олонецтің, Кашираның темір жасау заводтары және басқалары салына бастады. Дегенмен орыс өнеркәсібінің өркендеуі нашар болды. Ағылшын мануфактураларынан өзгеше, орыс мануфактуралары крепостнойлық еңбекке негізделді.

Батыс Еуропаның озық елдерімен салыстырғанда XVIII ғасырдың басында Россия шаруашылық жағынан да, мәдениет жағынан да, соғыс жағынан да артта қалып келе жатты. Артта қалушылықтың себептерінің бірі — Россияның теңізге шығатын жолының жоқтығы еді. XVIII ғасырдың басындағы Россиядай теңізден соншама қашық болған бірде-бір ел жоқ, деп көрсетті Маркс.

«...бірде-бір ұлы ұлт,— деп жазды Маркс «Құпия дипломатияда»,— өзінің теңіз жағалауларымен өз өзендерінің сағалары өзінен бөлініп әкетілгендігіне ешуақытта да көнген емес. Теңіз жағалауынан қол үзген ұлы ұлттың болуы ешкімнің де мыйына сыймайды».

Россия үшін Қара теңіз бен Балтық теңізіне баратын жол жабық еді: Қара теңіз Түркияның және Қырым хандығының қол астында болды, Балтықтың жағалауын Швеция басып алды. Шведтер орыстың ерте заманнан бері келе жатқан жеріне өздерінің қамалдарын салып алды, ал теңізге шығатын басты жолды — Нева өзенін— «екі құлыппен» құлыптап тастады, олар: Нотебург және Ниеншанц қамалдары еді. Шведтер басып алған Карел мойнағы Россияның Балтыққа баратын жолындағы кедергі болуға тиісті еді.

Балтық үшін күресу, «ата-бабалардың жерін» қайтару үшін күресу Орыс мемлекетінің шұғыл міндеті бола бастады. Россияның мешеулікті жойып, алдыңғы қатарлы европалық мемлекеттердің қатарына қосылуы осы тарихи күрестің тынымына байланысты болды.

Теңізге жол салып өту жөніндегі қыйын міндетті орыстың бірінші императоры Улы Петр орындап шықты. Ол 1672 жылы 30 майда Москвада туды. Петрдің әкесі

патша Алексей Михайлович қайтыс болған кезде болашақ император әлі төрт жасқа толған жоқ еді. Петрдің анасы патша Алексей Михайловичтің екінші әйелі Наталья Нарышкина еді. Оның бірінші әйелі Милославскаядан қалған балалары бар еді, олар: наукас Федор, ақылы кем Иван және бірнеше қыздар еді. Ол қыздардың ішіндегі ақылдысы және қайраттысы патша қызы Софья еді.

Федор Алексеевич патша болды, бірақ оның патшалық егуі ұзаққа барған жоқ, 1682 жылы көктемде ол қайтыс болды. Ол өзіне мұрагер тағайындамай кетті. Жаңа патшаны сайлау керек болды. Нарышкиндер мен Милославскийлердің арасында өкімет үшін күрес басталды. Әуелі патшалыққа он жасар Петр сайланды. Бірақ бұған Милославскийлердің көңісі келмеді. Олардың айдап салуы бойынша Москваның атқыштары Кремльге басып кірді, (Петрді жақтаушы бірнеше боярларды өлтірді, сөйтіп ағайынды Петр мен Иванның екеуін бірдей патша етіп жариялауды талап етті. Билік жүргізуді сүйетін патша қызы Софья мемлекетті басқарды.

Софья басқарған жылдары Петр анасымен бірге Москва түбіндегі сарайларда, көбінесе Преображенское селосында тұрды. Жас патша балалық шағынан бастап әскери «ойындарға» әуес болды. Петр өзінің әскери ойындары үшін ата-тегінің атақтығына карамай, ең алғыр балаларды іріктеп алып, олардан «ойын» полктарын ұйымдастырды.

Бұл полктардың екеуі — Семеновский және Преображенский полктары — кейін Москваның соғыс өнеріне тамаша жетілген ең жақсы полктарына айналды. Бұлар — Петр құрған болашақ тұрақты орыс армиясының тұңғыш гвардиялық полктары болды.

Оқуда Петр зерек және қажырлы болды. Орыс хатшысынан ол кішкене күнінде-ақ оқып, жазуды үйренді, содан соң математика ғылымдарымен, әсіресе геометриямен мықтап шұғылданды. Жас Петрдің теңізде жүзуге және кеме жасауға шын құмарлығы ерте оянды. Бір күні Петр тозған бір ботты — желкенді ескі теңіз қайығын тауып алды. Голландиялық Брант оны желкенді қайықпен әуелі жіңішке Яуз өзенінің бойымен жүзуге, содан соң үлкен Переяславль көлінде жүзуге үйретті. Бұл бот «орыс флотының бабасы» болды.

Оның бер жағында Софья мен Петрдің қарым-қатнастары барған сайын дұшпандық қарым-қатнасқа айналда бастады. Софья Петрден кұтылу үшін атқыштардың жана кастандық әрекетін әзірлей бастады. Мұны білген Петр өзінің «ойын полктарының жәрдемімен 1689 жылы Софьяны өкіметтен махрұм қалдырып, оны көп ұзамай монастырьға жапты.

Софьяның басқарған кезіндегі патша сарайындағы күрес Петрдің ескілікті жақтаушыларға деген өшпенділігін күшейтті. Күшті және бай ел болып табылатын Россия өзінің артта қалғандығын жойса ғана европалық ұлы державалардың қатарына қосыла алатындығын Петр ерте бастан түсінді.

Петр дарынды және өзіне пайдалы орыс адамдарымен, шетел адамдарымен дос болды. Петрдің балалық шағындағы «ойындарында» бірге жүрген жолдасы — бұрынғы самса сатушы Александр Меншиков онын жақын досына, сенімді серігіне айналды.

Өздігінен дербес патшалық етуінің бастапқы жылдарында Петр мемлекетті басқаруды өз анасының кеңесшілеріне беріп, өзі жан-тәнімен соғыс ойындарына берілді. 1691 жылы Семеновское селосының түбінде үлкен соғыс «ойындары» болды. Петр Переяслав көлінде «ойын» флотын салумен де мықтап шұғылданды.

Азов жорықтарын жасап Петр «ойыннан» нағыз соғыс ісіне көшті. Дон өзені Азов теңізіне құйылатын жерде түріктің Азов деген күшті қамалы тұрушы еді. Онын айналасы қабырғамен, дуалмен және терең ормен қоршалған еді. Бұл қамал Түркиянікі еді және Россияның Азов теңізі мен Қара теңізге шығатын жолын бөгеп тұр еді.

Орыс мемлекетінің оңтүстіктегі шекаралары Қырым татарлары мен түріктердің шабуылына жиі ұшырап тұрушы еді. Олар Украинаның қалалары мен селоларын тонап, оның халқын тұтқындап айдап әкетіп, құл етіп сатып отырды. Түркия Польшамен келісіп, Украинаны екеу ара бөлісіп алуға тырысты.

Осының бәрі I Петрді Азов теңізі мен Қара теңіздің жағалауына жол салу үшін Түркиямен соғысуға әзірлене бастауға итермеледі.

Түркияға қарсы соғыста Петр Қырым түбегі арқылы өтетін ескі стратегиялық бағыттың орнына, Азов теңізі арқылы өтетін жана бағытты қалап алды.

1695 жылдың көктемінде 30 мыңдық орыс армиясы Азовты қоршап алды. Бірақ, бірінші шабуыл сәтті болмады, қоршаудан да нәтиже шықпады. Түріктер қоршауда қалғандарға теңіз арқылы қару-жарақ пен азық-түлік жеткізіп отырды. Петрдің бұған кедергі жасауға флоты болмады, сондықтан Азовты қоршауды қоюға тура келді.

Бірақ Петр қажымас қайратты адам еді. Ол бір қыстың ішінде ескекті флотилия құруға бел байлады. Воронеж өзенінің жағасында кеме жасайтын верф салынды. Бұл жерде жас патшаның өзі әрі инженер, әрі қарапайым балташы болып жұмыс істеді.

Жаңадан салынған флотта «Апостол Петр», «Апостол Павел» атты, 36 зеңбіректі екі кеме, 23 көп ескекті, бірақ шағын, желкеннің және әсіресе ескектің жәрдемімен жүретін кемелер, көптеген өзен қайықтары, теңіз қайықтары мен салдар болды. Кемелердің командирлері мен матростары Семеновский және Преображенский полктарының офицерлері мен солдаттарынан іріктелініп алынды. Олардың саны 4225 адам болды.

Көп ескекті кемелер флотилиясының авангарды, Петрдің өзінің басқаруымен 1696 жылы 3 майда Воронежден шығып, көп ұзамай түріктерді таң қалдырып, Азовтың жаңына барды, кейін бұл араға барлық флот жыйналды. Түрік кемелерінің Азовқа өтуін бөгөу үшін орыс флоты Дон сағасына кіре берістегі позицияларды алды.

Азов теңізден және құрғақтан қоршалып, көп ұзамай орыстарға берілді. Бірақ, Қара теңізге өтетін жолды Россия Түркияның қарамағындағы Керчь бұғазын меңгергеннен кейін ғана ала алатын болды. Петр соғысқа әзірлене бастады.

Европалық мемлекеттермен байланыс орнату үшін, олардың арасынан Түркияға қарсы одақтас табу үшін, Европаға Ұлы елшілік жөнелтілді. Елшіліктің жанында «теңіз ғылымын» үйрену үшін бара жатқан ерікті әскерлердің отряды болды. Олардың арасында «урядник Петр Михайлов» деген жасырын атпен жүрген Петрдің өзі де болды.

Шетелде орыс патшасы ыждаһатпен, қажымай оқып үйренді. Кенигсберге Петр сол камалдың бас инженерінің басшылығымен артиллериядан ату ережелерін үйренді. Кеме жасау өнерімен даңқы шыққан Голландияда Саардам деген кішкентай қалада Петр ұзын бойлы,

күшті орыс балташысы—патшаның өзі деген лақап жұртқа жайылғанына дейін кеме жасайтын орында жұмыс істеді. Кеме жасау өнері Англияда Голландиядағыдан гөрі жоғары дәрежеде екенін естіп білген Петр сонда барып, Лондонның қасындағы ағылшынның кеме жасайтын верфінде екі айдан астам уақыт кеме жасады.

Англиядан Петр Түркияға қарсы одақтасу туралы Австрия императорымен келіссөз жүргізу үшін Венаға барды. Бірақ, өз істерімен шұғылданып жатқан Австрияның Петрға жәрдемдескісі келмеді және Түркиямен бітім шартын жасауға асықты.

2. ҰЛЫ СОЛТҮСТІК СОҒЫСЫ

Халықаралық жағдайды ескере отырып, Петр Каря теңіз үшін Түркиямен соғысудан бастартты. Балтық теңізіне өтетін жол салуға күресу үшін неғұрлым қолайлы жағдайлар туды. Петр Дания мен Польшаның Швецияға қарсы одағына қосылды. Ол кезде швед әскерлері Европадағы ең жақсы әскерлер болып саналатын. Сондықтан Петр, Швецияға қарсы соғысқа әзірлене отырып, жаңа армияны асыға құра бастады. 1699 жылы крепостной шаруалардан, сол сыяқты қала халқынан рекурттар (жаңа солдаттар) алынды. Оларды европаша тігілген жасыл-қара шұға шекпенмен киіндіріп, таңның атуынан күннің батуына дейін соғыс стройына үйретті.

Швецияның королі XII Карлдың негізгі күштері Данияға қарсы соғысып жатқан кезінде Петр 1700 жылы сентябрьде Балтық теңізіне кіре берісті бүркеп тұрған Нарва камалын қоршап алды. Камал жақсы бекінген еді. Камалға лап қою үшін снаряд жеткіліксіз болды. Оқ-дәрі нашар еді. Саз батпақпен ұрыс жабдықтарын және азық-түлікті жеткізіп тұру қиын болды.

Оның бер жағында XII Карл Данияның королін тез талқандап Нарваға лап қойды. Бұрынғы «ойын» полктары табан тіресіп қарсылық көрсеткеніне қарамастан, шведтер Нарваның түбінде орыс армиясын талқандап оның барлық артиллериясын басып алды.

XII Карл Нарвадан кейін орыс армиясының ісі бітім деп есептеді, сондықтан ол Москваға жүрмей, Польшаға бет түзеді.

Бірақ Нарваның түбіндегі жеңіліске Петр қаймыққан жоқ. Жаудың орыстардан санымен және ерлігімен бақсым болмағанын, соғыс жүргізе білу шеберлігімен бақсым болғанын ол түсінді. «Соғыс біткен жоқ, соғыс жаңа ғана басталды», — деді де, Петр армияны тез қайта құра бастады. Қысқа мерзімнің ішінде армияға мыңдаған жаңа рекруттар алынды. Дворяндардың атты әскерінің және атқыштардың жаяу әскерінің орнына Петр драгун (атты әскер) және армиялық (жаяу әскер) полктарын ұйымдастырды. Ол далалық жеңіл артиллерия құрып, онымен атты әскерді қаруландырды. Артиллерияда зеңбіректердің жаңа түрлері — зеңбіректер, гаубицалар, мортирлер қолданылды. Москвада офицерлер даярлайтын соғыс училищесі ашылды. Дворяндар әскер қызметіне солдат болып кіріп бірте-бірте офицерлікке көтерілуге тиісті болды. Руда қорлары табылған Уралда жаңа заводтар тез салына бастады. 1701 жылы декабрьде Невьянск заводындағы домна зеңбірек жасау үшін бірінші рет шойын шығарды. Петр тіпті шіркеулердің қоңырауларын алып, одан зеңбірек жасауға бұйырды. /

Заводтарда зеңбірек доптары мен зеңбіректер құйылды, қылыштар соғылды. Лодейное Полядағы кеме жасайтын орында соғыс кемелері жасалып жатты. Петр соғыс тактикасына да көп жаңалық енгізді. Ол артиллерияның атты әскермен және жаяу әскермен бірлесіп қыймыл жасауын талап етті, әскердің барлық түрлерінің солдаттары мен командирлерінің белсенділігіне, инициативасына дем беріп отырды.

Армияны қайта құрудың нәтижелері тез-ақ білінді. 1702 жылы январьда орыс әскерлері Юрьевке (Тартуға) жақын жерде шведтің қолбасшысы Шлиппенбахты талқандады. Бұл — осы уақытқа дейін жеңілмейтін әскер деп саналған шведтерді бірінші рет жеңгендік болды.

Сол жылы жазда орыс әскерлері Лодога және Чудскі көлдерін шведтерден тазартты, ал күзді күні он күн бойы бомбалап шведтің қамалы Нотербургті (Орешекті) талап қойып алды. «Бұл жаңғақ тіске тым қатты екен, — деп жазды Петр, — бірақ, кұдайға шүкір, оны сәті түсіп, кемірдік». Нотербургке Шлиссельбург деп жаңа ат қойылды, мұның мәнісі — «Ашқыш-қала» деген сөз еді. Ол Россияның теңізге жол салуының ашқышы болды.

¹ Орешек, орех — орысша — жаңғақ деген сөз (ред.).

1703 жылы көктемде орыс әскерлерінің соққысынан шведтердің Нева өзенінің төменгі ағысындағы Ниеншанц қамалы берілді.

Петр Балтық теңізіне жол ашатын Неваның бойында бекінуге асықты. Неваға кіре берістегі Котлин аралында Кроншлот (кейін Кронштадт) қамалы салынды. Дәл сол уақытта Неваның сағасындағы аралдардың бірінде батпақтар мен ормандардың арасында орыстың жаңа қамалы салына бастады, ол кейін Петропавловск қамалы болып аталды. Қамалдың қарсы алдына Петр өзіне шағын ағаш үй салды. Оның үйімен қатар Петрдің қасында жүрген көптеген адамдар өздеріне үй салып алды. Сөйтіп мемлекеттің болашақ астанасы Петербург пайда болды.

Орыс әскерлерінің жауынгерлік қасиетін жете бағаламаған XII Қарлдың қатесін Петр дұрыс ескеріп, шебер пайдаланды. Ол орыстың ерте заманнан бергі жерлерін қайтадан жаулап ала бастады. 1703 жылы Ям мен Копорье алынды. 1704 жылы Юрьев қаласы, сонымен қатар Ивангород және Нарва қамалдары алынды. Бірақ шведтердің басты күштері орыстарға қарсы әлі аттанған жоқ еді. Ол кезде Швецияның королі өзінің басты күштерін Польшаға қарсы салған еді. Петр оған бітім жасауды ұсынғанда тәкәббар Қарл менмендікпен былай деді: «Біздің көршіміз Петр қалалар сала берсін, ол қалаларды жаулап алу данқы бізде болады».

Бірақ Петр басқа жағдайды күні бұрын болжады. «Шведтердің бізді әлі бірді-екілі соғып алуы мүмкін, — деді ол. — Бірақ біз оларды жеңуді солардың өздерінен үйренеміз». Орыс армиясы жауынгерлік тәжірибе ала берді. Ол шешуші ұрысқа әзірленіп жатты.

1706 жылы XII Қарл Польшаның королі II Августы талқандап, Краков пен Варшаваны алып, орыс жерінің ішіне кірді. Дүние жүзіне үстемдік орнатуды арман еткен швед королі Москваны басып алуға, Россияны бөлшектеп бөліп әкетуге, оны Швецияның өктемдігіне бағындыруға үміттенді. Әуелде Қарл Москваға «Москваның қақпасы» — Смоленск арқылы баратын төте жолды таңдап алды.

Душпанның соғыс жағынан басым екенін ескеріп, Петр «кіші соғыспен», яғни ұсақ отрядтардың жауынгерлік қыймылдарымен жауды әлсірете отырып, шығысқа қарай шегінуге бұйырды. Шведтерге шегінің бара

жатқан орыс армиясының артқы бөлімдері ғана емес, барлық халық қарсылық көрсетті. Селолар мен қалалардың халқы азық-түлікті, малды орман ішіне апарып жасырды, астық пен мал жемін өртеді, швед солдаттарының арттағы бөлімдеріне және жеке швед солдаттарына шабуыл жасап отырды.

1708 жылы сентябрьде Карл өз армиясына Украинаға қарай бұрылуды бұйырды. Ол Петрге қарсы Запорожье казактары мен бүкіл украин халқын көтеріліске аттандыруға тырысқан украин гетманы — опасыз Мазепамен келісім жасады.

Бірақ украин шаруалары Петрге қарсы соғысқан жоқ, шетел басқыншыларына қарсы аттанды.

Гетман Мазепа орнынан түсіріліп, шведтер жағына қашты. Жаңа гетман казактардан үлкен әскер жыйнап оны Петрге бастап алып келді. Мазепамен бірге кеткен казактардың көпшілігі кешірім сұрап қайтып келіп, шведтерге қарсы ерлікпен күресті.

Украинада швед армиясының жағдайы барған сайын нашарлай берді. Ол армия аштыққа ұшырады, күндіз-түні жаңбыр жауып, жолдың бұзылғанынан, кенеттен ерте түскен аяздан қатты қыйыншылық көрді.

Карлмен қосылмақшы болып келе жатқан генерал Левенгаупты орыстар Лесная деревнясының тұсында талқандады.

Бұл жеңісті Петр «солдаттардың бірінші сыны» деп санады және оны «Полтава ұрысының анасы» деп атады.

1709 жылы апрельде Карл Полтаваны басып алудан, сөйтіп Москваға аттанудан үміттеніп Полтаваға таяп келді. Полтаваның коменданты қаланың қорғанысын айта қалғандай жақсы ұйымдастырды. Петрдің өзі де едәуір үлкен күш жыйнап Полтаваға жәрдемге келуге асықты. Жасырын жалғызаяқ жолдармен орыс отряды батпақ арқылы өтіп, жаумен бетпе-бет найзаласа отырып, қоршаудағы гарнизонға қарай өтіп шықты.

Бұл уақытта Петрдің әскерлері Ворскла өзенінен өтіп, үлкен ұрысқа әзірлене бастады.

Ертең ұрыс болады деген күні, 1709 жылы 26 июньде, Петр полктарды аралап, өздерін жеңілмейміз деп санайтын шведтердің шабуылын табандылықпен тойтаруға орыс солдаттарын шақырды.

Кешке әскер арасында Петрдің атақты бұйрғы оқылды.

«Жауынгерлер! Отанның тағдырын шешетін сағат жетті. Сөйтіп сендер Петр үшін ұрысамыз екен деп ойлауға тиіс емессіңдер, сендер Петрге тапсырылған мемлекет үшін, өз туыстарыңыз үшін, отан үшін ұрысасындар. Жеңілмейді-мыс деп аталған дұшпанның даңқы да сендерді састырмауға тиіс. Өйткені мұның өтірік екендігін ол дұшпанды жеңулеріңмен сендер талай рет дәлелдедіңдер. Ал Петр жайына келгенде, сендердің игіліктерін үшін Россия рақатты, даңқты өмір сүрсе болғаны, Петрдің өмірі қымбат емес екенін біліп қойыңдар».

Петр редуттар (далалық бекіністер) салғанда шабуыл жасап келе жатқан шведтерді ұзағырақ уақытқа бөгейтіндей етіп және орыс әскерлерінің жауынгерлік тәртібін ұзағырақ сақтайтындай етіп салды. Екі орманның арасында ұрыс алаңының ұзына бойына алты редут, көлденеңіне төрт редут салынды.

27 июньде таңсәріде шведтер орыс полктарына пәрменмен лап қойды, бірақ олар редуттардағы орыс зеңбіректерінің және дуалдардағы атқыштардың күшті атысына душар болды. Редуттар арқылы өту шведтерге қымбатқа түсті. Әлсіреп барып олар жаумен кездесу үшін құрылған негізгі орыс күштеріне келіп тірелді.

Қызу ұрыс басталды. Петр ең қатерлі жерлерге өзі барып, ұрыстың барысын қырағы қадағалап отырды. Оның басындағы үш бұрышты қалпағына, атының еріне оқ тиді. Бір оқ кеудесіне дәл тиіп еді, бірақ кеудесіндегі қреске тиіп жаншылып, тәніне дарымады.

Қолдасқан ұрыс екі сағатқа созылды. Орыс әскерлерінің тегеуіріні сондай күшті болды — шведтер шыдамай, қаша жөнелді. «Жеңілмес швед мырзалар көп ұзамай сыртын көрсетті», — деп мысқылдады кейін Петр, швед армиясының үрейлене қашқандығын айтып.

Ұрыс даласында үйме-үйме өліктер қалды. Жарылған доптың сынығынан жараланған швед королі Түркияға қашты. 20 мыңдай швед солдатты мен XII Карлдың барлық генералдары қолға түсті. Шведтер толық талқандалды.

Полтава тұсындағы жеңіліс шведтердің соғыс даңқына қатты соққы болып тиді. Бірақ XII Карл Россияға қарсы Түркияны айдап сала білді. 1711 жылы түріктердің үлкен армиясы орыс шекараларына таяп алды. Ұрыс жабдықтары мен азық-түлігі болмаған орыс армиясы Түркиямен лажсыздан бітім жасасты. Петр Түркияға

Азовты қайтып берді, бірақ өз армиясының әскер күшін сақтап қалды.

Түрік соғысын аяқтап, Петр Балтық теңізінің жағалауына қайта оралды және бірнеше жылдың ішінде Рига, Фин қолтықтарының жағалауларын жаулап алуды аяқтады.

1710 жылы орыс әскерлері шведтерді бірнеше рет мықтап жеңіп, Выборгты, Риганы, Ревельді, үлкен стратегиялық маңызы бар басқа да бірсыпыра порттар мен қалаларды алды. Выборгты алу үшін І Петр соғыс тарихында атақты орын алған жорығын — Котлин аралынан, Қайыңды аралдарының қасымен, мұз болып қатқан теңіз үстімен Выборгке баратын жорығын ұйымдастырды. Жорыққа қатынасұшы, Данияның елшісі Юст-Юль, өзінің дәптерлерінде орыс әскерлері қатты аязда, тура мұз арқылы, зеңбіректерімен барлық обозын ала шықты деп атап көрсетті: «Европаның басқа қандай да армиясы мұндай жорық тұсында сөзсіз апатқа ұшыраған болар еді, — деп жазды ол. — Бірақ, орыстар шыдамды, басқа ұлттардың солдаттары мұны істей алмас еді».

Выборгты қоршау ұзаққа созылды. Сондықтан І Петр қаланы қоршаған корпусқа жәрдемге Кроншлоттан үлкенді-кішілі 270 кемесі бар флотилия жіберді. Флотилиялардың Выборгке баратын бұл теңіз жорығы өте қыйын жорық болды, өйткені кемелердің мұзды бұзып өтуіне тура келді. Қаланы қоршаған корпус пен флотилияның мұз арқылы жасаған жорықтары Россияның жас қарулы күштерінің — армияның да, флоттың да — теңіз жағынан даярлығы жоғарғы дәрежеде екенін, өзара бірлесіп шебер қыймыл жасай білетінін көрсетті.

Выборг бұдан ұзаққа шыдай алмай, берілді. Астананы қорғау үшін Выборгтың маңызы қандай екеніне баға бере келіп, Петр «Санкт-Петербургке берік таяныш жасалды» деп жазды.

Нарвадан Ригаға дейінгі жағалауды меңгеріп алу орыс флотының Фин қолтығында еркін жүзуіне және шведтерді Финляндиядан қуып шығуға кірісуіне мүмкіндік берді. 1713 жылы апрельде Финляндия суындағы жартасты аралдарға көп ескекті 200 қайықтан және басқа теңіз кемелерінен құралған десант корпусы аттандырылды. Кемелер мен ескекті флоттың бірлесіп

кыймылдауының нәтижесінде Гельсингфорс алынды, ал швед флоты Фин қолтығында өзінің басты тірек базасынан айрылды. Балтық флотының 1714 жылғы 27 июндегі Гангут тұсындағы даңқты жеңісінен кейін шведтер Финляндиядан біржолата қуылып шықты. Бұл жеңіс жас орыс флотының ол кезде өте күшті болған жеңілу дегенді әлі білмеген швед флотын теңізде тұңғыш жеңуі еді.

Финляндияның оңтүстік-батыс бұрышындағы Гангут түбегі Фин қолтығынан шығатын және оған кіретін жолды бақылап отыратын флоттың тұруы үшін қолайлы орын еді. Мұнда тұрған швед флоты 16 линкордан, 5 фрегаттан, 7 ұсақ кемеден құралды, бұлардың бәрінің 832 зеңбірегі болды. Орыс флотында икемді ескекті қайықтар басым болды.

Судағы жартастар жағдайып еске ала келіп, онда кеме флотының әрекет етуі қиын болатынын ескеріп, І Петр жауынгерлік ұрыстар жоспарын жасағанда жиі аралдардың арасында маневр жасауға неғұрлым бейім ұсақ ескекті флоттың басым болуын көздеді. Мұның керісінше, шведтер үлкен кеме флотына ие еді, және олар ескекті ұсақ флоттың маңызын жете бағаламады.

Орыстың әрбір ескекті қайығының тұмсық жағында бір зеңбірек және жан-жақтарында бірнеше ұсақ зеңбіректер болды. Ұрыс әрекеттеріне басшылық еткен генерал Апраксин теңізшілерге «оқ-дәріні бекерге жұмсамаңдар, қайта бортқа борт тіресіп келіп, борттағы барлық зеңбіректерден жаппай оқ атып, төменгі борттарды жауып тастап, әй-пәйға қарамай абордаж¹ ұмтылыңдар» деп үйретті.

Орыстың алдыңғы қатарлы ескекті қайықтары, осы тапсырманы орындай отырып, швед артиллериясының жаудыра доп атуына қарамастан, швед кемелерімен мықтап ұстасты. Ұрыс үш сағатқа созылды. Орыс солдаттары мен матростары қаһармандықпен абордаж жасап отырды. Гангут тұсындағы ұрыста шведтер 10 кемесінен, неше жүздеген адамдарынан айрылды. Гангут жеңісінің маңызын І Петр Полтава тұсындағы жеңіске теңеді. Гангуттан кейін шведтер теңіздегі бұрынғы күштілігінен айрылды. Сонымен қабат, орыс флоты өзінің теңіздегі соғыс жағынан ер жеткенін, орыс солдаттары

¹ Абордаж — жаудың кемесіне шығып алып, қолдасып ұрысу деген сөз (ред.).

мен теңізшілерінің батылдығын және жүректілігін айқып көрсетті.

Гангут ұрысынан кейін шведтер Балтық теңізінде үстемдік жүргізу үшін тағыда жеті жыл соғысты. Бұл дәуірде ұрыс әрекеттеріне құрғақтағы әскерлер ғана емес, орыстың бекінген соғыс флоты да қатынасты, ал соғыс флоты сан жағынан да, сапа жағынан да швед флотынан осал емес еді. Швед флотында 38 кеме болса, орыстың соғыс флотында 39 кеме болды. Орыс флот басқарушылары өздерінің өнері жағынан шведтерден басым болды, ал І Петр өзінің батыс замандастарынан озып шыққан аса ірі флот басшысы екенін көрсетті. Орыстың кеме флоты кейде шведтермен ұрыста айқаса отырып, Балтық теңізінде жүзіп жүрді.

Үлкен ұрыстардың бірі 1720 жылы 27 июльде Гельсингфорстың қасында Гренгам аралының тұсында болды. Аралдар мен тайыз жерлердің арасына келіп қыспаққа алынған дұшпан кемелеріне орыстың ескекті қайықтары шабуыл жасап, үлкен шығынға ұшыратты.

Орыстың жас флотының Гангут пен Гренгам тұсындағы тамаша жеңістері отанымыздың соғыс флотының даңқты тарихына алтын әріппен жазылды.

Ұлы Солтүстік соғысы 21 жылға созылды. 1721 жылы ғана Ништадтта (Финляндия) бітім жасалды. Бұл бітім бойынша Россия Фин және Рига қолтықтарының жағалауын, Нарвамен және Ревельмен бірге Эстляндияны, Ригамен бірге Лифляндияны, Выборгпен бірге Карелияның бір бөлегін алды.

Орыс халқының теңізге шығатын жол салу жолындағы XV ғасырдың аяқ шенінде басталған күресін Петр аяқтап шықты.

Россия соғыс және теңіз күші жағынан қуатты мемлекетке айналды. Ништадт бітімінен кейін сенат (Россиядағы жоғарғы мемлекеттік мекеме) Ұлы Петрға император атағын берді, Россия Россиялық империя болып аталатын болды.

3. ҰЛЫ ПЕТРДІҢ РЕФОРМАЛАРЫ

Полтава жеңісінен кейін Ұлы Петр Москваның орнына Нева бойындағы жаңа қаланы — Петербургты мемлекеттің астанасы етуге ұйғарды. Жаңа астананы

салуға он мыңдаған крепостной шаруалар әкелінді. Барлық қалаларға тас үйлер салуға тыйым салынды, ал тас қалаушыларды Петербургке көшіруге бұйырылды. Бұрынғы ормандар мен батпақтардың орнына кірпіштен, тастан қаланған үлкен үйлері бар түзу көшелер салынды. Петропавел қамалының қарсы алдында Неваның бойында кеме жасайтын үлкен верфь салынды. Одан кең көше басталып, ол көше Нева проспекті болып аталды.

Петербург үлкен сауда орталығына айналып, оған товар тиеген шетел кемелері келіп жатты.

Бірақ сауданың күшеюі Россияның артта қалғандығын жоя алмады. Меншікті өнеркәсібі нашар өркендегендіктен Россияның Батыс Европаға тәуелсіз болғандығын Петр түсінді. Елдің Мұқтаж болып отырған товарларының көбін Голландиядан, Швециядан, Англиядан және басқа елдерден әкелуге тура келді.

Россияның өнеркәсіп жағынан артта қалғандығын жоюға тырысып, Петр мануфактуралар құруға барынша дем беріп отырды. Оның жәрдемімен өндірістің бірсыпыра жаңа түрлері құрылды: мыс қорыту, кеме жасау, жібек гоку өндірістері және басқалары жасалды. Петр Урал өнеркәсібінің және Тула заводтарының негізін салды. Петрдің патшалық етуінің аяқ шенінде Россияда 240-гай мануфактуралар болды. Бірақ бұлар Батыс Европадағыдай кәсіп орындары емес еді. Бұларда көбінесе крепостной шаруалар жұмыс істеді. Жұмысшы күшінің тапшылығына байланысты, Петр 1721 жылы мануфактура иелерінің деревняларды шаруаларымен бірге сатып алуына рұқсат беретін Указ шығарды. Кәсіп орындарына қарасты болған мұндай шаруалар (оларды посессиалық шаруалар деп атады) мануфактураларда өмір бойы жұмыс істеуге тиісті болды, оларды кәсіп орындарымен бірге сатып отырды, солармен бірге сыйлыққа беріп отырды. Крепостник-иелер «жұмыс адамдарын» қатты қанап отырды, сондықтан бұлардың арасында жиі-жиі көтерілістер болып тұрды.

Шведтерге қарсы 21 жылға созылған ұзақ және қы-йын соғыс көп шығын жұмсауды керек қылды. Петр шаруалардан және посад халқынан алынатын көптеген ұсақ алымдарды жан басынан алынатын үлкен бір салғыртпен ауыстырды. Помещиктер мен олардың приказчиктері өздерінің қарамағындағы шаруалардың салғырты ұқыптап төлеуі үшін жауапты болатын болды. Жан

басына салынатын салғырт помещиктердің шаруаларға жүргізетін өкіметін нығайтты. Оның үстіне, көлденең салғырттар да — тұз, темекі, шарап салғырттары да және басқалары да ұлғайтылды. Айрықша адамдар — «пайдашылар» — кірістің түсетін жаңа көздерін үсті-үстіне ойлап тауып отырды. Барлық нәрсеге бірдей: ұядағы бал араларына, үйдің трубалары мен терезелеріне, қора ішіндегі моншаларға, базардан алатын орындарға салық салынды. Шаруалар соғыс жүктерін тасымалдауға, жолдар салуға, көпірлерді жөндеуге, армия мен флотқа азық-түлік, завод жұмыстарына кіргіші жеткізіп отыруға және басқаларына міндетті болды. Рекурттар алушылық деревняны қолынан жұмыс келетін адамдардан айырды, ол адамдар үйлеріне не мүлдем қайтпады не болмаса дәрменсіз жарым-жан болып қайтып отырды.

Шаруаларды басқа міндеттер де күйзелтті: адамдарды Азов пен Таганрог бекіністерін салуға, жаңа астана — Петербургтың құрылысына, Балтық теңізін Еділмен жалғастыратын каналдарды қазуға айдап апарып отырды.

Сонымен қабат, шығындары мықтан көбейген дворян-помещиктер ол шығындарды шаруаларды қанаушылығын күшейтумен жабуға тырысты. Помещиктердің арасында: «шаруаның түк бітуіне мүмкіндік бермей, оны қырыққан қойдай тықырлап қырқып оғыр» деген мақал шықты.

Күйзелтетін салықтарға, күшейген езушілікке шыдамай, көп шаруалар еркін казактар тұратын аудандарға қашты.

Шаруалар, казактардың төменгі топтары, қаланың кедейлері талай рет көтеріліс жасады. Осындай бірінші үлкен көтеріліс 1705 жылы Астраханьда болды, мұнда көтеріліс жасаған посад халқы, солдаттар, атқыштар, қызмет адамдары боярлар мен пайдашыларға қарсы көтеріліске аттанып, Еділ бойымен Москваға жорық жасамашы болды.

Астрахань көтерілісі сегіз айдай уақытқа созылды. Ол көтерілісті патшаның әскерлері басып жанышты. Көтеріліске қатнасушылар және оның басышылары қатты жазаланды.

Астрахань көтерілісі аяқталысымен, 1707 жылы, Дон бойында және Еділ бойында Кондратий Булавиннің басшылығымен жаңа, бұрынғыдан да гөрі қатерлі кө-

теріліс бұрк ете түеті. 1708 жылдың көктемінде бұл көтеріліс Донның бүкіл жоғарғы жағын қамтыды. Булавин помещиктерді, пайдашыларды жазалауға, патшаның егіндік жерін жыртпауға шақырып, тұс-тұсқа хаттар таратты.

1708 жылы май айында көтерілісші казактар мен шаруалар Булавинді Донның Бүкіл ұлы әскерінің атаманы етіп сайлады. Оған қарсы жіберілген дворяндық жазалаушы армия халық қозғалысын тоқтата алмады. Бірақ, дәулетті казактар Булавинді сатып кетті. Үкімет әскерлерімен байланыс жасап, дәулетті казактар Булавин тұрған үйді қоршап алды, сөйтіп көтерілістің басшысын ұстап алмақшы болды. Қолға түскісі келмеген Булавин өзі атылып өлді. Булавин апат болғаннан кейін де көтеріліс басылмады.

Булавин көтерілісімен қатар Еділ бойында және Жайық бойында башқұрттардың, татарлардың, удмурттардың көтерілісі кең өріс алды. Бұл көтеріліс патша үкіметінің ұлттық езушілігі және қанаушылығы күшейгендігінен туды. Башқұрттарға ауыр салықтар салынды. Тіпті адамның көзіне де салық салуға дейін барды. Қара көзділерге 2 алтын, көк көзділерге 8 алтын салық салынды. Орыс дворяндары мен Урал заводшылары башқұрттың жерлерін тартып ала бастады. Патшаның әкімшілік орындары адам айтқысыз озбырлық, зорлық істеп отырды. Көтеріліс бірнеше жылға созылып, өз халқына опасыздық істеген башқұрт және татар феодалдарының, сонымен қатар, мұсылман руханилерінің жәрдеммен басылып жаншылды.

Петр купецтер қатарын нығайтуға үлкен маңыз берді, өйткені сыртқы және ішкі сауда солардың қолында еді. Ол купецтерге әртүрлі жеңілдіктер және ақшалай қарыздар беріп отырды.

Бірақ, мемлекет ішінде үстем тап дворяндар болып қала берді. Барлық вотчиналар мен поместьелер дворяндардың толық меншігіне — олардың именнелеріне айналды.

Петр берік мемлекеттік аппарат құруға тырысты. 1711 жылы Үкімет сенаты құрылды. Бұл — жаңа заңдардың жобаларын жасап отыруға және басқа мемлекеттік мекемелердің жұмысын қадағалап отыруға міндетті болған жоғарғы мемлекеттік мекеме еді. Бұрынғы приказдардың орнына онекі коллегия құрылды. Әрбір коллегия

басқарудың қандай да болса бір саласымен шұғылданды. Петр патриархалдықты жойып, шіркеуді мемлекетке бағындырды. Шіркеу басқармасының басшылығына ол руханилер коллегиясын немесе синодты қойды.

Бүкіл ел губернияларға бөлінді, бұларды басқаруға губернаторлар қойылды.

Петр соғыс реформаларына ерекше көңіл бөлді. Петр кұрған тұрақты армия орыстың ұлттық армиясы болды. Бұл армия рекурдтар жыйнау жолымен толықтырылып отырды. Бірнеше шаруалар үйінің оргасынан бір рекурт бөліп шығарылуға тиісті болды. Мұндай рекуртты өмір бойы әскер қызметін атқаруға алып отырды. Армияның командирлері офицер-дворяндар болды.

Петрдің патшалық етуінің аяқ кезінде орыс армиясы өзінің ұйымдасуы, жабдықталуы және жауынгерлік даярлығы жағынан ең жақсы европалық армиялардан қалыспады. Оның қатарында, казактарды санамағанда, 200 мыңдай солдат болды.

Петр, мұнымен қатар, күшті теңіз флотын құрды. Петрге дейін Россияның бірде-бір соғыс кемесі болған жоқ еді. XVIII ғасырдың бас кезінде Балтық флотында 48 үлкен желкенді кемелер, көптеген ұсақ ескекті қайықтар болды. Орыс флоты Европадағы ең күшті флоттардың біріне айналды.

Дворяндар және жаңа туып келе жатқан қала купецтерінің табы мемлекет ішінде басшылық роль атқарды. Сталин жолдас ұлы Петр басқарған Орыс мемлекетін былай деп сыпаттайды:

«...Ұлы Петр помещиктер табының дәрежесін көтеру үшін және жаңа туып келе жатқан купецтер табын күшейту үшін көп нәрсе істеді. Петр помещиктер мен саудагерлердің ұлттық мемлекетін құрып, нығайту үшін өте көп нәрсе істеді. Мұнымен қатар, мынаны айту керек: помещиктер табының дәрежесін көтеру, жаңа туып келе жатқан саудагерлер табына жәрдемдесу және ол таптардың ұлттық мемлекетін нығайту терісі теспей сорылған крепостной шаруалардың есебінен істеліп отырды».

Россиядағы мемлекеттік өзгерістер мәдениетті адамдарды көп керек қылды. Петр заманында мектепте білім беру ісі басталды. Жалпы білім беру үшін «цифр» мектептері ашылды (цифр деп арифметиканы атайтын). Бұл мектептерде дворяндардың 10 жастан 15 жас-

қа дейінгі балалары оқыды. Москва мен Петербургте бірнеше арнаулы оқу орындары ашылып, оларда математика немесе медицина білімдері оқытылды, сонымен қатар, теңіз және артиллерия училищелері ашылды. Петр Россияла ғылым орталығын — Россиялық ғылым академиясын құруды күн бұрын ойлап, әзірлік жүргізді. Оның бұл ойлағанын жүзеге асыруына ажалы бөгет болды. Академия Петр қайтыс болғаннан кейін 1725 жылдың аяғында ашылды.

Петр кыйын шіркеу-славян әрпінің орнына оқу үшін оңайырақ азаматтық әрпін енгізді. Ол Европа елдерінде қабылданған жаңа календарьды да енгізді. Петрдің тұсында оқу және практика жөнінде көптеген жетекші құралдар басылып шығарылды, сонымен қатар, дүркін-дүркін шығатын баспасөздің негізі салынды. 1703 жылдан бастап Москвада, содан соң Петербургте тұңғыш орыс газеті «Ведомости» шыға бастады.

Петр ескі үлгімен тігілген киімді кнюге тыйым салып, Батыста киетін қысқа киімді кидірді. Ол әйелдердің үйде қамалушылығына қарсы күресіп, оларға өз ерлерімен және ата-аналарымен бірге «ассамблеяларға» (сауық кештеріне) барып тұруды бұйырды.

І Петр орыс дворяндарынан барлық істе, тіпті үй тұрмысынла. Батыс Европаның дворяндарына еліктеуді талап етті. Нақ сол уақыттан бастап, орыс дворяндарының арасында «Батысқа» әуестенушілік, шетелдіктердің алдында бас ию, орыс мәдениетіне немқұрайды қарау, оның дәрежесін кемсіту күшейе бастады. Мұның өзі Петр патшаның осындай жолмен жүргізген саясатының, Россияны европаландыру саясатының жаман зардабы болды.

Өзінің саяси дұшпандарына қарсы күресте Петр мейрімсіз және қайсар болды. Мемлекет ішіндегі өзгерістерге наразы болған ескі тәртіпті жақтаушылар мемлекеттің шетелдердегі жауларымен қарым-қатнас жасай бастады. Тіпті Петрдің баласы Алексей де отанына опасыздық еткен болып шықты. Петр өзінің баласын сотқа берді, сот оны өлім жазасына бұйырды. Өзінің бірінші әйелі, өз төңірегіне ескілікті жақтайтындарды жыйнаған Евдокия Лопухинаны патша монастырьға салды.

Петр өзі жүргізген өзгерістердің жолында тұрған кедергі-бөгеттердің бәрі батыл сыпырып тастап отырды.

Петр «варварлыққа қарсы күрестің варварлық әдістерінен» тайынбады, деп Ленин атап көрсетті.

Ұлы Петрдің тұсында Россия зор армиясы мен флоты бар, дайындалған чиновник және дипломат кадрлары бар күшті империяға айналды. Петрдің тұсында Россия мәдениет саласында да едәуір жеңістерге жетті. Мұның өзі біздің Отанымыздың тарихи дамуындағы маңызды кезең болып, европалық ұлы державалардың қатарында оның бұрынғыдан әрі өсуіне қолайлы жағдайлар тудырды.

Кейбір ескі тарихшылардың айтқанындай, Ұлы Петрдің өзгерістері елдің өткендегі тарихымен сағасыпаған патшаның «өктемдігінің» нәтижесі болған жоқ. Мұның керісінше, ол өзгерістер орыс мемлекетінің бұдан бұрынғы барлық дамуымен даярланды. І Петрдің ұлы адам болатын себебі — ол тарихтың Россия алдына қойған міндеттерін дұрыс түсінді және ол міндеттерді орындау жолында қажымай күресті. ;



VI т а р а у

XVIII ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ РОССИЯ

1. РОССИЯНЫҢ ЖЕТІ ЖЫЛДЫҚ СОҒЫСҚА ҚАТЫСУЫ

Улы Петр 1725 жылы өлді. Ол өзіне мұрагер тағайындамаған еді. Гвардия полктеріне арқа сүйеген астана дворяндары арасында өкімет билігі үшін талас басталды. Дәл осы дәуір сарай төңкерістері дәуірі болды, бұл кезде өкімет билігінен дәмеленгендер бірінің орнына бірі келіп ауысып отырды. Петрдің Анна Ивановна (оның жиені) немесе Петр III (оның немересі) сыяқты мұрагерлері мемлекетті басқару қолынан келмейтін ынжық, надан адамдар еді. I Петрдің басқа мұрагерлері жас еді, олар император деген атаққа ғана ие болып жүрді. Олардың орнына мемлекетті кездейсоқ адамдар, көбінесе шет елдерден келген алаяқтар басқарды. I Петрдің мұрагерлері тұсында мемлекетті басқару ісінде, шаруашылық тұрмыстың барлық салаларында шетелдіктердің ықпалы күшті болды. Міне, осының салдарынан шет елдің әсері алдында бас июшілік орын тепті, бұл әдет дворяндар қоғамының билеуші топтары арасында көп тарады. Анна Ивановна мемлекет ішіндегі өкімет билігін іс жүзінде дөрекі, білімсіз неміс Биронының қолына беріп қойды. Анна Ивановнаның заманынан бері қарай Россияда немістердің билік етуі тіпті күшейе бастады. Немістер үкімет аппаратын, елдің басқа да маңызды мекемелерін билеп алуға тырысты. Олар орыс дворяндарының үйлерінде мұғалім, тәрбиеші болып қызмет атқарып, балаларды орысқа тән нәрселердің бәрін жек көру рухында, шетел әсерінің бәрінің алдында тізе бұғу рухында тәрбиеледі.

Шет елдіктердің үстемдігі орыс дворяндарының таңдаулы өкілдерінің ызасын қайнатты. 1741 жылғы сарай

төнкерісі, міне, осы ызаның бір белгісі еді. Бұл төнкерістің нәтижесінде таққа Петрдің қызы Елизавета Петровна отырғызылды.

XVIII ғасырдың орта шенінде Россияның европа істеріне ықпалы күшейді. Бұл Россияның көршілерінің әлсіреген кезі еді. Швеция күшінен әлде қашан айрылған болатын. Түріктер мен қырым татарларының да бұрынғы аброй-атағының тамтығы ғана қалып еді. Россия үшін Польша да қауіпті жау болудан қалды. Немістердің талай ондаған ұсақ мемлекеттерінің дәрменсіз одағы — герман феодалдарының мемлекеті де қаусай бастады. Олардың ішіндегі ең ірілері Австрия мен Пруссия еді, бұлардың да корольдері бірімен бірі бәсекелесумен болды. 1740 жылы II Фридрих Пруссияның королі болып алды. Замандастарының айтуына қарағанда, бұл «өте айлакер король» көршілеріне күтпеген жерден шабуыл жасап, басқаның жерін шімірікпестен тартып ала берді. II Фридрих: «Әуелі жаулап алып, содан кейін келіссөз жүргізу керек» дейтін.

Пруссияның басқыншылық саясаты салдарынан Европада үлкен соғыс туды, бұл соғыс Жеті жылдық соғыс (1756—1763 жылдар) деп аталды. Англия Пруссия жағында болды. Англия Пруссияның көмегімен өзінің теңіз-дегі бәсекелесі—Францияны әлсірету ниетін көздеді. Россия Пруссияға қарсы Францияның, Австрияның және Саксонияның одағына қосылды. II Фридрих өзінің соғыс күштері жағынан дұшпандарынан басым екендігіне қатты сенген еді. Оның жалдамалы солдаттардан құралған армиясы соғыс өнерін жақсы үйретіп қойған, оңай жеңістерге тез жетіп дәнiккен, «жеңiлмейдi» деп атағы шыққан армия болатын.

1757 жылғы августа орыс армиясы Шығыс Пруссия шекарасынан өтіп, Кенигсбергке шабуыл бастады. Орыс әскерлері өткел бермейтін сазды жермен, орман ішіндегі жіңішке соқпаққа түсіп жүріп келе жатқанда, немістер ұрыс майданының жан-жағын түгел қоршап алып, орыс әскерлеріне шабуыл жасады. Орыс әскерлері осындай қоршауда қалып, Гросс-Егерсдорф деревнясы маңында лажсыз ұрысқа кірісті. Орыс әскерлері «ура» деген ұранмен найзаласып атақаға ұмтылып, немістерді ығыстырып тастады. Немістердің шабуылына тойтарыс беруде орыс артиллериясы үлкен роль атқарды. Дәл осы соғыс қарсаңында зеңбіректердің жаңа түрі, ескі зеңбіректерден ана-

ғұрлым алысқа атылатын, анағұрлым қолайлы түрлері пайда болған еді.

Егерсдорф жеңісі немістердің құтын қашырды. Кенигсберг ешқандай ұрыссыз берілді. Бүкіл Шығыс Пруссия түгел дерлік орыстардың қолына түсті.

Орыс әскерлерінің Шығыс Пруссиядағы жеңісі жауларды ғана емес, Россияның одақтастарын да қорқытты. Орыс ықпалының күшеюінен қорқып одақтастар орыс армиясын қуаттамады. Мұның салдарынан орыс әскерлері Цорндорф маңында қыйын-қыстау жағдайға кезікті. Бірақ орыс әскерлері үлкен күш жұмсап, талай құрбандыққа шыдап, бұл арадағы қыйыншылықтардан да аброймен құтылып шықты. Цорндорф маңында болған ұрыстан кейін тіпті Фридрихтің өзі: «Бұл орыстардың бірін қалдырмай өлтіруге болар, бірақ жеңіп болатын емес» деп мойындады. Ал өзінің солдаттары туралы: «Менің сұмырайларым жаман қатындарша қаша жөнелді» деп жазды.

Цорндорф маңындағы ұрыстан кейін тыныштық орнады. Пруссия армиясының тыйтығы қалмады. 1759 жылдың жазында орыс генералы Салтыков армияны Берлинге қарай шабуылға бастады. Одер бойындағы Франкфурт қаласынан бес километр жерде Кунерсдорф деревнясы түбінде шешуші ұрыс болды. Орыс артиллериясының біршақша жаудырған оғына төтеп бере алмаған пруссактар үрейленіп, көлдердің арасындағы тар өткелдерге түсіп қашып берді. Жаудың талқандалуы соншалық, тіпті корольдің өзі қолға түсіп қала жаздады. II Фридрих өзі өлтіруге таяп еді. «Мен бақытсызбын, өйткені әлі күнге тірі жүрмін, — деп жазды король.—48 мың адамы бар армиямнан 3 мың да адам қалағын түрі жоқ. Мен мұны айтып тұрған кезде олардың бәрі қашып жатыр, енді мен бұл адамдарға билік жүргізуден қалдым».

Берлинде үрейленушілік туа бастады. Корольдің семьясымен Берлиннің өкімет орындары астанадан кетіп қалды. Австрия командованиясі Берлинге жорық жасаудан бас тартып, II Фридрихты құтқарып қалды. Бұл жағдай II Фридрихқа жаңадан армия жыйнауға мүмкіндік берді. Болғанмен де орыс әскерлері бір жылдан кейін, 1760 жылғы 9 октябрьде, немістердің астанасын басып алды. Берлин қаласының басшылары қаладағы қамалдың қақпаларының кілттерін мақпал жастыққа салып, орыс командованиясіне әкеп тапсырды.

Пруссияның соғыс күйі мүшкілденді. Бірақ осы кезде орыс патшасы Елизавета Петровна қайтыс болды. Елизаветаның жиені, III Петр атын алған голштин принці Россияның императоры болып алды. II Фридрихты өлердей сыйлайтын III Петр орыс әскерлерін қайтарып алып, Пруссиямен одақтасу шартын жасады. Пруссиямен соғысқан кезде өте көп құрбандық беріп, өзінің жауынгерлік туларын жаңа даңққа бөлеген орыс армиясы бұған қатты күйінді. III Петр Россияның емес, Пруссияның мүддесін қорғайтындығы жұрттың бәріне түсінікті болды.

Бізасы қайнаған гвардияшылар жаңа императорға қастандық ұйымдастырды. 1762 жылдың жазында III Петр тұтқынға алынып, көп ұзамай өлтірілді. Оның әйелі II Екатерина император болып жарияланды.

2. РОССИЯДА ШАРУАЛАРДЫҢ XVIII ҒАСЫРДАҒЫ ҰЛЫ СОҒЫСЫ

II Екатерина патшалық еткен дәуір (1762—1796) Россияны билеген дворян-помещиктердің дәуірлеген кезі болды. III Петр тұсында «дворяндардың еркіндігі туралы» указ жарияланды. Указ дворяндарға қызмет істемеуге ерік берді. Бұл бұйрықтан кейін дворяндардың көбі қызметті тастап, мекендеріне барып орналасып, қол астындағы крепостной шаруаларды езушілігін күшейте түсті. Дворян-помещиктің шаруаларды жерсіз қалдыруға, олардың саймандарын тартып алып, өздерін топтап немесе жекелеп сатуға, жылқыға, итке немесе басқа бір нәрсеге айырбастауға правосы болды. Кісі сатамын деген жарнамалар сол кездегі газеттерде жиі кездесетін еді. Адамға мал есебінде қаралды. Помещиктердің аз да болса дегенінен шықпаған басыбайлы шаруаларға дүре соғылып, ауыр азапқа тартылатын болды. Шаруалар жан басы салық төлеуге, ұлдарын рекрутқа беруге, жол міндетін, тағы басқа талай-талай міндеттерді өтеуге тиісті болды.

Аяусыз қанау мен басыбайлылық езгін стихиялы қозғалыстар туғызды. Шаруалар помещиктерге қарсы көтеріліп, олардың үй-жайын өртеп, көп жерде езушілердің өздерін де өлтіріп жүрді. II Екатерина патшалық құрған алғашқы он жыл ішінде шаруалардың помещиктерге қарсы қырыққа таяу бас көтерулері болды. XVIII ғасырдың 70-жылдарында шаруалар қозғалысы шаруалардың ұл-

кен соғысына айналды. Бұл қозғалыстың басында Дон бойының казагі Емельян Иванович Пугачев болды. Жас шағында ол Жеті жылдық соғысқа қатысып, бұдан кейін, әскер қатарында жүріп, Польшада және Түркияда болған еді. Пугачев соғыстан кейін қашқын казак болып, бүкіл елді кезіп, болған жерінің бәрінде помещиктер мен патша өкіметінің езгісін, озбырлығын өз көзімен көрді. Пугачев жайық өзені бойындағы казактар ортасына келіп, басыбайлылық тәртіпке наразы казактар мен шаруаларды маңайына жыйнап алды. Халық ішінде таяуда император III Петр «келеді», халыққа қысым жасаушы II Екатерина патшаға қарсы соғыс ашады, деген сыбыс тарады. Қажыған халық III Петрдің кім болғанын шындап білмейтін, олар патша халықты помещик-крепостниктерден қорғайды, деп үміттенді.

Пугачев III Петр императордың атымен «манифестер» шығарып халыққа «кұлдықтың бұғауынан» азат етемін, егіндік және шабындық жер бөліп беремін, рекуртка алынудан, алым-салықтардан босатамын деп уәде берді. Пугачев халықты «жауыз-дворяндар» мен «парақорсудьяларды» аяусыз қыруға шақырды.

Пугачев царизм тепкісінде болған халықтарға — башқұрттарға, казактарға, татарларға және басқаларға, арналған үндеулерінде оларды көтеріліске қосылуға шақырып, оларға ұлт және діни езгіден құтқарамын, помещиктер тартып алған жерлерінді қайтарып беремін, алым-салықтан босатамын деп уәде берді.

1773 жылдың күзінде көтеріліс бүкіл Еділ бойын қамтыды. Көтеріліс Оралдың тау-кен заводтарының аудандарына да тарады. Мұнда шаруалар соғысы ерекше күшті өріс алды. 1774 жылғы февральдің аяғында пугачевшілдер Оралдағы 92 заводты алды. Оралдың «жұмыс адамдары» мен шаруалары Пугачевке арнап зеңбірек, доп даярлап, қорғасын және темір шығарды.

Пугачевке барлық жердегі орыс емес халықтар: башқұрттар, казактар, мордвалар және басқалар қосылды. Әсіресе Башкириядағы көтеріліс күшті болды. Мұндағы көтерілісті ержүрек жауынгер, әрі ақын Салауат Юлаев бастады.

Қозғалыс үлкен қауіп тудырды. Екатерина үкіметі Пугачевке қарсы жақсы қаруланған әскерлерін, таңдаулы генералдар жіберді. 1774 жылғы июльде Қазан түбінде болған ұрыста Пугачев талқандалып, өзінің артилле-

риясынан айрылды. Ол азынаулақ отрядымен Еділдің оң жағына өтті. Көтерілісті бұл жердің халқы да түгел бірауыздан қостады.

Еділ бойы ғана емес, тіпті орталық губернияларда да Москваның өзінде де халық Пугачевтің келуін мықтап күтті. Бірақ Пугачев Донға тартуға бел байлады. Ондағы есебі армиясын дон казактарымен толықтырып алу еді.

1774 жылғы 24 августа патшаның күшті армиясы Пугачевтің әскерлеріне күтпеген жерден шабуыл жасап, Пугачев тұтқыйыл жағдайға душар болды.

Үкімет Пугачевті ұстап берген адамға үлкен сый беріледі деп жариялады. Патша указдарында: «Бұл жауыз бүлік салушыны ұстап, тірідей алып келген адамға бір минут кідірместен 30 мың сом сыйлық берілсін, ал оны өлтіріп, өлігін әкелген адамға — бес мың сом берілсін» деп жар салынды. Сатқындар Пугачевтің жалғыз отырған кезін аңдып тұрып, қаруын тартып алып, қол-аяғын байлап, оны Жайық қаласына әкелді.

Бұдан кейін Пугачев әдейілеп жасалған торға отырғызылып, маңына күшті күзет қойылып, Москваға сотқа апарылды. Сот Пугачевті «кескілеп өлтіріп, басы қазыққа қадалсын, денесі бөлшектеліп, арбаның дөңгелегіне таңылып, қаланың әр жеріне апарылсын, бұдан кейін жеткен жерлерінде өртеп жіберілсін» деген үкім шығарды.

1775 жылғы 10 январьда тәңертең Москвадағы Болотная алаңында Пугачев өлім жазасына тартылатын болды. Пугачев шананың үстіндегі ең биік орында еңсесін жоғары ұстап келе жатты. Оның кісендеулі серіктері шананың соңынан еріп келді. Пугачев биікке шығып, үкімді үлкен сабырлықпен тындады, жан-жағына қарап басын иді де, халыққа бетін бұрып: «Қайран халқым, сенің алдында істеген дөрекілігім болса, кешірерсің» деді. Дәл сол мезетте шаруалардың көсемі Пугачевтің қанға малынған басы жерге домалап түсті.

Үкімет Пугачев қозғалысына қатысқандарды аяусыз жазалады. Дарға асылғандардың денесі жолдардың тұйысқан жерінде көпке дейін ілулі тұрды. Пугачевшілдер асылған дарлар Қама мен Еділ өзендерімен баяу ғана ағып бара жатты. Өлім жазасына тартылғандардың әйелдері мен балалары үкімет чиновниктеріне басыбайлы етіп берілді.

1773—1775 жылдардағы шаруалар соғысы өзінің құлашының кеңдігі жағынан, оған қатынасқан адамдардың көптігі жағынан патшалық Россиядағы шаруалардың ең ірі және қаһарлы көтерілісі болды. Бұл соғыста халық бұқарасы бұрынды-соңды болмаған ерлік, қаһармандық, батырлық көрсетті. Пугачев көтерілісі халық бұқарасының мүддесін қорғау мақсатын көздеп, патша үкіметінің негізін шайқалтты. Сондықтан да бұл көтерілістің прогрессивтік сыпаты болды. Бірақ бұл қозғалыс стихиялы қозғалыс болғандықтан жеңіске жете алмады. «Шаруалар көтерілістері, — дейді Сталин жолдас, — егер ол жұмысшылар көтерілістерімен ұштастырылған күнде ғана және шаруалар көтерілістеріне жұмысшылар басшылық еткен күнде ғана табысқа жеткізе алады. Тек жұмысшы табы бастап біріккен көтеріліс қана мақсатқа жеткізе алады».

3. РОССИЯНЫҢ XVIII ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ СОҒЫСТАРЫ. ҚОЛБАСШЫ РУМЯНЦЕВ ПЕН СУВОРОВ

Шаруалар соғысы дворяндар империясының негізін мықтап шайқалтты. Әйел император ІІ Екатерина жаңа бас көтерулерден қорқып, дворяндардың үстемділігін күшейтті. Ол жомарттық істеп, мемлекет жерлерін немесе жаулап алынған жерлерді дворяндарға үлестірді. Дворяндарға берілген праволар мен жеңілдіктер 1785 жылғы 21 апрельде жарияланған «Дворяндарға арналған сыйлық грамотада» жазылды. Бұл грамотада жерді және крепостной шаруаларды иеленуге дворяндардың ғана правосы бар, деп көрсетілді.

Шаруалардың көтерілістеріне қарсы күресу ниетімен өкіметтің жергілікті аппараты күшейтілді. Россия 50 губернияға бөлінді, бұл губернияларды губернаторлар басқарды. Ал губерниялар уездерге бөлініп, олардың басында жергілікті дворяндар сайлайтын исправниктер болды.

ІІ Екатерина дворяндар империясының ішкі жағдайын ғана емес, халықаралық жағдайын да нығайтуға тырысты. Ол Европа мемлекеттерінің саясатында Россияның басшылық роль атқаруын қамтамасыз ету мақсатын көздеді. Бұл үшін ол орыс армиясының күші мен қуатына арқа сүйеді.

. Аса көрнекті қолбасшы Румянцевтің даңқы Жеті жылдық соғыс тұсында немістерді талай-талай жеңген кезінде-ақ шыққан болатын. Болашақ қолбасшы Суворов та өзінің соғыс қызметін осы кезде бастады. Орыстың соғыс өнерінің дамуы Суворовтың есімімен тығыз байланысты.

Суворов 1730 жылы туған. Ол науқас, нәзік бала еді, сондықтан әкесі оны соғыс мәнсабына даярламаған Алайда 10 жасынан бастап Суворов соғыс ісімен айналысуға бел байлады. Ол табандылықпен шынығуға кірісті: суық суға шомылып, әуе райы қандай болса да терезесі ашық үйде ұйықтады, жылы киім киюге әуестенбеді.

Суворов әскери қызметке онжеті жасынан бастап кіріп, Семенов гвардия полкінде капрал (кіші унтер-офицер) болып қызмет істеді. Содан бірте-бірте әскери жоғары қызметтерге жоғарылай берді. Ол соғыс уставтары мен строй қызметін өте жақсы біліп алды. Урысқа тұңғыш рет Пруссияға қарсы Жеті жылдық соғыс кезінде офицер болып жүріп қатынасты. Урып-соғу тәртібіне және аса қыйын строй сабақтарына негізделген неміс соғыс системасын орыс армиясында қолдану дұрыс емес екендігін Суворов сол уақытта-ақ түсініп, өз полкының солдаттарын жаңаша үйрете бастаған болатын. Суворов солдаттар мен дворяндардың балалары үшін екі мектеп салдырып, бұл мектептерде өзі сабақ берді. Ол барлық назарын парадтарда сап түзеп жүретін әскер емес, соғысқа жарамды, ынталы әскер дайындауға аударды. Сондықтан да солдаттардың маневрлері де соғыстағы сыяқты жағдайларда өткізілді. Суворов өзінің солдаттарына: «Үйренгенде ауыр болса — жорықта жеңіл болмақ, үйренгенде жеңіл болса — жорықта ауыр болмақ» дейтін.

Ол өзінің әскери көзқарастарын кейіннен «Жену ғылымы» деп аталып кеткен атақты нұсқауында жазып шығарды. Бұл нұсқау қарапайым, халық тілімен, қысқа және өткір нақыл сөздермен, ереже ретінде жазылған. Нұсқаудың «Солдаттарға арналған ақыл сөз» деп аталған екінші бөлімінде Суворов соғыс өнерінің негізгі үш ережесін байымдайды. Ол — көз мөлшері, шапшаңдық және тегеуірінділік ережелері еді.

Суворов солдаттардан жеделдікті, шабуылға аса бейімділікті, асқан ерлікті, сонымен бірге, сабырлы болуды, жағдайды есепке ала білуді талап еткен.

Суворов ол кездегі мылтықтың кемеліне келмеген қа-

ру екендігін еске алып, найза шабуылына үлкен мән берді. Сонымен бірге, ол солдаттардан мылтықты жақсы біліп, оны шебер пайдалана білуді талап етті. Суворов: «Сирек ат та, дәл тигіз!» деп үйрететін. Ол солдаттардың ұрыстағы басты міндеті — жауды кұрту екендігін оларға үнемі ескертіп отырған. Суворов: «Жаудың шегінгені істің сәті түспегені, жау кұртылса, қырғынға ұшыратылса — сәті түскені» дейтін еді.

Суворов солдаттың өз міндетіне саналы қарауын, соғыс білімдерін меңгеруге талпынуын қатты бағалады. Суворов: «Әрбір солдат өзінің маневрін білуге тиіс» деп көп айтатын еді. Ол солдаттың: «Біле алмадым» деп жауап қайтаруын тіпті жаратпайтын. Суворов: «Біле алмадымның қырсығы шаш жеткісіз көп» — дейтін. Суворов орыс солдаттарының жауынгерлік және жеке басының қасиеттерін қатты бағалай отырып, командирлерден солдаттардың қамын ойлауды, тілегін өтеуді талап еткен. Оның өз басы солдаттармен мыйдай араласып, солдаттар ішіп-жейтін сорпа мен ботқаны тамақ етіп, қарапайым жорық киімдерін киіп жүретін болған. Солдаттар өзінің қолбасшысын шексіз жақсы көріп, оған еріп жүргенде оттан да, судан да тайынбайтын болды.

Пруссия соғыс системасына бас игенде және сарай төңірегінің жоғары ұлықтары Суворов қолданған жаңалықтарды жақтырмады. Бірақ соғыс жүргізу қажет болғандықтан Суворовтың қолбасшылық өнерін пайдаланбауға үкіметтің лажы болмады.

Суворов өзінің соғыс мәселесіндегі жаңа принциптерін бірінші орыс-түрік соғысы (1768—1774 жылдар) кезінде ақ қолданған болатын. Соғысты Түркия бастады. Түркия Россияның оңтүстіктегі теңіздерге шығуына көптен бері бөгет жасап келген еді. Орыстардың Таяу Шығыста және Жерорта теңізі елдерінде сауда жүргізуінен қорыққан Франция бұл соғыста Түркияны жақтады.

Бұл кезде II Екатеринаның бір мезгілде екі елмен — Түркия мен және Польшамен соғыс жүргізуіне тура келді. Европадағылар Россия екі бірдей соғысты көтере алмайды, Қара теңізге қарай бет алу және Балтық бойында бекіну жөніндегі жоспарларынан бас тартады, деген сенімде болды. Бірақ Румянцев пен Суворов сыяқты аса көрнекті қолбасшылардың соғыс өнері, орыс солдаттары мен теңізшілерінің асқан ерлігі Россияның соғыста тағы да данқын шығарды.

Румянцевтің соғыс тактикасы батыл, басқалардан өзгеше тактика еді. Жаудың адам күштерін күртуға тырысып, Румянцев дұшпанды өзі «іздеп» жүретін. Жау күштерінің әлде қайда басым болуына қарамастан, Румянцев түрік армиясына шабуыл жасап, оны әуелі Ларга өзені бойында, одан кейін Кагул өзені (Дунайдың саласы) жағасында үлкен жеңіліске ұшыратты. Бұл жеңістердің арқасында Днестр мен Дунайдың арасындағы жердің бәрі түріктерден тазартылды. Осы жеңістер үшін Румянцев генерал-фельдмаршал атағын алып, ал Дунайдан өткені үшін «Задунайский» деп аталатын болды.

Румянцев соғыс өнері жөніндегі негізгі принциптерін армияға нұсқау ретінде шығарылған «Қызмет ғұрыптары» деген еңбегінде баяндады. Бұл нұсқау шабуыл жасауды жақтаған стратегия мен тактика рұхында жазылған. Бұл стратегия мен тактиканы Румянцевтің шәкірті — орыстың данышпан қолбасшысы Суворов онан әрі дамытып, дәлелдей түсті.

Кұрғақтағы және теңіздегі әскери күштердің қыймылдарын шебер ұштастыра білу — орыстың соғыс өнерінің негізгі принциптерінің бірі болды. Түріктің Дунай өзені бойына жыйнақталған соғыс күштерінің біразын соғыстың негізгі майданынан басқа жаққа тарту үшін орыстар тағы бір майдан ашты. Осы мақсатпен Балтық теңізінен Жерорта теңізіндегі Архипелагке орыс флоты жіберілді. Адмирал Спиридов бастаған орыс эскадрасы күтпеген жерден Греция жағалауына келіп, жаудың кемелері мен зеңбіректерінің саны екі есе басым бола тұрса да, 1770 жылғы 26 июньде түрік флотына батыл шабуыл жасады. Теңіз бетінде бірнеше сағатқа созылған қатал ұрыстан кейін түрік флоты алды-артына қарамай қашып, Чесма қойнауына шегінді. Орыс флоты оны қуып осы қойнауға қамауға алды. Түріктер шабуылға үлкен қыйыншылықпен әрең тойтарыс беріп отырды. Орыс кемесінен жанатын снаряд тасталып, қойнаудың қақ ортасындағы түрік кемелерінің бірінен өрт шықты. Көп ұзамай өрт етек алып, маңдағы басқа кемелерге де тарап, таң мезгілі болғанда түрік флоты түгел дерлік өртенді. Чесмада түріктер ең жақсы кемелерінен айрылды.

Чесмадағы ұрыста қалай жеңгендікті айта келіп, адмирал Спиридов Петербургке берген хабарында: «Бүкіл Россия флотының абройы арта берсін! Июньнің 25-нен 26-на қараған түні дұшпанның әскери флотына шабуыл

жасап, оны талқандап, қыйратып, өртеп, әлегін аспаннан келтіріп, күлін көкке ұшырып, суға батырып жібердік...» деп жазды.

1771 жылы орыстың екінші бір армиясы аз уақыт ішінде бүкіл Қырымды жеңіп алды. Соғыс жылдары ішінде орыс армиясы Дунайдан бірнеше рет өтті. Бұл жорықтар тұсында А. В. Суворов көзге ерекше түсіп, түріктерді талай-талай елеулі жеңілістерге ұшыратты. Түріктер лажсыздан бітім сұрап, 1774 жылғы 10 июльде Кучук-Қайнарджа деревнясында бітім шартына қол қойды. Бұл шарт бойынша Азов, Керчь және Днепр мен Буг өзендері арасындағы дала Россияның қоластына көшті. Кейінірек, 1783 жылы Россияға Қырым да қосылды. Қырымда орыс соғыс флоты үшін күшті порт — Севастополь салынды.

Түркия Қырымнан біржолата айрылғысы келмеді, өйткені мұның өзі Түркия үшін Қара теңіздегі үстемдігінен айрылу деген сөз еді. Сонымен, 1787 жылы Түркия Россияға қарсы екінші рет соғыс бастады.

1789 жылғы көктемде Суворов Молдавияға тағайындалды. Мұнда ол Фокшаның маңында, Рымник өзені бойында тамаша жеңістерге ие болып даңқы шықты. Әсіресе түріктің өте күшті қамалы Измаилға асқан ерлікпен шабуыл жасап, оның даңқы жер жарды.

Измаил қамалы француз және неміс инженерлерінің басшылығымен европаша салынған үздік берік қамал болатын. Бұл қамал Дунайға шығатын жолды жауып тұрды. Суворовқа оны бетпе-бет шабуыл жасап алуға бұйрық берілді. Бұл қыйын ұрысқа Суворов ұзақ және ұқыпты даярланды. Ол оңаша жерге, жауға сездірмей Измаил қамалынан айнымайтын үлгі жасауға бұйырып, солдаттарды алда тұрған ұрысқа баулып үйретті.

1790 жылғы 11 декабрьде таң сәріде алты жүз орыс зеңбірегі құрғақтан да, өзеннен де қамалға бомба жаудыра бастады. Бұдан кейін орыс әскерлері қамалға жан-жағынан шабуыл жасады. Күн бойы қолдасқан ұрыс болды.

Генерал-майор де-Рибастың қоластындағы ескекті флотилия Измаил шабуылына белсене қатысты. Шабуылдың жеңіспен аяқталуында флотилия үлкен роль атқарды. 9 колонна қамалға бір мезгілде ат қойғанда, оның ішінде 3 колонна ескекті флотилияның кемелерінен қамалға шабуылды Дунай жағынан жасады. Орыс флоти-

лиясы түрік флотилиясының толып жатқан кемесін суға батырып, өртеп жіберді.

Шабуыл ойдағыдай болып, Измаил алынды.

Измаилдың құлауы Россияға Дунайға шабуыл жасау үшін жол ашты. Бірақ бас қолбасшы князь Потемкин қол жеткен жеңістің жемісін пайдалана алмады. Оның талап етуі бойынша Суворов көп кешікпей армиядан шақырып алынып, финляндияға жіберілді.

1791 жылы Яссы қаласында II Екатерина Түркиямен бітім жасасып, мұның нәтижесінде Россия суы қатпайтын Қара теңіздің терістік жағалауларына біржолата орнығып алды.

II Екатерина 1796 жылғы ноябрьде дүниеден қайтты. Таққа оның 40 жасар ұлы Павел отырды. Ол пруссияның соғыс системасына барынша бас иген адам еді. Ол Суворов уставына тыйым салып, армияда прусс тәртіптерін қолдануға әмір берді. Ол орыс солдаттарына тыл-тайған неміс кемзалын кигізіп, шаштарына үн сеуіп тұлым қойғызды, солдаттар сапта жүргенде тізелерін бүкпеу үшін олардың тақымына ағаш таңып қоятын болды. Солдаттардың бойын түзеп, аяқтарын жақсы бастатындары ғана бағаланды.

Суворов орыс армиясындағы прусс тәртіптеріне мүлде қосылмады, патшаның қайдағы жоқты шығарғанына наразы болып: «Опа — оқ болмайды, тұлым — доп болмайды, бұрым — қылыш емес, ал мен — неміс емес, нағыз орыспын» деп жүрді. Суворов өзінің дұрыс көзқарастары үшін 1797 жылғы февральда мекені Кончанское-ге жер аударылды. Оған басқа жерге шығуға, достарымен кездесуге, хат жазысуға тыйым салынды. Бірақ екі жылдан кейін I Павел Суворовты тосыннан Петербургке шақыртты. Россия Англиямен және Австриямен бірігіп Францияға қарсы соғыс бастаған еді. Суворов француздарға қарсы Солтүстік Италияда соғыс жүргізген одақтас орыс-австрия армиясының бас қолбасшысы болып тағайындалды. Орыс солдаттарының ерлігі және Суворовтың өнері арқасында француз әскерлерінің тас-талқаны шығарылды.

Суворовка әскерлерін бастап Швейцарияға апарып, Римский-Корсаковтың армиясымен қосылуға әмір берілді. Суворовтың армиясы шаршап, шалдығып, артиллериясыз, оқ-дәрісіз, азық-түліксіз қалғанына қарамастан, асқан ерлік көрсетті. 1799 жылғы октябрьдің басында

Суворов армиясы қар басқан Пеникс асуынан ақтық рет асып өтті. Бұл тау өте биік, құздары тік жақпар тастары көп болатын. Солдаттар тау басына қарлы боранда, қалың тұманда өрмелеп шықты. Таудан түсу оған шығудан да қыйын болды. Адамдар, аттар, қашырлар сырғанап, тайып жығылып, кейде құзға домалап түсіп жатты.

Соғыс тарихындағы аса қыйын жорық — Суворовтың Альпы жорығы ойдағыдай аяқталды. Жорық кезінде орыс армиясы, бес мыңға таяу әскерінен айрылса да, жеңіліске душар болмады. Орыс солдаттарының ерлігі мен даңқы, Суворовтың қол бастаудағы асқан өнері бүкіл дүние жүзі аузында жыр болды. Император І Павел Суворовқа генералиссимус, яғни генералдардың ішіндегі ең үлкен генерал деген атақ берді. Россияға қайтқан жолында Суворов науқастанды. Халық өзінің сүйікті қол басшысын қошеметпен қарсы алуға әзірленді. Бірақ патша мұндай салтанатқа тыйым салды. Россия қаруының даңқын шығарған аса көрнекті қолбасшы Суворов өмірінің ақырғы күндерін жалғыздықта өткізді.

Суворов 1800 жылғы 18 майда дүниеден қайтты. Халық және Суворовтың ескі жауынгер серіктері оның сүйегін Александра-Невская лаврасына ақырғы сапарға шығарып салды. Оның зиратының басына «Бұл жерде Суворовтың сүйегі жатыр» деген қарапайым ғана сөздер жазылған тас қойылды.

Суворовтың өзі өлгенімен оның есімі, ерлік ісі өлмеді. Суворовтың «Жеңу ғылымы» орыстың таңдаулы қолбасшылары үшін көп жылдар бойына айбынды программа болып қалды.

Ұлы Отан соғысы күндерінде шығарылған Суворов ордені — оның жауынгерлік дәстүрлерінің совет жауынгерлерінің ұлы ерлік істерімен тығыз байланысты екендігінің белгісі.

4. ФЛОТТЫҢ ҰЛЫ ҚОЛБАСШЫСЫ АДМИРАЛ УШАКОВ

Тамаша флот басшысы Федор Федорович Ушаков Суворовтың замандасы және оның соғыс өнерін жақтаушы болды. Орыстың соғыс-теңіз өнерінің гүлденуі Ушаковтың есімімен тығыз байланысты.

Федор Федорович Ушаков 1745 жылы шағын ғана шаруасы бар дворянның семьясында туған. 16 жасар Уша-

жов Петербурттағы теңіз корпусына түсіп, ауыр және жыйын, бірақ, сонымен бірге, қызықты теңіз ісін меңгере бастайды.

Бірінші орыс-түрік соғысында Ушаков лейтенант болып, кіші-гірім кемемен Қара теңізде жүзіп жүрді. Оның күллі өмірі Қара теңіз үшін күреспен өтті. Суворов сыяқты, Ушаков та теңізші-жауынгерлерді тәрбиелеудің мақсаты: ұрыстың қандай жағдайында да жауынгер соғыс өнеріне шеберлігін, жауынгерлік рухын, ерлігін, табандылығын, ынтасын, тапқырлығын көрсете білуге тиісті, деп есептейтін.

1790 жылғы 14 мартта Ушаков Қара теңіз флотының командашысы болып тағайындалып, теңізде ұрыс әрекеттерін жүргізудің өзі жасаған әдістерін жүзеге асыруға мүмкіншілік алды.

Екінші орыс-түрік соғысы кезінде Қара теңіздің Ушаков басқарған жас флоты түрік флотын жеңуде бірталай тамаша табыстарға ие болды. Күшті жаумен күресте Ушаков Суворовтың ережесіне: инициативаны өз қолында ұстау, жауға тұтқыйылдан шабуыл жасап, оның адам күштерін құрту ережесіне сүйенді. Ушаков теңіз техникасы жөнінде ұрыстың маневрді кең пайдалануға негізделген жаңа тәсілдерін қолданды. 1790 жылғы майда құрамында 3 линия кораблі, бірнеше ұсақ кемелері бар орыс эскадрасы түрік флоты жасырынған Синоп қойнауына келіп, түріктің 15 кемесін қолға түсірді, өртеп, суға батырды.

Түріктер Қырымды қайтарып алу ниетімен Керчьке десант түсіруге даярланды. Ушаков түрік флотын Керчь бұғазында тосып алып, 1790 жылғы 8 июльде оны мықтап жеңіп шықты. Осы жылғы августа Ушаков түрік флотына тұтқыйылдан шабуыл жасап, оны Тендра маңындағы ұрысқа қиліктірді. Ұрыс алты сағатқа созылды. Жаудың ту тіккен кемесі өртеніп, суға кетті де, үстінде 66 зеңбірегі бар енді бір кемесі барлық адамдарымен қолға түсті. Бұл ұрыстан кейін түрік флоты Измаил маңындағы құрлықтағы армияның әрекеттеріне қайтып бөгет жасай алмайтын болды.

Түріктер 1791 жылдың көктеміне дейін шығындарының орнын толтырып, Ушаковтың флотын талқандамақ болды. Түрік флотының жаңа қолбасшысы сұлтанға¹ қа-

¹ Сұлтан — Түркияның патшасы (ред.).

нарлы Ушак-пашаны (түріктер Ушаковты осылай атаған) торға отырғызып әкелуге ант еткен. Бірақ Ушаков жау әрекеттерінің бәрін қырағылықпен барлап, біліп, отырды. Түрік флоты жағалаудағы батареяларды қалқалап, Калиакрий мүйісінде тұрғанын біліп, Ушаков, мұсылман мейрамы күні, түрік теңізшілерінің көбі кәннен-кәперсіз жағада жүрген мезгілде жауға күтпеген жерден жетіп келді. Түрік флотының жиекпен байланысы үзіліп шабуылға душар болды. Ушаков ту тігілген кемемен дұшпан эскадрасының дәл ортасына өтіп алып, зеңбіректерінен жақын арадан дүркін-дүркін оқ жаудырып, түрік кемелерін қыйрата бастады. Түрік флоты жеңіліп, Босфор бұғазына қарай қашты.

Суворовтың Измаилды алуы және Ушаковтың теңіз-дегі жеңісі соғыстың тағдырын шешті. Екінші түрік соғысы нәтижесінде (1787—1791 жылдар) Россия Қара теңіздің солтүстік жағалауына түпкілікті ие болды.

XVIII ғасырдың 90 жылдары аяғында Ушаковтың жауынгерлік қызметі Отанынан шалғай жерлерде, Жерорта теңізінде өтті.

Бұл кездерде Француз буржуазиясы Европа мен Таяу Шығыста үстемдік орнату ниетін көздеп, сыртқы саясатта басқыншылық жолға түскен еді. Француз армиясы Ион аралдарын, Мальта аралын жаулап алып, Египетке, одан шығып Индияға жорыққа аттануға дайындалып жатты. Наполеонның Жерорта теңізіндегі соғыстағы табыстары француз флотының Қара теңізге келіп, Россияның Түркиямен соғысқан жылдары қол жеткен табыстарынан түгел айырылып қалу қаупін төндірді.

1798 жылғы 4 февральда І Павел вице-адмирал Ушаковтың эскадрасына Севастопольдан шығып, Қара теңіз жағалауларын қорғауға әмір берді.

Бірнеше ай өткен соң, 1798 жылғы августа, Ушаков жаңа жарлық эскадрасымен Босфорға аттанып, қажет болған күнде түрік флотымен бірігіп, француздарға қарсы тұруға бұйрық алды. Ушаковтың эскадрасында 16 кеме, 793 зеңбірек, 8 мыңдай матрос пен солдат бар еді.

Ушаков 6 апта ішінде Ион архипелагіндегі бірталай кіші-гірім аралдарды алып, бұдан кейін Корфу аралындағы қамалды алуға кірісті. Бұл қамал алынбайтын ең күшті теңіз бекінісі деп саналатын. Аралдағы француз гарнизонында 3 мыңға жуық адам, 650 зеңбірек бар еді.

Отанынан шет, алыста жүрген орыс солдаттары ең қа-

жетті нәрселерге, әсіресе, азық-түлікке, зеңбірек оқтарына мұқтаж болды. Өзімен бірге жорыққа шыққан жауынгерлердің жәй-күйі туралы Ушаков: «Қандай флоттың ешбір жабдықтаусыз осыншалық алыста жүріп, қазіргі біз кездесіп отырған шектен тыс қыйыншылыққа шыдағанын бүкіл ежелгі тарихтан естіген де, білген де емеспін» деп жазды.

Бірақ бұл қыйыншылықтар Ушаковқа және оның даңқты теңізшілеріне бөгет бола алмады. Солдаттардың Суворовқа сенгені сыяқты, матростар да өз командиріне соншалық сенуші еді. Ушаков қамалға тікелей шабуыл жасау ісін айтарлықтай даярлады. Бас қосқан орыс-түрік флоты 1799 жылғы февральда Видо аралына десант түсіріп, Корфудың алдыңғы жақтағы бекіністеріне тікелей шабуыл жасай бастады. 20 февральда қамал, оның қалқасында тұрған барлық кемелермен қоса, тізе бүкті.

Ушаковтың тамаша жеңіске жеткенін естігенде, Суворов қатты риза болып: «Біздің ұлы Петр тірі... Орыс флотына Ура! Мен өзімнен өзім: Корфу ұрысына ең болмағанда мичман болып неге қатыспадым екен деп өкінемін» дейді.

Корфуды алғаны үшін Ф. Ф. Ушаковқа адмирал атағы берілді. Орыстың Корфуды тез алуы бүкіл Еуропаға үлкен әсер етті.

Грек халқы азат етуші орыстарды қуанышпен қарсы алды. Ушаков басқару орындарын сайлап қоюды халықтың өз еркіне беріп, жергілікті отаншылдармен бірге Ион аралдары республикасының конституциясын жасап шығарды.

Корфуды азат еткеннен кейін Ушаков бүкіл эскадрасымен неаполитан суларына келіп, Римді азат етуге отряд жіберді. Азат етуші орыстарды Рим халқы да зор қуанышпен қарсы алды.

Будан кейін Ушаков Наполеонның негізгі күштеріне қарсы Мальта аралына бармақ болған еді, бірақ күтпеген жерден І Павелдың дереу Россияға қайт деген әмірін алды. Отанына қайтып оралған жолында Ушаков Корфу аралына тағы да соқты. Жаңа республиканың сенаты салтанатты жыйналыста Ушаковты «халықтың атасы және құтқарушысы» деп жариялап, халық атынан орыс адмиралына сыйлыққа мейлінше әдемі әшекейлеген қалқан, алтын семсер және Ушаковтың құрметіне соғылған медаль тартты.

Бірақ Патша үкіметі орыс адмиралының «өзім билейміндік» және «бүліктік» әрекеттерін (патша үкіметіне қауіпті әрекетін) басқаша бағалады. Ушаков қызметтен босатылып, 1817 жылғы октябрьде, Суворов сыяқты, жалғыздық, қудалау көріп жүріп өлді. Совет халқы Ұлы Отан соғысы күндері Ушаков атындағы орден және медаль тағайындап, орыстың ұлы флотшысының атағына сай даңқын көтерді.

5. РОССИЯНЫҢ XVIII ҒАСЫРДАҒЫ МӘДЕНИЕТИ

XVIII ғасырда Россия әлемге бірқатар аса көрнекті адамдар берді. Олардың ішінде Ұлы Петр, Александр Суворов, Михаил Ломоносов сыяқты адамдар ерекше көзге түсті.

Михаил Васильевич Ломоносов 1711 жылы Холмогор қаласы маңындағы Денисовка деревнясында туды. Оның әкесі теңіз бойындағы ауқатты шаруа болған. Ломоносов жасынан хат танып, бала күнінен бастап-ақ білім алуға ұмтылады. Бірақ білім алу оған онайға түспейді. Ер жетіп, 19 жасар жас жігіт болған кезінде Михаил Ломоносов, қалтасына үш сом ақша салып, қыста теңіз бойынан кіре тартушыларға ілесіп, Москваға келеді. Ол тегінің жай шаруа екенін жасырып, Славян-грек-латин академиясына түседі. Ломоносов Москвада оқып жүрген жылдары үлкен жоқшылық көреді. Бірақ ол қыйыншылықтар мен бөгеттердің бәрін жеңіп шығады. Бес жыл өткен соң ол анағұрлым зейінді онекі шәкіртпен қоса Петербургке жіберіледі. Мұнда Ғылым академиясы жанындағы университеттің студенті болып алынады.

Университетте Ломоносов дәл ғылымдарды — математика, механика, физика және химия ғылымдарын өте зейін салып үйренеді. Бұл ғылымдарға жетілуі үшін ол Германияға жіберіледі. Бірақ Петербургке қайтқаннан кейін, ол өзінің білімін, қабілетін бірден қолдана алмады. Ғылым академиясын шет елдіктер, көбінесе немістер басқарушы еді. Олар орысқа тән нәрсенің бәрін жек көріп, орыстың талапты оқымыстыларын ғылыми қызметке жолатқысы келмеді. 1745 жылы Ломоносов профессор және Академияның толық мүшесі болды. Ол өзіне тән турашылдықпен, табандылықпен немістердің Академия-

дағы үстемдігіне, орнатқан тәртіптеріне қарсы күресе бастады.

Ломоносов ғылымның сан алуан саласына, әсіресе химия, астрономия, минералогия және математика ғылымдарына өзін айырықша көрсеткен данышпан ғалым болды.

Ол тамаша ақын, орыс әдебиетінің негізін салушы, орыс тілінің тұңғыш ғылыми грамматикасын жасаушы болды. Улы сыншы Белинский: «Біздің әдебиетіміз Ломоносовтан басталады; ол оның атасы және тәрбиешісі болды, ол оның Улы Петрі болды» деп жазды.

Ломоносов алдыңғы қатарлы ғылым жолында, ғылымды орыс халқының пайдасы үшін, оның білім алуы үшін жүзеге асыру жолында жалынды күрес күргізген адам. Ол ғылымның жәрдеміне сүйеніп, отанымыздың байлығын арттырып, халық тұрмысын жақсартуды арман етті. Ломоносовтың инициативасымен 1755 жылы Москва университеті ашылды. Ломоносов өз халқын жанындай жақсы көрді, орыс халқының ортасынан талай-талай дана адамдар шығатындығына оның сенімі күшті болды.

Дәулетті және текті болғанымен надан қалған бекзаттар Ломоносов ашқан ғылыми жаңалықтар мен оның табыстарын түсінбеді де, бағаламады да.

Ломоносовтың данышпандық еңбектері крепостниктік патшалық Россияда көпке дейін ұмыт қалып келді.

XVIII ғасырда орыстың басқа да талай-талай оқымыстылары мен өнер тапқыштары осындай бағаламаушылыққа ұшырады, жеккөрінішті болды.

Тамаша конструкторлар мен өнер тапқыштардың бірі Иван Петрович Кулибин болды. Кулибин жас кезінде сағатшы еді, тәжірибелі сағат шебері болып көзге түсті. Ол бұрын-соңды болмаған автомат-сағат жасады. Бұл сағат дүниежүзілік техника тарихындағы ең тамаша автоматтардың бірі болып табылады. Сағаттың үлкендігі қазды жұмыртқасындай, оның топсалы есігі әрбір 60 минут сайын ашылып, ұсақ тетіктер театр ойынын ойнайтын болды. Музыка естілетін — ол Кулибиннің өзі шығарған күйді орындайтын. Автомат-сағат Кулибиннің даңқын шығарды. Кулибин Петербург Ғылым академиясына механик болып алынды. Осы кезден бастап ол техниканың барлық негізгі тарауларында күрделі мәселелер шешуде болды.

Ағаштан көпір салу ісінде Кулибиннің Нева өзені

үстінен тіреусіз көпір орнату жөніндегі жобасынан осы күнге дейін асқан жоба жоқ. Бірақ артта қалған патшалық Россияда мұндай көпір салынбады. Кулибиннің моделі сән үшін сарай бақшасына қойылды. Кулибин кешілік көріп жүріп, туған қаласы Нижний-Новгородта дүниеден қайтты.

Кулибиннің ғылыми мұрасы өте зор. Бұл ұлы жаңалық тапқыштың архивінде екі мыңға таяу чертеж бар. Оның ішінде сағаттың титтей тегермештерінің суреттерінен бастап, алып машиналардың, кемелердің, көпірлердің, үйлердің жобаларына дейін бар.

Бу машинасын ойлап тапқан үздік дарынды адам Иван Ползуновтың тағдыры да күйінішті. Ол кездерде қажетті механикалық қуат ағын судың күшін пайдалану арқылы алынатын. Ползуновқа шығын аз кететін, адам еңбегін жеңілдететін бу машинасын жасау пікірі келді. Ол бу күшімен жүретін дүние жүзіндегі бірінші машинаны ойлап, жасап шығарды. Бірақ заводшылар мен үкімет бұл жаңалықтың маңызын бағаламады, өнер тапқышқа көмектеспеді. Оның бу машинасы өнеркәсіпте қолданылмай қалды. Ползунов 1766 жылы күрт аурудан өлді. Дәл осындай бу машинаны ағылшын Джемс Уатт одан 21 жыл соң ойлап шығарды.

Патша өкіметі орыс ғылымы мен мәдениетін өркендетуге үлкен қырсық болды. Ғылым мен мәдениеттің өркендеуіне халыққа жұмыс малы есебінде қараған, халықтың творчестволық күшіне сенбеген, шет елдерге тән нәрсенің алдында бас иіп әдеттенген дворян-крепостниктер де кедергі жасады. Бірақ сонда да XVIII ғасырда көптеген талантты орыс адамдары өсіп-жетілді. Олар батыс-европа мәдениетінің ең жақсы табыстарын меңгеріп, оларды ұлттық жаңа мазмұнмен толықтырып, қайтадан өңдеп қана қоймай, сонымен бірге, орыс және дүние жүзі ғылымы мен көркем өнерінің дамуына ықпалын да тигізді.

6. XVIII ҒАСЫРДАҒЫ ОРЫС САЯХАТШЫЛАРЫНЫҢ ҒЫЛМИ ЭКСПЕДИЦИЯЛАРЫ МЕН АШҚАН ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

XVIII ғасырда орыстар Арктиканы, Сибирьді, Амур өзенінің бойын, Тынық мұхит жағалауы мен аралдарын одан әрі меңгеруде болды. Солтүстік Мұзды мұхиттағы және Тынық мұхиттың солтүстігіндегі географиялық жа-

налықтарды бірінші болып ашу абройы орыс халқының үлесіне тиген. Тынық мұхитты зерттеу ісі оның оңтүстігіндегі Антарктиданы ашумен аяқталды.

Азия мен Америка арасында теңіз бұғазының бар екендігін Семен Дежневтің экспедициясы-ақ дәлелдеген еді. Бірақ бұл жаңалық ұмыт қалған-ды. Петр өлерінен біраз бұрын Камчаткаға жүрегін жаңа экспедицияның жоспарын түзеп, оған тағы да Азияның солтүстік-шығыс жағалауын тексеріп, бұл жағалау Америкамен ұштаса ма, жоқ па — осыны білуді тапсырды. Экспедицияға басшылық етуге орыс флотында қызмет атқарған датчанин Беринг тағайындалды. Бірінші экспедиция кезінде (1728—1730 жылдар) Беринг кейініректе оның есімімен аталған бұғазға барып жетті. Бірақ әрірек Америка жағалауларына қарап жүзуге оның батылы бармады.

Беринг тым сақ адам еді және ғылыми жаңалықтар ашуға ешқандай кұмарлығы болмайтын. Шағын дәулетті дворян семьясынан шыққан Алексей Ильич Чириков Берингге жәрдемші болып тағайындалды. Ол Москвада «математика-навигация» мектебін бітірген. Мұнда оқып жүргенде қабілетінің мол, білімге кұмар екендігін көрсетеді. 1716 жылы Чириков, Теңіз академиясына ауысады. Бұл академия навигация мәселелері жөнінен болашақ офицерлер даярлайтын. Чириков жердің ең қыйыр түкпірлеріндегі тұрмысты білуге кұмартып, академияда оқып жүрген кезінде әсіресе географияның соңына түседі. Дежневтің, Поярковтың, Хабаровтың, Атласовтың тағы басқа орыс саяхатшыларының және теңізде жүзгендердің жорықтары мен ерлік істері жайындағы әңгімені бар ынтасымен тыңдайтын болған. Ол осы ержүрек саяхатшылардан үлгі алып, зерттеуші болып, ерлік істер істеуді арман қылады. 1721 жылы Чириков Теңіз академиясын ойдағыдай бітіріп, академияда оқытушы болып қалдырылады. Чириковтың үздік қабілеттері жұрттың көзіне түсіп, бірнеше жылдан кейін ол Камчатканы зерттеуге жіберілген Беринг экспедициясына қызметке тағайындалады.

XVIII ғасырдың 40-жылдарының басында екінші экспедиция ұйымдастырып, оны Беринг пен Чириков бастады. Жаңа экспедицияның жетекшісі іс жүзінде Чириков болды. Экспедиция алдына ғылыми-географиялық мақсат қана емес, саяси мақсаттар да қойылды. Орыс үкіметі Қыйыр Шығыста, әсіресе мұзды мұхит пен Тынық мұхит аудандарында өзінің ықпалын нығайтуға тырысты.

Біржарым ай жүзгеннен кейін теңізшілер Америка жағалауындағы қарлы жоталарды көрді. Бұл Аляска еді. Америка жағалауларына алғаш рет жеткен Алексей Чириков болды.

Беринг-Чириков экспедициясының үлкен ғылыми маңызы болды. Экспедиция Азия мен Американың терістік жағалауларының бейнесін әбден біліп қайтты. Чириков 1741 жылғы жорықтың картасын жасаған. Бұл карта нақты деректер негізінде Солтүстік Американы көрсеткен, Қамчатканың және Солтүстік Америкамен шектес аралдардың дәл географиялық орнын анықтаған дүние жүзіндегі тұңғыш карта болып есептеледі.

Чириков шебер және қаһарман теңіз саяхатшысы, зерттеуші ғана емес, отаншыл-ғалым болған адам. Петрдің Тынық мұхитта қауіпсіздікті нығайту қажеттігі жөніндегі ойын ол жақсы түсінді. Сондықтан ол Қыйыр Шығыс жағалауын зерттеу керек, ол үшін мұнда қамалдар орнатып, соларды қалқалай отырып, орыс саяхатшылары ашқан Қыйыр шығыс өлкесінің байлығын меңгеру керек деп ұсыныс жасады.

Бірақ патша үкіметі Чириковтың еңбектерін бағаламады. Чириков 1748 жылғы ноябрьде ауыр мұқтаждықта қайтыс болды. Орыстың басқа да тамаша ғалымдары сияқты, Чириков өзінің еңбегін, өмірін ғылым игілігіне арнаған адам.

XVIII ғасыр ішінде Ғылым академиясы елдің табиғатын, оны мекендеген халықтардың тұрмысы мен тарихын зерттеу үшін мемлекеттің әр жеріне талай-талай ғылыми экспедициялар ұйымдастырды. Бұл экспедициялар орыс ғылымын, дүниежүзілік ғылымды байытқан көп материалдар жыйнады. Әсіресе жаңа Қамчатка экспедициясының үлкен маңызы бар. Бұл экспедицияға қатынасқандардың бірі — С. П. Крашенников «Қамчатка жерін суреттеу» деген тамаша еңбек жазды. Григорий Шелехов Америка жағалауының (Алясканың) және оған жақын аралдарды толық зерттеп жазды. Ол XVIII ғасырдың 70—80-жылдарында Алеут аралдары мен Аляскаға бірнеше рет барып қайтты.

Ірі кәсіп иелерінің мүддесі үшін және ағылшындардың бәсекесіне қарсы тұру үшін XVIII ғасырдың аяғында Россия-америка компаниясы құрылып, оған Алясканы пайдалануға право берілді. 1867 жылы патша үкіметі Алясканы Америкаға сатып жіберді.



VII тарау

1812 ЖЫЛҒЫ ОТАН СОҒЫСЫ

1. XVIII ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫ — XIX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ РОССИЯ МЕН БАТЫС ЕВРОПА

XVIII ғасырдың екінші жартысында Европаның экономикалық дамуында бу машиналарының ойлап шығарылуымен байланысты үлкен өзгерістер болды. XVI ғасырдың өзінде-ақ дамудың капиталистік жолына түскен Англия феодализмнен Европадағы елдердің бәрінен бұрын құтылды. Өнеркәсіп төңкерісі, яғни машина күшімен өндіру тәсіліне өту қоғамдық тұрмыстағы негізгі өзгерістермен ұласты. Екі жаңа тап — жалдамалы жұмысшылар (пролетариат) табы және капиталистер (буржуазия) табы тез қалыптасты.

Өнеркәсіп капитализмі Англиядан соң іле-шала Францияда да дамып бастады. Ескі феодалдық тәртіп — ең алдымен феодалдық жер иелену және монархия — капитализмнің жеңімпаз сапарына бөгет болды да, — ел ішінде революция басталды.

1789 жылғы 14 июльде Париждың көтеріліс жасаған халқы тікелей шабуыл жасап, корольдің Бастилия түрмесін алып, бүкіл елге революция дабылын қақты.

Франциядағы буржуазиялық революцияның жеңісі адамзат тарихында жаңа заман ашты: феодалдық құрылымның мың жылдық үстемдігінен кейін, жерге, фабрикалар мен заводтарға, өндіріс құралдары мен саймандарына жеке меншікке негізделген жаңа, капиталистік (буржуазиялық) құрылым орнады.

Француз буржуазиялық революциясы Францияда ғана емес, Европаның басқа елдерінде де феодализмге соққы берді. Күллі феодалдық Европаның француз революциясына қарсы шығу себебі міне осыдан. Патшалық

Россия да Европадағы контрреволюцияға белсене қатысты. Императорица II Екатерина революцияшыл Францияға қарсы бірігіп күресу жайында шет мемлекеттермен келіссөздер жүргізді. Француз революциясының ықпалымен Польшада біраз буржуазиялық реформалар жүргізіліп Польша мемлекетін нығайтуға әрекет жасалғанда II Екатерина мұны Франция «дертінің үлгісі» деп есептеп, «Висладағы яacobиншілерге» (Польшадағы революцияшыл-демократтарды ол осылай деп атаған) қарсы күрес жариялады. Польшаға орыс әскерлері, сонымен бірге, Пруссия королы II Фридрихтың әскерлері енгізілді. Сөйтіп Польшаның жаңа конституциясына тыйым салынып, өткізілмекші болған реформалар өткізілмей, ескі тәртіп қалпына келтірілді. Бұған көнбеген, Польшада шетел мемлекеттерінің қожалық етуіне іші күйген Польша отаншылары ұлт-азаттық қозғалысқа аттанды. Қозғалысты Тадеуш Костюшко бастады. Көтерілісті Россия, Пруссия және Австрия әскерлері басты. Одақтастар Польша жерін өзара бөлісіп алып, ол енді дербес мемлекет болудан қалды. Польшадағы бұл істер Россияның және басқа мемлекеттердің назарын біраз уақыт революцияшыл Франциядан аударып отырды. Польшаның жұмысын бітіріп алып, енді II Екатерина Францияға интервенция жасауға бұрынғыдан да мықтап даярлана бастады.

Сонымен бірге, II Екатерина Россиядағы революциялық бас көтерулерге қарсы батыл шара қолданып, орыстың «еркін ойшылдарын» қатаң жазалады.

Осындай «еркін ойшылдардың» бірі Николай Иванович Новиков еді. Ол Россиядағы бірінші көпшілік кітапханасын ашқан, толып жатқан кітап сататын дүкендер ұйымдастырған болатын. Новиков сықақ журналдар шығарды. Бұл арада дворяндардың паракорлығы мен қазна мүлкін ұрлайтындығы крепостной шаруаларға істелетін зорлық-зомбылық әшкереленіп, салтқа айналған шет елдік атаулыға әуестенушілік сыналды. Француз революциясынан кейін Новиков тұтқындалып, камалға қамауға алынады. Оның ұйымдастырған кітап дүкендері жабылып, мүлкі қазнаға түсті.

«Петербургтен Москваға саяхат» деген атпен, авторының аты-жөні көрсетілмей, 1790 жылы жарыққа шыққан шығарма императрица Екатеринаны бұрынғыдан да қат-

ты үрейлендірді. Бұл шығармада крепостнойлық құрылым батыл және ашық әшкереленіп, крепостнойлық правоның сұмдықтары суреттелген еді. Кітап Екатеринаның қолына түскенде, ол оның авторын «Пугачевтан да асқан жауыз» деп санады. Кітаптың авторы XVIII ғасырдағы өте білімді адамдардың бірі Радищев болып шықты. Ол помещиктердің крепостной шаруаларға жасаған озбырлығын ашынып, катты ызамен әшкерелейді. Радищев: «Жалмауыз айуандар, обыр сүліктер, біз шаруаға не қалдырып отырмыз: тартып алуға шамамыз келмейтін ауаны ғана қалдырдық. Ие, жалғыз ғана ауаны!».

Орыс халқын царизмді құлатуға алғаш рет шақырған Радищев болды. Халық қаһарын тігіп, тек олар, «шойын тақты» талқандар, деп болжады ол «Еркіндік» деген өлеңінде.

II Екатеринаның әмірімен Радищевтің кітабы отқа жағылып, автордың өзі тұтқынға алынып, сотқа берілді. Сот Радищевті өлім жазасына кесті. Оны басына өлім қаупін төндіріп 41 күн ұстады да, бұдан кейін Сибирьге айдауға жіберілді. Денсаулығы нашарлап, еңсесі түскен Радищев 1802 жылы өзін өзі өлтірді.

Ленин Россиядағы азаттық жолындағы қозғалыста Радищевтің ролін жоғары бағалады. Радищев крепостниктік тәртіпке және царизмге наразылық білдірген дворяндар ортасынан шыққан тұңғыш революционер болды.

2. НАПОЛЕОННЫҢ РОССИЯҒА ШАБУЫЛЫ, НАПОЛЕОН АРМИЯЛАРЫНЫҢ ТАЛҚАНДАЛУЫ

Революцияның алғашқы жылдары Франция революцияшыл-азаттық соғыстар жүргізгенімен, кейін жағдай өзгеріп кетті. 1799 жылғы 9 ноябрьден бастап Францияда буржуазияның көмегімен генерал Наполеон Бонапарттың соғыс диктатурасы (жеке билігі) орнатылып, көп ұзамай ол Францияның императоры болып жарияланды. Ол үлкен-үлкен басқыншылық соғыстарды ойдағыдай жүргізді. 1812 жылдың қарсаңында бүкіл Батыс Европа дерлік оның аяғына жығылған еді. Наполеон бүкіл дүние жүзін билеуді көкседі, бірақ Россия талқандалмай тұрғанда, жер жүзін билеуші бола алмайтынын ол білді. Наполеон

Россияны бөлшектеп, оны Францияның отарына айналдырмақшы болды.

1812 жылы 12 июньге қараған түні Наполеонның «ұлы армиясы» Неман өзенінен өтті. Армияның сол кезде 600 мыңдай солдатты болды. Наполеонның басты күштеріне қарсы Барклай-де-Толлидің командасындағы бірінші орыс армиясы шықты. Бұл армия Неман өзені бойында майдан құрды. Багратион бастаған екінші армия оңтүстік Литвада болатын. Генерал Тормасовтың шағын үшінші армиясы Вольты мен Подолияда резервте тұрды.

Наполеон Россияны қауырт соққы беру арқылы жеңуді өзіне міндет етіп қойды. Ол соғыстың алғашқы күндерінен бастап, мүмкінінше Барклай мен Багратион армиялары арасына неғұрлым әрі сыналап кіріп, оларды бір-бірлеп қыйратпақ болды. Орыс командованнесі сол кездегі жағдайға сәйкес бірден-бір дұрыс тактиканы: кейін шегініп, шешуші ұрыстан тартынып Наполеонның Москваға бет алған жолында екі армияның қосылуын қамтамасыз ету тактикасын қолданды.

Айжарымнан кейін Барклай мен Багратионның армиялары Смоленск түбінде қосылды. Наполеон қалаға зенбіректерден оқ жаудыра бастады. Барклай оқ-дәрі складтарын қыйратып, қаулап өртенген Смоленскіні тастап шығуға бұйрық береді. Қаланың тұрғын халықтары да әскерлермен бірге шегінді. Жау қолына түк қалдырмау үшін олар үйлері мен мүліктерін өртеп кетті.

Барклайдың тактикасының нәтижеселері көп ұзамай көріне бастады. Наполеон армиясы бірде-бір ірі ұрысқа араласпаса да үлкен шығынға ұшырады. Литва мен Белоруссия жерінде-ақ соғыс халықтық сыпат ала бастады. Литва және Белоруссия шаруалары Француз армиясына азық-түлік, ат жемін беруден бас тартып, француз солдаттары мен офицерлерін өлтіріп, отрядтар құрып, француздардың артқы әскерлеріне шабуыл жасап отырды.

Бірақ армиядағылар да, ел ішіндегілер де Барклайдың шегіну тактикасына наразы болды. Орыс қоғамының қалың көпшілігі Наполеонның Россияға жасаған шабуылымен байланысты туған қатерлі күндерде армияның басшылығында жауды талқандау қолынан келетін адамның болуын қалады. Орыс адамдарының аузына бір ғана есім — Кутузовтың есімі түсті.

Михаил Илларионович Голенищев-Кутузов 1745 жылғы 5 сентябрьде Петербургте туған. Оның әкесі өз тұсын-

дағы білімді адамдардың бірі болыпты. Оның ғылымға құмарлығы ұлына да ауысты. Михаил Кутузов инженерлер корпусын үздік бітірген. Ол инженерлік істі, артиллерияны жақсы үйренеді, математикамен зейін салып шұғылданады, бірнеше шет тілдерді жақсы біледі. Михаил Илларионович командирі Суворов болған Астрахань полкында рота командирі болып істеген еді. Ұлы қолбасшының қаблетті жас офицерге бірден көзі түсіп, оны өзіне тартып, оған үлкен әсерін тигізеді.

Ұрыста Кутузов қаһармандық, ерлік көрсетіп қана қоймай, үнемі байсалды, тапқыр, ынталы болған. Екінші түрік соғысы кезінде Кутузов атақты Измаил шабуылына қатысты. Оның ұйымдастырушылық және қолбасшылық таланты бұл ұрыста өте-мөте көзге түседі. Суворов ол туралы «Генерал Кутузов соғыс өнерінің жаңа тәжірибелерін қолданып, өз басы қаһармандық көрсетті. Ол менің оң жақ қанатымда жүргенімен, менің оң қолым болды» деп хабарлаған.

Кутузовтың өзі талай ұрыстарға қатысқан, үш рет жараланған, бірақ әрқашан қайтадан сапқа қосылып отырған. Қырымдағы Алушта маңында болған ұрыста Кутузов қолына ту ұстап алға ұмтылып, жауынгерлерін соңынан ертеді. Бұл ұрыста ол ауыр жараланып, бір көзінен айрылады.

Кутузов мағнасыз муштраны, таяқтың күшімен орна-тылған тәртіпті жан-тәнімен жек көрген. Суворов сияқты, ол да патша сарайында орын тепкен жарамсақтықтан, жадігөйліктен, сатылғыштықтан жеркенетін еді. Сарайдағылар Кутузовты жаратпады. Оны император І Александрдың өзі де жақтырмайтын. Болғанмен солдаттар өзінің командирін қатты сыйлап, бағалайтын. Армия мен дворяндардың талабына көніп, І Александр Кутузовты бас қолбасшы етіп тағайындады.

1812 жылғы 17 августа Кутузов Царева Займищеға шегінген армияға келді. Солдаттар қолбасшыны зор қуанышпен қарсы алды. Олар біріне бірі «Кутузов француздарды қыйратуға келді» десті.

Кутузов бұрынғыша шегіне отырып, ұрысқа күшті даярлана бастады.

Француздармен ұрысу үшін позиция Бородино селосы маңынан таңдап алынды. Бұл жерде төбе, жыралар көп кездесетін. Орыс армиясы орналасқан жердің ортасында Бородино деревнясы, ал армияның сол қанатында — Се-

меновское деревнясы бар еді. Деревняның алдындағы жалпақ жазық әскерлердің жүруіне қолайлы болды. Бұл жерде тез арада таяз орлары, аласа жалдары бар үш бекініс салынды.

Кутузов жалпы команда беруді өз қолына алып, оң қанатты Барклай-де-Толлиге, ал сол қанатты — Багратионға тапсырды. Ортаны генерал Раевскийдің қол астындағы батарея қорғады.

26 август күні таңертең орыс және француз армиялары Бородино майданында айкасты. Наполеон Бородиноға 135 мың адамы бар армиямен, 587 зеңбірегі бар артиллериямен жеткен еді. Бородино түбінде орыстың байырғы әскерлерінің саны 120 мың адам болды.

Наполеон басты соққыны орыстардың сол жақ қанатынан беруге даярланды. Француздар үсті-үстіне шабуыл жасады. Бірақ Багратион орыс әскерлерін жігерлендіріп, олар француздардың шабуылдарын асқан табандылықпен тойтарып отырды. Наполеонның бұл араға төрт жүзге жуық зеңбірек орнатуына тура келді. Ұрыс алты сағаттан артық уақытқа созылды. Ұрыста зеңбірек добының жарықшағы тиіп Багратион өлді. Орасан зор күш жұмсай отырып, француздар орыс армиясының сол жақтағы қанатын біраз шегіндірді. Бұдан кейін Наполеон Раевскийдің батареясына шабуыл жасауға әмір етті. Қыян-кескі ұрыста батарея қорғаушылары түгел-дерлік қаза тапты.

Дегенмен орыс армиясының қарсылық етуін басуға француздардың шамасы жетпеді. Шешуші кезең келгенде Кутузов жаудың тусыртына Платов бастаған казактарды жіберіп, олар Наполеонның ойын іске асыртпай тастады.

Бородино шайқасы орыс армиясының ерлігін және күшін көрсетті.

Мұны өлер алдында Наполеонның өзі де мойындады. «Менің барлық ұрыстарымның ішіндегі ең өрескел сұмдығы — Москва түбіндегі ұрысым болды. Француздар бұл ұрыста өздерінің жеңіске лайық екендіктерін, ал орыстар жеңілмеуге жолы бар екенін көрсетті» деген ол.

Бородино ұрысынан кейін де орыс армиясының күші басым емес еді. Сондықтан орыс армиясы Москва жолымен шегіне берді. Москва ұрыссыз беріледі дегенге ешкім сенбеді. Бірақ Москва түбінің жері жаңадан ұрыс жасауға қолайсыз еді. Армияны сақтап, алдағы ұрыстарға даярлау керек болды. Кутузов Москваны тастап шығуға ұйғарды. Фили деревнясында болған соғыс кеңесінде Куту-

зов өз генералдарына: «Армия өмір сүріп, дұшпанға қарсылық етерліктей дәрежеде тұрғанда соғысты ойдағыдай аяқтаудан үмітімізді үзбейміз, ал армия жойылса — Москваның да, Россияның да құрығаны» деді.

1812 жылғы 2 сентябрь күні таңертеңмен шегінген орыс әскерлері лек-легімен Москва үстімен үздіксіз өтіп жатты. Армиямен бірге Москваның тұрғын халықтары да кетті.

Француз армиясы тым-тырс, жан баласы қалмаған Москваға кірген кезде, қаланың әр жерінен қаулап өрт шықты. Қала алты күн ұдайы өртенді. Кремль сарайының терезелерінен Наполеон қаулап жанған жалпақ өртті көріп тұрды. Мұны көргенде тәкәпбар басқыншының жаны түршікті. «Бұл неткен халық! — деді ол. — Өздері түк қоймай өртеп жатыр. Бұл бізге келе жатқан жаманшылықтың белгісі ғой».

Өртті ешкім сөндірмеді. Өртенген қаладан кетіп бара жатып, москвалықтар: «Бәрі де құрысын, жау қолына түспесе болғаны!» десті.

Наполеон армиясы жанып жатқан Москвадағы өрттен аман қалған нәрселердің бәрін тонауға кірісті. Француз солдаттары жаппай маскүнемдікке салынды. Сөйтіп «ұлы армия» азғындады. Наполеонның бітім жөніндегі ұсыныстарының бәріне Александр I жауап қайтармады. Москвада қыстап қалудың ешқандай жөні болмады. Наполеон Москваны тастап кетуге ұйғарды.

6 октябрь күні ертеңгі сағат 7 де Наполеон шегіне бастады. Ол Калуга қаласына тартты, онда орыс армиясы үшін даярланған азық-түліктің складтары бар еді. Бірақ Москвадан Рязань жолымен шегінген Кутузов оның алдын орап маневр жасап, Калуга жолына одан бұрын шығады. Дәл осы арада, Малоярославец қаласында, орыс армиясы Наполеонның жолын тосты. Қатты ұрыс болды. Бір тәулік ішінде Малоярославец қолдан-қолға сегіз рет ауысты. Үлкен жаңа соғысқа батылы жетпей, Наполеон Смоленск жолына бұрылуға бұйрық береді. Бұл жолдың бойындағы ел күйзелген ел еді, онымен шегінудің өзі үлкен қиыншылыққа түсті. Кутузов жаудың соңынан қалмастан, қатарласа жүріп отырып, екі жақ бүйірінен оған күшті соққы беруде болды. Орыс партизандары шегінген Наполеон армиясының жолын тосып, тиюде болды.

Партизандар француз обоздарының жолын тосып, оларға шабуыл жасайды немесе тосыннан лап қойып,

дұшпан тылдарына маза бермейді. Олар Француз солдаттарын, тіпті отрядтарын түгел қолға түсіріп отырған. Мылтығы болмаған партизандар ұрысқа балта, айыр алып аттанған. Еркектерден қалыспай жауға қарсы партизан күресіне шаруа әйелдер де қатынасады. Шаруалардың Наполеон армияларына қарсы қыймылдарын Кутузов барынша қуаттады. Халық ортасындағы орасан зор отаншылдық өрлеуді көріп, Кутузов: «Осындай ержүрек халқы тұрғанда, мен сыяқты, қолбасшы жауларын қалай жеңбесін! Орыстарды бастағанымна мен бақыттымын», — деп жазды.

Орыс әскерлері жауды қыр сонынан қалмай қуа берді. Қыс ерте түсті. Жазық даланы қар басты. Суыққа тоңып, ашыққан француз әскерлері бүлінген, өртенген деревнялардан пана да, азық та таба алмады. Армиядан қашқандар көбейе бастады. Тәртіп бұзылды. Ашыққан француз солдаттарының отрядтары тонаушылық жолына түсті.

Кутузов өкшелеп қуып отырған Наполеон, өлдім-талдым дегенде, Березина өзеніне барып жетті. Өткелдің үстіне зеңбірек пен мылтықтың оғы бұршақтай жауды. Березинадан Наполеонмен бірге 60 мыңға жуық адам өтіп шықты, бірақ бұл армияның да қатары сирей берді. Декабрьдің аяғында «ұлы армиядан» не бары 30 мың ғана адам қалып еді.

Дұшпан Россия жерінен біржолата қуылғанда, Кутузовтың армияға арнаған үндеуін бүкіл ел қуанышпен, мақтанышпен оқыды. Бұл үндеуінде Кутузов: «Ержүрек және жеңімпаз әскерлер! Ақырында сендер империяның шекарасына шықтыңдар. Сендердің әрқайсың отанды құтқарушысың. Россия сендерді осы атпен құттықтайды. Дұшпанды пана таптырмай қуғындау, бұл шапшаң жорықтағы сендердің сіңірген ерекше еңбектерің барлық халықтарды тандандырады және бізді өшпес даңққа бөлейді» деп, орыс жауынгерлерінің теңдесі жоқ ерлігі мен қаһармандығына лайықты баға берді.

1813 жылғы январьда орыс армиясы Польша мен Германияның жеріне өтіп, Наполеонды өкшелеп қуа берді. Басқыншы Наполеонның езгісінде болған халықтар орыс армиясының көмегіне сүйеніп, азаттық алу жолындағы күреске аттанды. Бірақ орыс патшасы І Александр мен Европаның басқа монархтары алдарына халықтарға нағыз азаттық әперу міндетін қоймай, көп ұзамай Европадағы революцияға қарсы белсенді күреске шықты.

Орыс халқы мен оның ұлы қолбасшысы Кутузов бастаған батыр армиясы еліміздің тәуелсіздігіне қолын сұққан француз басқыншыларын талқандады. Орыс халқы Наполеонның басқыншы, құлданушы екенін біліп, оған қарсы бүкілхалықтық күрес ашты. Наполеонның «ұлы армиясының» мерт болуының басты себебі міне осында.

1812 жылғы соғыс орыс халқының тәуелсіздік жолындағы әділетті соғыс болды. Бұл соғыс біздің отанның тарихына Отан соғысы деген атпен кірді. 1941—1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезінде Кутузов ордені шығарылып, орыстың аса көрнекті қолбасшысы Кутузовтың жауынгерлік ерлігі ұмтылмас ескерткіш болып қалды.

3. ДЕКАБРИСТЕР — ДВОРЯН РЕВОЛЮЦИОНЕРЛЕР

Наполеон Россияда жеңілгеннен кейін Европа халықтары Наполеонға қарсы ұлт-азаттық жолындағы күреске аттанды. Бірақ феодал монархтарының халық қозғалысынан үрейі ұшты. Европадағы революциялық қозғалысқа қарсы күресу ниетімен 1815 жылы реакцияшыл үш монархияның — Австрия, Пруссия және Россияның «Ізгі одағы» құрылды.

1812 жылдан кейін Россия ішінде реакцияшыл саясат күшейді. Реакцияны анағұрлым батыл жүргізуші патшаның ең жақын кеңесшісі — соғыс министрі Аракчеев болды. Шаруалар мен солдаттар әскери жатақтар ұйымдастырғаны үшін оны жек көрді. Бұл жатақтардағы шаруалар жер танаптарына бекітіліп, мәңгі, атамұра солдаттарға айналдырылды. Олар қарауындағы жерлерін өндеуге міндетті болды. Жатақтарда казарма тәртібі, крепостнойлық құлдық тәртібі орнатылды. Шаруалар өздерін әскери жатақтарға көшіруге қатты қарсыласып, көтеріліске аттанады.

Армияда шектен асқан аракчеевтік тәртіп салдарынан ірі-ірі қобалжулар болып жатты. Крепостнойлардың дворян мануфактуралары иелеріне қарсы көтерілістері де басталды.

Россияда крепостнойлық құрылымға қарсы күресудің қажеттігін түсінген адамдар саны көбейе бастады. Крепостнойлық правоны жоймайынша елдің құрып кететініне бұл адамдардың көзі жеткен еді. 1812 жылғы соғыс, орыс солдаттары мен офицерлеріне Европа елдерін та-

нытқан шетелдік жорықтар Россияның таңдаулы адамдарының отанындағы крепостнойлық тәртіпке наразылығын, қарсылығын күшейтті.

Дворян-революционерлер саяси кұпия қоғамдар кұра бастады. Бұл қоғамдар Россияны жаңа негізде қайта кұру мақсатын көздеді. 1816 жылы «Кутқару одағы», ал 1818 жылы — «Игілік одағы» кұрылды. Олар тарағаннан кейін Украинада «Оңтүстік қоғам» және Петербургте — «Солтүстік қоғам» кұрылды. «Оңтүстік қоғамның» басшысы асқан ақылды, терең білімді, өте қайратты адам полковник Пестель болды. Ол туралы Пушкин: «Пестель — толық мағнасында ақылды адам. Ол мен білетін шын ақылдылардың бірі еді» деп жазған. Пестель Наполеонға қарсы ерлікпен шайқасып, Бородино майданында жараланған болатын. Ол орыс армиясымен бірге 1813 — 1815 жылдардағы шетел жорықтарына қатысқан. Пестель республикалық кұрылымды мейлінше жақтап, самодержавие мен крепостнойлық кұрылымның мейрімсіз жауы болған адам. Ол өзінің жолдастарына ұйымдасып, батыл кыймылдаудың қажеттігін түсіндіруде болды. Пестель Россияны қайта кұрудың программасын жасап, бұл программаны «Орыс шындығы» деп атады. Пестель император тұқымын түгел кұртып, күшті билік жүргізетін «тұтас республика» кұруды ұсынды. Пестель демократиялық (халықтық) республика кұруды жақтады. Ол барлық азаматтарға тең право, бостандық беруді, республиканың заң шығаратын орындарын жалпыға бірдей сайлау жолымен сайлауды талап етті «Орыс шындығында» шаруаларға бостандық бергенде жер де беру керек, олар жердің кұнын төлемейтін болу керек деген жоба ұсынылды. Пестель мен оның жолдастары патшаны өлтіреміз, өздері басқарған полктардың жәрдеміне сүйеніп төңкеріс жасаймыз деп жобалады. Олар халықтың қалың көпшілігін көтеріліске аттандырудан қорықты, ондай әрекетке бармады. Бірақ Пестельдің өзі жобалаған әскери көтеріліске басшылық етуіне тура келмеді. Көтерілістің қарсаңында бір опасыздың білдіруімен Пестель тұтқынға алынып, Петербургке жөнелтілді.

«Солтүстік қоғамды» гвардия офицері Никита Муравьёв басқарған. Ол Россияның болашақ конституциясының жобасын жасады. Муравьёв, Пестельден өзгеше, республика емес, билігіне халық жыйналысы шек қоятын монархия өкіметі болуын талап еткен. Муравьёвтің прог-

граммасы бойынша, крепостнойлық право жойылғанымен, жер помещиктер қолында қалуға тиісті болды. Ол шаруаларға тек қораларының іргесінен жер беруді, мал және сайман беруді ұсынды.

Болғанмен «Солтүстік қоғамның» құрамында ақын Рылеев бастаған анағұрлым батыл революционерлер тобы да болды. Рылеевтің революцияшыл өлеңдері мен жырлары құлдықты жек көру рухында жазылған еді. Ол өлеңдері мен жырларында царизмді құлатуға, халық бостандығы жолындағы күреске шақырды.

Болашақ декабристердің көпшілігі әскери адамдардың ортасынан шыққан болатын. Олардың көбі гвардия полктарының, кейбіреулері армия полктарының офицерлері еді. Көтеріліске даярлануда, өткізуде теңізшілер көрнекті орын алды. Декабристер қозғалысына 32 теңіз офицері қатынасқан, олардың ішінде 11 теңізші офицер «Солтүстік қоғамның» мүшесі еді. Бұл офицерлер көтеріліс болған күні гвардия флотынан бір мыңға жуық матрос ертіп келді. Декабристердің ішінде бастылары капитан-лейтенант Н. А. Бестужев, лейтенант Д. И. Завалишин, лейтенант М. К. Кюхельбекер, мичман П. А. Бестужев және басқалары еді.

1825 жылғы ноябрьде император І Александр өлді. Оның балалары жоқ еді. Таққа оның ағасы Константин не болуға тиісті еді, бірақ ол Александрдың тірі кезінде-ақ таққа інімі Николай отырсын деп, өзі бастартып шыққан болатын. Ағайынды екеуі хат жазысып, шабармандар хат алып Петербургтен Константин тұрған Варшаваға әрілі-берілі жүріп жүрген кезде ел біраз уақыт патшасыз отырды. Құпия қоғамдар бұл жағдайды пайдаланып, төңкеріс жасамақ болды.

Осы мақсатпен олар жаңа император І Николайға ант беретін күні әскерлерді Сенат алаңына шығарып, осы арада конституция талап етуге бел байлайды.

1825 жылы 14 декабрь күні таңертең революцияшыл офицерлер бастаған полктар Сенат алаңына шықты. Алаңға не бәрі үш мыңнан астам солдат жыйналды. Әскерлер І Петр ескерткішінің айналасына келіп сапқа тұрды, бірақ әскери жаңа бөлімдердің келіп қосылуын күтіп, қыймыл көрсетпеді. Көтеріліс даярланбаған еді. Көтерілістің басшысы князь Сергей Трубецкой алаңға тіпті келмеді де. Басшысы жоқ көтерілісшілер шабуылға

шығуға, патша жағындағы әскерлерге тиюге батылы жетпеді.

Күндізгі сағат 12 де I Николай өзіне сенімді әскери бөлімдер мен артиллерияны алаңға әкелді. Көтерілісшілерге қарсы атты әскерлер шабуыл жасады, бірақ бұл шабуылға тойтарыс берілді. Бұдан кейін көтерілісші әскерлерге және ықыласы солардың жағында болған, осы арада Исаакиев шіркеуін салып жатқан жұмысшыларға зеңбіректерден оқ атылды. Сенат алаңы қанға боялып, өлікке толды. Полицейлер түнде Нева өзенінің мұзын ойып, өлген, жараланған адамдарды жымға түсіріп жіберді.

Екі жұма өткен соң Украинадағы Чернигов полкының көтерілісі басталды. Көтерілісті «Оңтүстік қоғамның» басшыларының бірі — Сергей Муравьев-Апостол бастады. Бірақ, Петербургтегі сыяқты, Черниговтегі көтерілісшілердің де шабуылды әрекеттер жасауға батылы бармады.

Петербургтегі және Россияның оңтүстігіндегі көтеріліске қатнасқандар тұтқынға алынды. Патшаның өзі жандарм, тергеуші болып, тұтқындардан жауап алды. Қозғалыстың ең басты ұйымдастырушылары — Пестель, Муравьев-Апостол, Бестужев-Рюмин, Рылеев және Каховский дарға асылды. Көтеріліске қатнасқандардың көбі Сибирьге қаторғаға жіберілді.

Декабристер көтерілісінің (1825 жылғы декабрь көтерілісіне қатнасқандар осылай аталған) сәті түспеді. Дворян революционерлер халықтан тым қашық болды, олар көпшіліктің қозғалысымен емес, әскери заговормен әрекет етеміз деп үміттенді. Сондықтан да олар жеңіліске ұшырады.

Бірақ бұл революциялық көтерілістің маңызы зор болды. Декабристер самодержавиені құлату, крепостнойлық тәртіпті құрту жолындағы саяси күреске бірінші болып аттанғандар еді.



VIII т а р а у

КРЕПОСТНОЙЛЫҚ ПРАВОНЫ ЖОЮ

1. РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТЫҢ ДАМУЫ

Патша өкіметіне қарсы тұнғыш болған көтеріліс кезінде таққа отырған император I Николай өзінің патшалық етуінің басты міндеті етіп самодержавиені нығайтуды және крепостнойлық правоны сақтап қалуды алға қойды. I Николай елді әскери каторғаға айналдыруға ұмтылды.

Сол кездегі құрылысты қорғау үшін жандармдар корпусы ұйымдастырылды. Құпия саяси полиция халықтың ой-ниеті туралы хабарлар түсірумен болды. Ерекше чиновниктер — цензорлар «жұрттың ой-ниетінің бағытын білу үшін, дін мен өкіметке қарсы кімдердің тартынбай, жаман сөз айтып жүргендерін байқау үшін» барлық кітаптарды, газеттерді және жеке адамдардың хаттарын алдын ала қарап отырды. Соттарда іс жасырын шешілді. Еркін ой-пікірдің қандайы болса да қатаң жазаланды.

I Николай үкіметі халықты ағартуды қауіп деп санады. Оқу министрі Уваров: «Егерде Россияның дамуын 50 жылға кідіртсем, тыныш өлген болар едім» деді. Оқыту ісі патша мен православие діні шіркеулеріне берілгендік рухында жүргізілді. Патша өкіметі құрылысына білдірілген болар-болмас қана наразылық қатаң басылып отырды.

Алайда I Николай қаншама көрін төксе де, ол ел ішінде қаулап тез өсіп келе жатқан шаруалар қозғалысын баса алмады, армия мен флоттағы қобалжуға кедергі бола алмады. I Николай тұсында тек флоттың өзінде ғана 7 қобалжу болды. Бүлік әсіресе армияда көбірек болды. Армия мен флотта болған бұл қобалжулар мен

бүліктердің барлығы да стихиялық еді, бірақ олар самодержавиелік-крепостниктік режимнің ірге-тасын бұзды. Крепостной шаруалардың ортасынан шыққан солдаттар мен матростар, шаруа олармен бірге жер және еркіндікті талап етті. Сол сыяқты, матростар мен солдаттар әскери қызметтің мерзімін қысқартуды және өздерінің ауыр, правосыздық халдерін жақсартуды көздеді. Крепостниктік қатаң тәртіпке қарсы флотта болған өте-мөте елеулі көтерілістің бірі «Александр Невский» линиялық кеме командасының 1827 жылғы 27 декабрьдегі бүлігі болды. Бүлікшілер арнаулы әскери-сот комиссиясынан қатаң жаза алды. Бүліктің басшыларына 200 ден дүре соғу және Нерчинскіге мәңгілік каторгаға жер аудару жазасы берілді.

30-жылдарда егіннің шықпауы және ашаршылық салдарынан шаруалар қозғалысы күшейе түсті. Ол 26 губернияны қамтыды, әсіресе Еділ бойында шаруалар қозғалысы кең өріс алды. Россияда 1830 жылы жайылған оба ауруы халық бұқарасының ауыр халін бұрынғыдан да гөрі нашарлатып жіберді. Бірсыпыра аудандарға карантин жарияланды, ол халықтың ашаршылыққа ұшырауына және жаппай өлуіне әкеліп соқтырды. 1830 жылдың жазында Севастопольге карантин жариялану тарихта «оба бүлігі» деп аталатын атақты әскери бүлікке киеліктірді. Флот және жұмысшы экипаждарының матростары көтеріліс шығарып, ол кешікпей матростар мен солдаттардың және бүкіл Севастополь халқының жаппай қозғалысына айналды. Күрестің программасы мен жоспары болмады. Бұл бұқараның әдеттегі стихиялық қозғалысы еді. Қозғалыс күшпен қатаң басылды.

Россиядағы халық бұқарасының наразылықтары мен қарсылықтарын патша үкіметі, орыс тұрмысының жағдайына байланысты емес, «революциялық мерездің» ықпалымен, яғни Батыс Европада болып жатқан революциялардың ықпалымен болған оқыйға деп түсіндірді. 1830 жылғы июльде Францияда жаңа революция бұрқ ете түсті. Сол жылдың ноябрінде Польшада көтеріліс басталды. І Николай Франциямен қарым-қатнасты кенет үзді. Польшаға көп армия жіберді. Мұнымен қатар, ол келешекте революцияның етек жаюына бөгет жасау үшін Австрия мен Пруссияның реакциялық үкіметтерімен келіс сөз жүргізді. «Революция Россияның табалдырығы алдында тұр, — деді ол, — бірақ кеудемде жаным тұрғанда

оның бұл табалдырықты аттай алмайтындығына кұдай алдында ант етемін».

Европадағы революциялық қозғалыс өрістей берді. Капитализмнің дамуы нәтижесінде пайда болған жұмысшы табы ХІХ ғасырдың 30 — 40-жылдарында өздерінің талаптарын қоя бастады.

ХІХ ғасырдың 40-жылдарында жұмысшы табының ұлы көсемдері шықты. Ол Маркс пен Энгельс еді. Олар жұмысшы табының тұңғыш партиясын — «Коммунистер одағын» құрды, ол үшін программа — «Коммунистік партияның манифесін» жазды. «Манифесте» езушілер мен езілушілер арасындағы ғасырлық күрес жұмысшы табының жеңісімен аяқталуы тиіс, жұмысшы табы пролетариат диктатурасын орнатып, социализм құрады делінген. «Манифест»: «Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!» деген ұранмен аяқталды.

1848 жылғы июньде Париж жұмысшылары қолдарына қару ұстап өздерінің праволары үшін алғаш рет күреске көтерілді. Бірақ олар әлсіз болды, ұйымдаса алмады, сондықтан жеңіліске ұшырады. Алайда француз революциясына Европаның барлық елдері дерлік үн қосты. 1848 жылы Германияда революция болды. 1849 жылы Венгрияда революция жеңіп, Австрия монархиясынан өзінің тәуелсіздігін жариялады. Венгрия революциясын талқандау үшін І Николай оған 140 мың әскер жіберді. Венгриядағы революция күшпен басылды. Орыс патшасының Европа жандармы деп аталуы дұрыс еді.

Бірақ патша өкіметі орыс қоғамының дамуын тоқтата алмады.

Елде үлкен өзгерістер болып жатты. Қалаларда халықтың саны артты. Европамен және елдің өз ішінде сауда қатнасы күшейді. 40 — 50 жылдарда мануфактураның орнын, жалдамалы жұмысшылары басым, қол еңбегі орнына машина қолданған, фабрика басты. Тұңғыш темір жолдар пайда болды. 1837 жылы Петербург пен Патша селосы арасына темір жол жүргізілді. Ал одан он бес жылдан кейін Москва мен Петербургты жалғастыратын үлкен темір жол салынды.

Бірақ капитализмнің даму жолында крепостниктік право тұрды. Крепостниктік еңбекке негізделген өнеркәсіп жұмысты нашар істеді, өйткені капитализмнің дамуы жағдайында крепостниктік еңбек өнімсіз және тиімсіз болды. Шаруалар барщиналық жұмысты нашар істеді.

Ауыл шаруашылығында техника өнеркәсіптегіден де төмен еді. Егіннің шығымы төмен болды. Ақшаға мұқтаж помещиктер өзінің шаруаларын қанауды күшейтті. Барщиналық жұмыс аптасына 5—6 күнге жетті. Кейбір жерлерде помещиктер шаруалар шаруашылығын мүлдем жойып, крепостнойларын барщиналық жұмыста жыл бойы істеуге мәжбүр етті. Шаруалар күйзеліске, қайыршылыққа ұшырады. Олардың халдері барған сайын адам төзбестіктей нашарлай берді. Елде помещиктер мен өкімет адамдарына қарсы шаруалар қозғалысы жиілей түсті. Крепостнойлар барщинаны өтеуден бас тартты, помещиктердің жерлерін, қора-жайларын тартып алып өртеді, өздерін өлтірген кездері де болды. Шаруалардың қашып кетуі өте көбейді. Шаруалардың бас көтеруінің саны екі есеге жуық өсті: 1826—1834 жылдары олардың саны 145 болса, 1845—1854 жылдары — 348 ге жетті. Елде бұқаралық қозғалыстың өсуі бұқараның крепостниктік праого наразылығы күшеюде скендігін және крепостниктік системаның дағдарысқа ұшырағандығын көрсетті.

2. ОРЫСТЫҢ ҰЛЫ РЕВОЛЮЦИОНЕР-ДЕМОКРАТТАРЫ

Елдегі жағдай барлық қоғамдық тәртіптерді негізінен өзгертудің, Россияның ілгері дамуына басты бөгет болып отырған самодержавие мен крепостниктік тәртіпті құртудың қажеттігін көрсетті.

Радищевтің ісін алға апара отырып, дворян революционер — декабристер — патша өкіметіне қарсы алғаш рет күреске шықты. Олар Герцен мен Белинский бастаған революционерлердің жаңа жас ұрпағын күреске аттандырды.

Александр Иванович Герцен 1812 жылы дворян семьясында туды. Ол жас кезінде-ақ декабристердің революциялық ерлік істеріне бас иді. «Пестель мен оның жолдастарының өлім жазасына тартылуы менің жанымның барлық ұйқысын шайдай ашты», — деп жазды ол кейінде.

Герцен Москва университетіне түскеннен кейін революцияшыл жастар үйірмесінің ұйтқысы болды. Герцен үйірмесінің мүшелері өздерін «декабристердің балаларымыз» деп санады, самодержавие мен крепостниктікке қарсы күресті жүргізе берді. Революциялық идеяны насихаттағандығы үшін Герцен тұтқынға алынды. 1847 жы-

лы ол Россиядан кетуге мәжбүр болды. Патша үкіметі Герценді мәңгіге қуылған адам деп жариялады.

Герцен Лондонда «Ерікті орыс баспаханасын» ұйымдастырып, «Полярная звезда» журналын шығара бастады. Кезінде декабристердің қолжазба журналы осы атпен аталған болатын. «Полярная звезда» деген атты Герцен өзінің декабристер жолын қуғандығының белгісі етіп алды. Олардың портреттерін Герцен журналдың мұқабасына басты. Шетелде Герцен 10 жыл бойы атақты «Колокол» журналын шығарып тұрды. «Жаны барға жар саламын» деген ұранмен ол Россияның бүкіл алдыңғы қатарлы, ақ ниетті адамдарын самодержавие мен крепостниктік праого қарсы күреске шығарды. Герцен шаруаларға жер беріп азат етуді, демократиялық өкімет орнатуды, крепостниктік тәртіптің барлық түрін кұртуды талап етті. Герценнің кей уақыттарда, революцияны сөз қылмай, реформа жайын айтып, ауытқыған кездері болды, бірақ оның бұл ауытқулары уақытша болды, ұзаққа созылмады. Герцен әрдайым халықтың жалынды қорғаушысы, самодержавиеге қарсы революцияшыл күрескер болды.

XIX ғасырдың 50-жылдарында Россияның азаттық қозғалысында басты рольді дворяндар емес, разночинецтер атқарды. Бұлар түрлі чиндегі, әртүрлі әлеуметтік топтан — мешандардың, руханилардың, купецтердің, чиновниктердің, ұсақ дворяндардың арасынан шыққан адамдар еді. Разночинец революционерлер, дворяндық революционерлерден гөрі, халыққа жақын тұрды.

Орыстың ұлы сыншысы Виссарион Григорьевич Белинский (1811 — 1848) революционер-демократ болды. Ол крепостниктерге және олардың орыс буржуазиясы қатарынан шыққан либерал одақтастарына қарсы бас көтерген жалынды күрескер болды.

Бала жасынан өмірді таныған, еңбек пен мұқтаждықты көрген, флот дәрігерінің баласы Белинский бастан-ақ самодержавие мен крепостниктік праоны жек көрді.

Белинский орыстың әдеби сынының негізін салушы болды. Зәрін тіккен цензураға қарамастан, ол журналдық мақалаларда өзінің озат азаттық идеяларын шебер бере білді. Әдеби жұмысты Белинский қоғамдық ерлік іс деп бағалады. Жазушы халыққа қызмет етіп, оны адамзаттың қолы жеткен алдыңғы қатарлы идея рухында атқаруы және үйретуі керек деді ол. Өзінің заманда-

сы — атакты жазушы Гогольге жазған хатында оны елдегі крепостниктікті, патша өкіметі мен реакцияны жақтауға әрекеттенгені үшін ызамен айыптады. Белинский Гогольге, Россияны құтқару ісі уағаз айтып, дұға оқуда емес, крепостнойлық правоны жоюда, халықты революциялық жолмен оятуда, оны ағартуда, деп жазды.

Белинский самодержавие мен қанауға қарсы жалынды күрескер болды. Ол халықты революцияға шақырды. Ленин Белинскийді революцияшыл демократ, Маркске дейінгі дәуірдегі ең қалаулы социалист және алдыңғы қатарлы ғалым деп біліп, жоғары бағалады. Біздің халық Белинскийді отанымыздың ұлы патриоты деп құрметпен еске алады.

Белинский өз отанын шексіз сүйді, орыс халқын «арта қалған нәсіл» деп көрсетуге тырысқандарды қатты сөкті. «...Біз ақын да, философ та боламыз, — деп жазды Белинский, орыс халқының болашағына барынша сеніп, — біз артист, білімді және жауінгер халық, өнеркәсіпті, саудалы, қоғамдық халық боламыз».

Орыс халқының және бүкіл адамзаттың жаңа, бақытты өмірге жетуін арман еткен Белинский асқан көрегендікпен: «Оқымысты дүниенің төрінде отырып, ғылымға да, искусствоға да жол-жоба көрсететін, мәдениетті адам баласының бәрі мейлінше қадірлейтін Россияны 1940 жылы көретін немере, шөберелеріміздің не арманы болар екен» деп жазды.

Белинский өзінің әдеби таланты көлеміне келіп тұрған кезде, жоқшылық пен қудалаушылықтан діңкесі құрып қайтыс болды.

Белинскийдің ісін алға апарушы Николай Гаврилович Чернышевский болды.

Маркс Чернышевскийді орыстың ұлы ғалымы деп атады. Герцен мен Белинский сыяқты, Чернышевский де елді социализмге тек жұмысшы табы ғана бастайтындығын түсінбеді. Ол шаруалар революциясы программасын жақтады, крепостнойлық правоны мүлдем жоюды, бүкіл жерді шаруаларға тегін беруді талап етті.

1861 жылы Чернышевский үйірмесінен қарапайым халық тілімен жазылған «Төре қолындағы шаруаларға олардың тілектестерінен сәлем» деген үндеу хат жазылып шықты. Үндеу хат шаруаларды патша мен помещиктерге қарсы жаппай көтеріліске ынтымақпен және ұйымдасқан түрде бірігіп әзірленуге шақырды. Осындай үндеу хатты

Чернышевский үйірмесі солдаттар мен жас ұрпаққа да арнап жазды. Үндеу хаттар полицияның қолына түсті. Чернышевский және оның достары тұтқынға алынды. Чернышевскийді екі жыл Петропавл қамалында ұстағаннан кейін, үкімет оны 14 жыл каторгаға және Сибирьге мәңгілік жер аударуға үкім етті. Каторгаға жөнелтер алдында Чернышевскийге, орта ғасырлардан қалған әдет бойынша азаматтық өлім жазасына тарту ишараты істелді. Петербург алаңдарының бірінде жендеттер Чернышевскийді дар ағашына алып келіп жүгіндіріп отырғызды, одан кейін қаралап қорлау бағанасына шынжырмен байлап қойып басының үстінде сапы сындырды. Чернышевский мұндай қорлаудың ақырын байсалдылықпен күтті. Оны дар ағашынан алып бара жатқанда жыйналған жастар тобы ішінен бір қыз шығып революционердің табандылығына сүйсінгендік, бас игендік белгісіне оның аяғына гүл лақтырады.

Чернышевский өзінің бар өмірін туған халқына жұмсаған орыстың ұлы патриоты болды. Жас кезінде-ақ ол: «Өз отаныңның өкініші емес, мәңгілік даңқы үшін және азаматқа жақсылық істеу үшін көмектесу керек — бұдан артық қандай мақсат бар?» деп жазды. Чернышевский өз өмірінің ақырына дейін революцияшыл демократ, яғни халық азаттығы үшін күрескер болып кетті.

Чернышевскийдің ең жақын серігі және досы Николай Александрович Добролюбов болды. Чернышевский және Некрасов пен бірге Добролюбов революциялық-демократиялық «Современник» журналын шығаруға қатысты.

Халыққа қатты сенген Добролюбов халық бұқарасын тарихтың кудіретті күші деп санады. Бұл күшке ерік беру үшін, ол шаруаларды азат етуді талап етті және орыстың бүкіл адал ниетті және саналы патриоттарын шаруа революциясын қолдауға шақырды. Добролюбов 1861 жылы, 25 жасында өкпе ауруынан қайтыс болды.

Чернышевскийдің шаруа революциясы үшін күресіндегі серігі ақын Николай Алексеевич Некрасов болды. Ол өзінің «жалынды өлеңдерінің» бар күшін жауыздық пен әділетсіздікке қарсы күреске жұмсады. Өзінің өлеңдері мен поэмаларында крепостниктерді қатты сынады және халықты патша мен помещиктерге қарсы күреске шақырды. Оның революциялық позициясы қоғамның алдыңғы қатарлы бөлегіне аса зор ықпалын тигізді.

Белинскийді, Чернышевскийді, Добролюбовты Ленин

орыстың ұлы революционер-демократтары деп атады. Оларды самодержавиелік-крепостниктік құрылысты және оның бүкіл қалдықтарын асқан көрсалмаушылық біріктірді. Революцияшыл демократтар халық бұқарасының мүдделерін жақтады және Россияны жана, демократиялық жолмен қайта құруға ұмтылды. Олар біздің отанымыздың тарихындағы жаңа дәуірлі — патша өкіметіне қарсы большевиктік партияның басшылығымен жұмысшылар мен шаруалардың қалың бұқарасының күреске шығуы дәуірін әзірлеуге көмектесті.

3. ҚЫРЫМ СОҒЫСЫ ЖӘНЕ СЕВАСТОПОЛЬДІ ҚОРҒАУ

Крепостнойлық правоны жою үшін күрескен орыстың алдыңғы қатарлы адамдары елдің тек экономикалық жағынан ғана емес, сонымен қатар әскери жағынан да әлсіздігін түсінді. Олар Еуропадың буржуазиялық мемлекеттерімен соғыс бола қалған күнде, крепостнойлық Россияға мықты жеңілістің төніп тұрғандығын алдын ала білді.

Россияның еуропадағы күшті мемлекеттер — Англия және Франциямен соғысы Түркияның қарауындағы Босфор және Дарданель бұғаздары үшін басталды. Ерте кезден-ақ патшалық Россияның күшті бәсекелестері мен мейрімсіз күресінің себебі осы бұғаздар болатын.

Россия үшін бұғаздарды емін-еркін пайдалану өмірлік маңыз алды. Бұл бұғаздар Қара теңізден Орта теңізге шығудың бірден-бір жолы болды. Бірақ Англия, Франция және Австрия Россияның Таяу Шығыста ықпалының нығаюынан қорықты, Россияның Балқандағы позициясын әлсіретуге барынша тырысты.

Балқанда орыс ықпалының өсуіне үлкен бір себеп, оларда Түркияның езуіндегі христиан халықтарының — гректердің, болгарлардың, сербтардың, черногорлықтардың және басқаларының мекен етуінде еді. Бұл халықтар өздерінің тәуелсіздігі үшін талмастан күресіп, балқан халықтарын түрік билігінен азат етуге әлдеқашаннан ара түсіп келе жатқан Россияның көмегі мен жәрдеміне сенді.

Патшалық Россия, сонымен қатар, Түркияның экономикалық және әскери жағынан әлсіздігін есте ұстай отырып, сәтті соғыс арқылы өзінің нашарлаған халықаралық жағдайын нығайтуды, өсіп бара жатқан ішкі дағдарысты бәсеңдетуді көздеді.

1853 жылғы июньде 80 мыңдық орыс армиясы Дунай жеріне кіріп, Түркия билігіндегі Молдавия, Валахия князьдіктерін басып алды. Осы жылдың ноябрінде адмирал Нахимовтың эскадрасы Қара теңіздің оңтүстік жағалауындағы Синоп рейдінде тұрған түрік кемелерін байқап, оларды қоршауға алды.

Нахимов түрік флотына шабуыл жасап, оны жойып жіберу тоқтамына келді. Ұрыс алдында, 17 ноябрьде, Нахимов бұйрық жариялап, онда шабуылдың жоспары көрсетілді. Нахимов барлық командирлерге, жағдайдың өзгеруін еске ала отырып, батыл өз инициативаларын көрсетуді ұсынды.

«...Мен, — деп жазды Нахимов, — әркімге өзінің қалауынша қыймыл жасауға, бірақ өзінің борышын сөзсіз орындауға ерік беремін».

18 ноябрьде ұрыс төрт сағатқа созылды. Түрік эскадрасы және теңіз жағалауындағы батареялар жойылып жіберілді. 4500 адамы бар түрік командасының үш бөлігінің екісі қаза тапты. Көптеген түріктер қолға түсірілді, олардың ішінде адмирал Осман-паша мен 2 командир бар еді.

Синоп ұрысындағы жеңіс адмирал Лазарев пен Нахимовтың мектебінен өткен теңізшілердің жауынгерлік жоғары сапасын көрсетті.

Синоп ұрысының қортындысын шығарып, Нахимов 1853 жылы 23 ноябрьде бұйрық жазды. Онда: «Менің басқаруымдағы эскадраның Синопта түрік флотын жойып жіберуі Қара теңіз флотының тарихында даңқты орын алмақ... Жаудың күшті оғының астында өз кемелерін берілген диспозицияға салқын қанмен және шебер қоя білгендіктері үшін, ұрыста тайсалмастық ерлік көрсеткендіктері үшін — кемелер мен фрегаттардың командирлеріне, өз борыштарын қорықпастан дәл орындағандары үшін — офицерлерге, арыстандай алысып ұрысқан кеме командаларына алғыс айтамын» деп жазды.

Синоп ұрысы желкенді кемелердің ең ақырғы күшті айқасы болды және бомбалық зеңбіректерді алғаш рет қолданған ұрыс болды.

Синопта түрік флотының жеңілуі Түркияның жалпы талқандалу қаупін туғызды. Түркияға көмекке оның қуатты одақтастары келді. 1854 жылдың күзінде бу және жел күшімен жүретін 360 соғыс кемесі, әскер және артиллерия тиеген көп транспорты бар ағылшын-француз

флоты Қара теңізге келіп кірді. Россияның Қара теңіздегі желкенді флоты бумен жүретін флотпен соғыса алмайтын болды, сондықтан оны дұшпанның эскадрасына бөгет жасау үшін Севастополь қойнауының кіре беріс жеріне батырып жіберуге ұйғарылды.

Шығыс соғысында соғыс әрекеттері көбінесе Қырымда болды. Сондықтан Россияның 1853 — 1856 жылдарда Англия мен Францияға қарсы жүргізген соғысы Қырым соғысы деп те аталады.

Россияның Қара теңіздегі таянышы — күшті теңіз қамалы Севастополь еді. Теңіздің қойнауына кіретін жер және оның жағалаулары мықты бекітілген болатын. Мұның өзі дұшпанның Севастопольге теңіз жағынан кіруіне мүмкіндік қалдырмады. Ал, бірақ, қала кұрлық жағынан мүлдем бекініссіз еді.

Севастопольді қорғау ісіне адмирал Нахимов пен Қорнилов басшылық етті. Дұшпанның шабан қыймылдағанын пайдаланып, олар Севастопольді кұрлық жағынан бекіністермен қоршауға кірісті. Қаладан шегінеміз деген тіпті олардың ойларында да болмады. «Ақырына дейін соғысамыз, — деп жазды Қорнилов өзінің бір бұйрығында. — Бізге кейін шегінуге жол жоқ, — артымызда теңіз. Егерде бастықтардың біреуі отбой ұруды бұйырса — ондай бастықты түйреп өлтіріңдер; масқаралық отбойды ұруға батылы барған барабанщикті түйреп өлтіріңдер».

Екі жеті ішінде қала күшті бекіністермен және қорғандармен қоршалып болды. Суға батырылған кемелердің зеңбіректері батареяларға орнатылды. Қаланы жеңіл ғана шабуыл жасап тез ала қоймақ болып келген одақтас армиясы Севастопольдегі мықты бекіністі көріп аңтарылып қалды. Ағылшын-француз әскерлері тікелей шабуыл жасаудан түк шықпайтынын көргеннен кейін қаланы қамауға алуға ұйғарды.

Қаланы қамауға алғаннан кейін одақтас армиясы 1854 жылғы 5 октябрьде қамалға артиллериядан күшті оқ жаудырды. Бірінші бомбалауда қаланы қорғаудың бастығы Қорнилов қаза тапты.

1855 жылғы 7 марттағы бомбалау кезінде Малахов биігінде Севастополь қорғануының тамаша ұйымдастырушыларының бірі — контр-адмирал Владимир Иванович Истомин доп тиіп өлді. Оның еңбегін атап көрсете келіп, Нахимов былай деп жазды: «Севастополь қорғауы үнемі

тасыған қайрат-жігермен, ержүрек батырлығымен рухтанған өзінің басты қайраткерлерінің бірінен айрылды».

1855 жылы 27 мартта Павел Степанович Нахимовке адмиралдық атақ берілді. Осыған байланысты, Нахимов Севастопольді қорғаушыларға арнаған бұйрықтарында оларға отанға ерлікпен қызмет еткендері үшін алғыс жариялады. Севастополь порты бойынша 12 апрельде берілген бұйрығында орыс теңізшілерінің ерлігі мен батырлығын айтып былай деп жазды: «Матростар! Туған Севастополь мен флотты қорғаудағы сіздердің ерліктеріңді маған айтып жату керек пе? Мен сіздердің еңбектеріңді және бірінші бұйрық бойынша өлуге әзір екендіктеріңді жас кезімнен бері көріп келемін; біз ертеден достастық; мен сіздерді бала жасымнан мақтан етемін. Севастопольді қорғап қалайық... Севастопольдің бастиондарында біз теңіз ісін ұмытқанымыз жоқ, әрқашанда Қара теңіз теңізшілеріне көрік берген жігер мен тәртіпті нығайттық».

Қарнилов қайтыс болғаннан кейін Севастополь қорғауының жүрегі адмирал Нахимов болды. Оны матростар тек Павел Степанович деп ғана атайтын. Нахимов пен матростардың бір-біріне сенушілігі, сүйіспеншілігі айырықша болды. Нахимов тәрбиелеген матростар Нахимовтың арыстандары деп аталды. Севастополь гарнизонының барлық солдаттары солардың ықпалында болды.

Севастопольді қорғаушылар бекіністер сала берді, орларды тереңдетті, траншеялар қазды, жер астына блиндаждар орнатты. Теңізшілер қамалдың бастиондарында қатардан шыққан артиллеристердің орнын басып тұрды.

Матрос әйелдері, жанын пида қылып, бастиондарды қорғаушыларға тамақ, су жеткізіп отырды, зеңбірек оқтарын алып беріп тұрды, жараланғандарға көмек көрсетті. Бекіністерде тіпті ересектер мен матрос балалары да ерлік қыймыл жасады.

Севастопольді қорғаушылардың ішінде ұлы жазушы Лев Николаевич Толстой да болды. Өзінің «Севастополь әңгімелері» деген шығармаларында ол Севастопольді қорғаудағы ерлік күндерді тамаша көркемдікпен суреттеді.

1855 жылдың бас кезінде күрес бұрынғыдан да шиеленісе түсті. Душпан қамалды құрлықтан да, теңізден де күшті бомбалаумен болды, 27 майда Севастопольге алғаш рет тіке шабуыл жасады.

Кешікпей шабуыл қайталанды. Жау салған жерден бірнеше бастиондарға лап қойды. Бұл шайқаста, бір француз генералының айтуынша, «орыстардың ерлігі бұрынғыдан да асып түсті». Бірақ күрес барған сайын қиындай берді. Севастопольде небары шаршап, қалжыраған 50 мың жауынгер қалды. Ал одақтастардың 100 мыңнан аса әскері болды және олар қару-жарақ жағынан бұрынғысынша басым болатын.

Күн санап жүздеген адамдар қатардан шығып жатты.

Дұшпан 1855 жылғы 27 августа Севастопольге қайтадан тағы да шабуыл жасады. Орыс солдаттары мен матростары әлденеше рет қарсы шабуылға шықты. Малахов биігінің беткейі өлікке лық толды.

Бірақ Севастопольді мұнан әрі қорғауға мүмкіншілік қалмады. Командованшенің бұйрығы бойынша Севастопольді қорғаушылар сол түні оқ-дәрі және барлық соғыс қоймаларын талқандап, теңіз қойнауының солтүстігіне ауысты. Севастопольді қорғау жөніндегі 349 күнге созылған даңқты күрес осымен аяқталды. Жеңімпаздарға, өздерінің хабарында жазғандайын, «қанға боялған қыраған үйлер» ғана қалды. Россия Париж бейбітшілік шартына қол қоюға мәжбүр болды. Бұл шарт бойынша Россия Қара теңіз жағалауларындағы қамалдар мен соғыс-теңіз арсеналдарын жоюға және қара теңізде соғыс флотын ұстамауға міндеттенді.

Қырым соғысы кезінде Севастопольді қорғаудың жауынгерлік дәстүрі ұмытылған жоқ. Мұның даңқын Ұлы Отан соғысында совет Севастополінің батыр қорғаушылары тағы да шығарды. Орыс теңізшілерінің жауынгерлік істері құрметіне Ұлы Отан соғысы кезінде Нахимов ордені мен медалі шығарылды.

4. БУРЖУАЗИЯЛЫҚ РЕФОРМАЛАР

Қырым соғысы крепостнойлық Россияның артта қалғандығын анық көрсетті. Орыс солдаттары көбінесе ескі, жай оқталатын тегіс стволды мылтықпен, ал француз, ағылшын жаяу әскерлері тез және алысқа ататын мылтықтармен қаруланған болатын. Орыс солдаттары өздерінің батырлығы, төзімділігі және табандылығымен көзге түсті. Бірақ олар ату өнеріне нашар үйретілген бола-

тын және сап болып жайылып соғысу тактикасы жағынан француздардан кем еді. Орыс артиллериясы ағылшын, француз артиллериясына қарағанда жақынға ататын болды; сонымен қатар, оларға оқпен дәрі жетпеді, оларды крепостниктік заводтар жеткілікті шығармады. Сол сияқты, крепостниктік ауыл шаруашылығы армияны азық-түлікпен жабдықтай алмады. Темір жолдың жоқтығы резерв жеткізуді кешеуілдетіп отырды.

«Қырым соғысы крепостнойлық Россияның шіріктігін және әлсіздігін көрсетті» деп жазды Ленин.

Қырым соғысында жеңілгендік патшалық Россияны крепостнойлық правоны тез жоюға итермеледі.

Мұны елдегі крепостниктік тәртіптерге қарсы үздіксіз көтеріліс жасаған көп миллиондаған шаруалар да талап етті. 1854 жылы шаруалар қозғалысы 10 губернияны қамтыды. Бұдан кейінгі жылдарда қозғалыс үздіксіз өсе берді. Елде революциялық жағдай туды. Бірақ 60-жылдардың басында шаруалар қозғалысы революцияға айналып кете алмады. Бұл фактыны Ленин «жүздеген жылдар бойы помещиктердің құлдығында болған халық бостандық үшін кең, ашық, саналы күреске көтерілетін халде болмады» деп түсіндірді. Жұмысшы табы жаңа ғана пайда болып келе жатқан еді. Сондықтан ол шаруаларды самодержавие мен крепостниктікке қарсы шабуылға бастай алмады. Шаруалар революциясының қаупі патша үкіметін крепостнойлық правоны жоюға мәжбүр етті.

Қырым соғысы кезінде, 1855 жылы февральда, І Николай өлді. Таққа оның баласы ІІ Александр отырды. Шаруалар революциясының қаупі оны реформаны дайындау ісін бастауға мәжбүр етті. «Крепостниктік правоның төменнен басталып жойыла бастайтын кезін күтпей, — деді ол, — оны жоғарыдан жою дұрыс болады». Жоғарғы чиновниктер мен ірі помещик-крепостниктерден шаруа жұмысы жөнінде Бас комитет құрылды. Губернияларда дворяндардан комитеттер ұйымдастырылды, олар крепостной шаруаларды босатқанда помещиктерге неғұрлым зыян аз келетін жағын талқылады.

Реформаға өте ділгер болған шаруалар оны дайындау ісіне мүлдем қатыстырылмады. Бұларды ұлы революционер демократ Чернышевский жақтады. Ол «Современник» журналында басылған мақалаларында крепостниктердің қолымен жүргізілетін «бостандық» іс жүзінде шаруаларды алдау және тонау болады деп жазды. Чернышевский

шаруаларға толық бостандық беруді және оларға помещик жерін тегін беруді талап етті.

Крепостниктер реформаны өз мүдделеріне сай жүргізілі. 1861 жылғы 19 февральда ІІ Александр крепостнойлық правоны жою жөніндегі манифестке және шаруаларды орналастыру жайындағы Ережеге қол қойды.

Шаруалардың қара басының бостандығы жарияланды. Бұдан былайғы жерде помещик шаруаларды сатып алатын, сататын, айырбастайтын болмады. Олардың семьялық тіршілігіне араласа алмайтын болды. Шаруалар саудамен, кәсіпшілдікпен шұғылдануға, дүние мүлікке ие болуға право алды. Олар шаруа сословиясынан шығып, мешан немесе купец болып «жазылуға» ерікті болды. Мұның барлығы шаруалар басында еркі жоқ құл болудан босап, заң бойынша, ерікті адамға айналды, деген сөз еді. Шаруалардың жеке басының помещиктерге тәуелділігі жойылды. 1861 жылғы шаруа реформасының ондайлы жағы, — міне осында болды.

Ленин 1861 жылғы реформаны еліміздің тарихындағы маңызды кезең, феодалдық-крепостниктік тәртіптерден капиталистік тәртіптерге өтудің белгісі болды деп санады. Өзінің мазмұны жағынан буржуазиялық болған бұл реформа Россиядағы самодержавиені буржуазиялық монархияға айналдыру жолындағы алғашқы адым болды, — деп жазды Ленин. Бірақ крепостниктердің жоғарыдан жүргізген бұл реформасы помещиктердің мүддесіне қызмет етті және, Ленин сыйпаттағандайын, шаруаларды арсыздықпен тонау, қорлау реформасы болды.

Реформа деревнядағы феодалдық қалдықтардың көбін сақтап қалды. Помещиктердің қолында жер бұрынғысынша өте көп қалды. Шаруалар жері реформаға дейінгіден де азайды. Бүкіл Россияда шаруалар жерінің бестен бірінен артығырағы кесіп алынды. Бұл жерлер — «кесінділер» помещиктердің қолында қалды. Жер бөлістің аттамалы тәртібі сақталды: помещиктердің жері ойдым-ойдым болып шаруалар жерінің ішіне кіріп жатты. Шаруалар лажсыздан помещиктің бұл жерлерін қымбат бағамен арендаға алатын болды. 1905 жылы революцияға дейін шаруалар алған жер үлестері үшін 2 миллиардтан астам сом сатып алу борыштарын төледі. Мұның ішінде тек жердің құны ғана емес, сонымен қатар, шаруалардың өз басын сатып алу құны да кірді. Шаруалар жеке меншікке жер алған жоқ. Жер селолық қауымының

меншігіне берілді. Шаруалар «бірі үшін бірі», «бүкіл қауым болып» мемлекетке борыштарды және алым-салықтарды төлеуге міндетті болды.

Помещик жерлерінің ешбір төлемсіз өздеріне берілуін талап еткен шаруаларды 1861 жылғы 19 февральдағы реформа қанағаттандырмады. Сондықтан манифест жарияланғаннан кейін шаруалар қозғалысы бүкіл елде кен өріс алды. Шаруалар арасында 19 февральдағы манифест пен Ереже ақиқат патшалық указ емес екен, чиновниктер мен дворяндар «нағыз еркіндікті» жасырып қалыпты-мыс деген лақап тарады. Шаруалар жаңа заңды мойындаудан бастартты, помещик жерлерін тартып ала бастады. Әсіресе Қазан губерниясының Бездна және Пенза губерниясының Қандеевка селоларындағы шаруалар көтерілісі қаһарлы болды және ұзаққа созылды. Көтеріліске шыққан шаруалар: «Барлық жер біздікі» деген ұран жазылған қызыл ту ұстап, деревняларды аралады. Көтерілісшілерге қарсы әскер жіберілді, олар «бүлікшілерді» қатаң басты.

Патша үкіметі крепостниктік правоны жойғаннан кейін самодержавиелік-дворяндық құрылысты жаңа жағдайға бейімдеу мақсатымен тағы да басқа реформалар жүргізуге мәжбүр болды. 1864 жылы өкімет басқарудың жергілікті органдары—уездік және губерниялық земстволар құрылды. Олар мектеп, аурухана, жол істерін және уездің шаруашылық тіршілігінің кейбір мәселелерін басқарды. Земствоға дворян—помещиктер басшылық етті. Шаруалар земство мекемелеріне өте аз сайланды.

Сол 1864 жылы сот реформасы жүргізілді. Сот мәжілістері ашық жүретін болды. Енді округтік соттарда іс қарағанда дворяндардан, сол сыяқты қалалық және селендік буржуазиядан қосшы билер қатнасатын болды. Усақ істерді қарау үшін бітім соттары құрылды. Деревняда болыстық сот жұмыс істеді, олар шаруаларға дүре соғу жазасын бере алатын болды. Саяси істер сот палаталары мен сенатта қаралды, бұлар дворяндардың қолында болды.

1870 жылы қалалық думалар құрылды, бұлар қала шаруашылығын, мектептерді, ауруханаларды және қаланың басқа да бірсыпыра мекемелерін басқаратын болды. Қалалық дума өзінің атқарушы органын—қалалық басқармалар сайлады, оның бастығы болды. Қала бас-

қармасын сайлауға тек бай купецтер мен үй қожалары ғана праволы болды. Қалалық думалардың жұмыстарын губернаторлар бақылап отырды.

1861 жылы соғыс министрі болып білімді және либерал генерал Д. А. Милютин тағайындалды. Ол патшаға әскерді қайта құрудың қажеттігін дәлелдеп баяндама жазды. 1874 жылғы 1 январьда әскерлік міндетті өтеу жөнінде устав бекітілді. Бұл устав армия мен флотты толықтырудың крепостниктік (рекруттық) принципін жойып, буржуазиялық принципті жалпыға бірдей міндетті әскерлік қызмет атқару тәртібін енгізді. Январь айында 20 жасқа толған барлық еркектер шақыру учасоктеріне келуге міндетті болды, мұнда тұрақты әскерге адамдар іріктеп алынды. Әскери қызметтің 25 жылдық мерзімі алты жылға түсірілді, одан кейін солдат запасқа шығарылатын болды. Флотта қызмет ету 10 жыл болып белгіленді. Бірақ әскерді бұрынғысынан дворяндар басқарды. Генералдар мен офицерлер, ішінара болмаса, дворяндардан шыққандар болды, олар солдаттарды патша мен помещиктер мүддесін қорғау рухында тәрбиеледі.

Жаңа жағдайда ескі желкенді флоттың әбден жарамсыздығын көрсеткен қырым соғысынан кейін іле-шала патша үкіметі орыс флотын да реформалауға мәжбүр болды. Бронды жаңа флотты жасауға аса зор ынтамен кіріскен, Севастопольді қорғаушылардың бірі, адмирал Григорий Иванович Бутаков болды.

1861 жылы Бутаков өзінің «Пароход тактикасының алғашқы негіздері жөніндегі тәжірибеден бірнеше үзінділер» деген еңбегін жариялады. Г. И. Бутаков тарихқа орыс флотына бұмен жүретін бронды кеме енгізудің үлгісін салған адам болып кірді. Бұған адмирал Макаров та қосылады.

60-жылдардың барлық реформалары, Батыс Европадағы сыяқты, Россияда да, ескі феодалдық құрылыстың орнына жаңа, бұрынғы құрылыстардан неғұрлым жоғары, капиталистік, буржуазиялық құрылыс келгендігін көрсетті. Бірақ Россияда 1861 жылғы реформадан кейін де крепостниктіктің көптеген қалдықтары қалды. Жердің помещиктердің жеке меншігінде болуы және олардың шаруаларды аяусыз қанайтындығы осындай крепостниктік қалдықтың белгісі еді. Помещик-дворяндардың мүддесін қорғаған самодержавие де крепостниктік қалдық

болды. Крепостник-помещиктердің үстемдігі капитализмнің дамуына бөгет жасады; сондықтан да біздің ел Еуропаның алдыңғы қатарлы елдерінен техника-экономикалық жағынан барған сайын артта қала берді.

Б. ПАТШАЛЫ РОССИЯНЫҢ ҚЫРЫМ СОҒЫСЫНАН KEЙІНГІ СЫРТҚЫ САЯСАТЫ

Қырым соғысындағы жеңіліс патшалы Россияның халықаралық істерде II Екатерина тұсынан бері келе жатқан жетекшілік ролінен айырылуына әкеліп соқтырды. Қырым соғысынан кейін европалық державалар Россияны 1856 жылы Париж шартына қол қоюға еріксіз көндірді. Бұл шарт бойынша Россияға Қара теңізде соғыс флотын ұстауға, соғыс-теңіз верфтерін және жағалауларға бекіністер салуға тыйым салынды.

Патша үкіметі бұл шек қоюшылықтан құтылуға ұмтылды. 1870 жылы Пруссия Францияны талқандағаннан кейін, патша үкіметі Қара теңізде қорғану шаралары жөнінде оған қойылған шектерді сақтауды өзіне міндетті деп санамайтындығын білдірді. 1871 жылы Лондон конференциясында патшалы Россия бұл статьяларды жойдырды. Мұнымен қатар, Россия өз ықпалын Балқан түбегінде де нығайтуға тырысты.

Осы кезде Балқанда Түркияның тепкісіндегі халықтардың ұлт-азаттық қозғалысы басталды. 1875 жылы Босния мен Герцеговинада сербтердің көтерілісі бүрк өте түсті. Келесі жылы түріктерге қарсы болгарлар көтеріліске шықты. Бұларға басқа славян халықтары да қосылды. Түріктер көтеріліске шыққан славяндарды қатаң басып отырды. Балқан славяндарының күресіне туысқан орыс халқының қалың бұқарасы шын тілектестік білдірді. Россияда «Славян комитеті» құрылды, қаражат жыйналды, түріктерге қарсы көтерілген славяндарға көмекке өз еркімен барушылар жіберілді.

Балқанда өзінің саяси және стратегиялық мақсаттарын іске асыруды көздеген патша үкіметі Түркияға қарсы 1877 жылы соғыс ашуға ұйғарды. Бірақ соғыс патшалы Россияның техника-экономикалық жағынан мешеулігін және соғысқа дайын еместігін тағы да көрсетті. Түркия европалық мемлекеттерден жақсы қару-жарақ алып тұрды, ал орыс солдаттарында тіпті винтовка мен патрон да болмады.

1877 жылдың жазында орыс армиясы Дунайдан өтті. Солдаттар батырлық пен ерліктің керемет үлгілерін көрсетті. Бірақ дарынсыз командование шабуылға шыққан орыс армиясының екі жақ қанаты мен қатнас жолдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ете алмады. Сурапыл қатаң қыс жағдайында, қардан істелген окоптарда жатқан орыс әскерлері Шипка асуынан түрік шабуылының бетін қайтарды. Орыс армиясының жолындағы, әсіресе үлкен қауіпті жер түрік қамалы Плевна болды. Мұны алмайынша Балқанға өту мүмкін емес еді. Ұзаққа созылған қоршаудан кейін Плевна алынды. Орыс әскерлері таудағы қар мен мұз басқан шыңдардан өтіп Константинопольге бет алды. Бірақ Англия бастаған еуропалық державалар егер Россия Константинопольді алатын болса оған қарсы соғыс ашамыз деп сес көрсетті. Бұл державалардың араласуымен Россия 1878 жылы Түркиямен Константинополь түбіндегі Сан-Стефано деген жерде алдын ала бітім шартын жасады.

Түркия Россияның дегенімен Болгарияның, Сербияның, Черногорияның және Румынияның тәуелсіздігін мойындады. Сонымен, Россияның көмегі арқасында Балқан халықтары түрік езушілігінен кұтылып, ұлттық бостандық алды.

Россия Сан-Стефано шарты бойынша Балқандағы ықпалын нығайтты. Бұған тынышсызданған Англия мен Австрия 1878 жылы Берлинде конгресс шақырып, шартты қайта қарады. Берлин конгресінің ұйғаруы бойынша Болгария бөлшектелді, оның бір бөлімі (Шығыс Румелия) Түркияға берілді. Босния мен Герцеговинаны Австро-Венгрия әскерлері басып алды. Дунайдың солтүстік жағы Россияға қалдырылды да, басқа жағы Румынияға берілді. Россия Бессарабияның оңтүстік бөлігін, Күнгей Кавказдағы Батум мен Қарсты қайтарып алды.

Сөйтіп, Берлин конгресі Сан-Стефано шартын тіпті көп мінеді. Бұдан былайғы жерде орыс царизмін батыс-европалық капиталистік мемлекеттерге, әсіресе Англия мен Францияға тәуелділігі күшейе түсті.

1891—1893 жылдары, орыс царизмін француз банкирлеріне тәуелді, борышты еткен француз-орыс одағы жасалынды. Патшалық Россия Германиямен соғыс бола қалған күнде 800 мың солдат беруге міндеттенді. Сталин жолдас айтқандайын, орыс царизмі батыс империализмнің аса зор резервіне айналды.



IX тарау

РОССИЯ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КҮРЕСІ

1. РОССИЯ — КӨП ҰЛТТЫ ИМПЕРИЯ

XVI ғасырда-ақ Орыс мемлекеті өзінің құрамы жағынан бірте-бірте көп ұлтты мемлекетке айнала бастады. Қазан және Астрахань хандықтарын жаулап алғаннан кейін, XVI ғасырдың аяғында Орыс мемлекетінің құрамына татарлар мен Еділ бойындағы және Орал маңындағы халықтар — удмурттар, марилер, чуваштар, мордвиндер, башқұрттар қосылды.

XVI—XVII ғасырларда Орыс мемлекеті ең алдымен Батыс, ал одан кейін бүкіл Шығыс Сибирьді өзіне қаратты. Бұл кең байтақ жерді Сибирьлік түрлі тайпалар — эвенктер, якуттар, бурят-моңғолдар және басқалары мекендейтін. Сибирьдің солтүстігі мен солтүстік-шығысында ненцылар, чукчилар және басқа да ұлттар үйір-үйір бұларымен көшіп жүрді.

Литва мен Белоруссияға көршілес Балтық бойындағы губерниялар Россияға Солтүстік соғыс кезінде-ақ қосылмаған болатын. Балтық бойындағы губернияларды орыс губернаторлары басқарды. Бірақ Балтық бойының экономикасына неміс барондары билік етті. Олар ірі жер иелері болды, патша өкіметі оларға барынша көмек көрсетіп тұрды.

XVII ғасырдың орта кезінде украин халқының еркімен Украина Россияға қосылды. Бірақ Украинаның батыс жақ бөлігі яғни оңжақ жағалаудағы бөлімі Польшаның билігінде болды. Польша 1773, 1793 және 1795 жылдары Австрияның, Пруссияның және Россияның арасында бөліске түсті. Осы бөлістің нәтижесінде бүкіл Белоруссия және Украинаның барлық дерлік жері Россия империясының

құрамына кірді. 1815 жылы поляк жерінің көбі поляк Патшалығы деген атпен Россияға қосылды. Россия императоры Польшаның мұрагерлі королі деп жарияланды. Польшаны тікелей басқару ісі император тағайындаған өкілге жүктелді.

1809 жылы Финляндияны жаулап алу нәтижесінде Финляндияның Ұлы князьдігі құрылды. Император І Александр өзінің бұрынғы бүкілроссия императоры және поляк королі деген атағына енді Финляндияның ұлы князі деген атақты қосты.

Осы кездер шамасында Россияның оңтүстіктегі шекаралары да кеңіді. Грузияның халықаралық және ішкі жағдайы нашарлап, ол не Түркия мен Персия арасында бөлшектеліп кетуге, не Россияның қарауына көшуге тиісті болды.

Грузияның алдыңғы қатарлы адамдары күші барған сайын артып келе жатқан Россияға қосылуды қажет деп тапты. Бұл қосылу оны тәуелсіздігінен айырған болса да, сонымен бірге, грузин халқын және оның мәдениетін құрып кетуден аман алып қалды.

Шығыс Грузиядан кейін іле-шала, Закавказьенің басқа жерлері де Россияға қосылды.

XIX ғасырдың бірінші жартысында патша үкіметі Солтүстік Кавказдың тау халықтарын жаулап алуға кірісті. Тау халықтары жыйырма бес жылдан астам уақыт (1834—1859) өзінің тәуелсіздігі үшін күресті, бірақ патша үкіметі ақыр аяғында бағындырды.

XIX ғасырдың 40-жылдарында патша үкіметінің Орта Азияға шабуылы басталды, 80-жылдарда бұл шабуыл аяқталды. Россия империясының құрамына өзбектер, тәжіктер, түрікмендер және Орта Азияның басқа да халықтары кірді.

XIX ғасырдың аяқ кезінде Россия империясының оңтүстік — шығыс шекаралары Персияға, Афғанстанға және Қытайға дейін жетті.

Россия өзінің құрамына ондаған ірі және ұсақ халықтарды енгізген көп ұлтты аса зор империяға айналды. Россияға қосылғаннан кейін бұл халықтардың шаруашылық және мәдениет тұрмысы бұрынғысынан гөрі тез және табысты түрде дамып бастады. Россияның ұлттық аймақтарының феодалдық тұйықтығы жойыла бастады, орыс емес халықтардың арасына ағарту ісі тарай бастады, мұны таратушы орыстың алдыңғы қатарлы интеллигенциясы

болды. Орта Азия халықтары, сонымен қатар, татар, башкұрт және басқа да халықтар жөнінде Россия шын мағнасында прогрессивтік роль атқарды, деп жазды Энгельс.

2. ПАТШАЛЫҚ РОССИЯ — ХАЛЫҚТАРДЫҢ ТҮРМЕСІ. ПАТША ӨКІМЕТІ — РОССИЯ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ДУШПАНЫ

Россия империясына қосылынған жерді патша үкіметі өзінің отарына айналдырды. Империяның шет аймақтары Россияның өнеркәсіп орталығы үшін шикі зат жеткізіп тұрды және оның товарларын сатып өткізетін базары болды.

Патшалық Россияның ұлттық езушілігінің ең басты салдары шет аймақтардың халықтарының өзіндік мемлекеттігінен айрылғандығы болды. Бұл халықтардың мәдениеті мен тіліне қысым жасалды, ірі әкімшілік қызметтерде патша әкімдері отырды, бұлар езілген халықтардың тілі мен әдет-ғұрыптарын қорлады: ұлт тілінде кітап шығаруға, балаларын ана тілінде оқытуға, ұлттық театрлар құруға, тіпті ұлт өлеңін айтуға да тыйым салынды. Грузияны әскери өкімет — бас командашы басқарды. Қызмет бабындағы адамдарды тағайындау және орнынан алу жөнінде оның шексіз правосы болды. Грузияның княздары мен помещиктері патшаның әскери өкіметтеріне көмектесті, өйткені көтеріліске шыққан Грузия шаруаларына қарсы күресте соларға арқа сүйеді. Барлық ұлттық аймақтарда патша отаршылары мен жергілікті феодалдар арасында одақ жасалды. Белоруссия мен Украина Россия империясының бірнеше губернияларына бөлінді. Бұл губерниялардың село халықтары поляк және орыс помещиктерінің қанауына бір түссе, жергілікті буржуазияның қанауына екі түсті.

Орта Азияның мақташылары орыс купецтері мен жергілікті байларға жем болды; мақташылардың ақшаға қатты мұқтаждығын пайдаланып, байлар аса зор өсіммен оларға қарыз беріп отырды, ол үшін борыштылардың жерлерін алып, шаруаларды өздерінің мәңгілік жалшыларына айналдырды.

Жергілікті феодалдардың мүдделерін қорғай отырып, оларға сыйлық, чин орден бере отырып, патша үкіметі өз қарауындағы жерлерге әбден бекінуге және орыс емес халықтарды ең ақырғы тәуелсіздігінен айыруға тырысты.

Патшалық Россия, Ленин айтқандайын, «Халықтардың түрмесі» болды. Патша әкімдері орыс емес халықтарды ресми түрде «бұратана халық» деген жексұрын атақпен атады және оларға түрлі шектер қойды. Әсіресе еврейлердің халі ауыр болды. Олар үшін «отырықшылық тәртібі» енгізіліп, еврейлерге белгіленген жерден басқа жерге қоныстануға тыйым салынды. Патша өкіметі халықтарды бір-біріне айдап салып, армяндар мен азербайжандықтардың қыян-кескі қырқысуын ұйымдастырды, еврейлерге ойран салды.

Патша өкіметі Россия империясының құрамына кірген барлық халықтың қас дұшпаны болды. Сондықтан да орыс халқы өзінің бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы күресте әрқашанда орыс емес халықтардың қуаттауы мен тілектестігін көріп отырды, ал орыс емес халықтардың ұлт-азаттық қозғалысы әрқашанда орыс қоғамының алдыңғы қатарлы адамдарының жалынды тілектестігін туғызып отырды.

XIX ғасырда Украинада крепостниктік езуге қарсы шаруалар бұқарасының ірі қозғалысы кеңінен өрістеді. Бұл қозғалысты халықтың атакты батыры Устин Кармелюк бастады. Кармелюк 1812 жылдан 1835 жылға дейін поляк және орыс помещиктеріне қарсы шаруалар көтерілісін бастады. Патша үкіметі Кармелюкті жеті рет тұтқынға алып Сибирьге жер аударды, бірақ ол әруақытта да қашып шығып, тағы да помещиктерге қарсы күресті бастап отырды. Кармелюк қуылып жүрген кезде қоршауда қалып қаза тапты. Кармелюк қозғалысына Россияның алдыңғы қатарлы адамдары тілектес болды және қуаттады.

XIX ғасырдың ішінде Польшада бірнеше рет көтеріліс болды. Бұлардың мақсаты Польшаның дербес мемлекетін құру еді. Польша көтерілісі 1830—1831 жылдары үлкен өріс алды, бірақ жеңіліспен аяқталды, өйткені қозғалысты басқарған поляк помещиктері халық бұқарасынан қорықты.

1863 жылы Польшада қайтадан көтеріліс бұрқ ете түсті. Бұл күреске халық бұқарасының басым көпшілігі көтерілді. Бірақ 1863 жылғы ұлт-азаттық қозғалыста ауыз бірлік болмады.

Көтеріліс жасағандардың құрған үкіметінің басында көбінесе шляхта (дворян-помещиктер) отырды. Олар шаруалардың жер үшін күреске айналып кеткен қозғалысы-

ның қарқынынан қорқып, патша үкіметімен келісімге келді.

II Александр поляк көтерілісін бірігіп басу жөнінде Пруссиямен одақ жасап, Польшаны басу үшін үлкен армия жөнелткенде, бұл үкімет шаруаларды үйді-үйлеріне тарауға шақырды.

Польшадағы көтеріліс Литваға, Белоруссияға және Украинаның көршілес аудандарына тарады. Литва мен Белоруссия шаруалары орыстың да, поляктің да помещиктеріне қарсы көтерілді. Белоруссиядағы көтерілістің ұйымдастырушысы және көсемі Кастусь Калиновский болды. Ол туған Белоруссия шаруалары үшін бостандық, өзін-өзі басқару және жер талап етті.

Польшадағы, Литва мен Белоруссиядағы көтеріліс қатаңдықпен басылды. Кастусь Калиновский және көтеріліске қатысқан басқа да неше жүздеген адамдар өлім жазасына тартылды. Орыстың Герцен мен Чернышевский бастаған революционер-демократтары халықтың бостандық жолындағы күресін қызу қуаттады, патшаның бүлікті басушылары мен жендеттерін шенеді.

Орыс халқының алдыңғы қатарлы өкілдері мен езілген орыс емес халықтар патша өкіметіне қарсы жүргізген жалпы күресте бірте-бірте ынтымақтаса түсті. Бірақ Россияда жұмысшы табы шыққанға дейін халықтың азаттық күресі жемісті бола алмады.



Х т а р а у

ХІХ ҒАСЫРДАҒЫ ОРЫС МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК МАҢЫЗЫ

1. ХІХ ҒАСЫРДА ОРЫС МӘДЕНИЕТІНІҢ ДАМУЫ

ХІХ ғасыр Россия мәдениетінің мықтап өрлеген ғасыры болды. Патша өкіметінің езуі де, шетелдіктер алдында бас иген помещиктер мен буржуазияның немқұрайды қарап, тіпті дұшпандық етуі де — барлығы да орыс халқының творчестволық күшін токтата алмады. Россияда ХІХ ғасырдың басында Ломоносов кұрған Москва университетінен басқа, Қазанда, Вильнода, Дерптеде университеттер ашылды. Университеттер ағарту ісінің орталығы болды. Бұлардың жанынан ғылыми қоғамдар кұрылды. Елдің таңдаулы профессорлары мен ғалымдары оқу кітаптарын жазды, университеттер де лекциялар оқыды. Москва университеті ғылыми жағынан да, қоғамдық өмір жағынан да алдыңғы қатарлы роль атқарды.

Крепостниктік правоны жойғаннан кейін орта және жоғары оқу орындарының саны едәуір артты. Капитализм оқыған жұмысшыларды, қолынан жұмыс келетін техниктерді және өз ісін білетін инженерлерді талап етті. Земстволар деревняларда земстволық мектептер ашты. Қалаларда қалалық училищелер мен гимназиялар саны артты. 60-жылдары әйелдердің тұңғыш гимназиясы ашылды, 70-жылдары Петербургте, әйелдердің жоғары білім алуларына бастаушы болған, әйелдердің Жоғары курсы ашылды. Капиталистердің техникалық кадрларға мұқтаждығын еске алып, ХІХ ғасырдың аяғында финанс министрлігі үш политехникалық институт және бірсыпыра коммерциялық орта мектептер мен техникалық училищелер ашты.

Патша үкіметі халықтың гимназия мен университеттерге кіруіне түрлі жолдармен шек қоюға тырысты. Олар-

да еңбекшілердің күшінен келмейтін оқу ақысы белгіленді.

Орта және жоғары білімнің дамуы Россияда ғылымның өркендеуіне себепкер болды. Орыс ғалымдары өз елінің өткендегісі мен қазіргісін, оның кең байтақ жерін, жаратылыс байлықтарын зерттеді. Балтықтан Тынық мұхитқа дейінгі, Арктикадан Қара теңізге дейінгі ұшы-қыйыры жоқ жерлер картаға түсірілді, географиялық атласқа енгізіліп, суреттелді.

Орыс географтары кең байтақ орыс жерін зерттеумен ғана тынған жоқ. 1803—1806 жылдарда Крузенштерн орыстардан тұңғыш рет дүниежүзілік жорық жасады. 1871 жылы орыс ғалымы Миклухо-Маклай Новая Гвинея аралына барды. Бұл тағы папуастар тайпасына жетіп, олардың арасында бірнеше жыл жүріп, тұрмыстары мен әдет-ғұрыптарын зерттеген ең алғашқы европалық адам еді.

Флот офицері, кейініректе флоттың атакты қолбасшысы болған Михаил Петрович Лазаревтің дүниежүзілік үш жорығының ғылыми және тәжірибелік маңызы аса зор болды, оның экспедициясы Оңтүстік мұзды мұхитқа дейін барды. Бұл экспедицияның ғылыми басты нәтижесі — жер шарының алтыншы бөлігі — Антарктиданы ашқандықта (1820—1821 жылдары) болды.

Географиялық ғылым үшін, сонымен қатар, орыс адамдарының Тынық мұхит жағалауы мен суларында жүргізген зерттеу жұмыстарының нәтижелерін іс жүзінде баянды ету үшін орыстың әскери теңізшісі Геннадий Иванович Невельскойдің ашқан жаңалығының маңызы аса зор болды. Невельской және оның жолдастары дүние жүзінде алғаш рет Сахалиннің түбек емес, арал екендігін анықтады және Амур өзені мен Татар бұғазының салаларында кеме жүре алатындығын дәлелдеді.

Талантты және ержүрек теңіз офицері Г. И. Невельской 1848 жылы Амурды әбден ұқыпты зерттеудің проектіні ұсынды және сұрап жүріп Камчаткаға сапар шегетін «Байкал» транспортының командирі болып тағайындалды. Невельской жер шарын айналып шығып 1849 жылы 23 июньде Амур өзенінің сағасына жетті, сөйтіп бұл өзенде теңіз кемелерінің жүре алатындығын көрсетті. Ал жанаша 3 августа Невельской құрлықпен Сахалин арасында теңіз бұғазының барлығын тапты және мұнысымен Сахалиннің арал екендігін дәлелдеді.

Жаңалықтар ашып, Невельской жаңадан ашылған

аудандарды әлде де әбден зерттеуді және оларға орыс адамдарын қоныстандыруды арман етті. Бірақ І Николайдың крепостниктік үкіметі Невольскойдың тамаша жаңалығын бағаламады. 1850 жылғы 1 августа Невельской тәуекел деп өз дегенімен Амурда орыстың тұңғыш қорғаны — Николаевскінің негізін салды, оның үстіне мемлекеттік жалау ілді. 1851 жылы Невельской Амурға үшінші рет қайтып оралды. Бұл жылы мұнда төрт жыл болып, тағы да маңызды бірсыпыра жаңалықтар ашты. 1852 жылы ол Сахалинді Россия жері деп жариялады.

Патшалық бюрократия Невольскойдың «Бассыздық» әрекетін кіналады, сондықтан ол Қыйыр Шығыстағы қызметін тастауға мәжбүр болды. Невольской 1876 жылы қайтыс болды. Отандық және дүние жүзілік ғылымға аса зор қазына қосқан Г. И. Невельскойдың және оның тамаша серіктерінің ерлік істерін тек Совет үкіметі ғана жоғары бағалады. Жапон басқыншыларын талқандағаннан кейін 1945 жылы Совет Одағына қайтарылған Оңтүстік Сахалиндегі Хонто қаласы мен ауданына Невельскойдың есімі қойылды.

XIX ғасырда орыс ғалымдарының творчестволық ой-өрісі білімнің барлық салаларында да шарықтады.

Орыс ғылымы, көптеген жаратылыс таңу және дәл ғылымдардың негізін салған данышпан Ломоносовтың еңбектерінен басталады. Оның ісін алға апарушылар, өзі сияқты, ғылымда жаңалық тапқыштар болды.

Осындай жаңалық табушылардың бірі Казан университетінің данышпан математигі Лобачевский болды. Ол кеңістік туралы жана ұғым берген өзінің геометриялық жүйесін жасады.

1802—1803 жылдары орыс физигі Петров электролизды— осы күнгі электрохимияның негізін ашты. Ол Европа ғалымдарынан бірнеше жыл бұрын вольт дугасын ойлап тапты. Орыстың ғалымдары мен жаңалық тапқыштары электр тогін тәжірибе жүзінде бірінші болып қолданды.

Орыстың жаңалық тапқышы Яблочков дүние жүзінде тұңғыш рет дугалы электр шамын жасап шығарды. 1875 жылы, патшалық Россияны билеп-төстеуші топтарының арасында ешбір еленбеген, «Яблочков шырағы» Париждің дүкендері мен көшелерін жарық қылды. Яблочковтың ойлап тапқан электр жарығын француздар «орыс жарығы» деп атады. 1895 жылы орыс электротехнигі Попов радиотелеграфты тұңғыш рет ойлап тапты. Кейінірек

итальяндық Маркони данышпан орыс ғалымының жаңалығын өзіне сіңіріп кетті.

Көрнекті механик, орыс авиациясының атасы Жуковский тұңғыш рет қазіргі замандағы аэродинамика мен авиацияның негізін салды, бірақ оның жұмыстары совет өкіметі тұсында қолданылды. Қазіргі замандағы реактивтік техниканың негізі болған реактивтік қозғалыс теориясының атасы аса ірі ғалым Циолковский де октябрь революциясына дейін танылмай келді.

Атақты химик Менделеев 1869 жылы элементтердің периодтық системасының кестесін жасады. Бұл алдағы уақытта химия мен физиканың дамуына аса зор ықпалын тигізді.

Менделеев жаратылыс танудың түрлі салаларында жұмыс істеді, техника мен өнеркәсіпті өркендету мәселелерімен шұғылданды. Ол Россияда алдыңғы қатарлы техниканы жабдықталған фабрикалар мен заводтар салуды қатты жақтаушы болды.

Сол кездегі жаратылыс зерттеушілердің ішінде, жаратылысты зерттеу күресіне шақырған, атақты ғалымдар И. И. Мечников пен Қ. А. Тимирязев даңққа бөленді. Орыстың ұлы ғалымы — ботанигі, жаратылысты өзгертуші И. В. Мичуриннің жұмысының басталуы да осы кезеге жатады.

XIX ғасырда Россияда әлеуметтік ғылымдар да зор табыстарға жетті. Тарих зерттеу ғылымы мықтап алға басты. І Александр патшалық еткен кезде-ақ Карамзиннің «Россия мемлекетінің тарихы» деген еңбегі жарыққа шыққан. Пушкиннің сөзімен айтқанда, Колумбтың Американы ашқанындай Карамзин орыс тарихын ашты. Бірақ Карамзин жазған тарихта крепостник помещиктердің көзқарастары айқын көрінеді.

XIX ғасырдың орта кезінде орыстың көрнекті тарихшысы С. М. Соловьевтің еңбектері бірінші орынға ие болды. Оның «Россияның ескі заманнан бергі тарихы» деген еңбегі Россияда тарих ғылымының дамуына зор әсерін тигізді.

XIX ғасырда алдыңғы қатарлы ғылымның трибунасы орыстың алдыңғы қатарлы журналистикасы болды. Жазушылар, сыншылар және публицистер өз заманының алдыңғы қатарлы идеяларын жақтаушылар және жаңа, еркін өмір үшін күресушілер болды. Ғылым мен публицистика саласында Герцен, Белинский және Чернышевский

ерекше роль атқарды. Герценнің «өткен күндер және ойлар» деген тамаша шығармасында, сол сыяқты, «Россияда революциялық идеяның өркендеуі туралы» деген еңбегінде Николайдың кара түнек реакциясы кезіндегі орыс қоғамының ой-пікірінің өсуі жөнінде ашық сыпаттама берілген.

Нағыз ғалым-энциклопедист Н. Г. Чернышевский болды, оны Маркс тамаша экономист-материалист деп санады. Чернышевский өз заманындағы алдыңғы қатарлы тарихи-философиялық ғылымдарды меңгеріп, өзінің өзгеше философиялық теориясын жасады. Бұл теория орыстың революцияшыл демократиясы өкілдерінің материалистік көзқарастарының негізі болды.

Орыстың алдыңғы қатарлы ғылымын өркендету үшін бел байлап кіріскендердің бірі орыстың тамаша сыншысы және ағартушы — демократ Д. И. Писарев болды. Ол материалист және Россияда дарвинизмды насихаттаушылардың бірі болды.

Орыс халқының творчестволық данышпандығы ғылымның барлық салаларында да өзін көрсетті. Оның ұлылығымен күші әсіресе орыс әдебиетінде ерекше жарыққа шықты. XIX ғасырда Россияда көркем әдебиеттің күшті өркендеуі дүние жүзін тандандырды. Пролетариаттың ұлы жазушысы Максим Горький: «Жүзге жетпейтін жыл ішінде Россиядағыдай ешбір жерде мұншалық жарқыраған ұлы есімдер шыққан емес» деп жазды.

Осы «жарқыраған ұлы есімдердің» ішінде ең ұлы есім болды. Ол орыстың ұлы ақыны Александр Сергеевич Пушкин еді.

Пушкин орыстың қазіргі замандағы әдеби тілін және орыс әдебиетінің барлық жанырын (түрлерін) жасаушы болды. Ол Белинскийдің сыпаттағанындай, орыс өмірінің энциклопедиясы — «Евгений Онегинді» жазып орыс романының басталуына негіз салды. Пушкин орыстың тұңғыш тарихи повесті — «Капитан қызын» жазды. Өзінің «Борис Годунов» трагедиясы арқылы орыстың тарихи драмасына үлгі берді. Өзінің лирикалық өлендерімен Пушкин, Тургеневтің сөзімен айтқанда, «ақырында тұңғыш рекуатты қолымен орыс жеріне поэзияның туын тікті».

Пушкиннің шығармалары езілушілерге деген сүйіспеншілік пен тілектестікке, жауыздыққа қарсы өшпенділікке толы болды. Крепостниктік елдің кара түнектік бейнесі ақынның ызасын кернетті. Радищевтан кейін Пушкин

«Еркіндік» атты, «Деревня» деген өлеңінде шыбықтың күшімен егіншінің еңбегін де, уақытын да өзіне иемденген «тағы төрелікті» ашу-ызамен сөкті.

Декабристердің идеяларына жалынды тілектестік білдіре отырып, Пушкин декабристерге «Сибирьге» деген тамаша арнау хат жазып сотталғандардың біреуінің әйелінен беріп жіберді. Ол декабристерді үміт үзбеуге және бостандық ісі үшін ақырына дейін күресуге шақырды.

Ұлы ақынның соңғы жылдарындағы өмірі адам төзбестік өсек-аяқ, жала, жәбір-жапа жағдайында өтті. 1837 жылы Пушкин патша сарайының офицері, шетелдік Дантестің қолынан дуэльде өлді.

«Ақынның өліміне» деген өлеңінде Лермонтов тек қанішерді ғана емес, сонымен қатар, Дентесті қолшоқпар еткен ұлықтарды да ызамен сөкті.

Пушкиннің дүниежүзілік әдебиетке қосқан қазынасын барлық елдердің алдыңғы қатарлы адамдары күні бүгінге дейін есте ұстайды. Совет елі өзінін ұлттық ұлы ақынының атын есінде мәңгі сақтайды. Пушкин — Совет Одағы халықтарының бәрінің ең сүйікті ақыны.

Пушкиннің мирасқоры Михаил Юрьевич Лермонтов та отан мен бостандық үшін қызмет ету ақын мен жазушының борышы деп санады. «Мцыри», «Патша Иван Васильевич және жас опричник, ержүрек купец Қалашников туралы жыр», «Демон» поэмаларында және «Біздің заманымыздың қаһарманы» атты романында Лермонтов езушілік пен зорлыққа көңісі келмейтін ер көңілді, бостандық сүйгіш адамның бейнесін береді. «Мцыри» поэмасының тентек геройы «тек бір ғана жалынды ынтызарлықты» — бостандық сүюді біледі. Лермонтовтың поэмалары, өлеңдері, романдары отанға деген жалынды сүйіспеншілікпен, езілушілерге тілектестікпен, езушілерге қарсы өшпенділікпен толы.

Орыстың ұлы жазушысы Николай Васильевич Гоголь өзінін шығармаларында ХІХ ғасырдың 40-жылдарындағы орыс өмірінің айқын және шындық бейнесін суреттеп берді. Оның «Ревизор», «Өлі жандар» және басқа да даңышпандық шығармалары крепостниктік Россияның бейнесін үздік күшпен суреттейді.

Чичиковты, Собакевичті, Маниловты, Хлестаковты көрсетумен қатар, Гоголь алда жана Русьтің тұрғанын көрді, оны сағынып күтті, «Русь! Русь! Осы алыстан сенін алдағы тамаша бейнеңді көріп отырмын» деп жазды. Го-

голь өзінің шығармаларында жақсы бейнелер де жасады. Украин халқының ұлы Тарас Бульбаның бейнесі — Міне, осындай бейне еді.

Атақты жазушы Иван Сергеевич Тургенев «Аңшының хаттары» атты шығармасында шаруалардың тұрмысы мен рухани өмірін тілектестік пікірмен көрсетті.

Оның «Дворяндар ұясы», «Рудин», «Қарсаңында», «Әкелері мен балалары» атты романдары крепостниктік правоның жойылуы қарсаңындағы орыс қоғамында болған қым-қыйғаштықты көрсетеді. Тургенев, крепостниктік елде өз күшін қайда жұмсауды білмеген «артық адамдардың» шын бейнелерін берді.

50-жылдарда «орыс жерінің ұлы жазушысы» Лев Николаевич Толстой шықты. Оның «Соғыс және бейбітшілік», «Анна Каренина», «Жексембі» атты шығармалары, Ленин айтқандайын, «орыс тұрмысының үздік картинасын жасады». Орыс әдебиетінің аса зор шығармасында — «Соғыс және бітім» романында — орыс халқының 1812 жылғы өзінің тәуелсіздігі жолындағы ерлік күресі көрсетілген. Бұл роман ұлы орыс халқының творчестволық күшіне зор сеніммен жазылған.

XIX ғасырдың аяғында тамаша жазушы Антон Павлович Чехов шықты. Ол өзінің шығармаларында түкке дәрмені жоқ күйгелектерді, буржуазияшыл либералдарды, мешандарды әшкереледі. «Оған дейін мешандық күнделікті сұр өмірдің маскара көңілсіз бейнесін жұртқа шындықпен аяусыз суреттеп беру ешкімнің қолынан келген жоқ, — деп жазды Чехов туралы Горький — ол жадығейліктің қас жауы болды; ол мұнымен өмір бойы күресумен өтті».

XIX ғасырдың аяғында Россияның жас жұмысшы табы өзінің данышпан суретшісі — пролетариаттың ұлы жазушысы Алексей Максимович Горькийді берді. Ол әкесінен ерте айрылып, он жасынан еңбекке араласты, тұрмыста жокшылық көріп, ел кезіп күнелтті. Горький өзінің ауыр, қасіретке толы балалық шағын «Балалық» және «Кісі есігінде» деген тамаша кітаптарында жақсы суреттейді. Жас кезінде-ақ Горький революционерлермен танысады. Оның жүрегі қанаушыларға қарсы қаһарлы ызаға және езілушілер мен қаналушыларға деген жалынды тілектестік сезімге толы болды. Жас жазушы-революционердің бұл сезімі оның шығармаларына орын алды. 1901 жылы

оның атакты «Дауылпаз туралы жыры» дабыл какты. Бұл жыр революцияға шақырды. «Революция дауылпазы» деген атақ алған ақын «Дауыл үдей соқсын!», — деп ұран салды.

Сол кездің өзінде-ақ Горький тек орыстың ғана емес, сонымен қатар, батыс европалық пролетариаттың да сүйікті ақыны болды.

1902 жылы Горький ғылым Академиясының құрметті мүшесі болып сайланды. Бірақ патша үкіметі жазушы-революционерді сайлауды «өрескелдік» деп тауып, оның атын академиктердің тізімінен сызып тастады. Бұған наразылық ретінде жазушы Чехов пен Короленко құрметті академик деген атакты орыннан бас тартты.

Горькийдің шығармалары жаңа адамға — бостандық үшін жан-тәнімен күресетін адамға, жаңа өмірдің ардақты, батыл және күшті құрылысшысына сеніммен толы. «Адам — ардақты атак», — деп жазды Горький. «Ана» повестінде Горький Россияның жас жұмысшы табын шаттықпен құттықтады. «Оларға көз жіберсең Россияның әлемдегі нағыз айқын демократия болатындығын көресің», — дейді «Ана» повестіндегі геройдың бірі, орыс жұмысшыларының жаңа ұрпағы туралы.

Ленин пролетариаттың талантты жазушысының шыққанын қызу құттықтады. Ленин онан дүниені қайта құратын жаңа революцияшыл таптың рухани қуатының белгісін көрді. «... Горькийдің, — деп жазды Ленин, — пролетариаттың искусствоның ірі өкілі екендігі сөзсіз...».

XIX ғасырдағы орыс әдебиеті дүние жүзіндегі ең алдыңғы қатарлы әдебиет болды. Оның идеялық байлығына бүкіл Европа ғажап қалды. Горький былай деп жазды: «Адамзаттың азаттық туралы жасаған ұлы идеялары орыс әдебиетінде жарқын орын алды».

Орыс әдебиеті алдыңғы қатарлы қоғамдық идеяларды ең басты таратушы және революцияшыл жас ұрпақтың бірінші тәрбиешісі болды. Россияның XIX ғасырдағы алдыңғы қатарлы жазушылары мен ақындары патша өкіметі мен елдегі крепостниктік тәртіпті өлердей жек көрген демократтар, бостандықты барынша жақтаушылар болды.

60-жылдарда демократиялық идеялар көркемөнерде де кеңінен тарады. Алдыңғы қатарлы суретшілердің бір тобы жылжымалы көрмелер Серіктігін құрды. Бұл жылжыма-

лы суретшілер орыстың ұлттық, нағыз халықтық және өмірге жанасымды көркемөнерін жасауды қолдады, искусствода реалистік бағыт болуын жақтады. «Жылжымалы» суретшілердің ішінен Репин, Суриков және Левитан сыяқты үздік суретшілер өсіп жетілді.

Репиннің картиналары орыс халқының өмірі мен еңбегін үлкен шындықпен көрсетеді. Оның картиналарынан халыққа жаны ашығандық, оған шексіз сенгендік айқын көрінеді.

Суриковтың картиналарынан идея үшін жан қыюға, азап шегуге әзір тұрған халықтың қуатты рухына сүйіспеншілік айқын көрінеді. Оның картиналары орыс тарихында болған айрықша кезеңдердегі халық бұқарасын суреттейді.

Левитанның картиналары орыс жерінің жүректі терсейтін нәзік, поэзияға толы суреттерін көрсетеді.

XIX ғасырда орыс халқының ұлттық данышпандығы өзін музыкалық творчествода да көрсетті. Орыс операсы мен симфониялық музыкасының атасы Глинка болды. Ол халықтық мелодияның сарқылмас байлығын, батыс еуропа музыкасының творчестволық табыстарын пайдаланып, орыстың музыкалық искусствосының тамаша үлгілерін жасады. Глинканың «Руслан мен Людмила» және «Иван Сусанин» атты опералары тек орыстың ғана емес, сонымен қатар, дүниежүзілік музыканың классикалық шығармалары болды.

Орыстың музыкалық искусствосына 60 — 70 жылдарда «Қуатты топ» деген атпен бас қосып ынтымақтасқан композиторлар тобы зор үлес қосты. «Қуатты топтың» композиторлары — Балакирев, Бородин, Кюи, Мусоргский, Римский-Корсаков — халықты жан тәнімен сүйген, оның рухани күшіне сенген адамдар еді. Бородинның «Князь Игорь», Римский-Корсаковтың «Снегурочка», Мусоргскийдің «Борис Годунов» пен «Хованщина» опералары опера искусствосында халықты басты герой етіп тұңғыш рет көрсетеді.

XIX ғасырдың 80 — 90 жылдарында орыстың және дүние жүзінің ұлы композиторларының бірі болған Чайковскийдің творчивосы гүлдене өсті. Оның «Евгений Онегин», «Қарғаның мәткесі» деген опералары, «Лебединое озеро», «Щелкунчик» деген балеттары, симфониялары мен романстары осы күнге дейін, тек біздің елде ға-

на емес, сонымен қатар, бүкіл дүние жүзінде сүйікті шығармалар болып саналады.

XIX ғасырда орыстың ұлттық театры да өсті. Москвадағы Кіші театрдың гүлденіп өсуі тамаша артист, Щепкиннің атымен байланысты. Орыстың ұлы актерлары Садовский, Федотова, Ермолова осы театрдың сахнасында ойнады. Бұл театрда орыстың ең жақсы пьесалары — Фонвизиннің «Тоғышары», Грибоедovтың «Ақылдылықтың азабы», Гогольдің «Ревизоры», Островскийдің пьесалары қойылды. Кіші театрдың ролі туралы орыстың таңдаулы адамдары: «Біз Москва университетінде оқып, Кіші театрда тәрбиелендік» деді.

Орыстың ұлттық искусствосының XIX ғасыр ішіндегі табыстары жөнінде 1917 жылы Алексей Максимович Горький былай деп жазды: «Орыс халқы ауыр жағдайға қарамастан, бүкіл әлемді сүйсіндірген тамаша әдебиет, таң қаларлық живопись пен ерекше музыка жасап, искусство саласында, жүрек творчествосында ғажап күш көрсетті. Халықтың аузына тыйым салынған, жанының қанаттары байланған болса да оның жүрегі сөздің, дыбыстың, бояудың ондаған шеберлерін шығарды».

2. РОССИЯ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ XIX ҒАСЫРДАҒЫ МӘДЕНИЕТІ

Орыс мәдениетінің өзгешелігі оның жоғары идеялылығында ғана емес, сонымен қатар, жауынгерлік рухында болды. Міне, сондықтан да орыс мәдениеті дүниежүзілік мәдениетке, алдыңғы қатарлы прогрессивтік идеяның өркендеуіне күшті ықпалын тигізді. Ұлы Пушкиннен бастап бұл ықпал өсе түсті. Француздың көптеген жазушылары Тургеневті сөздің ұлы шебері деп санады және онан үйренді.

Дүниежүзілік мәдениетке Толстойдың аса зор ықпалы тиді. Еуропаның рухани өміріне Толстойдың тигізген күшті ықпалы жөнінде француз жазушысы Ромэн Роллан: «Европада ешуақытта да осындай үн шыққан емес» деп жазды. Чеховтың, әсіресе Горькийдің шығармалары Европада жазушылардың жаңа мектебін құрды.

Орыс мәдениеті, әсіресе Россияның басқа халықтарының мәдениетімен тікелей тығыз байланысты болды. Орыстың алдыңғы қатарлы адамдары жаңа ғана оянып келе жатқан езілуші ұлттардың мәдениетіне шексіз тілек-

тестік білдірді. Орыс мәдениетінің қайраткерлері мен Россия халықтарының алдыңғы қатарлы өкілдерінің арасында туыскандық достық өсіп, нығайды.

Украинаның ұлы халық ақыны Тарас Григорьевич Шевченко болды. Крепостнойдың баласы Шевченко бала жасында малшы, онан кейін помещиктің малайы болды. Ол өзінің төресімен бірге Петербургке келіп қалды, иесі оны сурет салу мастеріне үйренуге берді. 1836 жылы Шевченко ақын Жуковский мен және атақты суретші Брюлловпен танысты. Дарынды таланттың оқуына мүмкіндік беру үшін Брюллов ақын Жуковскийдің суретін салып, оны лотерея ойнына шығарады, одан жыйналған екі мың бес жүз сом ақшаға Шевченконы крепостнойлықтан сатып алып, өз басына бостандық әпереді. Шевченко суретшілер Академиясына түсті. 1840 жылы Шевченконың тұңғыш өлеңдер жыйнағы — «Кобзарь» басылып шықты.

Шевченконың «Түс» атты поэмасы патша өкіметін жек көрушілікке толы. «Кавказ» деген поэмасында Шевченко патша өкіметіне және оның орнатқан халықтар түрмесіне қарсы барлық ұлт еңбекшілерін көтеріліс жасауға шақырады.

1847 жылдың апрелінде революциялық әрекеті үшін Шевченко тұтқынға алынды. Сот: «Суретші Шевченко, төзбестік және барып тұрған өрескел өлеңдер жазғаны үшін, тұлғалы, мықты адам болғандықтан, Орынбордағы және жеке корпусқа жай солдат етіп жіберілсін» деп үкім шығарды. Бұл үкімге I Николай патша «Қатаң бақылауға алынсын—жазуына және сурет салуына рұқсат етілмесін» деген сөз қосты.

Он жыл жер ауып жүргеннен кейін Шевченко босатылып, Петербургке келді, мұнда ол революционер — жазушы Чернышевскиймен жақындасты. Орыстың революцияшыл демократтарының көсемдері Чернышевский мен Добролюбов Шевченконы өздерінің пікірлесі және серігі деп танып жоғары бағалады. Добролюбов Шевченко жөнінде «Ол нағыз халықтық ақын... Ол халықтан шықты, халықпен бірге өмір сүрді, ол тек ой-пікірі жағынан ғана емес, сонымен қатар, тұрмыста да халықпен біте қайнасты, тығыз байланысты болды» деп жазды.

Украинаның ұлы ақыны, революционер — демократ Шевченконың шығармалары — тек украин халқының

ғана емес, сонымен қатар, Совет Одағының барлық халықтарының мақтанышы.

Белорусс әдебиеті де орыс мәдениетімен тығыз байланысты түрде өркендеді. 1861 жылғы реформадан кейін белорусс әдебиеті, белорусс тілін өркендету жолында үлкен жігермен күрескен, Франциск Богушевич бастаған бір топ жазушыларды шығарды. Белорусс жазушылары мен ақындары өлеңмен, қара сөзбен белорусс шаруаларының ауыр тұрмысын шындықпен көрсетті және патшалық Россияның тәртіптерін әшкереледі.

XIX ғасырдың басында революционер — ақын Янка Купала бірінші орынға шығады. Кедей шаруаның баласы Янка Купала (Иван Доминикович Луцевич) бақытсыздыққа ұшыраған белорусс халқының бостандық жолындағы күресінің сезімін білдіруші болды. Янка Купала өлеңмен — «Жалейка», «Гусляр», «Спадчына» атты және басқа кітаптар жазып, белорусс әдебиетінің классикалық шығармаларын берді.

Орыс әдебиетінің идеялық күшті ықпалымен Грузия, Армения және Азербайжан жазушыларының творчествосы да өркендеді. Грузияның жаңа әдебиетінің негізін қалаушы Илья Чавчавадзе болды. Ол Белинскийдің, Добролюбовтың және Чернышевскийдің шығармаларын қатты бағалады. Ұлы орыс халқының өкілдері, революцияшыл демократтардың ықпалымен Чавчавадзе өз шығармаларында дворяндардың азғындауын шенеді және шаруалардың тепкі көруін суреттеді. Ол Добролюбовтың, Белинскийдің және орыс пен батыс еуропалық басқа да жазушылардың шығармаларын басып шығарып, отырды. Чавчавадзе шығарған «Грузия вестнигі» журналы грузин халқы арасындағы ағартушылық қозғалыстың орталығы болды. Илья Чавчавадзе — қазіргі замандағы грузин әдеби тілін жасаушысы және оның классигі.

Армянның аса көрнекті жазушыларының бірі Хачатур Абовян болды. Оның, орыс-персі соғысы тарихынан алынып жазылған «Арменияның жарасы» деген романы Арменияның ұлттық мәдениетінде зор роль атқарды және армянның жаңа әдебиет тілінің негізін қалады. Бұл патриоттық роман персі тепкісінде болған армян халқының ауыр халін суреттейді. Абовян орыс әдебиетін жоғары бағалады және орыс халқымен идея, саяси жағынан жақындасудың жалынды күрескері болды. Ол Арменияда

тұңғыш рет жалпы білім беретін мектеп ашты және армян жастарын орыс пен батыс еуропаның таңдаулы шығармаларымен таныстырды. 50—60 жылдары Москвада армян тілінде «Солтүстік шұғыла» деген журнал шыға бастады, мұнда орыс әдебиетінің таңдаулы шығармалары басылды.

XIX ғасырдың бірінші жартысында азербайжан әдебиетінің негізін қалаушы Мирза Ахундов азербайжан тілін өркендету жөнінде өзінің күресін бастады және арап әліппесіне реформа жасауды ұсынды. Ахундов орыс әдебиетінде тәрбие алды. Орыс әдебиеті оның творчествосына зор, болымды әсерін тигізді. Ахундов әсіресе Пушкинді сүйді. Ол орыс ақынының өліміне арнап өзінің таңдамалы өлеңдерінің бірін жазды. Өзінің комедияларында Ахундов мұсылман руханилерінің екіжүзділігі мен пайдакүнемдіктерін әшкереледі. Ахундов әйелдер теңсіздігіне қарсы алғаш рет бас көтерді, азербайжан халқын ағарту жолында күресті.

Қазақстанда орыстың халық ағартушыларының жолын қуған қазақ ақыны Абай Құнанбаев демократ — ғалым Шоқан Уәлиханов болды. Құнанбаев қазақтың әдеби тілінің негізін қалаушы және қазақ әдебиетінің классигі болды. Ол Пушкин, Лермонтов және Крыловтың шығармаларын қазақ тіліне аударды. Құнанбаев қазақ халқын ағартудың дұрыс жолы орыстың алдыңғы қатарлы мәдениетімен қоян-қолтық араласып, онымен тығыз байланыс жасауда деп білді.

Орыс және қазақ халықтарының достығы жолындағы осындай күрескердің бірі, XIX ғасырдың орта шеніндегі орыс мәдениеті мен ағарту ісінің көрнекті қайраткерлерімен жақындасқан, Шоқан Уәлиханов болды. Уәлиханов қазақтың тұңғыш ғалымы болды. Оның Орта Азия халықтарының тарихы мен географиясы жөніндегі еңбектерінің үлкен ғылыми маңызы болды. Ол еңбектері езілген халықтарға тілеуестік сезімде болды.

Біздің отанымыздағы халықтардың бір-бірімен тығыз байланысты болуы патша үкіметі қолдап келген мешеулік пен надандықты жоюға көмектесті. Патша өкіметінің тепкісінде болған халықтар орыс мәдениетінің алдыңғы қатарлы идеясымен рухтанды, ұлттық және әлеуметтік бостандық жолындағы күрестерінде орыс халқын өздерінің ең жақсы досы және жетекшісі деп білді.

Еліміздің басқа халықтарының мәдениетіне орыс мәдениетінің революциялық ықпалы әсіресе ХІХ ғасырдың аяқ кезінен бастап Россияның барлық халықтарының босандық жолындағы қозғалысын орыс және дүние жүзі мәдениетінің Ленин мен Сталин сыяқты данышпандарын шығарған пролетариат басқарған кезден бастап күшейе түсті.



ХІ т а р а у

РОССИЯДА ӨНЕРКӘСІП КАПИТАЛИЗМІНІҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ ЖҰМЫСШЫ ТАБЫНЫҢ ӨСУІ

1. РОССИЯДА 1861 ЖЫЛҒЫ РЕФОРМАДАН КЕЙІН КАПИТАЛИЗМНІҢ ӨСУІ

Патшалық Россия капиталистік даму жолына Батыс Европаның басқа елдерінен кейін түсті. Англияда, Франция мен Германияда ірі машиналы өнеркәсіп тез өсіп, сонымен қабат, пролетариат та өскен кезде, Россияда әлі мардымсыз крепостнойлық еңбек үстемдік етуде еді. 1861 жылғы реформадан кейін капитализм тезірек дамай бастады. 1861 жылдан 1881 жылға дейін 19 мың километрден аса темір жол салынды. 1871 жылы Украинада — Юзовкада (қазіргі Сталино) тұңғыш домна жұмысқа қосылды. Оңтүстіктің заводтары темір жолдар үшін рельстер мен жабдықтар шығара бастады. Олар бұрын шетелден тасылатын еді. Россияның оңтүстігінде жаңа өнеркәсіп ауданы — Донецк көмір бассейні (Донбасс) пайда болды. Кавказда мұнайлы Баку ауданы тез өркендей бастады. Онан аса бағалы сұйық отын — мұнай шығарылатын болды.

Крепостнойлық право жойылғаннан кейінгі жыйырма жыл ішінде мата шығару үш есе артты. Қолмен істелетін тоқымашылықтың орнын тоқыма фабрикалары басты.

Капитализм деревняда да өсе бастады. Помещиктік шаруашылықтар бірте-бірте капиталистік шаруашылықтарға айналды. Шаруалар арасында ауқатты топ — кулактар тез өсе бастады.

Шаруалар жердің тапшылығынан жерді жалға алуға немесе кулактар мен помещиктерге батрак болып жолдануға мәжбүр болды. Арендаға алған жер учасоктері үшін шаруалар өзінің құрал-сайманымен помещиктің жерін өңдеуге тиісті болатын еді. Мұның өзі жаңа отработ-

ка түріне түскен ескі крепостнойлық барщина еді. Барщинаның енді бір түрі испольщина болатын. Мұнда шаруалар арендаға жер алғаны үшін жыйнаған өнімінің жартысын беретін еді. Осының бәрі шаруаларды күйзелтті. Сөйтіп олардың көбі батрак болып кететін немесе қолдан табыс іздеуге кететін болды.

Крепостнойлық тәртіптің қалдықтары капитализмнің дамуына бөгеу болды. Россияның басқа капиталистік елдерден қалып қоюының себебі осыдан еді. Солай бола тұрса да, Россияда капитализм тез дамыды. «Соқалы және шынжырлы, су диірменді және қолмен жүргізілетін тоқыма станокты Россия, — деп жазды Ленин XIX ғасырдың аяғында, — плугті және молотилканы, бумен жүргізілетін диірменді және бумен жүргізілетін тоқыма станокті Россияға тез айнала бастады».

Россияда капитализмнің дамуы жұмысшы табының өсуіне, сөйтіп бұқаралық жұмысшы қозғалысының басталуына әкеліп соқты.

Ірі кәсіпорындарда жұмысты бірлесіп істеу жұмысшы табының топтануына себепші болды, ал қанаушыларға қарсы ортақ күрес оларды жауынгер революцияшыл болу хасиетіне үйретті. Қоғамдық жаңа тап — пролетариат — крепостнойлық жұмысшылар мен ұсақ майдагерлерден мүлдем басқа еді.

Жұмысшылардың еңбек жағдайы өте-мөте ауыр болды. Жұмыс күні көбіне 15—16 сағатқа жететін еді. Жалақы мөлшері ауызға алғысыз аз болды. Әсіресе әйелдердің еңбегі өте төмен бағаланды. Олар еркектермен бірдей істеген жұмысы үшін жалақыны олардан кем алатын еді. Жасөспірімдер мен балалардың еңбегіне бұдан да нашар төленетін еді. Он алты сағаттық жұмыс күні үшін олар айына 4 сом алатын, ал олардың қолына небәрі тек 8 тыйыннан ғана берілетін. Фабрикалардың иелері жасөспірімдерді қолында ұстағандығы үшін олардың әрқайсысынан айына 6 сом 50 тыйын алатын. Сөйтіп, бір ай жұмыс істегеннен кейін жас өспірімдер фабрикантқа 2 сом 50 тыйын «борышты» болып қалатын. Бұл борышын олар өздігінен жұмысшы болғаннан кейін тегін жұмыс істеп өтеуге тиісті болатын.

Фабриканттар жұмысшыларға аяусыз штраф салатын еді. Штраф беталды салына беретін. Фабриканттардың жалақы бергенде жұмысшыларға қыянат жасауы,

оларға ақша орнына фабрикалық лавкалардан сапасыз өнімдер беруі, сөйтіп, олар үшін бұл өнімдердің базардағы бағасынан екі-үш есе артық мөлшерде ақша ұстап қалуы жиі кездесетін. Пәтер-үй жағдайы өте-мөте нашар болатын. Жұмысшылар казармаларының кішкене үйшіктерінде бірнеше жұмысшының семьясы тұратын.

Жұмысшылардың жағдайы мүлдем төзгісіз болғанын 80-жылдардың бас кезінде Москва-Брест темір жолының Ярцево станциясындағы Хлудов мануфактурасының жұмысшыларының толқуының себебін зерттеген земскийдің тазалық комиссиясы өзінің баяндамасында былай деп сипаттайды:

«Әртүрлі жүкпалы аурудың ұясы болған миллионды фабрика (Хлудовтікі), сонымен қатар, халық еңбегін капиталдың аяусыз қанауының үлгісі болып отыр. Фабрикадағы жұмыс жағдайы өте-мөте қолайсыз күйде: жұмысшылардың мақта-мата шаңын жұтуына, тыныс алуға болмайтын 28,2° Р мөлшеріндегі ыссылықта қыйналуына, нашар орнатылған әжетханадан тараған ұлы иіске тұншығуына тура келеді. Фабриkanың басқармасы бұл әжетханаларды түземейтін себебіміз, егер олар түзетілетін болса, ондағы сасық иіс жойылатын болса, бұл жер жұмысшылардың демалатын жеріне айналған болар еді, бұл жерден оларды күшпен айдап шығуға тура келер еді дейді. Егер әжетханалардың өзі демалуға тұрарлық жерге айналатын болса, сонда Хлудовтың фабрикасынан тіршілік пен жұмысқа қолайлы жағдай іздеуге болар ма.

Жұмыс күндіз-түні бірдей тоқтамайды; әрбір адам тәулігіне екі сменада істеп, 6 сағаттан кейін үзіліс жасап отыруына тура келеді. Сонда сайып келгенде жұмысшы ешуақытта ұйқысын қандырып ұйықтай алмайды. Фабрикадағы жұмысшылар абажадай дымқыл корпустың үшінші қабатында тұрады. Ол үлкен айуанатхана сияқты тар қапастарға немесе үйшіктерге бөлінген. Іші лас, сасық болып келеді, әжетханадан шығатын иіс әбден сініп алған. Мұнда тұратындар кеспекке салынған шабақтай үймелесіп жатыр».

Хлудовтың фабрикасында жұмысшылар бір жылға жалданатын. Олардың есеп книжкаларында бір жыл өткенге дейін жұмысшының фабрикадан кетуге правосы жоқ деп көрсетілетін. Бірақ, сонымен қатар, фабрика басқармасы жұмысшыны тілеген уақытында қуып жіберетін болған. Жұмысшылар жалақыны ақшалай емес, тамақ

затымен және киімдей, фабриканттың лавкасынан алатын болған.

Осы фабрикадағы жұмысшылардың жартысына жуығы болған балалар мен жасөспірімдер ерекше қатты қаналған. Земскийлік дәрігердің айтуынша балалар мен жасөспірімдердің шаршап-шалдығатыны сонша, жаралы болып қалғанда операция жасаған кезде тіпті ешқандай дәрі бермей-ақ ұйықтап кететін болған.

Хлудовтың фабрикасындағы жұмысшылардың жағдайы ерекше кездескен жағдай емес еді.

Фабрикалар мен заводтарда жұмысшыларды жан түршігерлік түрде қанау патшалық Россияда әдетке айналған, барлық жерде кездесетін жағдай еді. Бұл қанау фабриканттар мен завод иелерін мол пайдаға жеткізетін, жұмысшылардың тыйтығына тиіп, мүгедекке айналдыратын, олар тіпті мерзімінен бұрын өліп кетіп отыратын. Барлық жердегі сыяқты Россияда да капитализм жұмысшылардың қаны мен жілігін сорып өсті.

2. ЖҰМЫСШЫ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ БАСТАЛУЫ

Пролетариат өзінің дамуының алғашқы қадамынан бастап-ақ езуші-капиталистерге қарсы күреске кірісті. Бір фабрикада болғандықтан мындаған жұмысшылар қанаушы фабрикантқа қарсы күресу мақсатында өзара сөз байласа алатын еді. Олар еңбек пен тұрмыс жағдайын жақсартуды, жалақыны көбейтуді, жұмыс күнін қысқартуды талап ететін болды. Егер қожайын жұмысшылардың бұл талабын орындаудан бастартса, олар жұмысты тастап, машиналарды тоқтатып тастайтын болды. Осындай жұмысты тоқтату стачка деп аталатын болды (мұның өзі сөз байласу дегеннен шыққан еді). Өздерінің талаптарын қоя тұрып, жұмысшылар көбіне былай дейтін еді: «Егер біздің дегеніміз болмайтын болса, онда жұмысты да қоямыз». Стачкалар забастовка деп те аталатын болған.

1861 жылғы реформадан кейінгі алғашқы он жылдар ішінде стачкалар, немесе забастовкалар ұйымдасқан түрде болмай, стихиялық сыпатта болып келді. Жұмысшылар ылғый дерлік экономикалық талаптар қоятын еді. Оның көбі әлі де болса патша үкіметі біздің жағдайымызды ондайды деп сенетін еді. Енді біреулері жағдайымыз жаңа машиналарды қолданудан ауырлап отыр деп түсіне-

тін еді. Олар фабрика үйлерін қыйратып, машиналарды сындыратын болған.

Бірақ бірте-бірте жұмысшы қозғалысы бүкіл капиталистік тапқа қарсы жұмысшы табының саналы күресіне айнала бастады. Жұмысшылар арасында революционерлер барған сайын көбейе бастады. Алғашқыда жұмысшы революционерлер халықшылдарға ниеттес болды. Россияда 60 — 70-жылдарда революциялық жұмысты жүргізген солар болатын.

1874 жылы көктемде революционерлердің ішінен көп адамдар «халыққа» баруға, яғни деревняға баруға, сөйтіп, шаруалар арасында революциялық үгіт жүргізуге бел байлаған. Олар шаруаларды жер үшін, еркіндік үшін күресуге, помещиктер мен царизмге қарсы күресуге шығармақ болған.

Халықшылдардың қатесі мынада болды: олар Россияда капитализм дегеніміздің өзі кездей соқ нәрсе, сондықтан революцияның басты күші жұмысшылар емес, шаруалар болуға тиісті деді. Шаруаларда жерге жеке меншік болмады, олар бүкіл шаруа қауымына тиісті жерден үлес алып пайдаланатын еді. Осыған қарап халықшылдар шаруаларды «тумысынан социалистер» деп жариялап, қауымды — социалистік қоғамның ұясы десті. Халықшылдар деревняның кулакқа, орташаға және кедейлерге тап жағынан бөлініп отырғанын көрмеді. Олар шаруалар қауымы шынында жерді еріксіз қайта бөліп, біріне бірі кепіл болып отыратын тәртібі бар орын екенін, ол крепостнойлық құрылыстың қалдығы екенін, сондықтан, оны патша мен помещиктер шаруаларды мықтап қанау үшін сақтап отырғанын көрмеді.

Халықшылдар шаруаларды «жер және еркіндік» үшін күресуге шақырды. Бірақ шаруалар халықшылдарға ермеді, ал кулактар мен полиция революционерлерді ұстап берді. «Халыққа» барушылықтан ешнәрсе шықпады.

Осыдан кейін халықшылардың бір бөлегі шаруалар арасында үгіт жүргізуді қойып, қастандық істейтін құпия топтар құра бастады. Олардың көздеген мақсаты патшаны және оның көмекшілерін өлтіру, сөйтіп, Россияда төңкеріс жасау болды. Террорды жақтаушылар «Народная воля» партиясын құрды. Оның басында Желябов пен Софья Перовская болды.

1881 жылғы мартта «Народная воля» партиясындағылар II Александр патшаны өлтірді. Бірақ мұнан жақсы-

лыққа бастайтын ешбір өзгеріс болған жоқ. II Александр орнына оның баласы III Александр отырды. «Народная воля» партиясы қыйратылды. Оның кейбір басшылары өлтірілді, енді біреулері зынданға тасталды. «Народная воля» партиясының тактикасының тәжірибесінен революционерлердің бұқараға сүйенуден бастартуы, олардың патшаға және помещиктерге қарсы кең көлемді революциялық күрес ұйымдастырудан бастартуы өте-мөте зиянды екені әбден айқын көрінді.

Алғашқыда халықшылдарға ниеттес болған алдыңғы қатарлы жұмысшылар олардан бірте-бірте аулақтап, революциялық жұмысшы қозғалысы жолына түсті.

Тұңғыш жұмысшы-революционерлердің бірі тоқы-машы Петр Алексеев болды. Ол бұрын Смоленскінің шаруасы болған, өздігінен үйреніп, хат таныған, сөйтіп, кітаптан жұмысшылар мен шаруалардың жағдайы туралы өзінің көкейін тескен мәселелерге жауап іздеген. Революциялық насихат жүргізгені үшін қамалған Петр Алексеев 1877 жылғы 10 мартта сотта тамаша сөз сөyledi. Ол сөз былай аяқталған еді: «Миллиондаған жұмысшының мұғал қолы көтерілер, әні сонда, солдаттың найзасы қорғаған деспотизмнің бұғауы құл-талқан болады». Ленин бұл сөзді орыстың жұмысшы-революционерінің асқан зор көрегендігі деп атады. Петр Алексеев 10 жылға қаторғаға сотталып, Якутияға жіберілді. Ол сонда қайтыс болды.

Орыс жұмысшыларының революциялық күресі Батыс Европада Маркс пен Энгельс бастаған жұмысшы табы өздерінің таптық ұйымдарын — кәсіподақтары мен партияларын құрған кезде басталды. 1864 жылы Маркс пен Энгельс жұмысшылардың Халықаралық серіктігін — Бірінші Интернационалды ұйымдастырды. Оның мақсаты барлық елдердің жұмысшыларын капиталистердің үстемдігін жою жолындағы, сөйтіп пролетариат диктатурасын орнату жолындағы ортақ күрес үшін біріктіру еді. Бірінші Интернационалға орыстың революционер-демократтары да қосылып, Интернационалдың орыс секциясын құрды. 1871 жылы Париждың жұмысшылары буржуазия үкіметін құлатып, Париж Коммунасын жариялады. Мұның өзі жұмысшы табының тұңғыш үкіметі еді. Бірақ көп кешікпей Париж коммунасы айуандықпен тұншықтырылды, француз жұмысшылары қанға боялды.

XIX ғасырдың 70-жылдарында орыстың алдыңғы қа-

тарлы жұмысшылары өзінің революциялық ұйымдарын құра бастады. 1875 жылы Одессада Евгений Заславский «Жұмысшылардың оңтүстік россиялық одағын» ұйымдастырды. Бірақ бұл одақ айналасы бір жылдай ғана өмір сүрді. Оны патша үкіметі талқандады, оның ұйымдастырушысы Заславский каторгаға кесіліп, кешікпей түрмеде қайтыс болды.

«Жұмысшылардың оңтүстік россиялық одағының» басшыларының бірі Виктор Обнорский тұтқынға алынудан қашып құтылып, шетелге кетті. Ол жерде Батыс Еуропаның жұмысшы қозғалысымен танысты. Россияға қайтып келіп, Виктор Обнорский 1878 жылы ағаш шебері Степан Халтуринмен бірге Петербургте «Орыс жұмысшыларының солтүстік одағын» ұйымдастырды. Оның программасында одақ өзінің алдына «өте әділетсіз болғандықтан, мемлекеттің қазіргі саяси және экономикалық құрылысын құлату» мақсатын қояды делінген. Көп кешікпей полиция «Орыс жұмысшыларының солтүстік одағын» талқандады. Виктор Обнорский каторгаға жіберілді, ал, II Александр патшаға қастандық жасауға қатысқан Степан Халтуринді патша жендеттері дарға асып өлтірді.

3. РОССИЯДА МАРКСИЗМНІҢ ТАРАЛУЫ

1872 жылы Россияда Маркстің «Капитал» деген данышпандық шығармасының бірінші томының аудармасы шықты. Бұл еңбегінде Маркс капиталистік қоғамның даму заңдарын ашып, пролетариаттың социализм үшін күресуінің қажеттігін дәлелдеген. Россияда марксизм идеяларын насихаттаумен Плеханов бастаған білімді марксистер шұғылдана бастады.

Георгий Валентинович Плеханов (1856 — 1918) бала кезінде халықшылдарға ниеттес болды, бірақ халықшылдар бұқара арасындағы революциялық жұмыстан бастартып, қастандық және террор жалына түскеннен кейінгі жерде, ол халықшылардардан кетті. Царизмнің қуғындауына ұшыраған Плеханов 1880 жылы шетелге кетіп, онда жұмысшы қозғалысының басшыларымен танысты, Энгельспен байланыс жасады. Сонымен қатар, ол Маркс пен Энгельстің шығармаларын оқуға қатты көңіл бөлді. Оған әсіресе үлкен әсер еткен «Коммунистік манифест»

болды. Сондықтан, ол осы шығарманы орыс тіліне аударуға ұйғарды.

1883 жылы күзде Плеханов шетелде орыс марксистерінің тұңғыш ұйымы — «Еңбекті азат ету» тобын ұйымдастырды. Бұл топтың мүшелері Маркс пен Энгельстің көп шығармаларын орыс тіліне аударып, басып шығарды. Россияда марксизмді тарату үшін күрескен көптеген орыс марксистері Плехановтың шығармаларынан көп нәрсе үйренді. Ленин марксизмді насихаттау ісінде болсын, сол сыяқты халықшылдарға қарсы күресу ісінде болсын Плехановтың сіңірген еңбегін жоғары бағалады. Сонымен қатар, Ленин Плехановтың елеулі кателерін де көрсетті. Бұл қателер Плехановтың халықшылдарды идея жағынан ақырына дейін талқандауына бөгет жасаған еді.

«Еңбекті азат ету» тобы орыс социал-демократтары программасының екі жобасын жасады. Бірақ, Плехановтың басқа да кейбір жұмыстарындағы сыяқты, бұл жобаларда да пролетариат диктатурасының идеясы болмады және демократиялық революцияда пролетариаттың ролі теріс бағаланды. Плеханов, сонымен қатар, самодержавиеге қарсы күресте пролетариаттың одақтасы болатын шаруалардың революциялық рөлін де теріске шығарды. Ол Россиядағы елеулі революциялық күш либералдық буржуазия, яғни өнеркәсіп буржуазиясы мен буржуазиялық интеллигенцияның елде саяси реформалар болуын көздейтін бөлегі деп таныды. Кейін оның осы қатесі Плехановты революциялық марксизмнен кетуге, сөйтіп, Ленин мен большевиктерге қарсы күрес жүргізуге апарып соқтырды.

80 жылдардың басында революционерлердің ықпалы аркасында жұмысшы табы өз мүдделерін қорғауға неғұрлым батыл кірісе бастады. 1870 жылдан 1880 жылға дейінгі он жыл ішінде 200-дей стачка болды. Әсіресе 1878 жылы Петербургтегі тоқыма фабрикасындағы забастовка өте күшті болды. Оған жұмысшы Петр Моисеенко қатысты. Ол 1885 жылы Орехово-Зуеводағы Морозовтың фабрикасында болған стачкада көрнекті орын алды.

Морозов стачкасы жұмысшылардың үлкен ұйымшылдығын көрсетті. Бұл стачканың өзінің ұйымдастырушылары, басшылары болды. Петербургтегі стачкаларға қатысқаны үшін жер аударылған, одан жақында ғана қайтқан Петр Анисимович Моисеенко басқа жұмысшылармен бір-

лесе отырып, қойылатын талаптар программасын жасады. Бұл программа жұмысшылар өкілдерінің құпия жыйналыстарында талқыланып, фабриканттарға тапсырылды. Стачка сегіз күнге созылып, қатты қайсарлық көрсетілді. Ол полиция стачканың барлық басшыларын және оған белсене қатысқан алты жүз адамды тұтқынға алғаннан кейін ғана басылды. Моисеенко тағы басқа жұмысшылар сотқа берілді. Сотқа Морозовтың фабрикасында болған тәртіптің жан түршігерліктей екені анықталғанда, тіпті осы сотқа арнап әдейі іріктелген сот кеңесшілерінің өзі стачканы бастаушылардың айыбы жоқтығын мойындауға мәжбүр болды.

Морозов стачкасы сол кездегі стачкалардың ішіндегі ең ірісі болды. Ол бұқаралық жұмысшы қозғалысының басталуы еді. Стачкалар барған сайын бірте-бірте ұйымдасқан қалыпқа түсе бастады. Стачкашылардың программасынан, бұрынғыдай дәрменсіз жалбарыну, өтіну емес, өзінің қоғамдық ролін сезе бастаған жаңа революцияшыл таптың батыл талаптары естіле бастады.

Морозов стачкасы III Александр патша мен оның министрлерін қатты қорқытты. 1886 жылы штраф және есеп книжкалары жөнінде заң шығарылды. Бұл заң бойынша штрафтан түскен ақша фабриканттардың пайдасына емес, жұмысшылардың өздерінің қажетіне жұмсалуға тиісті болды. Стачка жұмысшы табы қаһарлы күшке айналуы мүмкін екенін царизмге айқын көрсетті. Морозов стачкасында пролетариат тұңғыш рет революциялық қозғалыстың алдыңғы қатарлы күші ретінде қыймыл жасады.

4. ЛЕНИН МЕН СТАЛИН РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ БАСТАЛУЫ

XIX ғасырдың аяғында дүние жүзі пролетариатының революциялық күресінің орталығы Россияға көшті. Әлі жас, бірақ тез өсіп келе жатқан Россияның жұмысшы табы царизмге қарсы, капитализмге қарсы революциялық күреске кірісті.

Пролетариаттың революциялық күресін өткен ғасырдың 90-жылдарынан бастап Владимир Ильич Ленин басқарды.

Орыс және дүние жүзі пролетариатының көсемі 1870 жылы 10 (22) апрельде Симбирскіде (қазіргі Ульяновск) туды. Лениннің әкесі Илья Николаевич Ульянов педагог

болған. Ол Чернышевскийді, Добролюбовты қатты қадірлеген, Некрасовты сүйген. Революцияшыл демократтарға деген сүйіспеншілігі мен құрметін Илья Николаевич өзінің балаларына да үйреткен.

Лениннің үлкен ағасы Александр народовольшы-революционер болған. 1887 жылы ол III Александрды өлтірмек болған әрекетке қатысып, тұтқынға алынып, өлім жазасымен жазаланған.

Революцияның жеңуі үшін жеке революционерлердің күресі жеткіліксіз екенін, бұл үшін еңбекшілердің бұқаралық қозғалысын өрістету қажет екенін Ленин сол кезде-ақ түсінген. «Жоқ, біз бұл жолға түспейміз. Бұдан басқа жолға түсу керек», деген Ленин, ағасы өлтірілгеннен кейін.

Владимир Ильич бала кезінен-ақ асқан зерек болған. Симбирск гимназиясын алтын медальмен бітіріп, ол 1887 жылы Қазан университетіне түскен. Мұнда жас Ленин студенттер қозғалысына қатысып, ол үшін әуелі тұтқынға алынып, артынан университеттен шығарылып, деревняға жер аударылған. Тұтқынға алынғанда Ленин мен полиция приставының арасында мынадай сөз болған: «Жас жігіт, неге қыянқылық жасайсыз? Алдыңда биік дуал тұрған жоқ па» — «Дуалың шірік дуал, түртсең құлағалы тұр», — деп жауап қайырған оған Ленин.

Бір жылдан кейін Лениннің Қазанға қайтып келуіне рұқсат болған. Бұл келісінде ол марксистік үйірменің жұмысына белсене қатысқан. Бос уақыттарының бәрін Ленин кітап оқумен өткізген. Балалық, жастық шағының өзінде-ақ Ленин өз жұмысында үлкен еңбек сүйгіштікке, қажырлылыққа, ұйымшылдық пен тәртіптілікке машықтанған.

1889 жылы Владимир Ильич Самараға (қазіргі Қуйбышев қаласы) көшіп, онда төрт жылдан аса тұрады. Бұл жылдар қажырлы қайратпен оқу жылдары болады. Революциялық күреске әзірлене отырып, Ленин Маркс пен Энгельстің еңбектерін мықтап зерттейді. Ол «Коммунистік партияның манифестін» неміс тілінен орыс тіліне аударды. «Манифестің» Ленин жасаған осы аудармасы кейін Самараның революциялық жастарының үйірмелерінде оқылады. Самарада Ленин марксистердің тұңғыш үйірмесін ұйымдастырады. Бірақ пролетариаты жоқ дерлік Самара революциялық жұмысқа кең өріс бере алмайды. Сондықтан 1890 жылдың аяғында 23 жастағы Ленин

Петербургке барады. Петербург сол кездің өзінде-ақ аса ірі пролетарлық орталық еді.

Ленин бірден-ақ Петербург марксистерінің арасында жетекшілік орын алады. «Біз оны бірауыздан, даусыз және ешбір дабырсыз өзіміздің басшымыз деп таныдық», — деп жазды кейін онда бөлғандардың бірі. Лениннің марксизмді терең білетіндігі, оны іс жүзінде қолдана білетіндігі, жұмысшы табының жеңетіндігіне жан-тәнімен сенетіндігі ерекше көзге түседі.

Ленин халықшылдарға батыл қарсы шығады. Ол кезде бұлардың көзқарасы кең тараған еді. 1894 жылы Ленин ««Халық достары» дегендер не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» деген теориялық күрделі кітабын жазды, онда халықшылдардың көзқарастарын жеріне жеткізе сынады.

Бұл жұмысында Ленин пролетариат шаруалармен одактаса отырып, царизмді құлатады, сөйтіп, социализм жолында онан әрі күрес жүргізе береді деп жазды.

Жұмысшы қозғалысы бұл кезде тағы бір қадам алға басқан еді.

90-жылдардағы өнеркәсіп өрлеуі ірі кәсіпорындарының көбеюіне, жұмысшылар санының көбеюіне жеткізді. Стачка қозғалысы жұмысшылардың неғұрлым қалың тобын камтыйтын болды.

1895 жылы Петербургте Лениннің басқаруымен революцияшыл жұмысшы ұйымы құрылды. Ол «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағы» деп аталды. Оның өзі жұмысшы қозғалысына сүйенген революциялық партияның бастамасы еді.

1895 жылы көктемде Ленин шетелдерге барып, онда Плехановпен кездесті. Ленин Россияға қайтқаннан кейін полиция оған және «Күрес одағының» басқа мүшелеріне қатты бақылау жүргізді. 1895 жылғы декабрьдің 8нен 9 на қараған түні «Күрес одағының» көп мүшелеріне тінту жүргізіліп, бірсыпырасы тұтқынға алынды. Тұтқынға алынғандардың ішінде Ленин де бар еді. Бірақ, ол тіпті түрменің өзінде отырып, «Одаққа» басшылығын тоқтатқан жоқ. 1896 жылы «Күрес одағының» басшылығымен забастовка ұйымдастырылды, ол Петербургтің 30 мың тоқымашыларын камтыды. Осы забастовка кезінде «Одақ» бірнеше листовка шығарды. Түрмеде Ленин отачка туралы кітапша жазды. 1897 жылы Ленин Енисей Губерниясының Шушенское селосына үш жылға жер

аударылды. Түрмеде және айдауда жүріп ол «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітабын жазумен болды. Бұл кітапта Ленин Россия капиталистік жолмен дамуда екенін, капитализм революциялық жаңа күш — пролетариатты туғызатынын көрсетіп берді.

Ленин өзі жазған партия программасының жобасында орыс жұмысшылары Россиядағы бүкіл тіршілікті демократиялық жолмен қайта құру үшін күресуі қажет екенін, мұның өзі олардың келешекте социализм үшін күресуіне жол ашатынын дәлелдеп берді. Социал-демократиялық партия деген атақтың өзі де жұмысшы партиясының программасында осы демократиялық және социалистік міндеттерді ұштастырудан туды. Партияны ұйымдастыру әрекеті Ленин айдауда жүргенде істелген еді. 1898 жылы Минскіде социал-демократтардың тұңғыш съезі болды. Осы съезде «Манифест» қабылданып, онда Россияның социал-демократиялық жұмысшы партиясы құрылғаны жарияланды. «Манифест партияның құрылғанын жариялап, үлкен насихаттық роль атқарды. Бірақ «Манифесттің» мазмұнында өте көп кемшіліктер болды. Онда пролетариаттың революциядағы жетекшілік ролі туралы, оның революцияшыл одақтасы болатын шаруалар туралы, пролетариаттың саяси өкімет билігін алуы қажет екені туралы ешнәрсе айтылмаған. Съезден кейін Орталық Комитет және съезге қатысушылардың көпшілігі тұтқынға алынды.

Алайда Россиядағы тез дамып келе жатқан революциялық қозғалысқа ешқандай қудалау тоқтау сала алған жоқ. Революцияшыл марксистердің ықпалымен жұмысшылардың санасы өсті, олар өздерінің саяси міндеттерін түсіне білетін болды және царизм мен буржуазияға қарсы ұйымдасқан күрес жүргізе білетін болды.

1861 жылғы реформадан кейін жалпы капиталистік даму Закавказьені де қамтыған еді. Мұнай қаласы, Закавказьенің аса ірі өнеркәсіп және жұмысшы орталығы — Баку тез өркендей бастады. Закавказье темір жолы салынуы бүкіл Кавказ үшін экономикалық маңызы зор іс болды.

Закавказьеде өзінің жұмысшы табы құрыла бастады. Революциялық қозғалыста теміржолшылар үлкен роль атқарды. 1887 жылдан бастап Тифлистің темір жол мастерскойының жұмысшылары пролетариаттық күресті бастаушы болып отырды. Жұмысшы қозғалысының ықпалы-

мен Грузияның шаруалары да күреске көтеріле бастады. Грузияның және бүкіл Закавказьенің жұмысшылары мен шаруаларының көсемі және жетекшісі И. В. Сталин болды.

Иосиф Виссарионович Сталин (Джугашвили) 1879 жылы 21 декабрьде Тифлис губерниясындағы Гори қаласында туды. Оның әкесі Тифлистегі аяккиім фабрикасының жұмысшысы болған, ал шешесі күнделікті жалданып істейтін болған.

1894 жылы И. В. Сталин Горидегі рухани мектепті бітіріп, Тифлистегі рухани семинарияға түседі. Семинарияда көп тәрбиешілер мен оқытушылар ізгі жұмыстың бәрін қуғындап, тұншықтырып отыратын болған. Сталин жолдас кейін олар жөнінде былай деді:

«...Олардың негізгі тәсілі — ізге түсу, шпиондық жасау, кісінің жанына тию, қорлау болатын, — бұдан қандай жақсылық көруге болады? Мысалға пансионатта ізге түсуді алайық: сағат 9-да шайға шақырылып, асханаға кетеміз, ал бөлмеге қайтып оралғанымызда біздің зат қоятын жәшіктеріміз бұл уақыттың ішінде тінтіліп, астаң-кестені шығарылғанын көретінбіз».

«Семинариядағы қорлау тәртібі мен иезуиттік тәсілдерге қарсы болудан келіп, — дейді Сталин жолдас, — мен революционер болуға, нағыз революциялық ғылым марксизмді жақтауға дайын едім және солай болдым да».

Он бес жасынан бастап И. В. Сталин Тифлисте жасырын істейтін орыс марксистерінің тобымен байланысып, революциялық жұмыс жүргізуге кіріскен. Семинарияда ол марксистік білімін көтерумен көп шұғылданған. Көп кешікпей И. В. Сталин марксистік жасырын үйірмелерді басқаратын болған. Онда Маркс пен Энгельстің, Белинскийдің, Чернышевскийдің, Писарев пен Плехановтың шығармалары оқылатын болған. Бір жолы үйірмедегілер көп қыйыншылықпен «Капиталдың» бірінші томын тауып алып, қолдан көшіріп, сол көшірме бойынша бұл еңбекті үйірмеде оқып үйренген.

1896—1897 жылдары И. В. Сталин семинариядағы марксистік үйірмелердің басшысы болған. 1898 жылғы августа ол Россияның социал-демократиялық жұмысшы партиясының Тифлистегі ұйымына кірген.

И. В. Сталин сол кезде Лениннің жұмыстарымен танысып, орыстың жұмысшы табының көсемімен жүзбе жүз

көрісіп танысуға ынтық бола бастаған. «Мен оны қалайда көруге тиістімін»,—деген ол өзінің жолдастарына.

1899 жылы И. В. Сталин марксизмді насихаттағаны үшін рухани семинариядан шығарылған. Көп кешікпей ол біржолата революционерлік жолға түсіп, өзінің барлық күшін жұмысшы табының ісі жөніндегі күреске жұмсады.

Капитализмнің дамуы мен жұмысшы табының өсуі Грузияда тұңғыш марксистік ұйымдар пайда болуына жеткізді. Закавказьеде марксизмді тұңғыш таратушылар осында патша үкіметі айдауға жіберген орыс социал-демократтары болды. 1893 жылы Грузияда тұңғыш марксистік «Месамедаси» ұйымы пайда болды. Оның қатарында патшамен батыл күресті жақтаушылар да, жұмысшы табының ашық саяси күресіне қарсылар да болған еді. 1898 жылы бұл ұйымда революцияшыл азшылық тобы пайда болды, оны Александр Цулукидзе, Ладо Кецоховели және Иосиф Джугашвили (Сталин) басқарды. Бұл топтар өрісті үйірмелік насихаттан көпшілік үгітін жүргізуге, самодержавниеге қарсы саяси күрес жүргізуге көшті. Ұйым жікке бөлінді. И. В. Сталин бастаған революцияшыл азшылық жаңа марксистік топ құрды, оның өзі Закавказьеде революцияшыл социал-демократ ұйымының (болашақ большевиктік ұйымның) ұйытқысы болды.

Сонымен пролетариаттың революциялық күресінің бүкіл дамуы және революциялық теорияның өркендеуі марксизмнің дамуын жаңа, бұрынғыдан да биік сатыға жеткізді. В. И. Ленин, оның аса сенімді серігі И. В. Сталин марксизмді бұрынғыдан да дамытып, революциялық теория мен практиканың бірлігін көрсетті, сөйтіп, патшаға қарсы бүкілхалықтық азаттық күресінің көсемі болған орыс пролетариатына капитализмге қарсы жеңімпаздық күрестің, жаңа коммунистік қоғам орнату күресінің жолын көрсетіп берді. Осылайша Россия адамзаттың асқақ зор данышпандары В. И. Ленин мен И. В. Сталиннің туған жері, ленинизмнің отаны болды.



ХІІ т а р а у

РОССИЯДА БІРІНШІ БУРЖУАЗИЯЛЫҚ- ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ РЕВОЛЮЦИЯ

1. РЕВОЛЮЦИЯНЫҢ ҚАРСАҢЫ

ХІХ ғасырдың аяғында және ХХ ғасырдың басында капитализм өзінің дамуының жаңа, бұрынғыдан жоғары және ең соңғы кезені — империализмге жетті. Өнеркәсіп аса ірі капиталистердің немесе капиталистіктердің бірлестіктерінің қолына шоғырланып, олардың арасында базар үшін күрес мейлінше шиеленісті. Өздерінің басы бос капиталдарын неғұрлым олжалы пайдаланудың жаңа мүмкіншіліктерін іздеп, капиталистер бұл капиталдарын басқа елдерге шығара бастады. Шетел капиталистері өздерінің капиталдарын шығарған елдердің бірі патшалық Россия болды. ХІХ ғасырдың аяғында шетел капиталистері орыстың өнеркәсібі мен банктеріне алтын есебімен бір миллиард сомдай ақша жұмсады. Орыс банктері бірте-бірте батыс европалық банктердің басшылығына бағынышты болып алды. Мысалы 1901 жылы француз банктері Россияда Солтүстік банк ұйымдастырды. Германиядағы аса ірі Неміс банкі орыстың Азов — Дон банкін өз ықпалына қаратып алды. Орыстың көптеген банктері шетел банктерінің бөлімшелеріне айналды. Шетел капиталистері Россияда жаңа кәсіпорындарын сала бастады. Көп кешікпей өндірістің металлургия, отын, химия сияқты шешуші салалары, сонымен қатар, транспорттың кейбір түрлері солардың қолына көшті. Шетел капиталистері Россияда орасан мол пайда тапты, өйткені мұнда олар арзан жұмысшы күшін пайдаланып, ешбір бөгетсіз оларды қанайтын жағдайда болды. Патша үкіметі орыс капиталистеріне болсын сол сияқты шетел капиталистеріне болсын барлық жағынан болысып отырды.

Әрқашан қаражатқа мұқтаж болып келген патша үкіметі шетел мемлекеттерінен қарызға көп ақша алып келді. Осы қарыздың өсімінің өзіне Россия жыл сайын 130 миллион сомның алтынын беріп келді. Сонымен, орыс патшалығы және орыс капитализмі барған сайын шетел капиталына бағынышты күйге түсті.

Самодержавие еңбекшілердің қас дұшпаны екенін, ол елдің тәуелсіздігін толық жоюға, орыстың жұмысшылары мен шаруаларын шетел капиталистерінің пайда өндіретін күшіне айналдыруға бастап келе жатқанын алдыңғы қатарлы жұмысшылар түсіне бастады. Жұмысшылар экономикалық стачкалардан саяси стачкаларға көше бастады, ал кейін көшеде демонстрация жасауға кірісті. Стачкалар мен демонстрациялар кезінде жұмысшылар еңбек жағдайын жақсартуды талап етіп қана қоймай, оның үстіне, сөз, жыйналыс, одақ бостандығын тағы басқа демократиялық бостандықтарды талап ететін болды. Жұмысшылар «патшалық самодержавие жойылсын!» деген ұран тастады. Россияның жұмысшы табы патшаға қарсы революциялық күреске шықты.

XIX ғасырдың бас кезінде Россияда жұмысшы табының саяси оянуына сол кезде болған «Обухов қорғаны» айқын сыпаттама болды.

1901 жылы Петербургтегі Обухов заводының жұмысшылары 1 май стачкасын ұйымдастырды. Мұның аяғы патшаның әскерлерімен қанды шайқасуға дейін жетті. Басқа қаруы болмағандықтан жұмысшылар жандармдар мен полицияға қарсы тас атып, темір лақтырды. Стачкалардың қарсыласуы күшпен басылды, бірақ Обуховтағы ерлік қорғану ісі бүкіл Россияға мәлім болып, оған жұмысшылардың бәрі ниеттестігін білдірді.

Жұмысшы табының саяси жағынан оянуында, оны самодержавиеге қарсы күреске ұйымдастыруда, пролетариат партиясын құруда жалпы орыстық бірінші жұмысшы газеті «Искра» зор роль атқарды. Ленин оны шығару жоспарын Сибирьде айдалып жүрген кездің өзінде-ақ жасаған еді. Газеттің көмегімен Ленин революциялық социал-демократиялық партия құруды көздеді. Ленин партия ең таңдаулы, алдыңғы қатарлы жұмысшылардан, жұмысшы табының ісі жолындағы күресте өзінің өмірін қыюға әзір адамдардан құрылуға тиіс деп ұйретті. Олар біржолата революция жолына

түскен адамдар яғни патша мен капиталистерге қарсы революциялық күрес жүргізу өзінің негізгі қызметіне айналатын адамдар болуға тиіс деп үйретті. Айдауда болу мерзімі біткеннен кейін Ленин шетелге кетіп, онда газет шығару әзірлігіне кірісті. 1900 жылғы декабрьде лениндік «Искра» газетінің бірінші номері шықты. Газеттің басында декабристердің «Ушқыннан жалын қаулайды» деген сөздері жазылған еді.

«Искра» газетін таратқан, оны оқыған жұмысшылар түрмеге түсіп, айдауға кету қатеріне ұшырайтын еді. Бірақ олар мұнан шошынған жоқ. Олар газеттің әрбір номерін асығып күтетін болды. «Искра» жұмысшылар арасына кеңінен тарайды.

«Искраны» Лениннің сенімді көмекшілері — «Искраның» өкілдері, агенттері таратты. Көп кешікпей көп қалаларда «Искраны» жақтаушылар ұйымы — искрашылдардың лениндік ұйымдары құрыла бастады. Закавказьеде искрашылар ұйымын құрған және оны басқарған Сталин жолдас болды.

1901 жылдың басында «Искраның» бірінші номері Тифлиске (Тбилиси) жетті. Тифлистегі Сталин жолдас басқарған Орталық социал-демократиялық топ лениндік «Искраға» толық қосылатынын жариялады. 1901 жылғы сентябрьде Сталин жолдастың редакциясымен Грузияның жасырын социал-демократиялық газеті — «Брдзола» («Күрес») газетінің бірінші номері шықты.

Тифлис комитетінің тапсыруы бойынша Сталин жолдас барған Батумда да (Батумида) «Искра» бағытындағы жұмысшылардың социал-демократиялық ұйымы құрылды. 1902 жылғы 1 январьға қараған түнде Жаңа жылды қарсы аламыз деген желеумен Сталин жолдас социал-демократиялық үйірмелердің бірінші, конференциясын шақырды. Осы жыйналыста социал-демократиялық комитет құрылды.

Кешікпей Сталин жолдастың басқаруымен Батумда бірінші революциялық демонстрация өткізілді. Полиция көп жұмысшыларды тұтқынға алып, Сталин жолдасты ұстамақ болып қатты іздеді, бірақ оны жұмысшылар жасырып қалды.

Дегенмен полиция Сталиннің ізіне түсіп жүріп, қолға түсіріп, тұтқынға алды. 1903 жылы ноябрьде ол Иркутск губерниясының Новая Уда селосына айдауға жіберілді. Бірақ ол 1904 жылғы январьда айдаудан қа-

шып шығып, февральда тағы да Тифлиске келіп, революциялық жұмыс жүргізді.

1902—1903 жылдарда пролетариаттың саяси күресі кең өрістеді. 1903 жылы жазда Закавказье мен Украина жұмысшыларының өткізген жаппай стачкасы жұмысшы табын саяси жағынан тәрбиелеуде ерекше зор роль атқарды.

Жұмысшы қозғалысы саяси күреске халықтың басқа топтарын да ұмтылдырды. Қалалардың бәрінде забастовкалар, студенттердің демонстрациялары болды. Деревняларда шаруалардың аса күшті толқуы басталды. 1902 жылы Украина мен Саратов губерниясында, ал, 1903 жылы Гурияда (Закавказьеде) шаруалар қозғалысы айтарлықтай күшті болды. Закавказье большевиктерінің ықпалымен Закавказьедегі шаруалар қозғалысы ұйымдасқан түрге көшті.

1903 жылдың бас кезінде «Искра» газетінің төңірегіне пролетариат революционерлерінің топтасқан ұйымы құралды. Россияның социал-демократиялық комитеттерінің көпшілігін біріктіріп, «Искра» ұйымы партияның II съезін әзірлеуге кірісті. Съезд 1903 жылғы жазда шетелде өтті. «Съезде Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының (немесе қысқартқанда—РСДЖП-ның) Ленин жасаған программасы қабылданды. Программа екі бөлімнен — программа-минимумнен және программа-максимумнан құрылған еді. Программа-минимумде партияның таяудағы міндеттері, пролетариат өкімет билігін жаулап алуға дейінгі күрестің міндеттері баяндалған. Ол міндеттер мыналар еді: самодержавиені құлату, демократиялық республика орнату, жұмысшылар үшін 8 сағаттық жұмыс күніне көшу, деревняда крепостнойлықтың қалдықтарының бәрін жою. Программа-максимумда пролетариаттың басты міндеті капиталистер өкіметін құлатып, пролетариат диктатурасын орнату міндеті қойылған.

Программаны талқылауда пролетариат диктатурасы жөніндегі мәселеде Ленинге қарсылардың бәрі ерекше қарсылық көрсетіп бақты. Олар европалық социал-демократиялық партиялардың бірде бірінде мұндай пункт жоқ деген желеу айтты. Бірақ Ленин және оның жақтастары жеңіп шықты. Съезде «Искра» ұсынған программа қабылданды. Бұл жұмысшы табының партиясының революциялық программасы болды.

Съезде партияның Уставы да қабылданып, онда партияның қалай құрылуы керек екені көрсетілді. Осы аса маңызды мәселе жөнінде алауыздық болды. Мартов, Троцкий және олардың жақтастары партия қатарына азда болса көмек көрсеткеннің бәрі бірдей алына беретін болсын деп ұсынды. Ленин партия мүшесі партия ұйымының жұмысына тікелей қатнасты болатын болсын деген талап қойды. Съезде партияға мүшелік мәселесі жөнінде Мартовтың ұсынысы өтті. Партияның орталық мекемелерін сайлауда Ленинді жақтаушылар көпшілік дауыс алып, сонан большевиктер деп атанып кетті. Мартовшылар азшылық дауыс алып, олар меньшевиктер деп аталып кетті.

Сталин жолдас партияның II съезінде бола алған жоқ. Бұл кезде ол түрмеде отыр еді. Сонда отырып ол жік болғанын естіп, дереу өзін Лениннің жақтасы деп жариялады, большевиктерге қосылды.

Большевиктер партиясының негізі осылай қаланды. Бұл жұмысшы табының жауынгерлік партиясы еді. Ол патшаны, помещиктер мен капиталистерді құлату жолындағы, пролетариат диктатурасын орнатып, ешқандай қанау және таптық езушілік болмайтын жаңа, социалистік қоғам құру жолындағы революциялық күреске әзірленді.

2. ОРЫС — ЖАПОН СОҒЫСЫ

Халық бұқарасының самодержавиеге қарсы революциялық күресі бүкіл елді қамтыды.

Патша үкіметі Жапонияға қарсы соғыс ашып, революцияны тоқтатпақшы болды. Бірақ соғыс революциясын дамуын бұрынғыдан да күшейте түсті.

Өзінің сыпаты жағынан орыс-жапон соғысы басқыншылық соғысы еді. Бұл соғыс Қытайды және бүкіл Қытай Шығысты империалистік мемлекеттердің бөлігіне салу үшін жүргізілді. Бұл мемлекеттердің ішінде өзінің басқыншылыққа құмарлығы жағынан Жапония ерекше көзге түсетін еді. Ол кезде Жапонияны Америка мен Англия жақтайтын еді. Олар жапондардың қолымен патшалық Россияны қыйратып, Қытайды өзара бөлісіп алмақшы болды. Жапония патшалық Россияға қарсы соғысқа күшті әзірлік жасады. Ол үлкен флот құрып,

ірі армия кұрады және оны жақсы қаруландырды. Патшалы Россия да соғысу ниетінде болды. Ірі буржуазия жаңа базарлар іздеді, помещиктер байлықты молайтатын жаңа орындар іздеді, ал үкімет таянып келе жатқан революцияны соғыстың көмегімен тоқтатпақшы болды. Бірақ Жапония соғысқа анағұрлым артық әзірленген болып шықты.

1904 жылдың январында қараңғы түнде Жапония ешбір соғыс жарияламастан Россияға тұтқыйылдан опасыздықпен шабуыл жасап, Порт-Артурда тұрған орыс эскадрасына шабуыл жасады. Жапония бірінші класты үш кемеңі саптан шығарып, өзінің флотына неғұрлым қолайлы жағдай жасап алды.

Патшаның генералдары әуелгі кезде орыстар жапондарды «бөрікпен соғып алады» деп дәріптегенімен, патшалы Россия соғысқа әзірленбеген болып шықты. Орыс кемелерінің көбі ескі және техника жағынан нашар жабдықталған кемелер еді. Кемелердің үстіне орнатылған көп ағаш жабдықтар жапондардың алғашқы снаряды тигенде-ақ өртеніп кетті. Бұл кемелерді орыс теңізшілері «өздігінен өртенгіштер», «өздігінен батқыштар» деп атады, ал Ленин оларды «ескі сандықтар» деп атады. Майданға запастағы солдаттар жөнелтілді. Олар соғысқа нашар үйретілген еді. Жаңа зеңбіректерден қалай ату керектігін тіпті офицерлер де білмейтін еді. Азық-түлік, қару, снаряд сыяқты, соғысқа жақсы әзірленген жаумен соғысуға керекті заттар жетіспеді. Уры чиновниктер фабриканттармен ауыз жаласып, армияға қағаз ұлтан салынған етіктер берді.

Кешікпей бүкіл Оңтүстік Маньчжурия түгелінен дерлік жапондардың қолына түсті. Жапондар шабуыл жасау, белсене қыймылдау жоспарын қолданған болса, орыстың Маньчжуриядағы армиясының қолбасшысы генерал Куропаткин қорғану тәсілін қолданды.

Солтүстікке қарай шабуыл жасай отырып, жапондар сонымен қабат Порт-Артурды қоршап алды. Бұл қамалдың гарнизоны — солдаттар, матростар, офицерлер жапондардың сансыз рет жасаған шабуылын тойтарып, ерлікпен шайқасты. Порт-Артурдағы флоттың қолбасшылығына талантты вице-адмирал Макаров тағайындалды. Ол теңізшінің баласы еді, соғыс жөніндегі қабілеті аса зор болғандықтан ғана осындай дәрежеге жеткен еді. Вице-адмирал Степан Осипович Макаров тама-

ша флотшы, сонымен қатар соғыс-теңіз ілімінде жаңалықшыл көрнекті адам, соғыс-теңіз ісінің түрлі саласының жетік маманы болған адамы еді. Ол орыстың сауытты флотын жетілдіруді көздеді, мина-торпеда қаруын қолдануды бастаушы болды, қарудың жаңа түрлерін қолдану үшін және орыс кемелерінде мешеу қалған кеме артиллериясын қайта құру үшін күресті. Өзінен бұрынғы таңдаулы флот қолбасшылары — Ушаковтың, Нахимовтың тағы басқалардың өнегесімен шабуыл тактикасының негіздерін дамыта отырып, Макаров «Теңіз тактикасының мәселелері жөнінде пікірлер» деген еңбек жазды. Мұнда айтылған негізгі ережелер қазірдің өзінде де ескірген жоқ.

Вице-адмирал Макаровтың нұсқауы бойынша Порт-Артур рейдін жағалаудағы батареялармен, канонер қайықтармен, миноносецтермен, катералармен, қорғаудың ерлік қорғаны ұйымдастырылды. Макаров Тынық мұхит флотының белсене қыймылдауының жоспарын жасап, барлау жұмысын жақсарту шараларын қолданды. Порт-Артурдағы флоттың жауынгерлік қабілетін көтеруге күш сала отырып, Макаров жапондармен теңізде үзілді-кесілді соғысуға әзірленді. Макаровтың басқаруымен Порт-Артур эскадрасы бірнеше рет теңізге шығып, жапон флотымен соғысты. Теңіздегі және құрғақтағы күштердің жігерлі тойтарыс беруінің арқасында жапондар Порт-Артурға кіре беріс жерді тұйықтап тастай алмады. Қоршауда қалған камал жапондардың үздіксіз қатты бомбалауына дұшар болды. 1904 жылғы 13 апрельде эскадралық броненосец «Петропавловск» гаваньнан рейдке шығып, жапондардың қоршауында қалған эскадралық миноносец «Страшный» мен «Баян» крейсеріне көмектеспек болды. «Петропавловск» броненосецінде Макаров та бар еді. Рейдте эскадраның басқа кемелері де ұрысқа әзір тұрды. Бірақ күтпеген жерден эскадралық броненосец «Петропавловск» мина банкісіне тап болып, бірнеше минуттан кейін суға батып кетті. Броненосецтегі вице-адмирал С. О. Макаров, 620 матрос және штабта болған белгілі суретші В. В. Верещагин қаза тапты.

Порт-Артурды қорғаудың тірегі болған Макаровтың қаза табуының салдары өте қайғылы болды. Порт-Артурды қорғаушылар ерлікпен қарсылық көрсетуін тоқтатпады. Соғыс инженері Кондратенко Порт-Артурды

қорғауға көп еңбек сіңірді. Бірақ камалдың коменданты генерал Стессель опасыздық бағыт ұстады. Орыс солдаттары мен матростары 11 ай бойы қажырлылықпен қорғанғанына қарамастаң, жапондарға қарсы күресті тоқтатпауға берік бел байлап отырса да, Стессель осыған қарамастан 1905 жылғы 2 январьда Порт-Артурды жапондардың қолына берді.

Порт-Артурдан кейін патшаның армиясы Мукденнің түбінде қатты жеңіліс тапты. Осыдан кейін Цусима бұғазында орыс флоты құл-талқан етілді. Цусимада жеңілу нағыз соғыстық апатқа ұшырау еді.

Орыс-жапон соғысында солдаттар мен матростар орыс армиясына тән қаһармандық жанкыярлық істеп, жауынгерлік қабілеті күшті екенін көрсетті. Корея жағалауында жапондар опасыздықпен орыс эскадрасына шабуыл жасағанда, екі кеме — крейсер «Варяг» пен канонерка «Кореец» күші басым жауға қарсы ұрыста ерлікпен қаза тапты, бірақ жаудың қолына берілген жоқ.

Ондағы жағдай былай болды. Крейсер «Варяг» пен «Кореец» деп аталатын канонер кемесі Порт-Артурға жағдайды анықтау үшін жіберілген болатын. Корея жерінен шығарда «Кореец» канонер кемесіне жапон миноносецтері шабуыл жасап, ол лажсыздан Чемульподағы өзінің тұратын жеріне қайтуға мәжбүр болған. Жапондар «Варяг» пен «Кореец» қолға берілуін талап еткен. Бірақ оларды басқарушылар ұрыс жүргізе отырып, Порт-Артурға өтуге бел байлаған. «Варяг» крейсерінің командирі капитан Руднев кеменің командасына айқан сөзінде былай деген: «Біз сөз жоқ өтіп кетуге тырысамыз, сондықтан, қаншама күшті болса да, эскадраға қарсы ұрыс жүргіземіз. Берілу жөнінде ешқандай сөз болмауға тиіс. Біз кемені де бермейміз, өзіміз де берілмейміз, ақырғы минутқа дейін, қасық қанымыз қалғанға дейін соғысамыз».

Рейдтен шыға берісте «Варяг» пен «Кореец» жапонның бүкіл эскадрасынан тайсалмай, ұрысқа шыққан. Кемелер зияндалған, көп матрос пен офицер жаралы болған және қаза тапқан. Рудневтің бұйрығы бойынша Чемульпоға қайтқан «Варяг» суға батырылған да, «Кореец» кемесі қыйратылған.

1904 жылғы февральда жапонның төрт эсминесі мен крейсерінің қоршауына түскен орыс эсминесі «Стрепуший» ерлікпен шайқасқан. Жапондар эсминесіті ұстап

алмақ болған. Енді қарсыласуға мүмкіншілік қалмаған кезде екі матрос трюмге түсіп, суға жол ашып, кемені суға батырып жіберген. Аттары белгісіз осы екі жауынгер матростың құрметіне кейін Ленинградта ескерткіш орнатылды.

Порт-Артурды қорғауда, сол сыяқты Ляоян мен Мукден түбінде болған шайқасуларда көп солдаттар мен матростар ерлік көрсетті. Бірақ қолбасшылардың жарамсыз басшылығы салдарынан солдаттар мен теңізшілердің бұл ерлік күштері тиісті нәтиже бермеді.

Порт-Артурдың құлауының себептерін талдай келіп, В. И. Ленин «Порт-Артурдың құлауы» деген мақаласында былай деп жазды. «Генералдар мен қолбасшылар қолынан түк келмейтін дәрменсіздер болып шықты... Масқара жеңіліске ұшыраған, орыс халқы емес, самодержавие. Орыс халқы самодержавиенің жеңілуінен ұтыс тапты. Порт-Артурдың тізе бүгуі патшашылдықтың тізе бүгуінің кіріспесі болып табылады».

Соғыста жеңілгеннен кейін патша үкіметі Жапониямен қорлық бітім жасауға мәжбүр болды. Патшалық Россияның нашарлығын пайдаланып, Жапония Оңтүстік Сахалинді, Куриль аралдарын тартып алды, сөйтіп біздің еліміздің шығыста мұхитқа шығатын жолын бітеп, Камчаткамен және Чукоткамен арадағы қатнасты үзіп тастады. Жапония Кореяны басып алып, Порт-Артурды өз қолына түсірді.

3. БІРІНШІ ОРЫС РЕВОЛЮЦИЯСЫ

Соғыс Россияда революциялық дағдарысты шиеленістіре түсті. 1904 жылғы ноябрьден бастап бүкіл елде соғысқа қарсы демонстрация кең өрістеді. Россиядағы таянып келе жатқан революцияның тұңғыш жаршысы 1904 жылғы декабрьде Бакуда өткен стачка болды. Оны Сталин жолдас басқарған еді. «Баку стачкасы бүкіл Россиядағы январь — февральдағы даңқты бой көрсетулердің дабылы болды», — деп жазды Сталин жолдас.

Үкімет қай түрлі тәсілмен болса да жұмысшыларды революциялық күреске қатысудан аулақтандыруға тырысты. Патша охранкасы (құпия саяси полиция) өзінің агенті поп Гапонға Петербуртта ерекше ұйым құруды — «Орыс фабрика-завод жұмысшыларының жыйылысы»

деген ұйымды құруды тапсырды. Бұл ұйым жұмысшыларды революциялық күрестен аулақтатуға тиіс еді. Гапонның ұйымы дін-әдеп жолын үйрететін әдебиеті бар оқу үйлерін ашып, лекциялар өткізді, патша өкіметі ұнатқан тақырыптарда түрлі нәрселер оқып беретін болды. Бірақ, гапоншылардың барлық әрекетіне карамастан, жұмысшылар революциялық қозғалысқа қатысудан аулақ қалған жоқ, олар кәсіп иелеріне қарсы күресті жүргізе берді. Гапоншы жұмысшылар басқа жұмысшылармен бірге стачкаларға қатысты. Осындай стачканың бірі Путилов заводында болды. Бұл стачка заводтан төрт жұмысшының босатылуынан шыққан еді. Стачка патшаға қатерлі мөлшерге жеткен кезде Гапон арандататын мынандай жоспар ұсынды: патшаға хат жазайық, оны тапсыру үшін барлығымыз патша сарайына барайық дегенді ұсынды. Бұл жоспарды жұмысшы қозғалысын қанға тұншықтырмақ болған патша үкіметі айтқан еді. Жұмысшы бұқара патша көмектеседі деген сенімінен әлі айрылмаған кез еді. Олар хатты жыйналыстарда қызу талқылап, өздерінің талаптарын, тілектерін енгізді.

Өздерінің правосыздық күйін, мұқтажын баяндай келіп, бұл хатта жұмысшылар патшаға былай деп жазған еді: «Өз халқыңды көмексіз қалдырма, оны правосыздықтың, қайыршылықтың, қараңғылықтың көрінен шығарып, оған өз тағдырын өзі шешерлік мүмкіндік бер, чиновниктердің төзгісіз тепкісінен оны құтқар. Өзің мен халқыңның арасындағы бөгетті күйрет, сөйтіп, ол елін сенімен бірге басқаратын болсын». Хаттың аяғында мынадай зілді сөздер айтылған еді: «Біздің тілегімізге құлақ аспасаң, біз осы жерде, осы аланда, сенің сарайыңның алдында өлеміз. Бізге барар жер, басар тау қалған жоқ, бізде екі-ақ жол бар: не теңдік пен бақыт, немесе — көрге кіру».

Большевиктер жұмысшыларға патша оқ ататынын ескертті. Большевиктер бостандықты күшпен алу керек, патшадан күтпеу керек деді. 9 январьдағы таңертеңгі аязда көшеге 140 мыңнан аса жұмысшы шықты. Олар әйелдерін, балаларын ерте шықты. Колонна болып тізілген жұмысшылар патшаның суретін, шіркеу туларын ала жүрді. Большевиктер патшаға баруға қарсы болғанымен, жұмысшыларды тастаған жоқ, алдыңғы сапта болып, олармен бірге жүрді.

Патша үкіметі бейбіт келе жатқан жұмысшыларды

атуға соғыс өнерінің барлық тәсілін қолданып әзірленді. Астанаға әскерлер шақыртылды. Қала сегіз соғыс ауданына бөлінді. Аудандардың бастықтары мен әскер бөлімдерінің командирлеріне нақты нұсқаулар берілді. Онда жыйналған жұртты атыңдар деген нұсқау айтылған еді. Жұмысшылар қанды қырғын болады дегенге сенбеді. «Солдаттар тәртіп сақтау үшін қойылған ғой», — десті олар.

Бірақ жұмысшылар күтпеген жерден әскерлер бейбіт халықты атқылай бастады. Біреуді біреу біліп болмайтын апалаң-топалаң басталды. Оқ тиген жұмысшылар жығылып, басқаларды да ала кетіп жатты. Атты әскер тірілерді, жаралыларды, өлгендерді таптаумен болды.

Осы «Қанды жексенбі» күні үш мыңнан аса жұмысшы өлді және жаралы болды. Патшашылдықтың бұл оқ атуы тек жұмысшыларға атылған оқ болмады, сонымен қатар патшаға деген сенімнің қалдығына атылған оқ болды. Ертең ерте шыққанда жұмысшылар патша көмектеседі деп сенген болса, кешке олардың өзі патша мен оның полициясына қарсы қару берілуін талап етті. Олар «Бізде патша енді жоқ!» десіп, патшаның суреттерін жойды. Васильев аралында жұмысшылар баррикада құрды.

1905 жылғы 9 (22) январьдағы оқыйға бірінші орыс революциясының басталуы болды. Патшаның қанішерлік жауыздығына Россия жұмысшылары стачкалар жасаумен жауап берді. Ол стачкаларға 440 мың жұмысшы қатысты. Ал бұдан бұрынғы 10 жыл ішінде Россияда небәрі 430 мың жұмысшы ғана забастовкаға қатысқан еді. Мұның өзі стачка қозғалысының бұрын-соңды болмаған мөлшерде кең өрістеуі болды. Барлық жерде жыйындар, демонстрациялар өткізіп, онда полициямен, әскерлермен шайқасу кездесіп отырды. Январьдағы стачкалардың нәтижесінде күрестің жоғарғы түріне — қарулы көтеріліске көшу мәселесі алға қойылды.

1905 жылғы көктемде Лениннің басшылығымен партияның үшінші съезі өткізілді. Бұл съезд бүкіл партияға арнап ортақ тактика жасап шығарды. Съезд революцияның басты ұрандарын: демократиялық республика үшін, помещиктердің барлық жерін конфискалап, оларды шаруалардың пайдалануына беру үшін, 8 сағаттық жұмыс күнін орнату үшін күресу ұранын көтерді.

Большевиктердің үшінші съезі барлық партия ұйымдарына «пролетариатты қаруландыруға, сол сыяқты қа-

рулы көтерілістің жоспарын жасауға және ол көтеріліске тікелей басшылық етуге барынша жігерлі шаралар қолдануды... тапсырды».

Партияның көсемі В. И. Ленин өзінің «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген, 1905 жылғы июльде шыққан кітабында большевиктердің III съезі қабылдаған тактикалық қарарлардың дұрыстығын данышпандықпен дәлелдеді.

Ленин орыстың буржуазиялық-демократиялық революциясы барлық еуропалық революциядан мүлдем басқа екенін көрсетіп берді. Оларда революцияның көсемі буржуазия болып, шаруалар солардың резервинде болды, өйткені ол кезде пролетариат осал еді, өз бетімен қыймыл жасай алмайтын кезі еді. Россияда буржуазиялық-демократиялық революцияның қозғаушы күштері пролетариат пен шаруалар болды. Революцияның көсемі пролетариат болды. Шаруалар оның одақтасы болды, өйткені шаруаларға тек пролетариат қана революциялық жолмен жер алуға көмектесе алатын еді.

Орыс революциясы болған кез империализм дәуірі еді. Бұл дәуірде буржуазия контрреволюцияшыл тап болып кеткен. Ол пролетариаттан қорқып, патшамен мәмілеге келу жолын қарастыруда болды.

Ленин пролетариат патшашылдықты құлатумен тынып қала алмайды деп үйретті. Ол патшашылдықты жеңу ісін капитализмді құлату жолындағы күресті бастауға пайдаланады, яғни пролетариат буржуазиялық-демократиялық революциядан социалистік революцияға көшуі керек деп үйретті. Буржуазиялық-демократиялық революция жеңгеннен кейін қарулы көтеріліс арқылы Уақытша революциялық үкімет құрылуға тиіс, ол пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасының органы болуға тиіс. Бұл үкіметтің міндеті буржуазиялық-демократиялық революцияны ақырына дейін жеткізу, яғни тек патшашылдықты толық жеңіп қоймай, сонымен қатар капитализмді жеңуге жеткізу болады деп үйретті.

Буржуазиялық-демократиялық революцияның социалистік революцияға ұласуы жөніндегі осы лениндік данышпандық жоспарды буржуазияның агенттері — меньшевиктер, троцкийшілдер, эсерлер іске асыртпауды, сөйтіп революцияға басшылықты, кейін бүкіл саяси үкіметті буржуазияға тапсыруды көздеді.

Меньшевиктер Россиядағы революция буржуазиялық революция, демек батыстағы сыяқты бұл революцияның көсемі буржуазия болуға тиіс дегенді дәріптеді. Пролетариат шаруамен одактасуға ұмтылмай, қайта либералдық буржуазияға болысуға тиіс, ол өзінің міндеттерін экономикалық жағдайын ондау жолындағы күрестің шеңберінен шығармауға керек десті. Ленин мен Сталин меньшевиктердің «құйыршықшылдығын» және опасыздығын әшкерелеп, жұмысшылар мен шаруаларды меньшевиктер мен эсерлер сыяқты буржуазияның қолшоқпарынан біржола безуге шақырды.

1905 жылғы көктемде және жазда жұмысшылар мен шаруалардың революциялық күресі бұрынғыдан да биік сатыға көтерілді. Әсіресе Иваново-Вознесенскідегі тоқымашылардың стачкасы айта қаларлықтай болды. Стачка 12 майда басталып, 70 мың жұмысшыны күреске шығарды. Күрес ұзаққа созылды, онда ынтымақтылық, ауызбірлік, ұйымшылдық күшті болды. Стачка үстінде жұмысшылар өкілдер Советін құрды. Мұның өзі іс жүзінде Россиядағы жұмысшылар депутаттары Советтерінің туңғыштарының бірі болып еді. 1905 жылғы жазда шаруалар қозғалысы да өрлей бастады. Шаруалар помещиктердің жерін тартып алып, помещиктердің егінінен түскен өнімді тасып кететін болды.

1905 жылғы 9 январьдағы оқыйғадан кейінгі жерде жұмысшылар мен шаруалардың революциялық бой көрсетуінің толқыны армия мен флотта соғысқа қарсы және революциялық пікірді күшейте түсті. Армия мен флотта істеген большевиктер үгіт және насихат жұмысын жүргізіп, солдаттар мен матростарды жұмысшылармен және шаруалармен бірге қарулы көтеріліс жасауға әзірленуге шақырды. 900-жылдардың басынан бастап теңізшілер арасында революциялық насихат ерекше күшейді. Мұның өзі көбіне матростардың қатары өзгеруінен еді. Бронды флот маман, мәдениетті және сауатты матростардың көп болуын талап етті. Ірі соғыс кемелерінің командаларының едәуір бөлегі жұмысшылардан құралды және олар социал-демократиялық насихат пен үгітке өте-мөте бейім тұратын болды. Солдаттар мен матростар арасында лениндік «Искраның» беделі ерекше жоғары болды. Оны матростар шетелдерге барған кезде сонда эмигрант болып жүрген социал-демократтардан алатын еді. «Искраның» ықпалымен 1902 жылдың өзінде-ақ Балтық флотындағы

«Александр II» броненосецінде тұңғыш социал-демократиялық үйірме құрылған болатын. Осындай үйірмелер басқа кемелерде де құрыла бастады. 1903 жылы социал-демократиялық ұйымдар Балтық флотында да, Қаратеңіз флотында да көбейді.

Орыс-жапон соғысы және онда патшашылықтың масқара болып жеңілуі солдаттар мен матростар арасында революциялық пікірді бұрынғыдан да өршітті. Цусимадағы талқандалу жөніндегі хабар солдаттар мен матростардың алдыңғы қатарлы тобын қатты ашындырып, патша тәртібіне қарсы күрес жолына дереу түсуге олардың әзірлігін күшейтті. Саналы солдаттар мен матростардың революциялық әзірлігінің күшеюін сыпаттай келіп, Ленин былай деп жазды: «Алғашқыда бағынбаушылықтың жеке оқыйғалары, запастағылардың ашынуы, офицерлердің наразылығы, солдаттар арасында үгіт жүргізу, жеке роталардың немесе полктардың өз бауырларына — жұмысшыларға оқ атудан бастартуы болып тұрды. Кейін — армияның бөлімдері көтеріліс жағына өтуі кездесті».

Қара теңіздегі көтерілісті «Севастопольдегі матростар орталығы» — Қара теңіз флотындағы социал-демократиялық соғыс ұйымының жетекші орталығы әзірледі. Бірақ большевиктер мен меньшевиктерден құралған Севастополь комитетінің қатарында бірлік болмады. Көтерілістің болатын жері және мерзімі жөніндегі мәселе туралы түрлі кемелердің партия ұйымдарының арасында да ауызбірлік болмады. 1905 жылғы жазда көптеген кемелерде, жағалау командаларында соғыс ұйымдары құрылған болатын. Көтеріліс күзден бұрын өткізілмей, елдегі революциялық қозғалыс мейлінше күшейген кезеңге тұтас өткізілсін деп ұйғарылған. Көтерілісті бірінші болып «Екатерина II» броненосецінің командасы бастауға тиіс еді. Ең күшті соғыс ұйымы сонда болатын.

Бірақ жалпы көтеріліс жоспарын әуелі Севастопольде, кейін «Потёмкин» броненосецінде өзінен өзі өрістеген оқыйғалар бұзып кетті. 1905 жылғы 7 июньде Севастопольдің қамалдық артиллериясының солдаттары арасында толқу басталды. Үрейі ұшқан командование броненосецтерге қамал артиллериясының солдаттары тұрған жерге оқ атындар деп бұйрық берді. Бірақ «Екатерина II» броненосеці мен «Три святителя» броненосецінің матростары оқ атудан бастартты. Бұл броненосецтердің коман-

далары құралсыздандырылып, неғұрлым революциялық пікірдегі матростар кемедегілер қатарынан шығарылды.

«Потёмкин» броненосеціндегі көтеріліс те осылай өзінен өзі туды. 1905 жылғы 12 июньде «Потёмкин» броненосеці Тендра ауданында оқу сапарына шықты. 2 аптадан кейін осы ауданға қалған эскадра түгел келмек еді. Броненосецтегі команда сол жылы көктемде ғана құрастырылған болатын, сондықтан большевиктер мұнда ұйымдасқан революциялық жұмысты әлі өрістетіп үлгірмеген еді.

Түскі тамаққа құрттаған ет берілуіне матростардың наразылық білдіруі көтеріліске желеу болды. Команда бұл бұзылған еттен жасалған борщты ішуден бастартты. Сонан кейін командир бүкіл команданы жыйнауға бұйрық беріп, жыйналғандарға: кімде кім «бүлікші» болғысы келмесе және түскі тамақты ішуге риза болса, олар басқалардан бөлініп шықсын деп жарлық айтқан. Бірақ топтан бірде бір матрос бөлініп шықпаған. Аға офицер Гиляровский 30ға жуық адамды тұтқында алып, боцманға брезент әкел деп бұйырған. Матростар тұтқынға алған жолдастарын атқалы жатыр деп ойлап, батарея палубасына қарай ұмтылысып, ондағы винтовкаларды алып алған. Олардың ниеті жолдастарын босату болған.

Матростардың ашынуы ашық бой көрсетуге айналған кезде, ұйымшыл революцияшыл матростар — «Орталықтың» мүшесі Вакулинчук социал-демократтарға жақын ниеттес болып жүрген Матюшенко көтерілісті басқаруды өз қолдарына алған. Көтеріліске шыққан матростар офицерлерді тұтқынға алған. Кемеге қызыл ту ілінген. Көтерілісші матростар «Потёмкиннің» командирлігіне мичман Алексеєвті сайлаған. Ол команданың қандай тапсырмасын болса да орындауға серт берген.

Көтерілістің барысына екі жағдай жаман әсерін тигізді. Көтеріліс кезінде матростық «Орталықтың» неғұрлым белсенді және саяси жағынан неғұрлым мықты қайраткері болған А. М. Вакулинчук өлімге жазалы болды. Екінші жағдай «Потёмкиннің» Севастопольден аулақта болып, басқа революцияшыл матростардан бөлек қалғаны болды.

Көтеріліске шыққан кеме № 267 миноносецпен бірге Одессаға өтпекші болады. Онда жұмысшылардың жаппай стачкасы өтіп жатқан кезі еді. 1905 жылғы 14 июльде көтерілісші кемелер Одесса рейдына келіп, тоқтайды.

Бірақ Одессадағы социал-демократиялық ұйымды басқарған меньшевиктер көтерілістен қорқып, матростарға көмектеспейді. Одесса қаласының халқының революцияшыл бөлегі, әсіресе жұмысшылар көтерілісші кемелерді қызу жігермен қарсы алады. Олар көтеріліске шыққан матростарды құттықтап, кемелерге нан, тағы басқа тамақтар жеткізеді. Одессаның өкімет орындары алғашқыда сасып қалып, ешқандай шара қолданбайды. Қаланы басып алуға қолайлы жағдай туады. Бірақ, матростар Қара теңіз флотының теңізшілерінің көпшілігі революция жағына өтуін күтіп, армия бөлімдерінің көтеріліске шығуын күтіп, шабуыл қыймылына шығуды кешеуілдете берді. Бұл арада өкімет орындары көтерілісті талқандауға мықтап әзірлікке кірісті. Патша үкіметі Қара теңіз флотының негізгі күшін түгел дерлік «Потёмкинге» қарсы жіберді. Революцияшыл броненосец қызыл туын желбіретіп, тайсалмай эскадраға қарсы шықты. Матростар көтерілісші кемеге оқ атудан бас тартты, ал броненосецтердің бірі — «Георгий Победоносец» көтерілісші кеме жағына шықты. Бірақ, командирлері қорқытқан «Георгий Победоносецтің» матростары көтерілісші кемеден кетіп қалады. «Потемкин» күресті жалғыз өзі жүргізе береді. Тұңғыш революциялық соғыс кемесі қызыл туын желбіретіп, Қара теңізде бір апта жүзіп жүрді. Құрғақтан көмек болмағандықтан, көмірі, азық-түлігі жоқ себепті «Потёмкин» броненосеці Румынияның жағалауына кетуге, сөйтіп Румыния өкіметінің қолына берілуге мәжбүр болды.

«Потёмкин» броненосеціндегі көтеріліс туралы алғашқы хабар алынысымен-ақ Ленин большевиктердің біреуін көтеріліске басшылық ету үшін Одессаға жіберді. Бірақ Ленин жіберген адам жетіп үлгірмеді: бұл кезде кеме Румынияға кетіп қалған еді.

Ленин «Потёмкин» көтерілісіне орасан зор маңыз берді. «Тұңғыш рет, — деп жазды Ленин, — патшашылдықтың соғыс күшінің ірі бөлімі, — бүтін броненосец, — революция жағына ашықтан ашық шығып отыр».

«Потёмкин» броненосеціндегі көтеріліс жеңіліс тапты, өйткені онда дұрыс берік басшылық болмады, көтеріліс қорғану шегінен шықпады. Жеңіліс тапқанына қарамастан, «Потёмкин» броненосеціндегі көтерілістің маңызы орасан зор болды. Мұның өзі революциялық армия ұйытқысын құраудың тұңғыш әрекеті болды.

1907 жылғы октябрьде революциялық қозғалыс бұрынғыдан да күшті өрістеді. Октябрьдің басында барлық темір жол тоқтады. Теміржолшыларға фабрикалар мен заводтардың жұмысшылары қосылды. Почта, телеграф және телефон жұмысын тоқтатты. Забастовканы интеллигенцияның өкілдері — мұғалімдер, адвокаттар, инженерлер, студенттер, түрлі мекемелердің қызметшілері қуаттады.

11 октябрьден бастап забастовка жаппай, бүкіл Россиялық забастовкаға айналды. Оған бір миллиондай жұмысшы және бірнеше жүз мың қызметші қатысты. Бүкіл елдің тіршілігі тоқтады. Поездар мен пароходтар жүруін тоқтатты. Фабрикалар, почта және телеграф жұмыс істемейтін болды. Газеттер мен журналдар шықпайтын болды, магазиндер мен асханалар жабылды. Жоғарғы және орта оқу орындарында сабақ тоқталды. Стачка комитеттерінің жарлығы бойынша тек водопроводтар, канализация, ауруханалар істеп тұрды.

Жалпы стачканы большевиктік партия басқарды. Ол жалпы стачканы қарулы көтеріліске жол ашатын іс деп таныды. Большевиктік партияның москвалық комитеті листовка шығарды. Ол жұмысшыларға арналған мынадай үндеумен аяқталатын еді: «Уйқыдан — стачкаға, стачкадан қарулы көтеріліске, қарулы көтерілістен жеңіске жету — біздің жолымыз, жұмысшы табының жолы міне осы. Батыл қыймылдаңдар, жолдастар! Халықтық азаттық жолындағы күреске қарай алға ұмтылыңдар!»

Октябрь стачкасына бүкіл жұмысшы табымен бірге жұмысшы жастар белсене қатысты. Жұмысшы жастардың мұқтажы жұмысшылардың жалпы қойған талабында бейнеленген еді. Жұмысшылар зиянды өндірістерде балалар еңбегін пайдалануға жол берілмесін, шәкірттік мерзімі қысқартылсын, қожайындарға шәкірттерді өз басының керегіне немесе басқа жұмыстарға пайдалануға ерік берілмесін деген талаптар қойған болатын. Жұмысшылар фабрикалардың жанында мектеп ашылсын, кешкілікті курстар ашылсын, сөйтіп, жұмысшылардың барлық балалары тегін оқытылатын болсын деген талап қойды.

Жұмысшы жастар алдыңғы қатарлы жұмысшыларға забастовка жасағандарға бірден қосыла қоймаған цехтар мен заводтарды тоқтату жөнінде көмек көрсетті. Революциялық демонстрацияларда жұмысшы жастар ал-

дыңғы сапта болды. Олар қызыл тулар көтеріп, «Марсельеза» және «Басыңдар жолдастар аяққа» сыяқты революциялық өлеңдерді еркін жырлады.

Патша үкіметі алғашқыда стачканы соғыс күшімен баспақшы болды, бірақ бұлай істеуге мүмкіншілік жоқ болып шықты.

Жаппай стачкадан шошынған патша 17 октябрьде манифест жариялады. Онда халыққа сөз, баспасөз, одақтар және жыйылыс бостандығын «берген болды». Патша Мемлекеттік дума шақыруға, оған мемлекеттік заңдар шығаратын право беруге уәде берді.

17 октябрьдегі манифестің шығуын буржуазия зор қуанышпен қарсы алды. Ол өзіміздің мақсатымызға жеттік деп есептеді. Усақ буржуазиялық партиялар — меньшевиктер мен эсерлер (кулактардың мүддесін қорғаған партия осылай деп аталған) — патшашылдық халық алдында тізе бүкті деп жариялады. Жұмысшыларға: «Патша тізе бүгуден әлі аулақ жатыр, самодержавия өмір сүруін тоқтатқан жоқ. Ол тек кейін шегініп отыр» деген ескерту айтқан жалғыз большевиктер болды.

17 октябрьдегі манифест халық бұқарасын алдау еді. Бұл айла патшаға күш жыйнау үшін, сөйтіп, революцияға соққы беру үшін керек болды. Түтқынға алу, ату, айуандықпен сабау, талқандау — міне 17 октябрьдегі патшаның манифесінің халыққа берген жемісі іс жүзінде осы болды. Ол жөнінде халық сол кезде мынадай өлең шығарды:

«Зәресі ұшып қорыққаннан патша берді бір жарлық: Тірілерді — түрмеге, өлгендерге бостандық».

Революцияға қарсы күрес үшін патша үкіметі бандиттер отрядын — «черная сотня»лар ұйымдастырды.

Октябрьдегі жаппай саяси стачканың қызу күндерінде жұмысшы табы революцияда үлкен роль атқарған ұйым — жұмысшылар депутаттарының Советтері пайда болды. 1905 жылғы революцияда Петербургтегі жұмысшылар депутаттарының Советі шешуші роль атқаруға тиісті еді. Бірақ, Петербург Советінде меньшевиктер басым болды, олар Советті қарулы көтеріліс және революциялық өкімет органына айналдыруға кедергі болды. Олар Петербургте қарулы көтеріліске әзірлікті бүлдірді.

Большевиктер басқарған Москва советі Москваның жұмысшыларын, шаруалары мен солдаттарын «алдағы үзілді-кесілді шайқасуға» күш біріктіруге шақырып, боль-

шевиктердің басшылығы арқасында қарулы көтерілісті іс жүзінде әзірлеуге кірісті.

Октябрьдегі жаппай стачкадан кейін қарулы көтеріліссіз жалғыз стачкалық күрестен патшашылдықты жеңуге болмайтындығына жұмысшылардың тәжірибе жүзінде көзі жетті. Октябрь стачкасынан кейін бірінші болып қолға қару алған Кронштадтың матростары мен артиллеристері болды. Екі тәулік бойына — 26 және 27 октябрьде Кронштадт көтерілісшілердің қолында болды. Бірақ, матростар қозғалысында ұйымшылдық болмады, сондықтан 28 октябрьде-ақ Кронштадтағы көтеріліс талқандалды. Көтеріліске қатысқандардан 200 адам соғыс сотына берілді. Жаппай саяси стачка жариялаған Петербург жұмысшыларының тегеуірініне шыдамағандықтан ғана үкімет Кронштадт матростарын өлім жазасына кесу қатерін төндірген соғыс сотын қоюға мәжбүр болды.

1905 жылғы ноябрьде Қара теңіз флотында да көтеріліс шықты. Көтерілісті 1905 жылғы 14 ноябрьде Севастопольдегі «Очков» крейсері бастады. Оған Севастопольде тұрған басқа кемелердің матростары да қосылды. Көтерілістен кейін «Пантелеймон» деп аталған «Потёмкин» броненосеці қызыл туды тағы көтерді.

Севастопольдегі көтерілістің басында лейтенант Шмидт болды. Көзқарасы жағынан буржуазиялық демократ болған Шмидт патша кеншілік жасайды деп сенген. Патшаның әскерлеріне қарсы жігерлі шабуыл жасаудың орнына, ол I Николайға телеграмдар жіберіп, саяси бостандық болуын талап еткен. Өзінің шала саяси көзқарасына карамастан, Шмидт революцияға берілген адам болды, матростар арасында үлкен беделді болды. Бірақ, оларды шұғыл және батыл ұрыс әрекеттеріне жұмылдыру Шмидтің қолынан келмеді. Севастополь көтерілісі күшпен басылды. Шмидт, көтерілістің тағы басқа басшылары ұсталып, атылды.

Әскери көтерілістің нашарлығын көрсете келіп, Ленин солдаттар мен матростарға «...революцияның табысты болуының бірден бір кепілі қарулы күресті барынша жігерлікпен жүргізу ғана болатынын, барлық әскери және азаматтық өкіметті жеңу ғана болатынын, үкіметті құлатып, бүкіл мемлекетте өкімет билігін қолға алу ғана болатынын ұғыну жеткіліксіз болды», деп жазды.

1905 жылғы ноябрьде шаруалардың помещиктерге

қарсы күресі де шиеленісті. Шаруалар талқуы европалық Россияның уездерінің үштен бір бөлегінен астамын қамтыды. Латвияда шаруалар бірнеше жүз революциялық комитет құрды. Закавказьеде шаруалар «қызыл сотнялар» құрып, патша чиновниктерін қуып, революциялық өкімет орнатты. Закавказьеде шаруалардың күресіне және жұмысшылардың қарулы көтерілісіне Сталин жолдас тікелей басшылық етті.

1905 жылғы ноябрьде Владимир Ильич Ленин Россияға қайтып келіп, қарулы көтеріліске әзірлікті басқарды. Лениннің нұсқауы бойынша партия ұйымдары қару жыйнап, жұмысшылардың жауынгерлік жасақтарын құрды, жұмысшыларды қаруландырып, оларды қаруды жұмсай білуге үйретті. 1905 жылғы декабрьде көтеріліспен байланысты мәселелерді талқылау үшін Таммерфорста (Финляндия) партия конференциясы шақырылды. Сол конференцияда Ленин мен Сталин тұңғыш рет кездесті. Конференция кезінде Москвада көтеріліс басталды деген хабар алынды. Ленин делегаттарға жергілікті жерлерге жүріп кету керек, сөйтіп онда көтерілісті басқару керек деп ұсынды.

7 (20) декабрьде таңертең Москвада жаппай забастовка басталды. Жұмысшылар ұйымшылдықпен, бірлікпен, жаппай қыймылдап, жыйналыстар мен жыйындардан қызыл ту көтеріп, революциялық өлеңдер айтып, ақырына дейін күресуге ант беріп тарқасатын болды.

Үрейі ұшқан үкімет қаланы төтенше жағдайда деп жариялады. Декабрьдің 6 нан 7 не қараған түні көтеріліс әзірлігін басқарған большевиктік партияның москвалық комитеті тұтқынға алынды. Көтеріліске басшылық ету ісі аудандардың қолына көшті.

Декабрьдегі көтеріліс күндерінде Пресня ауданы басқа аудандардан алда болды. 9 декабрьде бүкіл Пресняда баррикадалар жасалды. Преснядағы көтерілістер Шмидт фабрикасының жақсы қаруланған және жақсы үйретілген жасағы үлкен роль атқарды. Көтерілістің орталығы фабрикант Прохоровтың Трехгорная мануфактурасы болды. Көтерілісті басқарған революциялық комитет осында болды. Пресня іс жүзінде жұмысшылардың қолында болды. Полиция ауданнан қуылды. Ересек жұмысшылармен бірге қарулы күреске жұмысшы жастар да қатысты.

Трехгорканың жасөспірімдері жұмысшыларға барри-

када жасау ісінде көмектесті. Біреулер кеспек, біреулер кесінді ағаштар мен тастар тасып, біреулер көше ортасындағы шам ілетін және телефон бағаналарын, қақпаларды, темір қоршауларды, неше түрлі үй заттарын тасумен болды. Жұмысшы жастар патша әскерлерін, қала полициясын, жандармдарды құралсыздандыруға белсене қатысты.

Ленин «Москва көтерілісінің сабақтары» деген мақаласында Пресняда жұмысшы екі қыз қолдарына қызыл ту көтеріп, казактарға қарсы ұмтылғанын, онда: «Өлгіріндер бізді! Тірі тұрғанда туды бермейміз!» деп айқайлағанын жазды. Казактар оларға тиюге дәті шыдамай, кейін шауып кеткен.

Көтеріліске қатысып, ондағы жағдайды көзімен көргендердің бірі Страстная алаңында да осындай оқыйға кездескенін айтады. Демонстрация жасаушылар тобынан бір жас жұмысшы, казактарға мынадай сөз айтқан: «Бауырлар, жолдастар, казактар!» — деп бастады ол сөзін. Алқына, қыза және адал ниетімен албырт сөйлеген жас жігіт казактарға: «атпандар, халық жағына шығындар» деген сөз айтқан.

Москва жұмысшыларының ынтымақты көтерілісі үкімет тобын қатты шошытты. Көтерілісті басушы адмирал Дубасов көмекке күш жібер деп, патшаға телеграмма арқылы жалынумен болған. Петербург пен Москва арасындағы Николаев темір жолы забастовкаға қатыспады, — сондықтан, Дубасовқа көмекке патша әскер жіберді. 15 декабрьге қараған түнде Москваға Семенов полкінің 2 мыңдай солдаты келді. Семеновшылар Пресняға артиллериядан оқ жаудырды. Шмидт пен Мамонтовтың фабрикалары өртеніп кетті. 18 декабрьде әскерлер Прохоров мануфактурасын (қазіргі Краснопресненская, Трехгорная) ауданын түгел қоршап алды. Ендігі жерде қарсыласуға күш жеткіліксіздігін ескеріп, Совет 19 декабрьде көтерілісті тоқтату керек деп ұйғарды. Жасақшыларға бір-бірлеп және топтанып Преснядан кету тапсырылды. Машинист Ухтомский борап тұрған оқтан тайсалмай, ерлік көрсетіп, жасақшыларды Москвадан алып кетті. Ухтомскийдің өзін кешікпей патша үкіметі ұстап алып, атты. Прохоров мануфактурасын әскерлер алды. Көтерілісшілерге соғыс соты жасалды. Ол сол фабриканың конторында мәжіліс құрды. Үкім фабриканың қорасында орындалып отырды. Көп жұмысшылар ешбір сотсыз-ақ

атылды. Сол күні патша өзінің күнделігіне: «Аллаға шүкір, Москвадағы бүліншілік қарудың күшімен басылды» деп жазған. Буржуазия көтерілістің күшпен басылуын кұттықтады

Москва жұмысшыларының жеңіліс тапқан себебі әскер жұмысшылар жағында болмады. Көтерілісші жұмысшылар жеңісті қамтамасыз етуге қажетті дәрежеде әскерді өз жағына тарту үшін батыл қареспеді. Жұмысшылардың қаруы тым аз болды. Көтерілісшілер шабуыл жасау жолына емес, қорғану жолына шықты.

Меньшевиктер мен большевиктер декабрьдегі қарулы көтерілісті әртүрлі бағалады. Меньшевик Плеханов «Қолға қару алудың керегі жоқ еді» деп партияны кіналады. Ленин оған былай деді: «Қайта, қаруды анағұрлым батылданып, жігерленіп, ұмтыла кыймылдан қолға алу керек еді, бейбітшілік стачканың бір өзі ғана болуы мүмкін еместігін, қайтпас қажырлы және өте батыл қарулы көтеріліс жасаудың қажеттігін қалың бұқараға ұғындыра беру керек еді».

Қарулы көтеріліс тек Москвада болып қойған жоқ. Патша үкіметін кұлату үшін Россияның басқа бірсыпыра қалаларындағы жұмысшылар да көтеріліс жасады. Шаруалар толқуы үздіксіз болып отырды. Патшалы Россияның шет аймақтағы езілген халықтары да күреске көтерілді. Бірақ осы көтерілістің бәрінде де жалпы жоспар, басшылық ететін орталық болған жоқ. Москвадағы көтеріліс бүкіл Россиялық бірыңғай көтеріліске айналмады.

«...Көтеріліс бытыранқы және ұйымдаспаған түрде болды, — деп жазды Сталин жолдас. — Москва баррикачаларда күресіп жатқанда, Петербург үндемей қалды. Москва «бағындырылып» қойған кезде Тифлис пен Кутаис штурмға әзірленіп жатты. Оңтүстік пен латыштар «жеңіліп» қалған кезде Сибирь қаруға ұмтылды. Мұның мәнісі күресуші пролетариат көтерілісті бөлшектелген күйде қарсы алды, осының салдарынан оны «жеңіліске» ұшырату патшаға әлде қайда оңайға түсті».

Декабрьдегі көтерілістің жеңілуі патшаның шабуылға шығуына мүмкіндік берді. Сибирьге, Польшаға, Прибалтикаға, Закавказьеге жазалау экспедициялары жөнелтілді.

Губерниялардың бірінен соң бірін үкімет соғыс жағдайында немесе төтенше қорғау жағдайында деп жария-

лады. Соғыс соттары біреулерді қаторғаға жіберді, енді біреулерін өлім жазасына кесті.

Патша үкіметімен және черносотенецтермен бірге буржуазия да әрекет жасады. Ол революция үшін жұмысшылардан кек алып, оларды жұмыссыздыққа, аштыққа душар етті. Капиталистер «қара тізімдер» жасап, оған неғұрлым саналы, революцияшыл жұмысшыларды енгізді, сөйтіп, оларды ешбір кәсіпорынға қызметке алмауға өзара келісіп алды.

Бірақ, осындай катал террорлыққа қарамастан, жұмысшылар мен шаруалар ұрыса отырып, жай шегінді. Стачкалар тоқталмады. 1906 жылы күреске 2 миллион 863 мың адам, 1906 жылы — 1 миллион 108 мың, 1907 жылы — 740 мың адам қатысты. Бұл цифрлар пролетариаттың бостандық жолындағы ерлік күресті тоқтатпағанын көрсетеді.

Революция оятқан солдаттар мен матростар да күресуді тоқтатпады. 1906 жылғы 2 июльде Гельсингфорста (Финляндияда) РСДЖП-ның финляндиялық соғыс-партия ұйымының өкілдерінің маслихаты болды. Онда көтерілістің жалпы жоспары жасалды. Бірақ эсерлер Свеаборг қамалының солдаттары мен матростарын дереу көтеріліс жасауға арандатты. Нашар әзірленген және басқалармен байланысы болмаған Свеаборг көтерілісі жеңіліс тапты. Артиллеристерден 694 адам, қарудың басқа түріндегілерден 300 ге жуық солдат сотқа тартылды. Кронштадтың соғыс-теңіз соты матростардың көтеріліске қатысуын бөлек қарап, оған қатысқандардың көпшілігін қаторға жазасына, тәртіп батальондарына жіберуге кесті. Көтерілістің басшылары атылды.

Свеаборгтегі көтеріліспен тығыз байланысты болған Кронштадт матростары мен солдаттарының көтерілісі де осындай сәтсіздікпен аяқталды. Свеаборгтегі сыяқты Кронштадтағы көтеріліске айыптылар да эсерлер болды. Көтерілістен үш күн бұрын РСДЖП-ның Кронштадтағы ұйымы листовка шығарып, онда эсерлердің авантюрасынан сақтануды ескертіп, бұқараны өзінің күшін «жалпы көтерілістің ұлы ісіне» сақтауға шақырды. Мезгілсіз және нашар ұйымдастырылған көтеріліс жеңілгеннен кейін Кронштадт большевиктері саналы солдаттар мен матростарды 1906 жылғы июль кезіндегі көтерілістерден сабақ алуға, сөйтіп, жұмысшылардың, шаруалардың, солдаттар мен матростардың жалпы көтерілісіне әзірленуге шақыр-

ды. Үндеу бұқараны революциялық рухта тәрбиелеу ісінде және оларды болашақ күреске әзірлеуде үлкен роль атқарды.

Декабрь көтерілісі кезінде Мемлекеттік думаға сайлау жүргізу туралы заң жарияланды. Бұл заң халықты алдау үшін шығарылған еді. Ол заң көбіне дәулетті таптарға сайлау правосын берді. Жұмысшылар мен шаруаларға үлкен шектер қойылды.

1906 жылғы апрельде патша үкіметі Бірінші Мемлекеттік думаны шақырды. Ондағының көпшілігі буржуазиялық кадет партиясына ниеттес помещиктер мен капиталистердің өкілдері болды. Думаға едәуір көп шаруалар да сайланды. Кадеттер шаруаларды алдамақ болды. Сондықтан олар шаруаларды «әділетті баға бойынша» жермен қамтамасыз етуді жақтаушылар болып көрінгісі келді. Бірақ шаруалардың депутаттары жер заңының жобасын өзінше ұсынды. Онда помещиктік жер иеленуді жою талабы қойылды. Патша үкіметі бұл талаптан шошып кетіп, Бірінші думаны таратуға асықты. Бірақ Екінші мемлекеттік думада шаруалардың өкілі бұрынғыдан да көп болып шықты. Жұмысшылар думаға 65 социал-демократты өткізді.

Реакция екінші дума Бірінші думадан әлде-қайда көнгіш болуға тиіс деп дәмеленіп еді. Бірақ ол дәмесі орындалмады. Сондықтан, ірі помещик Столыпин басқарған үкімет 1907 жылғы 3 июньде Екінші думаны да қуды. Патша үкіметі жаңа сайлау заңын жариялады. Онда жұмысшылар мен шаруалардың праволарын бұрынғыдан бетер кемітті. Мұның өзі шынында 17 октябрьдегі манифестен бас тарту еді. 1907 жылғы 3 июньдегі оқығға үшінші июнь төңкерісі деп атанып кетті.

3 июньдегі төңкеріс революцияның уақытша жеңілгенінің белгісі болды.

Бірінші орыс революциясы Отанымыздың тарихында аса маңызды кезең болып табылады. 1905—1907 жылдарда жұмысшы табы мен шаруалар әдеттегі бейбітшілік даму кезінде он жылдар бойына өте алмайтын бай саяси тәрбие мектебінен өтті. Революция халық бұқарасына патша үкіметі халықтың қас дұшпаны екенін, либералдық буржуазия халыққа емес, самодержавиеге болысатынын, тек жұмысшы табы ғана революцияның шын мәнісіндегі және ең табанды көсемі екенін көрсетті. Сонымен қатар, революция еңбекші шаруалардың өзінің жалтақтығына

қарамастан, жұмысшы табымен одақтаса алатын бірден-бір елеулі күш екенін, патшаны толық және біржолата жеңу жұмысшылар мен шаруалардың осы одағының беріктігі мен күштілігіне байланысты екенін көрсетті. Өздерінің нағыз басшысы большевиктік партия екеніне, оның еңбекшілерге күрес пен жеңістің дұрыс жолын көрсететіндігіне жұмысшылар мен шаруалардың көзі жетті.

1905—1907 жылдардағы революция Ұлы пролетариат революциясын әзірлеуде тарихи зор роль атқарды.

Бірінші орыс революциясының халықаралық зор маңызы болды. XIX ғасырдың аяқ кезінде және XX ғасырдың бас кезінде Россия дүниежүзілік революциялық қозғалыстың орталығына айналған еді. 1905 жылғы революцияда орыстың жұмысшы табы дүниежүзілік пролетарлық қозғалыстың авангарды ретінде күресті. 1905 жылғы революцияға дейін европалық социалистік партиялар жаппай стачкадан бас тартып, пролетариаттың қарулы күресін жүргізу қазіргі заманның қалаларында мүмкін емес деп жариялаған еді. Орыс тәжірибесінен кейін Европа мен бүкіл дүние жүзінің алдыңғы қатарлы жұмысшылары мұндай көзқарастардың қате екенін ұғынды. Бірсыпыра елдерде, әсіресе Австро-Венгрияда жалпыға бірдей сайлау правосын қорғаған саяси стачкалар мен демонстрациялар басталды.

Орыс революциясы Азия халықтарының оянуына да үлкен әсерін тигізді. Орыс жұмысшылары мен шаруаларының самодержавиеге және крепостнойлыққа қарсы жүргізген батыл күресі революция жолына түскен Иранның, Түркия мен Қытайдың халықтарына үлгі болды.



XIII тарау

РОССИЯ РЕАКЦИЯ ЖӘНЕ ЖАҢА РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ӨРЛЕУ ЖЫЛДАРЫНДА

1. СТОЛЫПИН РЕАКЦИЯСЫ.

БОЛЬШЕВИКТЕР РЕАКЦИЯ ЖЫЛДАРЫНДА

Революция күшпен басылды, бірақ патшашылдықтың жеңісі баянды жеңіс емес еді. Өзінің жағдайын нығайту үшін, үкімет кедейлер мен орташаларды күйзелту есебінен деревняның кулак тобын күшейтуге, сөйтіп кулактарды самодержавиенің берік таянышына айналдыруға ұйғарды. Бұрын шаруалар жерді бүкіл қауым болып иемденетін. Жер оқтын-оқтын еркектердің санына қарай қауымның мүшелері арасында бөлініп отыратын. Алайда қауымның өз ішінде шаруалар жіктелуде болатын. Кулактар бөлініп берілген жердің көпшілігін алып қойған. Столыпин 1906 жылғы 9-ноябрьде указ шығарды. Ол указ бойынша шаруаның қандай болса да қауымнан шығуға ерікті болды. Қауым бөлініп кететіндердің меншігіне жер (надель) беруге міндетті болды. 1906 жылдан 1915 жылға дейін небәрі қауымнан екі миллионнан аса үй шаруашылығы бөлініп шықты. Қауымнан бөлінген кедейлер өздерінің участоктерін үксата алмай, күйзеліске ұшырады. Бай шаруалар — кулактар күйзеліске ұшыраған кедей шаруаның жерін арзан бағамен сатып алуға мүмкіндік алды. Деревняда тапқа жіктелу күшейді, бір жағынан жері аз және жерсіз шаруалар саны көбейсе, екінші жағынан кулак шаруашылығы көбейді. Столыпиннің реформасы помещиктердің, патша нәсілінің және монастырьлердің қолында 160 миллион гектардан аса шұрайлы жер қалдырды. Столыпин реформасы шаруаларды күйзеліске, қайыршылыққа, ашаршылыққа ұшыратты. Деревняда помещиктер мен кулактарға қарсы шаруалар қозғалысы күшейді. Шаруалар жер өлшеушілерге, патшаның

реформаны жүргізген басқа да чиновниктеріне қарсылық көрсетті. Қауымнан кулактарға жер бөлгенде чиновниктер көбіне күш жұмсап отыруға мәжбүр болды.

Елдегі жағдайды тек революция ғана өзгерте алатын еді. Ленин мен Сталин бастаған большевиктер мұны жақсы білді, сондықтан жұмысшылар мен шаруаларды патшашылдыққа қарсы күресті жүргізе беруге әзірледі. Меньшевиктер жаңадан революциялық өрлеу болатындығына сенбеді, программаның революциялық талаптарынан және партияның революциялық ұрандарынан бастартты. Олар тіпті пролетариат партиясын мүлдем жою керек, сөйтіп Столыпиннің тәртібіне «бейімделу» керек дегенді ұсынды. Ленин меньшевик-ликвидаторларды «столыпиннің жұмысшы партиясы» деп атап, жұмысшыларды өзінің революциялық партиясын сақтауға және нығайтуға шақырды.

Патша үкіметі большевиктер партиясын қуғындап, Ленин тұтқынға алынсын деп жарлық берді. Патшаның тыңшылары революцияның көсемін қатты іздеді. Партияның ұсынуы бойынша Ленин 1907 жылы шетелге кетіп, Женева қаласына орналасты. Сол жерде ол партияның орталық органы — «Пролетарий» газетін қайта шығара бастады. Сол жерде ол жасырын жолдармен Россияға большевиктік газетті жөнелтіп, хат жіберіп, жасырын істейтін партия жұмысты қалай жүргізуі керектігі жөнінде нұсқаулар беріп тұрды.

Полициядан жасырын большевиктер кәсіпорындарында өздерінің ұйымдарын құрды, листовкалар шығарып, оны және газеттерді жұмысшылар арасына таратып отырды. Олар бұқараға өзінің ықпалын күшейтуге, кәсіпшілер одақтарын, жұмысшы клубтарын жексенбілік мектептерді, кооперативтерді пайдаланды. Мемлекеттік думаға жұмысшылар бірнеше большевиктерді өткізе білді. Олардың бостандық үшін күреске шақырған батыл үні естіліп жатты.

Россияның орталығында революция жеңілгеннен кейінгі жердің өзінде Баку жұмысшылары революциялық күрес жүргізуде болды. Сталин басқарған Баку стачкаларының жауынгерлік бағытын Ленин жоғары бағалады. Ол былай деп жазды: «1908 жылы стачка көп болған губерниялардың алдында 47 мың кісі қатысқан стачкалар болған Баку тұр. Бұқаралық саяси стачканың бұл соңғы алыптары!»

Сталин жолдастың революциялық жұмысты жүргізуіне мүмкіндік қалдырмауға патша үкіметі барынша тырысып бақты. 1902 жылдан 1913 жылға дейін Сталин жолдас жеті рет тұтқынға алынды. Алты рет ол қашық жерлерге айдауға жіберілді. Бірақ ол айдаудан бес рет қашып құтылып, полицияның ізге түсуіне қарамастан, жұмысшы табының революциялық қозғалысына жан-қыярлықпен басшылық етті.

Большевиктер революцияға жан-тәнімен берілудің үлгісін көрсетті, асқан ерліктің, батылдықтың, жұмысшы табының жеңуіне берік сенудің жоғары үлгісін көрсетті.

Яков Михайлович Свердлов қайыспас революционер болды. «Профессионал революционердің неғұрлым шыңдап шығарылған түрі», — деп сыпаттады оны Ленин. Ол 15 жасынан бастап қауіп пен қатерге толы революциялық жұмысқа кірісті. Бұл жылдар ішінде неше рет айдауға кетіп, неше рет қашып құтылып отырды. Революция жеңілгеннен кейін Свердлов екі жыл қамауда отырды.

Қамаудан шыққаннан кейін ол көп кешікпей тағы тұтқынға алынып, Нарым өлкесіне айдауға жіберілді. Тіпті почтаның өзі жылына екі-ақ рет қатынайтын алыс түкпірдегі Максимкин Ярдан Свердлов қашып кетуге бес рет әрекет жасады. 1912 жылы күзде ол қайықпен Енисейден өтіп кетпек болғанда, арынды өзеннің суына батып кете жаздады.

Михайл Васильевич Фрунзе де қайыспас большевик күресші болды. Ол 1905 жылы Иваново-Вознесенскінің жұмысшыларының стачкасын басқарды. 1907 жылғы мартта Фрунзе тұтқынға алынып, түрмеге отырғызылды. Оның өлім жазасына кесілу қаупі туды. «Пролетарларыннан без, — деді оған сот кезінде адвокат. — Солай істесеңіз, сізге дереу кешірім болады». Фрунзе бұған қатты ызаланып, мұндай қорғаушыдан бас тартамын деді. Патша соты Фрунзені онжылдық каторгалық жұмысқа кесті.

Сергей Миронович Киров патшашылдыққа қарсы тайсалмай күресті. 1905 жылы Томскіде революциялық жұмыс жүргізгені үшін және жасырын баспахана ашқаны үшін ол қамалда отыруға кесілді. Мұның өзі оның үшінші рет тұтқынға алынуы еді. Бірақ, Киров қашан да болса сергек, қажымас қайратты болды. Ол түрмеден бо-

санысымен тағы да революциялық жұмысқа кірісіп отырды.

Григорий Константинович Орджоникидзе де (Серго) осындай қажымас большевик-революционер болды. Теңіз арқылы шет елден келтірілген қаруды түсіріп жатқанда, 1905 жылғы декабрьде ол тұтқынға алынды. Бірақ, ол шетелге қашып кетті. Кешікпей ол Бакуға қайтып оралып, революциялық жұмысын жүргізе берді. Бірнеше рет тұтқынға алынғаннан кейін Орджоникидзе Парижға кетіп, онда Ленин ұйымдастырған партия мектебінде оқыды. Россияға қайтып оралып, ол большевиктік жұмысты асқан жігермен жүргізе берді. Бұл жұмысқа ол Шлис-сельбург қамалына үш жылға отырғызылғанда ғана үзіліс болды.

Реакция жылдарында Польша мен Россияда жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткерінің бірі Феликс Эдмундович Дзержинский болды. Варшаваның жұмысшыларына Юзеф деген атақпен мәлім болған Дзержинский 1905 жылғы революцияның қызу күндерінде үлкен жұмыс істеді.

Ол Лениннің жолын қуаттап, меньшевиктерге қарсы қажырлы күрес жүргізді. Революциядан кейін жасырын жұмыс жүргізіп жүрген кезде ол сан рет тұтқынға алынды. Қажырлы большевик-революционер Феликс Дзержинский Варшава зынданының ерекше павильонына отырғызылды. Сонда отырып ол «Тұтқынның күнделігін» жазды. Онда революция жолына жанын қыюға әзір, қажырлы революционер-күресшінің бастан кешіргені баяндалған.

Столыпин реакциясы жылдарында жасырын істейтін профессионалдар тобында көптеген жұмысшы-большевиктер де болды. Олардың ішінде революцияшыл пролетариаттың қажымас ұйымдастырушылары Михаил Иванович Калинин мен Климент Ефремович Ворошилов ерекше көзге түсті. Жұмысшы — токарь М. И. Калинин Петербурттағы «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағының» мүшелерінің бірі, ал кейін лениндік «Искраның» белсенді агенттерінің бірі болған еді. 90-жылдардан бастап М. И. Калинин профессионал-революционердің аса кыйын, қатерге толы өмірін бастан кешірді. Әртүрлі есіммен ол полициядан жасырынып, қаладан қалаға көшіп жүрді, оған және онан басқа жұмысшыларға өзінше бір «университет» болған орыс түрмелерінде сан

рет отырды. Түрмеде отырғанда жұмысшы большевиктер марксистік теорияны қажымас қайратпен оқып үйреніп, меңгеріп отырды. Түрмеден босанғанда олар революциялық теорияны практикада жаңа жігермен қолданып отырды.

1912 жылы Прага конференциясында М. И. Калинин партияның Орталық Комитетінің мүшелігінің кандидатығына сайланды. Сол конференцияда большевик партия өз алдына дербес партия болып құрылған еді.

Луганскінің слесары К. Е. Ворошилов та жұмысшы большевиктің осындай қыйын және қасиетті жолын өтті. 1903 жылы ол большевиктер партиясына кірді, ал орыстың бірінші революциясының кезінде ол Донбастағы Луганскінің жұмысшыларын патшашылдыққа қарсы қарулы күреске жұмылдырды. Ворошилов ұйымдастырған жұмысшы жасақтар сол кездің өзінде-ақ оны «қызыл генерал» деп атады. Жұмысшы-жасақшылардың ұйымдастырушысы слесарьдың кейін совет республикасында дүние жүзіндегі ең айбынды армияның маршалы болатынын онда кім білсін. 1905 жылғы революциядан кейін К. Е. Ворошилов сан рет тұтқынға алынып, қашып құтылып отырды. 1907 жылы ол Сталин жолдаспен бірге Баку жұмысшыларының күресіне қатысты, ал 1912 жылы айдаудан қашып құтылғаннан кейін, тағы да туған жері Донбастағы жұмысшылардың революциялық күресін басқарды.

Құпия жұмыс жағдайында большевиктік партия неше жүздеген батыр революционерлер тәрбиелеп шығарды. Олар Ленин мен Сталиннің басқаруында жаңа революция әзірлеген лениншілдердің болат гвардиясы еді.

2. РОССИЯДА ЖАҢА РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ӨРЛЕУ

Кешікпей жұмысшы қозғалысы көріне жандана бастады. Жұмысшылар күшін жыйнай бастады. 1911 жылдың өзінде-ақ бүкіл елімізде стачкаға қатысқандар саны 100 мыңнан асты. Алыс Сибирьдің Лена бойындағы алтын өнеркәсіп серіктігінің алтын кендерінде болған оқыйға пролетариаттың революциялық күресінің өрлеуін ерекше күшейтті.

Бұл кендер темір жолдан 1 700 километр қашықтағы орман ішінде еді. Ол жерден Лена өзенінде кеме жүрген

кезде ғана кетуге болатын еді. Жұмысшылардың еңбек жағдайы кіріптарлық шарт бойынша өте қатаң белгіленген еді. Жұмысшылар жалдану мерзімі бітпейінше жұмыстан кете алмайтын еді, бірақ кен иелері оларды тілеген кезде жұмыстан қуа алатын еді. Жұмысшылардың жалақысының есебіне өте нашар азық-түлік берілетін еді. Шарт бойынша жұмыс күні 10—11 сағат болып белгіленген. Бірақ кен басқармасы оны қалай болса солай ұзарта беретін болған.

Ленадағы серіктікті басқарған алтын өнеркәсібі иелері өздерін тайганың еркін қожасы деп сезетін еді. Кендердің басқарушысы Белозеровты «тайганың тақсыз королі» деп атайтын еді.

Еңбек жағдайының төзгісіз ауырлығы, жалақының мезгілінде берілмеуі, шіріп кеткен тамақтың сан есе қымбат сатылуы, басқарманың және полицияның зорлық-зомбылығы жұмысшылар арасында сан рет толқу туғызды.

1912 жылдың февралының аяғында жұмысшылардың жағдайы өте нашар болған кендердің бірінде забастовка басталды. Оның басталуына жұмысшыларға сасып кеткен жылқы етінің берілуі себеп болды. Бұған қатты ашынған жұмысшылар стачка жасап, өзінің өкілдерін басқа кендерге жібереді. 27 мартта стачка жаппай стачкаға айналады. Ол ынтымақпен, ұйымшылдықпен жүргізілді. Бірақ, оның бейбіт өткізілгеніне қарамастан, кендерге солдаттардан көп отряд жіберіледі. Жұмысшыларды стачка жасауға «итермеледі» деген желеумен стачка комитеті тұтқынға алынады. 1912 жылғы 4/17 апрельде 3 мың жұмысшы арыз жазып, ешкімнің итермелеуінсіз-ақ өзіміз біле тұра забастовка жасадық деп оған қол қояды. Осы арызды алып, жұмысшылар Надежинск кеніндегі прокурорға барып, өздерінің өкілдерінің азат етілуін талап етпек болады.

4 апрельде таңертеңгі суықта жұмысшылар ұзыннан ұзақ шұбырып, Надежинск кеніне қарай бет алады, оған таянғанда үш-төрт километрлік жерге созылып ұзыннан ұзақ қалпында келеді. Олар орманмен, күртік қардың арасымен, тар сұрлеумен жүріп отырады. Бұрылар жер болмайды. Сұрлеудің бір жағы Бодайбо өзенінің жары, екінші жағы кесілген ағаштың қаландысы болады. Күтпеген жерден жұмысшылар жолды көлденең бөгеп, атуға әзір тұрған солдаттарды көреді. жұмысшылардың ал-

дынан инженер Тульчинский шығып, тарауға ақыл береді. Алдағылар жүрісті тоқтатады. Бірақ тар сұрлеуге созылған үш мың кісілік тобыр алдағыларды итермелеп, ілгері ұмтылуда болады. Мұны көріп полиция мен әскер оқ ата бастайды. 250 жұмысшы өліп, 270 адам жаралы болады.

Патша самодержавиесінің қанішерлік жаңа жауыздық әрекеті жұмысшыларды түгел ашындырады.

Лена оқыйғасы бүкіл елді ашындырды. Барлық жерде стачка басталды. 300 мыңдай жұмысшы забастовка жасады. Ленин қазір жұмысшылар тек жеке-жарым право алу үшін күресуге шығып отырған жоқ, халықтың жалпы правосыздығына қарсы күреске шықты деп көрсетті. «Орыс өмірінің дәл жалпы правосыздығы, дәл осы жеке-жарым **право** үшін күресудің нәтижесіздігі және мүмкін еместігі, дәл осы патшалық монархияның және бүкіл оның тәртібінің түзелместігі Лена оқыйғаларында айқын көрінгені сонша, мұның өзі бұқараға **революциялық от түсіріп отыр**», — деп жазды Ленин.

Лена оқыйғаларының тарихи маңызын атап көрсете келіп, Сталин жолдас большевиктік «Звезда» газетінде былай ~~деп~~ жазды:

«Ленадағы атыстар үнсіздік мұзын бұзды, сөйтіп — халық қозғалысы дариясында сең қозғалды.

Қозғалды!..

Қазіргі тәртіптегі зұлымдық пен оңбағандықтың бәрі, қасіретті Россияның жанына батқан нәрсенің бәрі — осының бәрі бір фактіге жыйналды, Ленадағы оқыйғаға барып құйды.

Міне сол үшін де Ленадағы атыстар забастовкалар мен демонстрациялар жасауға дабыл болды».

Ленадағы оқыйғалар жұмысшы табының бойына революциялық орасан мол жігер жыйналғанын көрсетті. Жұмысшылардың ең артта қалған тобын қамтый отырып, қозғалыс өсе берді. Забастовка елдің барлық аудандарында болды. Революцияшыл Петербург алда болды, онан кейінгілер Москваның, Прибалтиканың, Украинаның, Кавказдың жұмысшылары болды.

Стачкалар: «Сегіз сағаттық жұмыс күні», «Помещиктердің жерін конфискалау (яғни тартып алу)», «Демократиялық республика» деген большевиктік ұрандармен өтті.

Революциялық өрлеу жағдайында жұмысшы табын жаңа революцияға әзірлеу қолынан келетін ұйымшыл партия ерекше керек еді. Сондықтан 1912 жылғы январьда Прага қаласында партия конференциясы шақырылды, онда большевиктер өз алдына дербес партия болды. Бұл кезге дейін олар меньшевиктермен бірге бір партияның қатарында—РСДЖП да болып келген еді. Ендігі жерде партия РСДЖ (большевиктер) П деп аталатын болды. Прага конференциясы Ленин бастаған большевиктік Орталық Комитет сайлады. Айдауда жүрген Сталин жолдас партияның Орталық Комитетіне мүшелікке сырттан сайланды. Сталин жолдас Лениннің ұсынуы бойынша Орталық Комитеттің Россиялық бюросын басқарды. Ол Россиядағы партия жұмысына тікелей басшылық ету үшін құрылған еді.

Бұқараны революциялық жолмен тәрбиелеу үшін большевиктерге бұқарамен берік байланысты күнделікті жауынгерлік саяси газет керек болды. 1912 жылғы январьдан бастап жұмысшылар өзінің газетін шығаруға жарна жыйнай бастады. Күнделікті бұқаралық «Правда» газетінің бірінші номері 22 апрельде (жаңа санау бойынша 5 майда) шықты. Сондықтан да 5 май күні бізде жұмысшы баспасөзінің мерекесі болып өткізіледі. «Правданың» жұмысына шетелден Ленин басшылық етті. Оның бірінші номерін Сталин жолдас әзірледі. Редакцияның секретары болған Молотов жолдас «Правдаға» көп уақыт бөліп, көп күш жұмсады. «Правда» газетінің жұмысына Максим Горький көмектесті.

Газет күн сайын шықты. Күн сайын таңертең патша чиновнигі цензор оның өзінің столы үстінде жатқанын көріп, шығаруға тыйым салу үшін қандай желеу табылар екен деп іздестіретін еді. Жұмысшылар «Правда» басылатын баспахананың қорасына түн қараңғысынан жыйналып, газеттің жаңа номері шығысымен, оны дереу іліп әкетіп, заводтар мен фабрикаларға тарататын еді. «Правданың» өмір сүруінің алғашқы бір жылының өзінде полиция жаңа ғана басылған газетті жою үшін баспаханаға қырық рет басып кірген, бірақ, газет олар келгенше жұмысшылар арасына тарап үлгіретін еді. 1913 жылғы майда патша үкіметі «Правданы» жапты, бірақ бірнеше күннең кейін ол басқа атпен шыға бастады. «Правда» өзінің атын: «За правду», «Пролетарская правда», «Се-



XIV т а р а у

РОССИЯДАҒЫ ЕКІНШІ БУРЖУАЗИЯЛЫҚ- ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ РЕВОЛЮЦИЯ

1. ДҮНИЕЖҮЗІЛІК БІРІНШІ СОҒЫС ЖӘНЕ ОНДАҒЫ ПАТШАЛЫҚ РОССИЯНЫҢ РОЛІ

1914 жылғы июльде дүниежүзілік бірінші соғыс басталды. Дүниежүзілік бұл шайқасуда империалистік мемлекеттердің екі тобы түйісті: Германия бастаған бірінші топ Төрттік одақ (Германия, Австро-Венгрия, Болгария, Түркия) құрды; Англия мен Франция бастаған екінші топ Үштік келісім немесе Антанта (Англия, Франция, Россия) құрды. Кейін Антантаға Жапония мен Италия, ал 1917 жылы Америка Құрама Штаттары да қосылды. Барлық соғысушы мемлекеттердің армиясына 74 миллион адам алдынды.

Бұл соғыстың әзірленгеніне көп болған еді. ХХ ғасырдың бас кезінде жер шарында ешкім жаулап алмаған жер қалмады деуге болатын еді. Еуропа және американимпериалистері орасан зор отарлар жаулап алды. Өзінің мөлшері жағынан Англияның отарлары Англияның өзінің жерінен жүз он есе артық болды. Францияның отарлары өз жерінің мөлшерінен жыйырма есе артық болды. Тіпті Белгия мен Голландия сыяқты ұсақ мемлекеттердің өзі Азия мен Африкада сан миллиондаған халқы бар орасан көп жерді жаулап алды. Империалистердің пайдасына бола индустар, негрлер, малайлықтар, монғолдар тағы басқа көп халықтар азапты ауыр еңбекке мәжбүр етілді. Отарында небәрі 12 миллион ғана халқы бар Германия империалистері Англияның жүз миллиондаған отарлық құлдарды қанап отырғанына қызғанышпен қарайтын болды. ХХ ғасырдың бас кезінде Германия күшті мемлекетке айналды. Оның фабрикалары мен заводтары товарды Англиянікінен көп шығаратын болды. Германия көптеген соғыс кемелерін жасады. Ол Англияны

ығыстырып, дүние жүзінде үстем жағдайға жетуге тырысты. Бір неше он жылдар ішінде неғұрлым агрессияшыл болған (басқаның жерін күшпен басып алуға ұмтылған) Германия соғысқа күшті әзірленді. Ол жылдан жылға армиясын көбейтіп, оны жаңа қарулармен жабдықтады, соғыс өнеркәсібін өркендетті, соғыс әзірлігіне орасан көп қаржы жұмсады. Сонымен, дүниежүзілік бірінші соғысты шығаруға барлық елдердің империалистері кінәлі болғанымен, оны бастаушы империалистік Германия болды. Германияның бас штабы өзіне қарсы елдерді бір-бірлеп талқандау жоспарын жасады. Басты соққыны ол еңалдымен Францияға бермек болды, сөйтіп, оны қауырт соғыста талқандап, өзінің едәуір күшін дереу Россияға қарсы қойып, Англиямен соғыс жасамақшы болды.

Бірақ Германияның жоспары іске аспады. Ол екі майданда соғысу қатерінен құтыла алмады, өзінің дұшпандарын қауырт соғыста талқандай алмады. Дүниежүзілік бірінші соғыста орыс солдаттарының теңдесі жоқ батырлығы мен қажырлылығы нәтижесінде шығыс (орыс) майданы немістер өздерінің соғыс-жоспарларын жасағанда көздеген мөлшерінен анағұрлым күшті болып шықты.

Соғыстың басында Германияның әскерлері Бельгия арқылы шұғыл Парижға тартты, ондағы мақсат одақтастары күш жыйнап үлгіргенше Францияны талқандау болды. Сол кезде, Францияның жағдайын жеңілдету үшін орыс армиясы Шығыс Пруссияда шабуылға шықты. Соғысқа нашар әзірленген орыс армиясы бірсыпыра жеңілістерге ұшырады, бірақ герман командованиясі көп күшін Батыстан Шығысқа әкелуге мәжбүр болды. Париж аман қалды, сөйтіп, Франция соғысуға мүмкіншілік алды.

Орыс әскерлерінің қаржырлы қарсыласуының, табандылығының арқасында соғыс ұзаққа созылды. Ал ұзаққа созылған соғыста Германияның ұту мүмкіншілігі өзінің дұшпандарынан әлде қайда кем еді. Өйткені оның дұшпандарының адам және заттық қоры орасан мол еді. Германия командованиясі 1915 жылы өзінің басты күшін Шығыс майданға жұмсауға, сөйтіп орыс армияларын талқандап, Россияны бітімге көндіруге ұйғарды. Германия бұл әрекетімен екінші майданнан құтылып, Батыста соғыс жүргізбекші болды. Бірақ немістер бұл міндетті де орындай алмады. Жаудың басым күшінің тегеуірініне төтеп

бере алмай, орыс армиялары кейін шегініп, Польшаны, Литваны, Прибалтикамен Волынның едәуір бөлегін қалдырып кеткеніне қарамастан, орыс армиялары жойылған жоқ еді, сондықтан Шығыс майдан да жойылмады. 1915 жылдың сентябрінің аяғында Шығыс майданындағы соғыс позициялық соғысқа айналды: екі жақ та окоптарға жатып алып, ірі шабуыл әрекеттерін жүргізбеді. Екі жақ та жаңадан қатты соққы беруге әзірленді.

1916 жылы Германия Францияға тағы шабуыл жасады. Одақтастар Россиядан тағы батыл қыймылдар жасауды талап етті. Келіссөзден кейін Батыстан да, Шығыстан да қабат шабуыл жасауға ұйғарылды. Могилевте патша ставкасында соғыс мәслихаты шақырылды. Солтүстік және Батыс майдандардың қолбасшылары орыс әскерлері шабуыл әрекеттеріне әзір емес екендігін айтты. Олар қорғану позициясын ұстау керек деді. Оңтүстік-Батыс майданының қолбасшысы шабуыл әрекеттеріне кірісуді талап етті. Олар егер шабуыл барлық майданда өрістетіліп, бірнеше учасоктерде бірден соққы берілетін болса, онда орыс армиясының табысты болуына керекті жағдайдың бәрі бар деп есептеді.

Басты соққы Луцк бағытында берілетін болсын деп белгіленді.

Луцк бағытында бұзып өту 1916 жылғы 22 майда (4 июньде) таңсәріде басталды. Орыс артиллериясы жаудың позицияларына боратып оқ жаудырды. Ауыр зеңбіректер екі минутта бір рет, жеңіл зеңбіректер минут сайын оқ атып тұрды. Тал түс болған кезде орыстың жаяу әскері ұрысқа кірісті. Артиллерия оқты екінші қабаттағы окопка көшірді. Сегіз сағат оқ боратқаннан кейін жаудың бекініс позициялары талқандалды. Есі шығып, сасқан австриялықтар, немістер мен венгерлер топ-тобымен қолға түсе бастады. Бұл бұзып өтудің ойдайғдай болуы шабуылды 300 километрге созылған кең майданда өрістетуге мүмкіндік берді. Оңтүстік батыс майданның әскерлері қарсыласуды жеңе отырып, Галиция мен Буковинаның жерлерімен алға басты. Оңтүстік-Батыс майданда орыс әскерлерінің бұзып өтуі соғыстың барысын мықтап өзгертті. Австро-Венгрия Армиясы бұл қатты соққыдан кейін оңалмайтын күйге ұшырады. Австрия армиясындағы славян солдаттары орыс туысқандарына қарсы соғысқысы келмей, мың-мындап қолға түсті. Немістердің Верденге жасаған шабуылы бәсеңдеді. Олқылықты жою үшін Герма-

нияның бас командованиесі шұғыл түрде Италия және Француз майдандарынан шығысқа дивизиялар әкелуге мәжбүр болды.

Бірақ патша әскерлерінің командованиесі де, одақтастардың командованиесі де орыс армияларының шабуылдағы табысын пайдалана алмады. Орыс ставкасының баяу қыймылдауы, оның жоспарларының герман шпиондары арқылы жауға мәлім болып отырғаны немістер мен австриялықтарға өздерінің күшін қайта топтастыруға мүмкіндік берді. Орасан көп адам құрбандық болған Стоход өзенінің жанындағы батпақта болған ауыр ұрыстардан кейін басқа армиялар көмектеспеген Оңтүстік-Батыс майданының армияларының шабуылы тоқталды.

Жеке-жарым табыстарына қарамастан, орыс армиясының дүниежүзілік соғыста сөзсіз жеңілетіні барған сайын айқындала түсті.

Орыс әскерлерінің жеңілуінің негізгі себебі Россияның техника-экономика жағынан мешеу қалғандығы, бүкіл құрылыста крепостнойлық қалдықтардың сақталғандығы еді. Соғыс өнеркәсібі нашар болды, армияны оқ-дәрімен жабдықтауды қамтамасыз ете алмайтын болды. Транспорттың нашарлауы себебінен шұғыл жүктер мезгілінде жеткізіліп тұрмады. Транспорттың күйзелуі азық-түлік дағдарысын шиеленістіре түсті. Армия өзінің азық-түлік нормасының жартысын ғана алып отырды. Ел ішінде астықты алып сатарлық күшейді. Нан беретін дүкендер алдында халық ұзыннан ұзақ тізіліп тұратын болды.

Соғыс және шаруашылық күйзеліс соғыстың барлық ауыртпалығын көтерген еңбекші бұқараның наразылығын қатты күшейтті. Жұмысшылар ерекше қиын жағдайда болды. Болмашы жалақы алған аш жұмысшылар тәулігіне 15—16 сағат жұмыс істеді. Жұмысшылардың 40 процентіне дейіні майданға жіберілді. Кәсіпорындарында жұмысшының көпшілігі әйелдер мен жасөспірімдер болды, олар алғашқы кезде қанаушыларға қарсылық көрсетуден тайсалды.

Бірақ 1915 жылдың күзінен бастап-ақ стачка қозғалысы кең көлемде өрістей бастады. 1916 жылғы октябрьде стачка өрлеуі ең жоғарғы шыңына жетті. Ол: «Соғыс жойылсын!», «Самодержавие жойылсын!» деген революциялық ұрандармен өткізілген демонстрацияларға ұласты.

Көпшілік қатысқан бұқаралық стачкалар «...Россияда асқан зор халықтық революция басталып келе жатқанын

сыпаттады, оның басында өзінің қарауында Россияның революцияшыл шаруалары сыяқты мықты одақтасы бар дүние жүзіндегі революцияшыл пролетариат болды» (Сталин).

Большевиктер еңбекшілер арасында көп жұмыс жүргізді. Кәсіпорындарында партия ұйымдастырылды. Армия бөлімдерінде большевиктік жасырын ұйымдар құрылды.

Армия мен флоттағы большевиктік жасырын ұйымдардың жұмысы жанданды. Большевиктер листовкалар таратты, олар соғысқа қарсы пікірдің, революциялық пікірдің күшеюіне үлкен әсерін тигізді. Әскерге шақырылғандардың ішінде революциялық пікірдегі жұмысшылар, тіпті большевиктік партияның мүшелері аз болған жоқ.

1915 жылғы күзде матростардың саяси наразылығы кейбір жерлерде ашық ереуілге айналды. 1915 жылдың орта шеніне дейін флотта партиялық бірыңғай жетекші орталық жоқ еді. Сол жылы күзде партиялық жетекші орталық құрылды. Ол РСДЖ(б)П-ның Кемелік бас коллективі деп аталды. Ол большевиктердің Петроградтық комитетімен байланыс жасады. Флотта большевиктік насихат бұрынғыдан да кең өрістеді. Тамақтың нашарлығынан, командованиенің матростарға дөрекі қарауынан матростар мен офицерлер арасында жанжалдар күшейді. 1915 жылғы күзде «Гангут» линкорында болған жанжал матростардың көтерілісіне айналды. «Гангуттің» тағы басқа кемелердің большевиктері матростарды уақытсыз көтерілуден сақтандыруға көп әрекет жасады. Солай бола тұрса да, тамақтың нашар болуынан шыққан «Гангуттегі» толқу басқа кемелерде де революциялық толқу шығарды. «Гонгуттегі» көтеріліс, Потемкиннің жауынгерлік дәстүрі әлі жойылмағанын, ол матростарға ықпалын тигізуде екенін көрсетті. Большевиктер матростарға күнілгері көтерілудің зиянды екенін түсіндіріп, патша үкіметі мен капитализмге қарсы таяуда болатын шешуші ұрыстарға мықтап әзірленуді талап етті. 1915 жылғы күзде флотта болған толқу армия мен флоттың революцияшыл жұмысшы табы жағына шығатындығының алғашқы хабаршылары болды.

Большевиктер халыққа мынаны түсіндірді: патша үкіметінің соғысты тоқтатпауы елді сөзсіз жеңіліске ұшыратады, сөйтіп, елді батыс империализмінің отарына айналдырады деді. Ленин мен большевиктер соғыс екі түрлі

болады: әділетті және әділетсіз соғыстар болады деп үйретті. Әділетті соғыстың мақсаты халықты шеттің шабуылынан, құлдыққа түсіру әрекетінен қорғау болады. Әділетсіз, басқыншылық соғыстың мақсаты бөтен халықтарды жаулап алып, құлдану болады. Ленин 1914 жылғы дүниежүзілік соғысты герман империалистері жағынан алса да, патша үкіметі жағынан алса да, — бәрі бір әділетсіз, басқыншылық соғыс деп таныды. Сондықтан ол бұл соғысқа қарсы батыл күрес жүргізуге шақырды. Ленин империалистік соғысты азамат соғысына айналдыру ұранын көтеріп, барлық елдердің жұмысшыларын өз үкіметтерін құлату жолындағы революциялық күреске шақырды. Большевиктердің осы ұрандарды іске асыру жолындағы күресі еңбекшілерді помещиктер мен капиталистердің тепкісінен азат ету, отанымызды аман алып қалу, оның шетел империалистерінен тәуелсіз болуы үшін күресу еді.

2. РОССИЯДА ПАТШАШЫЛДЫҚТЫҢ ҚҰЛАТЫЛУЫ

Патша үкіметі елде жаңа халық революциясының толғағы пісіп келе жатқанын түсінді.

Онан қорқып, патша үкіметі Мемлекеттік думаны таратуға, жұмысшылардың ұйымдарын талқандауға, сөйтіп Германиямен бірбеткей (одақтардан бөлек) бітім жасауға ұйғарды. Астанаға әскерлер мен артиллерия шақырылды. Полиция соғыс жағдайына көшіріліп, пулеметтермен қаруландырылды.

Патша үкіметінің революцияға қарсы арам ниеті буржуазиямен генералдар тобындағы арам ниетпен дәл келді. Буржуазиялық арам ниеттілер мен генералдар революциядан құтылудың, соғысты жүргізе берудің ең жақсы шарасы орда төңкерісін жасау деп білді. Олар ставкадан астанаға келе жатқанда патшаның поезын ұстап алып, патшаны өзінің баласы Алексейдің пайдасына тақтан түсуге мәжбүр етпекші болды. Орда төңкерісін әзірлеуге Россияның Германиямен бір беткей бітім жасауынан қорыққан Англия мен Францияның өкілдері де қатысты.

Бірақ революцияға қарсы патша үкіметінің арам ниеті де, буржуазияның арам ниеті де аяқсыз қалды. Жұмысшы табы мен солдат шинелін киген шаруалар өздерінің революциялық істерімен патша мен буржуазияның жоспарын іске асыртпай тастады.

«Қанды жексенбінің» жылдығына, 1917 жылғы 9 январьда Петроградта соғысқа қарсы үлкен демонстрация болды. Бірсыпыра қалаларда забастовка шықты. Әсіресе революциялық қозғалыс Петроградта тез өршіді. Путиловшы жұмысшылар көшеге бірінші болып шықты. 23 февральда (8 мартта). Халықаралық әйелдер күні жұмысшы әйелдер қызыл тулар көтеріп, демонстрацияға шыққан жұмысшыларға қосылды.

Большевиктердің Петроградтық комитеті жұмысшыларды көтеріліске шақырды: «Алдымызда күрес бар, бірақ бізді жеңіс күтіп отыр. Бірің қалмай революциялық қызыл тудың астына жыйналыңдар! Патша монархиясы жойылсын!»

26 февральда большевиктік партияның Орталық Комитетінің Молотов жолдас бастаған Бюросы манифест шығарып, революциялық үкімет құруға шақырды. Жұмысшылар қару қоймаларын басып алып, полицияға тойтарыс беру үшін қаруланды. Сонымен қатар, большевиктер казармаларға өтіп, солдаттарды жұмысшылармен бірігуге шақырды. 27 февральда Петроградтағы әскерлер көтерілісшілер жағына өте бастады. Көтеріліске шыққан астананы «басу» үшін патша майданнан әскер жөнелтті. Бірақ әскер эшелоны патша селосына әрең жетті. Солдаттар революцияшыл жұмысшылармен достасып, астанаға шабуыл жасаудан бастартты. Ставкадан шыққан патша поезын станциялардың бірінде теміржолшылар ұстап қалды.

Қаруланған жұмысшылар мен солдаттар түрмедегі саяси тұтқындарды босатты. Большевиктік партияның шақыруы бойынша жұмысшылар мен солдаттар Советтерге өздерінің өкілдерін сайлауға кірісті. 27 февральда кешке жұмысшылар мен солдаттар депутаттарының Петроград Советінің бірінші мәжілісі болды. Буржуазия патша ставкасымен тағы келіссөз жүргізуге әрекеттеніп, II Николайды дума алдында жауапты болатын министрліктер құруға көндірмек болды. Буржуазия үкімет құрамында өзгеріс болса, мұның өзі патшашылдықты сақтап қалуға және соғысты жүргізе беруге мүмкіндік береді деп ойлады. Бірақ буржуазия революцияның дамуын тоқтата алмады. Петроградтағы төңкерістің ізінше революция бүкіл елде жеңді. Лениннің сөзімен айтқанда, қанға, ласқа боялған Романов монархиясының арбасы 1917 жылғы 27 февральда (жаңа санау бойынша 12 мартта) төңкеріле құлап, келмеске кетті.

1917 жылғы февральдағы революцияны жұмысшылар және солдат шинелін киген шаруалар жасады. Бірақ революцияның жеңісінің жемісі оларға тимеді. 2 мартта таңертең ірі помещик князь Львовтың председательлігімен құрылған Уақытша үкіметтің құрамы жарияланды. Үкімет құрамына: кадет партиясының басшысы профессор Милоков, октябристер партиясының басшысы банкир және фабрикант Гучков, қант заводының иесі миллионер Терещенко тағы сол сыяқтылар кірді.

Бұл үкімет қандай үкімет еді және ол кімнің мүддесін қорғай алатын еді?

Ленин бұл сұраққа мынадай жауап берді: «Бұл кездейсоқ адамдардың тобыры емес. Бұл — Россияда саяси өкімет билігіне көтерілген жаңа таптың, капиталистік помещиктер мен буржуазия табының, елімізді экономика жағынан әлде қашаннан басқарып келе жатқан таптың өкілдері...»

Жұмысшылар мен шаруалардың революциясының нәтижесінде үкімет басына буржуазияның отыру себебі неден? Жұмысшылардың мүддесін шын мәнісінде қорғайтын большевиктер партиясы жасырын жұмыста болды. Оның таңдаулы адамдары түрмеде, айдауда, Россиядан тыс жердегі қуғында болды. Революцияшыл жұмысшылар, шаруалар, солдаттар, матростар майдандарға жіберілді. Большевиктер мен революцияшыл жұмысшылар ескі өкіметті құлату үшін көшеде ұрыс жүргізіп жатқан кезде, меньшевиктер мен эсерлер өкімет билігін Уақытша буржуазиялық үкіметке өткізу туралы буржуазиямен астыртын келісіп қойған.

Буржуазиялық Уақытша үкіметпен қатар басқа өкімет жұмысшылар мен солдат депутаттарының Советі құрылды. Мұның өзі жаңа өкімет органы — жұмысшы табы мен шаруалардың диктатурасы болды. Бірақ бұқараның саналылығы жеткіліксіздігінен Советтердегі басшылықты меньшевиктер мен эсерлер, империалистік буржуазиялармен келісім жасауға ұмтылатындар алып қойды.

Rоссия ол кезде ұсақ буржуазиялық ел еді. «Ұсақ буржуазияның стихиялық толқынына кездескен және революцияның алғашқы табыстарына мастанған халықтың саясатқа шорқақ қалың бұқарасының революцияның алғашқы айларында келісімпаз партиялардың торына түсуінің және буржуазиялық өкімет Советтердің өз жұмысын жүргізуіне бөгет жасамайды деп ойлап аңқаулықпен»

мемлекеттік өкіметті буржуазияға беруге көңуінің себебі міне осы болды».

Сонымен, 1917 жылғы февраль революциясы жеңгеннен кейін елде өзгеше бір саяси жағдай орнады, оны Ленин қос өкіметтілік деп атады. Бұқара алданғанына өзінің тәжірибесінде көзі жететін болуы үшін уақыт керек еді.

Халықты патша үкіметін жеңуге жеткізген большевиктер партиясы енді бұқараны өзіне аудару жолында, буржуазияны құлатып, бүкіл өкімет билігін Советтерге беру жолында революциялық күресті күшейте беруге кірісті.

М А З М У Н Ы

I тарау. Киев мемлекеті — шығыс славяндардың аса күшті державасы		
1. Славяндар—біздің елімізде ерте заманнан мекендеушілер		3
2. Киевтік Русь		6
II тарау. XIII—XIV ғасырларда сыртқы жауларға қарсы күрес. Александр Невский мен Дмитрий Донской		
1. Монғол-татарлардың Руське шабуылы		13
2. Александр Невскийдің швед басқыншыларын және немістің «төбет-рыцарьларын» талқандауы		15
3. Москва князьдігінің нығаюы Монғол-татарлардың Куликов жазығында талқандалуы		19
III тарау. Орыстың бір орталыққа бағынған көп ұлтты мемлекетінің құрылуы		
1. Русьтің III Иван тұсындағы соғыс және саясат жөніндегі табыстары		25
2. Орыс мемлекеті IV Иван тұсында		31
3. Орыс мемлекетінің құрылуы дәуіріндегі орыс мәдениеті		40
IV тарау. Орыс және украин халықтарының поляк пандарына қарсы күресі. Украинаның Россияға қосылуы		
1. XVII ғасырдың бас кезінде шет ел интервенциясының талқандалуы. Минин мен Пожарский		43
2. Украинаның Россияға қосылуы. Богдан Хмельницкий		49
3. XVII ғасырдың ортасында және екінші жартысында крепостниктік құрылысқа қарсы халық қозғалысы Степан Разин		53
4. Орыстың XVII ғасырдағы теңіз зерттеушілері мен жер шолушылары		58
V тарау. Россия империясының құрылуы. Ұлы Петр		
1. Ұлы Петрдің патшалық етуінің басы		61
2. Ұлы Солтүстік соғысы		66
3. Ұлы Петрдің реформалары		73
VI тарау. XVIII ғасырдың екінші жартысындағы Россия		
1. Россияның Жетіжылдық соғысқа қатысуы		80
2. Россияда шаруалардың XVIII ғасырдағы ұлы соғысы		83
3. Россияның XVIII ғасырдың екінші жартысындағы соғыстары Қолбасшы Румянцев мен Суворов		86

4. Флоттың ұлы колбасшысы адмирал Ушаков	92
5. Россияның XVIII ғасырдағы мәдениеті	96
6. XVIII ғасырдағы орыс саяхатшыларының ғылыми экспедициялары мен ашқан географиялық жаңалықтары	98
VII тарау. 1812 жылғы отан соғысы	
1. XVIII ғасырдың аяғы — XIX ғасырдың басындағы Россия мен Батыс Европа	101
2. Наполеонның Россияға шабуылы, Наполеон армияларының талқандалуы	103
3. Декабристер — дворян революционерлер	109
VIII тарау. Крепостнойлық правоны жою	
1. Революциялық қозғалыстың дамуы	113
2. Орыстың ұлы революционер-демократтары	116
3. Қырым соғысы және Севастопольді қорғау	120
4. Буржуазиялық реформалар	124
5. Патшалық Россияның Қырым соғысынан кейінгі сыртқы саясаты	129
IX тарау. Россия халықтарының ұлт-азаттық күресі	
1. Россия — көп ұлтты империя	131
2. Патшалық Россия — халықтардың түрмесі Патша өкіметі — Россия халықтарының дұшпаны	133
X тарау. XIX ғасырдағы орыс мәдениеті және оның дүниежүзілік маңызы	
1. XIX ғасырда орыс мәдениетінің дамуы	136
2. Россия халықтарының XIX ғасырдағы мәдениеті	145
XI тарау. Россияда өнеркәсіп капитализмінің дамуы және жұмысшы табының өсуі	
1. Россияда 1861 жылғы реформадан кейін капитализмнің өсуі	150
2. Жұмысшы қозғалысының басталуы	153
3. Россияда марксизмнің таралуы	156
4. Ленин мен Сталиннің революциялық қызметінің басталуы	158
XII тарау. Россияда бірінші буржуазиялық-демократиялық революция	
1. Революцияның қарсаңы	146
2. Орыс — жапон соғысы	168
3. Бірінші орыс революциясы	172
XIII тарау. Россия реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында	
1. Столыпин реакциясы. Большевиктер реакция жылдарында	189
2. Россияда жаңа революциялық өрлеу	193
XIV тарау. Россиядағы екінші буржуазиялық-демократиялық революция	
1. Дүниежүзілік бірінші соғыс және ондағы патшалық Россияның ролі	199
2. Россияда патшашылдықтың құлатылуы	204

А. М. Пакхратова
ВЕЛИКОЕ ПРОШЛОЕ СОВЕТСКОГО
НАРОДА

(на казахском языке)

Издание Казгосиздата 1951 г.

Редактор *Г. Аккулов.*
Техн. редактор *В. Ойстрах.*
Художник *Н. Козлов.*
Корректоры: *Бейсембаева,*
Нугманова, Утемисов.

*

Подписано к печати 20/III 1951 г. УГ01159.

Издат. № 445.

Бумага 84×108 3,313 б. л.—10,86 п. л.

Уч.-изд. л. 10,7. Тираж 10 000. Цена 7 руб.

*

г. Алма-Ата. Полиграфкомбинат Казполиграф-
издата при Совете Министров КазССР.
Заказ № 1836.

